



“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды

Астана

2011

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

---

Әшімбаев Мәулен, *кеңес төрағасы*  
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек  
Атабаев Қамбарбек  
Аяған Бүркітбай  
Әбжанов Хангелді  
Әбусейітова Меруерт  
Әжіғали Серік  
Әлімбаев Нұрсан  
Байпақов Карл  
Байтанаев Бауыржан  
Балықбаев Тахир  
Дүйсембаев Еркін  
Есім Ғарифолла  
Жақып Бауыржан  
Жұмағалиев Асқар  
Жұмағұлов Бақытжан  
Қасқабасов Сейіт  
Қозыбаев Ілияс  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Құрманбайұлы Шерубай  
Мұхаммадиұлы Арыстанбек  
Мыңбай Дархан  
Нысанбаев Әбдімәлік  
Салғараұлы Қойшығара  
Самашев Зейнолла  
Сұлтанов Қуаныш  
Тұяқбаев Қанат  
Шаймерденов Ербол  
Шеңгелбаев Бақытжан

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

*Қазақ  
мақал-мәтелдері*

69 ТОМ



УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)  
Б 12

*Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік  
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Әлібеков Т.,  
Күзембаева С.А., Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**

Қ. Алпысбаева, Т. Әлібеков (*жауапты редактор*), Қасқабасов С.

**Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:**

Қ. Алпысбаева (*жауапты шығарушы*), Т. Әлібеков, Н. Елесбай

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2011.  
Т. 69: Қазақ мақал-мәтелдері. — 440 бет.

ISBN 978-601-292-242-4

«Бабалар сөзі» сериясының 69-томына ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларында сақтаулы қолжазбалардан алынған мақал-мәтелдер енді.

УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-292-242-4 (т. 69)  
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2011  
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2011

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып отырған «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын өзірлеуді одан әрі жалғастыруда.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған алпыс сегіз томы ұлттық фольклорымыздың бұрын-соңды толық жарияланбаған, аса бай құндылықтар болып саналатын эпостық жәдігерлерге, шағын жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін «Хикаялық дастандардың» он үш, «Діни дастандардың» жеті, «Ғашықтық дастандардың» он бір, «Шежірелік дастандардың» бір том, «Тарихи жырлардың» он бір, «Батырлар жырының» жиырма, «Жұмбақтардың» бір және «Мақал-мәтелдердің» төрт томы баспаға (65, 66, 67, 68-томдар) дайындалды, ұсынылып отырған том аталған серияның 69-томы, ал «Мақал-мәтелдердің» соңғы — бесінші жинағы болып саналады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің алғаш хатқа түсіп, сирек те болса мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі басылымдар мен жинақтарда жарық көре бастауын И.Н.Березиннің архивінен (1850), М.Бабажановтың (Санкт-Петербургские ведомости. №136, 1861), Л.З.Будаговтың (Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. Санкт-Петербург, типография императорской Академии наук. 1869 г.; Том II. 1870-1871 гг.), Ы.Алтынсаринның (Киргизская хрестоматия. Қазан, 1879.) еңбектерінен айқын аңғаруға болады. Ал бұл мұралардың орыс, қазақ басылымдарында жиі жариялана бастауы Қазақстанның Ресей империясының толық отары болған кезеңге, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегімен тұспа-тұс келеді. Себебі бодан елдің жер байлығын, тарихы мен этнографиясын, рухани құндылықтарын жіті зерттеу, сол арқылы халықтың ішкі болмысына қол сұғу әрекеттері қай басқыншы мемлекеттің болмасын басты стратегиялық әдіс-тәсілі болды. Сондықтан Қазақ даласына арнайы жіберілген миссионерлердің, түрлі санаттағы шенеуніктердің, әскерилердің т.б. бір тобы әдеби-мәдени мұраларды жинау, зерттеу, жариялау шараларына белсене араласып, ірі-ірі жетістіктерге қол жеткізді.

Алдыңғы томдарда көрсетілгендей, олардың қатарында қазақ мақал-мәтелдерін жинауға зор ықылас білдірген В.В.Радлов, И.Н.Березин, Н.Н.Пантусов, А.Е.Алекторов, П.М.Мелиоранский, В.В.Катаринский, Я.Лютш, А.Васильев, И.Лаптев, Н.Остроумов, В.Ф.Герн, В.В.Бартольд, Н.Ф.Катанов Ә.Диваев сияқты Ресейдің озық ойлы зиялылары да болды. Соның нәтижесінде ХІХ ғасырдың аяғына таман Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Оренбург, Орск, Ташкент, Семей т.б. қалаларда орысша-қазақша жарық көрген мерзімді баспасөз беттерінде, басылымдарда, құрама жинақтарда мақал-мәтелдердің жариялануына мән берілді әрі орыс тіліне аудару ісі жолға қойылды. Оларды түрлі тақырыптар аясына топтастырып, әліпбилік жүйеге түсіру, реттік санмен нөмірлеу мәселелері қолға алынды. Ғасыр соңында В.Катаринский, А.Васильев, Ә.Диваев қазақ мақал-мәтелдерін жеке топтап, арнайы жинақтар шығаруға мүмкіндік алды. Ал Қазан төңкерісіне дейін қазақ зиялысы М.Ысқақбаласы дайындаған «Қазақ мақалдары» (1914) атты жеке жинақ жарық көрді.

Кеңес кезеңінде де мақал-мәтел жинауға ерекше ден қойылып, Қазақстанның түкпір-түкпіріне арнайы экспедициялар, іс-сапарлар ұйымдастырылып, жазып алынған материалдар ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорына жинақталды. Бұл шараға ел ішінен шыққан ерікті жинаушылар да атсалысып, қорлардың толығына зор септігін тигізді. Соның негізінде А.Баржақсыбаласы, Ө.Тұрманжанов, Б.Ақмұқанова, М.Әлімбаев, Б.Адамбаев, М.Аққозин, Қ.Саттаров секілді әдебиетші, ғалым-зерттеушілер мақал-мәтелдерден жеке-жеке жинақтар шығарды. Алайда басылымдар жалпы оқырмандарға арналғандықтан, мәтіндер идеялық мазмұнына, көркемдік ерекшеліктеріне қарай іріктелді. Қолжазбалардағы сақталған мақал-мәтелдер толық қамтылмай, көпшілігі цензуралық електен өткізілді, болмаса редакциялық түзетулерге ұшырады. Сондықтан осы кезеңде жарық көрген жинақтар бірін-бірі қайталап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен терең мазмұнды көптеген мақал-мәтелдер ескінің қалдығы ретінде жарамсыз болып қалды.

«Бабалар сөзі» сериясы академиялық басылым болғандықтан, құрастырушылардың алдына бүгінгі күннің талаптарына сай жаңаша талап-міндеттер қойылды. Сондықтан ал-

дымен жүзтомдыққа енетін мақал-мәтелдердің бес томдығын баспаға дайындау жұмыстары жобаланып, томдардың құрылымы анықталды. Екіншіден, сол томдарға енетін мәтіндерді жинақтау үшін ҚР Ұлттық кітапханасының, Орталық ғылыми кітапхананың, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорында, сондай-ақ республикалық мұрағаттар мен мұражайлардың қолжазба қорларында іздестіру жұмыстары жүргізілді. Табылған материалдар жүйеленіп, текстологиялық сұрыптаулардан өткеннен кейін томдар баспаға өзірлене бастады. Бұл ретте алғашқы томнан (65-том) өзге жинақтардағы әр мәтін әліпбилік жүйе арқылы топтастырылып, реттік санмен нөмірленді. Сондай-ақ мақал-мәтелдердің Қазақстанның түкпір-түкпірінен, тіпті көршілес жатқан елдердің аумағынан жазып алынғаны ескеріліп, өзгеріске түскен нұсқалары қатар жіберілді. Мәтіндердің хатқа түскен, алғаш жарияланған мерзімдері назардан тыс қалмады және осы мәліметтердің томдардың құрылымына әсері мол болды.

Өндіріске жіберілген мақал-мәтелдердің алғашқы томына (65-том) 1935 жылдан бастап 1957, 1959, 1980, 1993 жылдары толықтырылып қайта басылып отырған Ө.Тұрманжанов құрастырған жинақтың соңғы басылымы ұсынылды. Себебі алғаш мақал-мәтелдердің ішкі мазмұндық, мағыналық ерекшеліктеріне сай тақырыптық жолмен жүйеленген А.Баржақсыбаласының «Мың бір мақал» жинағынан кейін осы жанрдың толық жиналуына, сапалы сұрыпталуына, жеке кітап болып жариялауына айырықша ықылас танытып, осы бағытта тынбай тер төккен бірден бір жазушы Ө.Тұрманжанов болды.

Екінші томға (66-том) Күлтегін, Тоныкөк сияқты көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қазіргі қазақ тіліне етене жақын даналық сөздерден бастап, ортағасырлық түркі ғұламалары еңбектеріндегі мақал-мәтелдердің түркітанушығалым Ө.Құрышжанов аударған нұсқалары («Сөз атасы» жинағы бойынша) мен ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері М.С.Бабажановтың, Ш.Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсаринның, Ә.Диваевтың, М.Ешмұхамедовтің, М.А.Ысқақбаласының және орыс зерттеушілері В.В.Катаринскийдің, Н.Н.Пантусовтың, А.В.Васильевтің т.б. жинап, жариялаған мәтіндері енгізілді.

«Бабалар сөзі» сериясын баспаға дайындау барысында тағдыр тәлкегімен шекаралас елдерді паналап, бірнеше ұрпағы

сонда қоныстанып қалған қандастардың да рухани мұралары назардан сырт қалмады. Мысалы, осының алдында Қытай қазақтары арасында сақталған он том көлеміндегі фольклорлық жәдігерлер қазақстандық оқырмандарға тарту етілсе, мақал-мәтелдердің үшінші томына да (67-том) осы елдегі қазақтардың жинап, жариялаған мәтіндерінің үлгілері кіргізілді. Ал төртінші томға (68-том) Ресей, Өзбекстан, Монғолия елдеріндегі қазақтардың арасынан жиналған, сонымен бірге ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап «Туркестанские ведомости», «Ежегодник», «Киргизская степная газета» «Оренбургский край», «Астраханский вестник», «Тургайская газета» т.б. басылымдарда жарияланған, сонымен бірге С.Шормановтың «Аушы» (1907), Ғ.Жәнібековтің «Жұмбақ уа мақаллар» (1909), Ғ.З.Ташкендидің «Шопан ата» (1908), А.Баржақсыбаласының «Мың бір мақал» (1923), Қ.Саттаровтың «Ақылдың көзі» (1990), «Ташкент қазақтары пайдаланып жүрген мақал-мәтелдер» (2006), Қ.Қалиасқарұлының «Моңғолиядағы қазақ әдебиеті» (1995) жинақтарында жарық көрген мақал-мәтелдер берілді.

Мақал-мәтелдердің ұсынылып отырған соңғы бесінші томы (69-том) ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларына 1934 жылдан жинала бастаған М.Ж.Көпеевтің, Ж.Жүсіпұлының, Е.Есенжолұлының, Б.Жақыпбаевтың, С.Әлімбетовтің, Ә.Марғұланның, Хасен Ғалидың, С.Бекмахановтың, И.Ұйықбаевтың, К.Елеуовтің, Ж.Жантөбетовтің, М.Толыбаевтың, Ә.Наурызбаевтың, Н.Оңдасыновтың, Б.Адамбаевтың т.б. жинап тапсырған қолжазба мұраларының негізінде дайындалды. Халық мұралары әр кезеңде, әр өңірден жиналғандықтан, тілдік, көркемдік-мазмұндық жағына мән беріліп, түпнұсқа негізінің бұзылмауына ерекше көңіл бөлінді.

Том соңында берілген ғылыми қосымшаларда жинаққа енген мақал-мәтелдерге жазылған түсініктемелер, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы түсініктер, жер-су атауларына сипаттамалар, шығармаларды айтушы, жинаушылар туралы мәліметтер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, басылым туралы орыс және ағылшын тілдеріндегі қысқаша түйін қамтылған.

Томның көлемі — 27,5 б. т.





МƏТИНДЕР





## А

1. Абайламай сөйлеген ауырмай өлер.
2. Абылайдың асында жорғаламағанда,  
Атаңның басында жорғалаймысың!
3. Абыройлы жігітке  
Ажалды қоян жолығады.
4. Абыройын айрандай төгіп.
5. Абысын ағарып алдыма шықпасын,  
Қарайып артымда қалмасын.
6. Абысын тату болса, ас көп,  
Ағайын тату болса, ат көп.
7. Абысын тату болса, шыж-мыж көбейеді,  
Ағайын тату болса, сіз-біз көбейеді.
8. Аға өлсе, жеңге мұра,  
Ат өлсе, сауыр мұра.
9. Аға інім демесе, інісі досым демейді.
10. Ағаға қарай іні өседі.
11. Ағадағы мал — даладағы мал,  
Інідегі мал — індегі мал.

Даладағы малға талғанда жетерсің,  
Індегі малға өлгенде жетерсің.

12. Ағайын астынан, ат тұрасынан ақсайды.
13. Ағайын бар болсаң, көре алмайды,  
Жоқ болсаң, бөліп бере алмайды.
14. Ағайын бір қарда, бір тарда.
15. Ағайынға қадірім жоқ, бетімді көреді,  
Қатыныма қадірім жоқ, етімді көреді.
16. Ағайынға сүйеніп мал өседі,  
Қарағайға сүйеніп тал өседі.
17. Ағайында өкпе бар да, кек жоқ.
18. Ағайынның азары болса да,  
Безері болмайды.
19. Ағайынның аразы ауыздың сасығымен бірдей.
20. Ағайынның өкпесі айтуменен кетеді,  
Дұшманның өкпесі кек алумен бітеді.
21. Ағама жеңгем сай.
22. Ағамыз қазақ,  
Іргеміз ағаш.
23. Ағаны өз тұт, өзіңді інің сыйласын.
24. Ағаны көріп іні өсер,  
Апаны көріп сіңілі өсер.
25. Ағасы бардың жағасы бар,  
Інісі бардың тынысы бар.

26. Ағаш аралаған — үйші,  
Ел аралаған — сыншы.
27. Ағаш бір жерде көгереді.
28. Ағаш жаз болса толады,  
Күз болса солады.
29. Ағаш көркі — жапырақ,  
Адам көркі — шүберек.
30. Ағаштың жемісіне қара,  
Адамның жеңісіне қара.
31. Ағу дария харам болмас,  
Қанша ит келіп сарыса да.
32. Адал адам аңқау келеді,  
Сорлы жігіт жалқау келеді.
33. Адал биде ата жоқ,  
Тура биде туған жоқ,  
Туғанына бұрған биде иман жоқ.
34. Адал бидің үйін дау араламайды,  
Адал жанның елін жау араламайды.
35. Адал еңбекті кім етеді,  
Мұратқа сол адам жетеді.
36. Адалды адал ғана түсіне алады.
37. Адалдық — құрмет тиегі,  
Сол ғой тек адамға керегі.
38. Адалдық жанған өртін сөндірет,  
Арамдық жауды үйіңе төндірет.
39. Адалдық өлмейді,  
Арамдық аспайды.

40. Адалдықпенен залал тап,  
Пайдасын ақыры көрерсің.  
Арамдықпен пайда тап,  
Залалын ақыры көрерсің.
41. Адам айдаса, бармаймын,  
Құдай айдаса, қалмаймын.
42. Адам ақылымен алып.
43. Адам ақылымен көрікті,  
Ер халқымен даңқты.
44. Адам аласы ішінде,  
Мал аласы сыртында.
45. Адам арамдықтан жамандық көрмей қалмас.
46. Адам артындағысын көріп қартаяды.
47. Адам болар бала қонаққа үйір,  
Ат болар тай саяққа үйір.
48. Адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар,  
Қошқар болар қозының мұрын жағы дөң келер.
49. Адам жүрген жерде өруақ жүреді.
50. Адам күні адаммен.
51. Адам қызығып өлетін мола жоқ.
52. Адам лебізден,  
Мал бауыздаудан.
53. Адам ойға тоймас,  
Қасқыр қойға тоймас.
54. Адам өз қолын өзі кеспейді.

55. Адам соңында алты сауысқан.
56. Адам сөйлескенше,  
Жылқы кісінескенше.
57. Адам сөйлесіп танысады,  
Аю иіскесіп танысады.
58. Адам тілі тас жарады,  
Тас жармаса. бас жарады.
59. Адам тілінен жазады.
60. Адам тілінен ұсталады,  
Ат тезегінен ұсталады.
61. Адам шыққан жері  
Мысыр шаһарындай.
62. Адам іші алтын,  
Сырты мыс.
63. Адам ішіп тоймайды,  
К...т ойнассыз болмайды.
64. Адамға әйел деген өмір жолдас,  
Әйелсіз жалғыз жүріп өмір болмас.  
Әйелдің дос өмірін бағаламай,  
Жолдасын жат санаған адам оңбас.
65. Адамға бір жұмыс — бақ,  
Бір жұмыс — дақ.
66. Адамда болса достық махаббаты,  
Олардың болмас бір-біріне жаттығы.
67. Адамды дәнекерлейтін — дастархан.
68. Адамды замана билейді.

69. Адасқанда, жұлдыз айдай,  
Қарын ашқанда, көже майдай.
70. Адамды сөз бұзады,  
Қаңбақты жел бұзады.
71. Адамды сыйлай білу — өзін сыйлай білу.
72. Адамдық адалдықта,  
Адалдық шындықта.
73. Адамзатты сөз бұзады,  
Тау мен тасты жел бұзады.
74. Адамнан адам тәлім алады.
75. Адамның ары — оның досы.
76. Адамның байыған сайын жетпегені молаймақ,  
Керегі таусылмас.
77. Адамның бала — жаны, мал — иманы.
78. Адамның баласы асатпай жемейді,  
Көргенсіздің баласы көріп отырса да,  
«мә» демейді.
79. Адамның басы — Алланың добы.
80. Адамның досы да, дұшпаны да —  
Қатын-бала мен мал.
81. Адамның жаманы — өз аузына ие болмағаны.
82. Адамның жаманын бақсаң,  
аузы-мұрныңды қан етер,  
Малдың жаманын бақсаң,  
аузы-мұрныңды май етер.



83. Адамның жанын сақтайтын да,  
Құртатын да — тіл.
84. Адамның жүзіне қарама, сөзіне қара.
85. Адамның көркі — ақыл,  
Сөздің көркі — мақал.
86. Адамның міні — мінсіздігі.
87. Адамның оңбасы — жалқауы.
88. Адамның іші алтын.
89. Адамсыған жігітті үйінде көр,  
Атсынған айғырды үйірінде көр.
90. Адамшылықтың жоғарғы сатысы — арын сақтау.
91. Адасқан қазды жиылған қарға жейді.
92. Адасқанда алға ұмтыл.
93. Адасқанның айыбы жоқ,  
Қайтып үйірін тапқан соң.
94. Адасқанның айыбы жоқ,  
Өзі қайтып тапқан соң,  
Ашылғанның айыбы жоқ,  
Өзі біліп жапқан соң.
95. Адасқанның ақылы артынан түседі.
96. Адасқанның алды жөн, арты соқпақ.
97. Адасқанның артындағысы біледі,  
Жаңылғанның жанындағысы біледі.
98. Адам іші дария.

99. Адым жерде олжа бар,  
Адам бар жерде пәле бар.
100. Ажал ажарыңа да қарамайды,  
Базарыңа да қаратпайды.
101. Ажал айтып келмес,  
Өткен қайтып келмес.
102. Ажал ақымақ үшін алтау,  
Ақылды үшін біреу.
103. Ажал белгісіз, қонақ болжаусыз.
104. Ажал жалынғанмен қоймайды,  
Мешкей бергенменен тоймайды.
105. Ажал жеткен ауруға ем қонбайды.
106. Ажал жетпей, шыбын да өлмес.
107. Ажал жетпесе, оқ жетпейді.
108. Ажал мен ақымаққа дауа жоқ.
109. Ажал мен бейнет ақылға қарамас.
110. Ажалдан ақша беріп құтылмайсың.
111. Ажалдан бұрын адам өлмейді.
112. Ажалдан қашып құтылмайды,  
Жаманның сөзі тұтылмайды.  
Жақсыдан алған ғибрат  
Өле-өлгенше ұмытылмайды.
113. Ажалдан қашып құтылмайды.
114. Ажалдан қорықпайтын нәрсе — махаббат.

115. Ажалды киік адырға шығады.
116. Ажалды киіктің аяғы тыныш таппайды.
117. Ажалды қарға бүркітпен ойнайды.
118. Ажалды өле ме,  
Аурулы өле ме?!
119. Ажалды тышқанға аш мысық тап болар.
120. Ажалды шошқа орда оттайды.
121. Ажалдыға ағаш — оқ.
122. Ажалдыға бір себеп.
123. Ажалсыз аштан өлмес.
124. Ажалсыз жан шықпайды,  
Құр сөзден май шықпайды.
125. Ажалсызға тау құлайды.
126. Ажалы жеткен тышқан  
Ұйықтап жатқан мысықты оятады.
127. Ажалы жеткенді өлім қоймайды.
128. Ажар — сұлу емес, ақыл — сұлу.
129. Аз асты аяған,  
Көп астан құр қалады.
130. Аз байласаң, аз мінерсің,  
Көп байласаң, көп мінерсің.
131. Аз болса да, саз болсын.

132. Аз ғана елге хакім болма,  
Аз ғана асқа бөгеуіл болма.
133. Аз да болса, қаптай көр.
134. Аз қайғыны ас басар,  
Көп қайғыны дос басар.
135. Аз сөз — алтын,  
Көп сөз — көбік.
136. Аз сөз — алтын,  
Көп сөз — көмір.
137. Аз сөз — ишарат,  
Көп сөз — кінәрат.
138. Аза арулы,  
Сый сатулы.
139. Азамат сыны — ерлік,  
Ерлік — өзі елдің сыны.
140. Азан айтпақ — молданың ісі.
141. Азат басың болсын құл.
142. Азған денеге ауру үйір.
143. Азған елге бастық болма,  
Аз ғана асқа аспазшы болма.
144. Азды көріп азба,  
Көпті көріп қызба.
145. Аздың атасы бір,  
Көп көмек тілемейді.
146. Азы-көбі күшіңнің белдескенде білінер,  
Азы-көбі түйеңнің ел көшкенде білінер.

147. Азымтал болса, атың — жау,  
Тіл алмаса, қатын — жау,  
Ұрысқақ болса, ұлың — жау,  
Керіскек болса, келін — жау,  
Қылықсыз болса, қызың — жау.
148. Азынаған айғырдың үйірін көр,  
«А» деген жігіттің үйін көр.
149. Ай-айдың аты басқа,  
Әр айдың аты басқа.
150. Ай астында жаңа жоқ.
151. Ай бетінде де сепкіл бар.
152. Ай да ортақ,  
Күн де ортақ.
153. Ай жарығы әлемге,  
Шам жарығы түбіне.
154. Ай жарық, қоян арық.
155. Ай қораланса, арысыңды сайла,  
Күн қораланса, күрегінді сайла.
156. Ай құлақтанса, күрегінді сайла,  
Күн құлақтанса, қораңды сайла.
157. Ай мен ай шамалас.
158. Ай сұлу көрінер толғаннан соң,  
Жігіт асып сөйлейді болғаннан соң.
159. Ай, жігіттер, малды жисаң, қойды жи,  
Май кетпейді шарадан.  
Итті жисаң, сырттан жи,  
Тоқты бермес қорадан.

160. Ай-айдың аты басқа,  
Аяқты малдың өрісі басқа.
161. Ай туды деп қуанба,  
Жағымды туса, қуан.
162. Айбынды батырдың еліне батып жау келмес,  
Аңғырт батыр жауға шапса, сау келмес.
163. Айға шауып мерт болды  
Артқы аяғы арыстан.
164. Айғақтың тазасы күмәнмен мойынға салады.
165. Айғырмен ойнаған ат арқасын алдырар,  
Қаршығамен ойнаған қаз қанатын шалдырар.
166. Айғырың үнді болсын,  
Қошқарың жүнді болсын.
167. Айдабол, ас ішкенде пайда бол.
168. Айдағаның екі ешкі,  
Ысқырығың жер жарады.
169. Айдай апшысын қуырып.
170. Айдалаға атқан оқ  
Ажалдыға тиеді.
171. Айдың бір беті жарық,  
Бір беті қараңғы.
172. Айдың да жартысы жарық,  
Жартысы қараңғы.
173. Айлалы түлкі алдырмас.
174. Айлалыға амал жоқ,  
Сөз тапқанға қолқа жоқ.

175. Айлас қатын мұңдас.
176. Айласыз дүние — пайдасыз.
177. Айна менен тарақ бар,  
Алмасаң да қарап қал.
178. Айналдырған ауру алмай қоймас.
179. Айналдырған ауру алмай тынбайды.
180. Айран бергенді аялаған.
181. Айран сұрай келіп,  
Шелегінді жасырма.
182. Айран ұйытқан ірітіп,  
Тері илейді шірітіп.
183. Айран ішкен құтылар,  
Шелек жалаған тұтылар.
184. Айранды көріп азба,  
Қымызды көріп қызба.
185. Айранды іпсең де, ас болады.
186. Айрылған аюға жем,  
Белінген бөріге жем.
187. Айсыз түнде аспан қараңғы,  
Ақылсыз бас қараңғы.
188. Айт аттынікі,  
Той тондынікі.
189. Айт та, сөзіңе жет,  
Мінгес те, үйіңе жет.

190. Айта-айта алтынды,  
Әнші апай да қартайды.
191. Айтақтай-айтақтай,  
Қасқырдан да ұят болды.
192. Айтқан сөзің — атқан оқ,  
Нысананды абайла.
193. Айтқызып істеген істің іске сәндігі жоқ,  
Қамшылатып шапқан жүйріктің  
жүйрікке сәндігі жоқ.
194. Айтпақ бар да, қайтпақ жоқ.
195. Айтса болар ұққанға,  
Айтып-айтпай немене  
Құлағына мақта тыққанға.
196. Айттырған — жаманның ісі,  
Қамшылатқан — шабанның ісі.
197. Айтулы достың малы бір,  
Кемедегінің жаны бір.
198. «Айтшы, айтшы!» деп жалынар,  
Айтпай жатып жалығар.
199. Айтып қойған соңғылыққа жақсы,  
Іреп қойған сойғылыққа жақсы.
200. Айтып істеген ұрлықтың айыбы жоқ.
201. Айтысқан соң — дау,  
Алысқан соң — жау.
202. Айтыспақ болсын,  
Ашуланыспақ болмасын.



203. Айыратын жаман бар,  
Қосатұғын жаран бар.
204. Айырылар дос ердің артқы қасын сұрайды.
205. Айырылар тамыр ердің артқы қасын сұрайды.
206. Айырылған азады,  
Қосылған озады.
207. Айырылғанды аю асайды,  
Белінгенді бөрі асайды.
208. Ақ болсаң, ант ішпе,  
Айрандай жұғады бойыңа.
209. Ақ деген қуда  
Бір шағым қу бар.
210. Ақ жалау барда, малым бар деме,  
Әзірейіл барда, жаным бар деме.
211. Ақ жүзің де айнадай, перде болса,  
Құл құтырар, төсегін төрге салса.  
Жігітім кедей болса, сөз айта алмас,  
Қылышынан қан тамған ер де болса.
212. Ақ иіліп сынбайды.
213. Ақ кіреуке сауыттың  
Жағасы болады, жеңі болмайды.
214. Ақ қоян алдырмайды өрде болса,  
Ақсақал бас мүжиді төрде болса.
215. Ақ пен қара жарысар,  
Аққа Құдай болысар.
216. Ақсұңқар атқа ғашық,  
Күйкентай жемге ғашық.

217. Ақсұңқар, ұшқырмын деп мақтанба,  
Алдыңда құрулы тор бар.
218. Ақсұңқар шашып жейді,  
Жапалақ басып жейді.
219. Ақсұңқардың баласы  
Алдына қоймай жем жемес.
220. Ақ та болсаң, ант ішпе,  
Айрандай жұғар.
221. Ақ теріні қара теріге айырбастап.
222. Ақ түйенің қарны жарылған деген осы.
223. Ақ ұнның наны ақ түйенің шабына піседі.
224. Ақ үйдің жаппа болуы да сәт,  
Жапшаның ақ үй болуы да сәт.
225. Ақпанның аязындай,  
Ел билеген оязындай.
226. Ақкөңілдің аты азбайды,  
Халал жүріп хақ сөйлегеннің тоны тозбайды.
227. Аққа зауал жүрмейді.
228. Аққа қара жоқ,  
Қараға шара жоқ.
229. Аққа Құдай жақ.
230. Аққан суға да бір тосу болар.
231. Аққу — құстың төресі,  
Жалғыз жүріп оттамас.  
Қас жақсының белгісі —  
Қара сөзді жақтамас.

232. Аққу көлге, дуадақ төлге.
233. Ақпейілдінің аты арымас.
234. Ақпейілдің аты азып, тоны тозбас.
235. Ақсақ десе, өзіме тиеді,  
Соқыр десе, көзіме тиеді.
236. Ақсақ қой жатып семіреді.
237. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.
238. Ақсақал, ойыңа келгенді сандырақтайсың.
239. Ақсары деген құс болады,  
Баласы алғыр бес болады,  
Қу ілері бір болады,  
Қу ілмейтін жаманы  
Құладың құсқа жем болады.
240. Ақсұңқар, ұшқырмын деп мақтанба,  
Алдыңда құрулы тұрған торлар бар.  
Арғымақ, жүйрікпін деп мақтанба,  
Алдыңда қазулы тұрған орлар бар.
241. Ақтың көңілі — жарық, күні — жаз.
242. Ақтың отын ақымақ та сөндірмейді.
243. Ақша жүрген жерде әділдікке де,  
Адалдыққа да орын жоқ.
244. Ақшалы адам болыс болды,  
Бидайықты жер қоныс болды.
245. Ақшаны жерден тапсаң да, санап ал.
246. Ақыл — адам көркі,  
Ақылдың сабыр — серігі.

247. Ақыл — алтау, ой — жетеу.
248. Ақыл — дария, ой — теңіз.
249. Ақыл арымайды, алтын шірімейді.
250. Ақыл ауыр болмайды,  
Азық ауыр болмайды.
251. Ақыл ауысады,  
Бұрыс жұғысады.
252. Ақыл жас ұланнан шығады,  
Жүйрік тай-құнаннан шығады.
253. Ақыл жасқа бітер,  
Қына тасқа бітер.
254. Ақыл жастан шығар,  
Асыл тастан шығар.
255. Ақыл жоқта нақыл жоқ.
256. Ақыл мидан, нақыл биден.
257. Ақыл ойдан артық емес.
258. Ақыл таптым аяққа,  
Не айтамын қазаққа.
259. Ақылдан аспа, ұятты баспа.
260. Ақылдан жақын дос болмас,  
Ашудан жаман қас болмас.
261. Ақылды адам елдің бейбітшілігін тілер.
262. Ақылды ақпа құлаққа айтпа,  
Құйма құлаққа айт.

263. Ақылды кәріден сұрама, бөріден сұра.
264. Ақылды қасыңнан қорықпа,  
Жарымес досыңнан қорық.
265. Ақылды құл ақымақ патшадан артық.
266. Ақылдыға билік тисе, мінді түзейді,  
Ақылсызға билік тисе, елді бұзады.
267. Ақылдының белгісі:  
Байыса аспайды,  
Дәрежесіне таспайды.
268. Ақылдың өлшеуі — қалам.
269. Ақылменен пішкен тон  
Кем де, кең де болмайды.
270. Ақыл-санаң барында, кір жуытпа арыңа.
271. Ақылсыз бай ішпей-жемей мал жияды,  
Ақылсыз кедей еңбек қылмай шалжияды.
272. Ақылсыз бас, аяқты тыңда,  
Ақылды болсаң, жарқылда.
273. Ақылсыз бас аяқтың әлегі.
274. Ақылсыз бас екі аяққа дамыл бермейді.
275. Ақылсыз басқа адырайған көз бітер,  
Дуасыз ауызға сылдыраған қу сөз бітер.
276. Ақылсыз сұлу ханымнан,  
Ақылды, көріксіз күң артық.  
Ақылмен іс қылған соң,  
Болады онан кім артық.

277. Ақылсыз топас хандардан,  
Ақылы көп дана артық.
278. Ақылсыз үлкеннен  
Ақылды бала артық.
279. Ақылы жоқ ақымақтан,  
Тоқпақ ұрған бақысы артық.
280. Ақылы жоқ басқа адырайған көз берер.
281. Ақылы жоқтың арманы жоқ.
282. Ақылы жоқтың жақыны жоқ.
283. Ақылы соң есіне түседі.
284. Ақылың болса, жыр тыңда.
285. Ақылың болса, ойлап тап.
286. Ақымақ бас аяқтың соры.
287. Ақымақ достан, ақылды дұшпан артық.
288. Ақымаққа таяқ.
289. Ақымақпен жолдас болсаң,  
Ағып суға кетерсің.  
Ақылдымен жолдас болсаң,  
Арманыңа жетерсің.
290. Ақымақтан күшті жоқ.
291. Ақымақты түсіндіргеннен,  
Өлікті тірілту оңай болады.
292. Ақымақтың мал табуға кемі жоқ,  
Ақылдының мал табуға себі жоқ.

293. Ақымақтың оғы аңға тимейді, тауға тиеді.
294. Ақын болсаң, той көп.
295. Ақын елдің еркесі,  
Батыр елдің серкесі.
296. Ақын жігіт той бастар,  
Батыр жігіт қол бастар,  
Шешен жігіт дау бастар.
297. Ақынның жауға септігі жоқ,  
Палуанның жауға септігі жоқ.
298. Ақырғы бай аштан өледі.
299. Ақыретке жағымды боламын десең, азанды бол,  
Дүнияға жағымды боламын десең, қазанды бол.
300. Ақыреттің мың күнінен,  
Жалғанның бір күні артық.
301. Ақырында пақырың озар.
302. Ал балық, аузына сал балық.
303. Ала арқан кеспей арылмас.
304. Ала болған алты кісіні  
Бінтымақты болған екі кісі алады.
305. Ала болған елді дұшман аралар,  
Туысқаның жаман болса, басын қаралар.
306. Ала білсең, бере біл.
307. Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас.
308. Алаған қолым берген.

309. Аламанға ақырма,  
Қаларсың қу тақырда.
310. Аларманға алтау аз,  
Берерменге бесеу көп.
311. Алатауды алыстан көргін, басына барма,  
Жақсы адамыңмен алыстан сыйлас, қасына барма.
312. Алаштың аты озғанша,  
Ауылдастың тайы озсын.
313. Алған борыш жаман,  
Соның бәрінен де қабағын түйіп берген  
бір аяқ ас жаман.
314. Алған бір жазықты,  
Алдырған мың жазықты.
315. Алған деген ат болды,  
Қалған көңіл дақ болды.
316. Алғашқы байдың азасын  
Соңғы бай берер сазасын.
317. Алғыс алған ағарады,  
Қарғыс алған қараяды.
318. Алғыс алған мың жасайды,  
Қарғыс алған оңбайды.
319. Алғыс түбі — ақ май,  
Қарғыс түбі — қара қан.
320. Алды-артыңды абайла,  
Ақыл артық қалайда.
321. Алдым ашық,  
Артым тұйық тұман.



322. Алдымен бөденені ұрып жық.
323. Алдына шықпасам шықпайын,  
Бәйгемді бермейін.
324. Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш.
325. Алдыңғы арба қайда жүрсе,  
Соңғы арба сонда жүреді.
326. Алдыңғы қонақты  
Соңғы қонақ қуып шығады.
327. Алдыраған анасының қойнын ашыпты.
328. Алдырған албырт.
329. Алла бермегенді молда бермейді.
330. «Алла» деген ар болмас,  
«Алла» деген пенделер  
Еш нәрсеге зар болмас.
331. «Алла» деген — ойын сөз,  
Қияметте қиын сөз.
332. «Алла» деп барсаң, аман келерсің.
333. Алла жаққан шырақты  
Ақымақ үрлеп сөндірмес.
334. Алла салған отты адам өшіре алмас.
335. Аллаға жағамын десең, азаның болсын,  
Пендеге жағамын десең, қазаның болсын.
336. Аллаға жағайын десең, азаның болсын,  
Халыққа жағайын десең, қазаның болсын.

337. Алладан келген ажалдан жағады.
338. Алладан ойбайым тыныш.
339. Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады,  
Адамнан сұрағанның екі көзі шығады.
340. Алланың берейін деген құлына  
Онан-мұнан құралар.  
Бермеймін деген құлының  
Жалғыз атын ұры алар.
341. Алланың сайтанынан адамның сайтаны жаман.
342. Алма алмадан реңдік алады.
343. Алмақтың салмағы бар.
344. Алманың асылын аю жер.
345. Алпыс күн атан болғанша,  
Алты күн бура бол.
346. Алпыс кісі аттан жығылса,  
Өркім ауырған жерін ұстайды.
347. Алпыс құлан ат болмас.
348. Алса, құсым,  
Алмаса, желпуішім.
349. Алтау ала болса,  
Ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса,  
Түстік жерден түсім түседі.
350. Алтау ала болса,  
Ауыздағы кетеді.

- Төртеу түгел болса,  
Төбедегі келеді.
351. Алты ай баққан арықты  
Бір күнгі ұрындырған өлтіреді.
352. Алты ай жаздай мен міндім қайыққа,  
Не жазығым бар екен осы аяққа.
353. Алты ай мінсе арымайтын.
354. Алты ауызды қазақ.
355. Алты жыл апат келсе де, ажалды өледі.
356. Алты жыл атан болып алшаңдағанша,  
Алты күн бура болып сақылда.
357. Алты күндігін ойламаған ерден без.
358. Алты қатын асқа барса,  
Өрқайсысы өз жырын жырлайды.
359. Алтын азбас,  
Асыл тозбас.
360. Алтын алма, ақыл ал,  
Алтын ақыл таппайды,  
Ақыл алтын табады.
361. Алтын басы еңкейсе,  
Боқты көті теңкейеді.
362. Алтын бесікке ашқан есік —  
Елдің ері емес пе.
363. Алтын ерің атқа тисе,  
Алтынын ал да отқа жақ.

364. Алтын көрсе, періште жолдан таяды.
365. Алтын-күміс тастан шығар,  
Ақыл мен ой жастан шығар.
366. Алтын тапқан әйелді  
«Қаным» демей не деймін.  
Өзі болған жігітті  
«Жаным» демей не дейміз.
367. Алтын тапқан періште жолдан тайған.
368. Алтын тапсаң, санап ал.
369. Алтын шірімес, жан сасымас.
370. Алтынды ала білген, бөле де білер.
371. Алтынды ерің атқа тисе,  
алтынын ал да отқа жақ,  
Ағайының атыңа тисе, амаңыңда жөніңді тап.
372. Алтын-күміс тас болған,  
Арпа-бидай ас болған.
373. Алтынның шығар жерін белден қаз.
374. Алуан-алуан жүйрік бар,  
Әліне қарай жүгірер.
375. Алуан-алуан жүйрік бар,  
Шамасына қарай шабады.
376. Алушыны аңдушы жеңеді.
377. Алшаңдаған жігітті үйінде көр.
378. Алшаңдаймын деп алшаңнан түспе.

379. Алып алты болмаған,  
Жеп жеті болмайды.
380. Алып анадан туады,  
Ат биеден туады.
381. Алып күштен де ар күшті,  
Арды сақтай білу одан да күшті.
382. Алыс болса ауылың, бармайсың ба?
383. Алыс жол атқа сын,  
Ауыр жол ерге сын.
384. Алыс пенен жақынды жортқан білер,  
Ащы менен тұщыны татқан білер.
385. Алыс та атаңды жық,  
Аясаң, тұрғызып жібер.
386. Алыспақ керек пе,  
Шалыспақ керек пе?
387. Алысса, екі ердің бірі өледі.
388. Алыссаң, атаңды жық,  
Аясаң, қоя бер.
389. Алыста жүрген дұшпаннан,  
Жаныңнан аңдыған дос жаман.
390. Алыстағы әулиеден жуықтағы машайық артық.
391. Алыстан арбалағаннан,  
Жақыннан дорбалаған артық.
392. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.
393. Алыстан атқан ағаш оқ ажалдыға тиеді.

394. Алыстан шабынған боранның күші қайтады.
395. Аман болса бұл басым,  
Тағы шығар бұл шашым.
396. Аман ердің аты шығады.
397. Аман жүрсең, әлем сенікі.
398. Анаға тартып қыз туа бермес,  
Атаға тартып ұл туа бермес.
399. Анаға ішінен шыққан соң,  
Ұлан да бала, жылан да бала.
400. Аналы қыздың бақшасы басқа.
401. Ананың көңілі балада,  
Баланың көңілі далада.
402. Анасын көріп, қызын ал,  
Аяғын көріп, асын іш.
403. Анасын сүйгеннің баласын сүй.
404. Анда барсам, мұнда қаш,  
Мұнда келсем, анда қаш.
405. Андызды жерде ат өлмейді,  
Иірлі жерде ер өлмейді.
406. Аңдысқан ауыл болмас,  
Ерегескен ел болмас.
407. Ант ұрғанға жолама,  
Залалы тимей қала ма.
408. Ант ұрғанның ер-тұрманы оңбас.

409. Аң таппаған атынан көреді,  
Ата алмаған мылтығынан көреді.
410. Аңдамаған азап, аяғыңа тұзақ.
411. Аңдамай айтпа,  
Тура беттен қайтпа.
412. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі.
413. Аңдушыны алушы жеңер.
414. Аңды ия көрінбеген атады,  
Ия ерінбеген атады.
415. Аңдыған жау алмай қоймас.
416. Аңдысқан ауыл болмас,  
Ит балалап сауын болмас.
417. Аңдысқан ауыл болмайды,  
Есептескен дос болмайды.
418. Аңқау елге арамза молда деген.
419. Аңқау елге арамза молда кезігер.
420. Аңқау теке сұрмергенге жолығар.
421. Аңқауға қырғауыл қайда.
422. Аңсаған сусыған деп келеді.
423. Аңсағанға сусаған кез келеді.
424. Аңсағанда келген хабар,  
Шаршағанда мінген көлік.
425. Аңшының ауы жүрмейді.

426. Аңшының кешіккеніне сүйін.
427. Апа десем «а» дейді,  
Барма десем «мә» дейді.
428. Ар сатып алған атақтан,  
Тер сатып алған мал артық.
429. Ар төгілгенше, қан төгілсін.
430. Арақ ішіп мас болдым,  
Қатын алып жас болдым.
431. Арам жесең, тойғанша.
432. Арамды Құдай табады,  
Момынды қайыр табады.
433. Арамдықтың адымы алты тұтам,  
Арамдық қашып алысқа бармайды.
434. Арамзалық ойнастан болады дүр,  
Қараңғылық тамырдан жұғады дүр.
435. Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам.
436. Араммен тапқан тіллөдан,  
Адалдан тапқан тиын артық.
437. Арашашы болсаң, алты таяққа шыда.
438. Арба айдаған алдына қарайды,  
Түйе жетектеген артына қарайды.
439. Арғымақ ат жақсы шаппаса да,  
Жаман ат шаба алмайды баптаса да.  
Ақымаққа айтқан сөзің ағып кетер,  
Өзін тігіп сыртынан қаптаса да.



440. Арғымақ аттың белгісі —  
Аз ғана оттап көп жусар.  
Азамат ердің белгісі —  
Аз ғана сөйлеп көп тыңдар.
441. Арғымақты жамандап,  
Қане, тұлпар тапқаның?!  
Ағайынды жамандап,  
Қане, туған тапқаның?!
442. Арғымақтың жақсысы  
Аз ғана оттап, көп жусайды.  
Адамзатың жақсысы  
Аз ғана сөйлеп, көп тыңдайды.
443. Арзан аурусыз болмайды,  
Қымбат қасиетсіз болмайды.
444. Арзан би ғиллат болмайды,  
Қымбат би хикмат болмайды.
445. Арзанның сорпасы татымас.
446. Арқаға батса, аяңшыл.
447. Арқаға ердің батқанын иесі емес, ат біледі,  
Ағайынның азғанын азамат емес, жат біледі.
448. Арқалағаны алтын болса да,  
Түйенің тамағы тікен.
449. Арқанның ұзыны жақсы,  
Сөздің қысқасы жақсы.
450. Арманда өлгенше, қармана өл.
451. Арпа-бидай ас екен,  
Алтын-күміс тас екен.

452. Арпалыссаң, ар кетер,  
Жанжалдассаң, жан кетер.
453. Арсызға алты күн мейрам.
454. Артқан кісінің түйесі,  
Сауған кісінің биесі,  
Қашан келеді иесі.
455. Артқан түйеңнен,  
Сиынған иең күшті болсын.
456. Артқы айылың мықты болса,  
Атың тулап не істейді.
457. Артқы аттың жеткенін,  
Алдыңғы ат білмейді.
458. Артық жесең, аузың күйеді,  
Деңгел жесең, денең сүйеді.
459. Артық пайда бас жарады.
460. Артық сөз апат келтіреді.
461. Артым тұман,  
Алдым ашық.
462. Артыңа ұрпақ қалдыру — Құдайдың ісі,  
Сөз бен іс қалдыру — өзіңнің ісің.
463. Аруана нардан туады,  
Қас масқара қарадан туады.
464. Арық ат сусауық.
465. Арық атқа қамшы ауыр.
466. Арық атқа қамшы ойнар,  
Жыртық үйге тамшы ойнар.

467. Арық болайын деген айуанды  
Шайтан қуып оттатпайды.
468. Арық болар тоқтыны  
Шайтан қуып оттатпайды.
469. Арық пен семіздің жаны бірдей,  
Жақсы мен жаманның жаны бірдей.
470. Арық семіреді,  
Ауру жазылады.
471. Арық семіреді,  
Толған төгіледі,  
Тұрған шөгіледі.
472. Арық сиырға жуан мүйіз.
473. Арықтағанның күші бар,  
Семізде көптің көзі бар.
474. Арын сатқан кәріден,  
Еңбегін сатқан бала артық.
475. Арыңды сатпа, малың сат.
476. Арыңды ардақтасаң, Отаныңды сыйла,  
Өйткені Отан арыңнан да қымбат.
477. Арыңды сатып мал жима,  
Арам өлген артық одан да.
478. Арыңды сатып ішпе,  
Теріңді сатып іш.
479. Арыстан — аң патшасы,  
Жылқы — мал патшасы.
480. Арыстан айға шабамын деп мерт болыпты.

481. Арыстан асқынса, айға шабар,  
Ақымақ асқынса, анасын сабар.
482. Арыстан аш, доңыз тоқ.
483. Арыстанға темір тор ар да емес, қор да емес.
484. Арыстанға темір тор ар емес.
485. Арыстанға темір шынжыр ар емес.
486. Арыстандай атаны ұл қайырды,  
Ақмаралдай шешені қыз қайырды.
487. Арыстандай күшің болса,  
Түлкідей әдісің болсын.
488. Арыстанды тырнағынан танимын,  
Көк есекті тұяғынан танимын.
489. Арыстанның ойнынан  
Түлкінің мойны үзіледі.
490. Ас — адам баласының дәнекері.
491. Ас — адамның арқауы.
492. Ас аттынікі, той тондынікі.
493. Ас бар, аспазшы жоқ,  
Мал бар, бақташы жоқ.
494. Ас иесімен тәтті.
495. Ас қадірін білмесең,  
Ашаршылық берсін сазаңды.  
Ат қадірін білмесең,  
Жаяушылық берсін сазаңды.

496. Ас тасыса, қатығы төгілер,  
Ер тасыса, ақылы төгілер.
497. Ас ішіп аяқ босататын.
498. Аса пайда пайда етпес,  
Пайда етсе де бай жетпес.
499. Аса пысық болсаң, дарға асыларсың,  
Аса жасық болсаң, аяққа басыларсың,  
Жұрттың жуан ортасы болсаң,  
Ақылыңды асырарсың.
500. Асарыңды асадың,  
Жасарыңды жасадың.
501. Асатпай жатып құлдық,  
Бұл не деген сұмдық.
502. Асауды артынан шапқа түртсең,  
Аузы-басыңды қан қылар.
503. Асауды шапқа түртпе,  
Жуасты келемеж етпе.
504. Асқанға риза болма,  
Сасқанға риза бол.
505. Асқар таудың көлеңкесі алысқа түседі.
506. Асқар таусыз жер жетім,  
Асыл ойсыз ел жетім.
507. Аспа, асқан жетер басқа.
508. Аспандағы тырнаны ұстаймын деп,  
Қолыңдағы шымшығыңнан айырылма.
509. Аспаннан шұға жауса,  
Жалқауға түк те тимес.

510. Ассаң, аспаққа асыларсың,  
Бәсең болсаң, бәйгеге қосыларсың.
511. Асты ас сақтайды,  
Досты дос сақтайды.
512. Асты келін — аналы келін.
513. Асты көрсең, қадір тұт,  
Ерді көрсең, қыдыр тұт.
514. Асты қорласаң, құстырар,  
Ерді қорласаң, састырар.
515. Асты я туыс жейді, я қуыс жейді.
516. Астық жоқ жылы тіленші қыстайды.
517. Астың аласы,  
Құдайдың пәлесі.
518. Астыңдағы атыңа сенбе,  
Қойныңдағы қатыныңа сенбе.
519. Асу-асу белдер бар,  
Аса алмай атан өлсін.  
Ағайыныңмен тату бол,  
Айырылмай жат өлсін.
520. Асығып басқан адам шайтан ойнағын басады,  
Аңдып басқан адам Қызырдың ізін басады.
521. Асығыс арты — өкініш.
522. Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар.  
Бәрінен де қой бағып,  
Көтен жеген озар.

523. Асық ойнаған азар,  
Доп ойнаған тозар.  
Бөрінен де қой бағып,  
Қою сүт ішкен озар.
524. Асыққан жетпейді,  
Бұйырған кетпейді.
525. Асыққан ұятқа қалар.
526. Асықпа, қарға,  
Түсерсің торға.
527. Асықпаған арбамен қоянға жетеді.
528. Асықпай жүрсең, алға басарсың,  
Тынбай жүрсең, белден асарсың.
529. Асыл пышақ қап түбінде жатпайды.
530. Асың барда ел таны беріп жүріп,  
Атың барда жер таны желіп жүріп.
531. Асың барда ел таны,  
Атың барда жер таны.
532. Асырайтын жас болса,  
Өлетін кәрі жоқ.
533. Ат — биеден, алып — анадан.
534. Ат болатын тай саяққа үйір,  
Адам болатын бала қонаққа үйір.
535. Ат — ердің қанаты.
536. Ат айланып қазығын табады,  
Су айланып жазығын табады.

537. Ат айналып қазығын табады,  
Тиірмен айналып шүмегін табады.
538. Ат ариды, тон тозады,  
Уақытында аянбаған  
Алысқа қолын созады.  
Атамай алғанның  
Біреуге арқасы тозады.
539. Ат арыса — тулақ,  
Ер арыса — әруақ.
540. Ат атандырып, сүйек сындырма.
541. Ат аттан қалса, құлағын кеседі,  
Байтал байталдан қалса, шұнағын кеседі.
542. Ат аунаған жерде түк қалады.
543. Ат баспаймын деген жерін үш басады,  
Ер көрмеймін деген жерін үш көреді.
544. Ат басына күн туса,  
Ауыздығымен су ішер.  
Ер басына күн туса,  
Етігімен су кешер.
545. Ат болатын құлынның басы кез болады,  
Адам болатын баланың аңдығаны сөз болады,  
Қошқар болатын тоқтының тұмсығы дөң болады.
546. Ат болатын құлының белгілі.
547. Ат ерінді, ер мұрынды келер.
548. Ат жақсы болса, атасын сұрайды,  
Жігіт жақсы болса, нағашысын сұрайды.
549. Ат жақсымен жолдас болсаң,  
Мұратқа жетерсің.



- Жаманмен жолдас болсаң,  
Ұятқа кетерсің.  
Өзің көріп, ойланғын,  
Көрсеттім жолдың төтесін.
550. Ат жақсысы керуеннен түседі,  
Зат жақсысы жарлыдан түседі.
551. Ат жақсысы көрмеде,  
Жігіт жақсысы түрмеде.
552. Ат жалын тартуға жарапты,  
Он екіде бір нұсқасы жоқ.
553. Ат жаманы жолда қалдырады,  
Жолдас жаманы қолда қалдырады.
554. Ат жаманы таймен ойнар,  
Қатын жаманы баймен ойнар.
555. Ат жүйрігін түлкі сүймес,  
Ауру адам күлкі сүймес.
556. Ат зорықса қан сиеді.
557. Ат иесі алдына мінер.
558. Ат иесінде ақсамасын.
559. Ат қадірін білмесең, жаяушылық көресің,  
Ас қадірін білмесең, ашаршылық көресің.
560. Ат қадірін жаяушылықта білерсің,  
Ас қадірін ашаршылықта білерсің.
561. Ат мінсе ауына тартады.
562. Ат озған алдын алар.

563. Ат пен есек мінездес болады.
564. Ат сатсаң, ауылыңмен ақылдас.
565. Ат сауырға шыдамас,  
Ер бауырға шыдамас.
566. Ат тұяғын тай басар.
567. Ат ұстатқан азабынан құтылар,  
Ер ұстатқан еңбегінен құтылар.
568. Аз арулы, сый сатулы.
569. Ат шаппайды, бап шабады.
570. Ата — жезде,  
Ана — кеме.
571. Ата алмаған атынан көреді,  
Қайтып келіп қатынынан көреді.
572. Ата балаға сыншы.
573. Ата баласының ат төбеліндей белгісі бар.
574. Ата даңқымен қыз өтеді,  
Саудагер даңқымен бөз өтеді.
575. Ата даңқымен қыз өтеді,  
Мата даңқымен бөз өтеді.
576. Ата деген баланы «жаным» десе жарасар,  
Алты ұл тапқан қатынды «ханым» десе жарасар.
577. Ата көрген жол біледі,  
Ана көрген тон пішеді.
578. Ата көрген оқ жонар,  
Ене көрген тон пішер.

579. Ата көрген оқ жонар,  
Шеше көрген тон пішер.
580. Ата тілін алмаған антұрғанның  
Ат үстінен аяғын ит қабады.
581. Ата тілін алмаған ұлдан без,  
Ана тілін алмаған қыздан без.
582. Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің,  
Ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің.
583. Атаға не қылсаң, алдыңа сол келеді.
584. Атаға тартып ұл тумас,  
Анаға тартып қыз тумас.
585. Атағың шықпаса, жер өрте.
586. Атадан алтау туса да,  
Бір жалғыздық болады.
587. Атадан бала батпан артық тудым десе,  
Ширек кем туады.
588. Атадан бала тумас па,  
Ата жолын қумас па.
589. Атадан бата алмай үй болмас,  
Ордадан үлгі алмай би болмас.
590. Атадан жақсы ұл туса,  
Мұз үстінен от жанар.  
Атадан жаман ұл туса,  
Түйе үстінен ит қабар.
591. Атадан жақсы ұл туса,  
Тердегі басы есікке бармайды.

Жаман ұл туса,  
Басы есіктен қалмайды.

592. Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын құса игі.  
Ата жолын құмаса,  
Барынан да жоғы игі.
593. Атақ бермегенді базар береді.
594. Атаққұмарлықтан аулақ бол,  
Халықтың перзентінен талабы сол.
595. Атақты ұры аш жүргенде,  
Атақсыз ұры қабын толтырады.
596. Атақты ұры аштан өледі,  
Атақсыз ұры қабын толтырады.
597. Аталастың аты озғанша,  
Ауылдастың тайы озсын.
598. Аталы бала атқа мінер,  
Шешелі бала шекпен киер.
599. Аталы құл — қожалы құл.
600. Аталы құл тозбайды,  
БІнтымақты ел азбайды.
601. Аталы ұлдың кісесі басқа,  
Енелі ұлдың боқшасы басқа.
602. Аталыдан би болса,  
Аузы кетпес турадан.  
Бас қосылған әр істе  
Сөзі кетпес жорадан.  
Атасыздан би болса,  
Аузы кетпес парадан.

- Қайда болса шіркіннің  
Арты кетпес жаладан.
603. Атан аумай,  
Ат жүгірмейді.
604. Атан өлсе, тайлақ бар,  
Жүгі жерде қалмасқа.  
Атаң өлсе, бала бар,  
Орны қараң қалмасқа.
605. Атан түйе ойнақтаса, жұт болады.
606. Атанша нардан туады,  
Қас сұрқия қардан туады.
607. Атаның атын асқа сатпа.
608. Атаның жаман ұлы малға ортақ,  
Өзірейіл жанға ортақ.
609. Атаның көңілі балада,  
Баланың көңілі далада.
610. Атаң алпысқа кірсе, малай іздеме.
611. Атаң да болса, бір жолдас.
612. Атаң өлсе, өлсін,  
Атаңды көрген өлмесін.
613. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді.
614. Атаңда жоқ арғымақ, анаңда жоқ арғымақ,  
Саған қайдан бітті қарғымақ.
615. Атаңды Алатауда бір жықтым демен.
616. Атаңды жау шапса, бірге шап.

617. Атаңның құлы айтса да,  
Әділдікке басыңды и.
618. Атаңның қылғанын қыл.
619. Атар таңның алыстығы жоқ,  
Алыстаға достың қалыстығы жоқ.
620. Атасы басқамен аң аулама,  
Атар да жанына байланар.
621. Атасы басқаны Құдай қосады,  
Үйірі басқаны ноқта қосады.
622. Атасы бек болғанның баласы тек болмайды.
623. Атасы доңыз атпағанның  
Баласы қоңыз атпайды.
624. Атасы затсыз болса, баласы ауға шықса,  
Қазы алатын құсын қарғаға салады дейді.
625. Атасы мылтық атқан оқ жонады.
626. Атасы татудың — баласы тату.
627. Атасында көрмегенді,  
Батасында көрді.
628. Ататекке қарамай,  
Ақшаға қазақ сатылар.  
Тексізден қойған биіңіз  
Жұртқа тырнақ батырар.
629. Атқа мінген атасын танымайды.
630. Атқан жерде оқ қалады,  
Тышқан жерде боқ қалады.

631. Атқан мерген емес, тигізген мерген.
632. Атқанның құсын жатқан байланар.
633. Атсыздың атасының құны кетеді,  
Жалғыз-жарым ырысы кетеді.
634. Атсыздың құны кетеді.
635. Аттан аттың несі артық,  
Адымдап басқан ізі артық.  
Ерден ердің несі артық,  
Ептеп айтқан сөзі артық.
636. Аттан жығылғанды бөрі аңдиды.
637. Аттанған жау атасын танымайды.
638. Атты аяқ жанында сапты аяқ.
639. Атты кісі — дүбірі қатты кісі.
640. Атты қамшыменен жүргізбе, баппен жүргіз.
641. Атты тағаласа, есек бұтын көтереді.
642. Аттыға еріп жаяудың таңдығы айрылады.
643. Аттыға жол бермейтін,  
Жаяуға сөз бермейтін.
644. Аттың жақсысы көрмеде,  
Кісінің жақсысы түрмеде.
645. Аттың жалы атанның қолында.
646. Аттың жемін жеп,  
Тайдың ойынын ойнамас болар.

647. Атың сыры шапқанда белгілі болады.
648. Аты аталмаған жігіттен,  
Аты аталған төбе артық.
649. Аты барға тай мінген жарасар.
650. Аты барға тай мінсе де, жарасады,  
Биесі барға саумал ішсе де, жарасады.
651. Аты жаманда әруақ болмайды,  
Киімі жаманда абырой болмайды.
652. Аты жаманның арманы кетер,  
Баласы жаманның дәрмені кетер.
653. Аты-тоны бар кісiде  
Әзірет Әлінің күші бар.
654. Аты шықпаған жігіттен,  
Аты шыққан дөң артық.
655. Атымның сыры өзіме мәлім.
656. Атымыз — Алаш,  
Керегеміз ағаш.
657. Атын ата да, сыбағасын итке сал.
658. Атын ұрлатқан сарайын бекітер.
659. Атының сыры иесіне мәлім.
660. Атың барда жер таны желіп жүріп,  
Асың барда ел таны беріп жүріп.
661. Атың жақсы болса — жалғанның пырағы,  
Балаң жақсы болса — дүниенің шырағы,  
Алғаның жақсы болса — мейманыңның тұрағы.



662. Атың жаман болса, сатып құтыласың,  
Қатының жаман болса, не қып құтыласың.
663. Атың жаман болса, бойыңнан дәрменің кетер,  
Перзентің жаман болса, кеуіліңде арманың кетер,  
Әйелің жаман болса, үйіңнен мейманың кетер.
664. Атың жемқор болса, берді Құдай,  
Қатының жемқор болса, ұрды Құдай.
665. Атың шабан болса — шыбын жанның азабы,  
Әйелің жаман болса — бұл жалғанның азабы.
666. Атың шабан болса,  
Дәрменің кетер.  
Әйелің жаман болса,  
Мейманың кетер.
667. Атыңды сат, киіміңді сат,  
Жатқанда тойып жат.
668. Атыңды тасқа арқандап,  
Төңірге жыла.
669. Аузы асқа тиіп,  
Ауы атқа тиіп,  
Есіктегі басы төрге жетті.
670. Аузы жаман елді былғайды,  
Аяғы жаман төрді былғайды.
671. Аузы күйген үрлеп ішер.
672. Аузы қисық болса да,  
Байдың ұлы сөйлесін.
673. Аузын ашса, қолы бірге қимылдайды.
674. Аузынан ана сүті кетпеген,  
Белінен бесік табы кетпеген.

675. Аузынан сөзі түскен,  
Қойнынан бөзі түскен.
676. Аузынан ішеді,  
Артынан түседі.
677. Аузында әзілі жоқтың  
Қолында қол шоқпары бар.
678. Аузың бір болса, аспандағыны аласың,  
Аузың ала болса, алақандағыны алдырасың.
679. Аузың не айтса,  
Құлағың соны есітер.
680. Аузың толған түк болса да,  
Дұшпан алдында түкке жарамайды.
681. Аузыңа түскен тамақ болсын,  
Иініңе түскен киім болсын.
682. Аузыңа түскенін тамақ қыл,  
Иініңе түскенін киім қыл.
683. Аузыңды аша алмассың,  
Аяғыңды баса алмассың.
684. Аузыңды қу шөппен сүрте берме,  
Есектің к...н жу да, мал тап.
685. Аузыңмен алыстағы аттан оздың.
686. Ауру — ажалдың поштабайы.
687. Ауру — далбас, жоқ — сандал.
688. Ауру адам қаяушыл.
689. Ауру аздырады,  
Өлім аза қылады.

690. Ауру азығымен.
691. Ауру алмайды,  
Ажал алады.
692. Ауру аспен болады дүр,  
Дау қарындастан болады дүр.
693. Ауру астан,  
Дау қарындастан.
694. Ауру атанды да шөктірер.
695. Ауру батпандап кіреді,  
Мысқалдап шығады.
696. Ауру жайын сау білмес,  
Аштың жайын тоқ білмес.
697. Ауру жаннан үміткер,  
Жарлы малдан үміткер.
698. Ауру кірген үйге өлек кіргені.
699. Ауру кісі күлкі сүймейді,  
Ит жүйрігін түлкі сүймейді.
700. Ауру кісі тырысқақ,  
Аш кісі ұрысқақ.
701. Ауру қадірін сау білмес,  
Аш қадірін тоқ білмес.
702. Ауру қалса да, әдет қалмайды.
703. Ауру қорғаншаққа қонады,  
Елегенге түстенеді.
704. Ауру қорғаштанғанға қонады,  
Елемегенге елестейді.

705. Ауру өледі,  
Кепіл күйеді.
706. Ауру шықпаған жаннан дәмелі,  
Жалқау бітпеген малдан дәмелі.
707. Ауруға жеңілсең де,  
Қаруға жеңілме.
708. Ауруда шаншу жаман,  
Сөзде қаңқу жаман.
709. Ауруды елемеген өледі,  
Дуды елемеген төлейді.
710. Ауруды жан иесі біледі.
711. Ауруды жан иесінен сұра.
712. Ауруды жасырма, әшкере қылады,  
Өлімді жасырма, масқара қылады.
713. Аурудың алдын ал.
714. Аурудың сары уайымға берілгені —  
Өлімнің қыр басынан көрінгені.
715. Ауруын жасырған өледі.
716. Аурулы өлмейді,  
Ажалды өледі.
717. Ауы атқа қарығанның ерні аққа жариды.
718. Ауыз ашса, сыр көрінеді,  
Есік ашса, төр көрінеді.
719. Ауыз біреу, құлақ екеу.

720. Ауызбен орақ орған.
721. Ауыздан шыққан сөз  
Қайта орнына симайды.
722. Ауызды қу шөппен сүртіп.
723. Ауызынан ақ ит кіріп,  
Қара ит шығады.
724. Ауыл ала болса, ауыздағы кетеді,  
Ынтымақты болса, қырдағы жетеді.
725. Ауыл болсаң, қауым бол,  
Ағайын болсаң, тату бол.
726. Ауыл иті ала болса да,  
Бөріні көргенде бірігеді.
727. Ауыл итінің құйрығы қайқы.
728. Ауылдағы молданың аузы сасық.
729. Ауылдасың соқыр болса,  
Бір көзіңді қысып жүр.
730. Ауылы бірге ас ішеді,  
Қонысы бірге от жейді.
731. Ауыр бала дегенше, ауру бала десеңші,  
Момын бала дегенше, боғым бала десеңші.
732. Ауырды күндіз мен көтерейін,  
Түнде сен көтер.
733. Ауырдың үстіне шығып,  
Жеңілдің астына түсуге әуестенбе.
734. Ауырмағанның Құдаймен ісі жоқ.

735. Ауырмас басқа темір тарақ.
736. Ауырып ем іздегенше,  
Ауырмайтын жол ізде.
737. Ауырып жазылған жан — олжа,  
Жоғалып табылған мал — олжа.
738. Ауырып жазылдың,  
Аунап тұрдың.
739. Ауырып тұрдың,  
Аунап тұрдың.
740. Аш адам не жемейді,  
Тоқ адам не демейді.
741. Аш адам ұрысқақ,  
Арық қой тырысқақ.
742. Аш атасын танымас.
743. Аш атым тоқ, тоқ атым жоқ.
744. Аш бала тоқ баламен ойнамайды,  
Тоқ бала «аш болам» деп ойламайды.
745. Аш бала тоқ баламен ойнамайды,  
Тоқ бала ешнәрсені ойламайды.
746. Аш елден ит қашады,  
Азған адамнан бит қашады.
747. Аш иттің көтін сұқ ит жалайды,  
Сұқ иттің көтін сұм ит жалайды,  
Сұм иттің көтін сұр ит жалайды.
748. Аш кісі ұрысқақ келер,  
Арық қой тырысқақ келер.

749. Аш құлақтан тыныш құлақ жақсы.
750. Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді.
751. Ашаршылықта туған баланың  
екі көзі аста болады,  
Жауда туған баланың екі көзі таста болады.
752. Ашаршылықтан көп көрдім,  
Май жеген өлмейді екен.
753. Ашқа тартқан кешке тартады.
754. Ашта жеген құйқаңды тоқта ұмытпа.
755. Аштан өлген кісінің моласы жоқ.
756. Аштан өлместей,  
Көштен қалмастай.
757. Аштан өлсең де, ата кәдеңді қойма.
758. Аштан өлсең — өл,  
Аттан өлме.
759. Аштық не жегізбейді,  
Тоқтық не дегізбейді.
760. Аштың қарны тойса да,  
Наразы тоймас.
761. Ашу — дұшпан,  
Ақыл — дос.
762. Ашу — пышақ,  
Ақыл — таяқ,  
Біреуге пышақ, екеуге таяқ.
763. Ашу — пышақ, ақыл — таяқ,  
Таяғы қайыспай ма, жонғаннан соң.

764. Ашу ақылды өшірер,  
Сабыр сананы өсірер.
765. Ашу алдан, ақыл соңынан.
766. Ашу арындайды,  
Ақыл аяңдайды.
767. Ашу келсе, ақыл кетер,  
Ақыл көп болса, ашу нетер.
768. Ашу үстінде ант жүрмейді.
769. Ашу үстіне ант жүрмейді,  
Пышақ үстіне қылыш жүрмейді.
770. Ашуға айғыр сал.
771. Ашуға сабыр.
772. Ашулансаң, қолыңнан не келеді,  
Еңкейгенде астыңнан жел енеді.
773. Ашуменен іс қылсаң, қалдырады ұятқа,  
Ақылменен іс қылсаң, жеткізеді мұратқа.
774. Ашуы көп болса, ақылы кетер,  
Ақылы көп болса, ашу не етер.
775. Ашуыңа ақыл сал,  
Ашуыңды қайтып ал.
776. Ашыққан қарын тойынар,  
Ашылған етек жабылар.
777. Ашыққан ұры болады,  
Ашынған тілді болады.
778. Ашылмаған қауындай,  
Жарылмаған жұмыртқадай.



779. Ашып аузын көріп,  
Басып арқасын көріп.
780. Ащы менен тәттіні татқан біледі,  
Алыс пенен жуықты жортқан біледі.
781. Ащы менен тұщыны татқан білер,  
Жақсы менен жаманды Жаратқан білер.
782. Аюға намаз үйреткен — таяқ,  
Молдаға намаз үйреткен — тамақ.
783. Аюдан қорыққан тоғайға бармас.
784. Аюды ноқталап мініп,  
Қойдың қозысынан шошыпты.
785. Аюдың алжығаны тасқа шығып ұлиды.
786. Аяғы жаман көлді былғайды,  
Сөзі жаман елді былғайды.
787. Аяғы жаман төрді былғар,  
Аузы жаман елді былғар.
788. Аяғы үлкен сиғанын киеді,  
Аяғы кіші сүйгенін киеді.
789. Аяғын көр де, асын іш,  
Шешесін көр де, қызын ал.
790. Аяғыңды аңдап бас.
791. Аяғыңды көрпеңе шақтап көсіл.
792. Аяз, әліңді біл,  
Құмырсқа, жолыңды біл.
793. Аяқтағы жол  
Ауыздыға сөз бермейді.

794. Аяншақ көзге шөп түсер.

### Ә

795. Әдептің не екенін әдепсізден көр.

796. Әдет әдет емес,  
Жөн әдет.

797. Әділ би әуелі өзін сынар.

798. Әділ билер болса құп,  
Залым биде иман жоқ.

799. Әділ пікір, асыл ой адал жаннан туар.

800. Әжептәуір өлеңді бұ шіркін қор қылды.

801. Әзәзілдің соңына ерме,  
Өтірікшінің сөзіне сенбе.

802. Әзіл айтсаң да, әділ айт.

803. Әзіл апат келтіреді.

804. Әзіл білместің ауызында шоқпары болады.

805. Әзіл білместің шоқпары ауызында.

806. Әзіл, әзіл түбі — зіл.

807. Әзілдің жарасса, атаңмен ойна.

808. Әзірейіл жанға ортақ,  
Отанның жаман ұлы малға ортақ.

809. «Әй» дейтін әже жоқ,  
«Қой» дейтін қожа жоқ.

810. Әй, жарандар, қараңдар,  
Айдалада от жанар.
811. Әйел билеген еркек — қақпаға байлаған қоңырау,  
Қақпа ашылса, қаңғырлайды,  
Қақпа жабылса, міңгірлейді.
812. Әйел дауысты еркекте  
Жау айбынар зәр болмас.  
Еркек дауысты әйелде  
Үлкенді сыйлар ар болмас.
813. Әйел жолға да бармайды,  
Жолдан да қалмайды.
814. Әйел қырық шырақты.
815. Әйелге батыр қолға жоқ,  
Үйде батыр жауға жоқ.
816. Әйелден батыр шықпас,  
Ақымақтан ақыл шықпас.
817. Әйелді бастан,  
Баланы жастан.
818. Әйелдің ақылдылығы сұлулықта,  
Еркектің сұлулығы ақылдылықта.
819. Әйелдің аузы алпыстікі,  
Асты жетпістікі.  
Иінің аузы кім болса соныкі,  
Не болса да, түбі өзінікі.
820. Әйелдің көркі ақылында.
821. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа.
822. Әйелің жақсы болса,  
Сыртта тұрып дыбыс ет.

Әйелің жаман болса,  
Үйге кіріп оңбас ет.

823. Әйелің жаман болса, көңілің жарым,  
Атың шабан болса, талар қарың.
824. Әке — жезде, ана — қазына.
825. Әке балаға сыншы, өзі өлшем емес.
826. Әке болу — табиғат заңы,  
Әкелік борыш атқару — адамгершілік заңы.
827. Әке достығынан Отан достығы күшті.
828. Әке көрген оқ жонар,  
Шеше көрген тон пішер.
829. Әке тұрып ұл сөйлегеннен без,  
Шеше тұрып қыз сөйлегеннен без.
830. Әке ырысты болса,  
Әуелі ұл табады.
831. Әкеге тартып ұл тумайды,  
Шешеге тартып қыз тумайды.
832. Әкем өлсе де, өлгенім жоқ.
833. Әкем соқса, шешеме қорғалаймын,  
Шешем соқса, әкеме қорғалаймын.
834. Әкемде болғанша,  
Алғанымда болсын.
835. Әкенің ең жақсысы жездедей-ақ.
836. Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін.

837. Әкесі бардың білісі бар.
838. Әкесі жаңа ер алса,  
Ескі ері баласына қалады.
839. Әкесі жаңа жұртқа белгі салмай кетсе,  
Балалары ескі жұртқа таласады.
840. Әкесі өлгенді де естіртеді.
841. Әлем көркі — адам.
842. Әлем әлемге күледі,  
Әлем әлдекімге күледі.
843. Әлі де болса да ауы мен бауы бар.
844. Әлі жетпеген — әлек.
845. Әлі жетпеген сақалшыл келеді,  
Билік білмеген мақалшыл келеді.
846. Әлі келген алып та, шалып та жығады.
847. Әлі келмеген ақыретте алғанмен алтау болмас,  
Жегенмен жетеу болмас.  
Қаншама аузы болғанмен,  
Құдай бергендей тіпті болмас.
848. Әлін білмеген әлек,  
Әліңді білсең керек.
849. Әлің барда еңбек ет,  
Еңкейгенде емерсің.
850. Әншейінде бұл жұрттың бөрі мерген,  
Жортады қараңғыда көрі мерген.
851. Әңгіме бұзау емізеді,  
Бұзау таяқ жегізеді.

852. Әңгіме мұрыннан келеді.
853. Әпербақан ұр кеуде,  
Ақылы жоқ құр кеуде.
854. Әр айдың аты басқа.
855. Әр айдың шөбі басқа,  
Әр дәуірдің сөзі басқа.
856. Әр елдің түлкісін өз тазысымен аула.
857. Әр заманда бір сұрқылтай.
858. Әр зат өз жынысына тартады.
859. Әр қалада бір үйің болсын.
860. Әр нәрсе асылына қайтар.
861. Әр нәрсе затына тартады
862. Әр нәрсе уақытымен қызықты.
863. Әр нәрсеге бір зауал.
864. Әр нәрсенің парығын айыру — жоғарғы білім.
865. Әр патшаның заңы басқа,  
Әр дәуірдің сөзі басқа.
866. Әр таудың түлкісін әдісін білген тазысы алады.
867. Әр таудың шөбін көксеген бұғы аштан өледі.
868. Әр ханның тұсында бір сұрқылтай.
869. Әрекет болмай, берекет болмас.

870. Әркім жолдас болады амандықта,  
Беркін тастап қашады жамандықта.
871. Әркім ниетінен хабар береді.
872. Әркім өз ойынан хабар береді.
873. Әркім өзінде барын теке қояды.
874. Әркім сыйлағанның құлы.
875. Әркімдікі өзіне  
Ай көрінер көзіне.
876. Әркімнің бір ойы бар,  
Қорасында мың қойы бар.
877. Әркімнің де бармағы өзіне қарап біткен.
878. Әркімнің өз қотырын өзі қасыған қандай жақсы.
879. Әркімнің тұрған үйі мысыр шаһарындай.
880. Әркімнің өз ойлағаны жөн.
881. Әркімнің өз шыққан тауы биік болса.
882. Әруақ қанға тояды.
883. Әруақты сыйласаң, түсіңнен шықпайды,  
Жаманды сыйласаң, үйіңнен шықпайды.
884. Әрі жат, бері жат — төсек тарлығы,  
Сенікі-менікі — көңіл тарлығы.
885. Әрі-сәрінің қонағы аштан өлер.
886. Әсіре қызыл тез оңар.

887. Әуедегі тырнадан қолыңдағы шымшық игі.
888. Әуеден шұға жауса,  
Құлға ұлтарақ тимейді.
889. Әуелгі байлық — денсаулық,  
Екінші байлық — ақ жаулық.
890. Әуелгі байлық — иман байлық,  
Екінші байлық — денсаулық.  
Үшінші байлық — ақ жаулық,  
Төртінші байлық — он саулық.
891. Әуелгі байлық — денсаулық,  
Екінші байлық — он саулық,  
Онан кейін ақ жаулық.
892. Әуелгі бақ — тіл мен жақ.
893. Әуелгі қыстау — жердің құты,  
Әуелгі әйел — ердің құты.
894. Әуелі ойла, сонан соң сөйле.
895. Әулие ат үстінде,  
Машайық мал ішінде.
896. Әулие де қасындағысын қолдайды.
897. Әуілдек деген бір құс бар,  
Даусы жер жарады.  
Қасына барсаң торғайдай.
898. Әшейінде ауыз жаппас,  
Тойда өлең таппас.



**Б**

899. Баба бүркіт барлап ұшады,  
Бала бүркіт парлап ұшады.
900. Бабтап шабанды салса да,  
Жүйріктен шабан озбайды.
901. Бабын таппай салғанмен,  
Қыран бүркіт ұша алмас.  
Жігіттікті қор қылған,  
Сұлу қызды құша алмас.
902. Бағыңды базарда сына.
903. Бадырақ көз, сен тимесең, мен тимен.
904. Базарда сүйгеніне ғана сәлем береді.
905. Базардан алған бәкіге мәз.
906. Бай — теңіз,  
Оны жей алмаған — доңыз.
907. Бай бай емес, бірлік бай,  
Көп көп емес, бірлік көп.
908. Бай байға жетем дейді,  
Бай Құдайға жетем дейді.
909. Бай байға құда болса, арасында жорға жүреді,  
Кедей кедейге құда болса, арасында дорба жүреді,  
Бір бай бір кедейге құда болса,  
«қайдан болдым» деп зорға жүреді.
910. Бай байға құяды,  
Сай сайға құяды,  
Көл көлге құяды.

911. Бай байға құят, су суға құят.
912. Бай бақал болса,  
Бәйбішесі тоқал болады.
913. Бай барын бермес,  
Жоқ қарап тұрмас.
914. Бай бастас,  
Батыр құлақтас.
915. Бай бергеннен, жан берген оңай.
916. Бай бір жұттық,  
Батыр бір оқтық.
917. Бай болған кісі бақырып бола ма.
918. Бай болмаған бай болса,  
Жайламаған сай қоймас.  
Би болмаған би болса,  
Сөйлемеген сөз қалмас.
919. Бай болмақ, жарлы болмақ жалғыз Хақтан.
920. Бай болсаң, торғынменен бетіңді сұрт,  
Жарлы болсаң, жаныңменен көтіңді сұрт.
921. Бай болсаң, бөсең бол,  
Жүйрік болсаң, тосаң бол.
922. Бай болсаң, торғын орамалмен бетің сұрт,  
Кедей болсаң, жаныңменен көтің сұрт.
923. Бай — жарлының азығы,  
Жарлы — байдың қазығы.  
Қиянатсыз бір-бірі,  
Болыспас па жазығы.

924. Бай күндіз бәйбішені жақсы көреді,  
Түнде тоқалды жақсы көреді.
925. Бай мақтанса — табылғаны,  
Қыстық қоры болады.  
Жоқ мақтанса — шабылғаны,  
Маңдайының соры болады.
926. Бай мақтанса, табылар,  
Жоқ мақтанса, шабылар.
927. Бай малымен күн көрер,  
Жарлы жаныменен күн көрер.
928. Бай малына сенеді, кедей несіне сенеді.
929. Бай мен бай құда болса, жорға қатынайды,  
Кедей мен кедей құда болса, дорба қатынайды,  
Бай мен кедей құда болса, зорға қатынайды.
930. Бай мен жарлы көмгенде теңелер,  
Қорқақ пен батыр өлгенде теңелер.
931. Бай төсегі темір піс,  
Кедей төсегі қара кіс.
932. Байға бар, қырға бар,  
Өкең салған жолға бар.
933. Байға жалыншақ болма,  
Ханға табыншақ болма.
934. Байға жарамсақтанып,  
Жарлының тоқты қойлық ақысы шығыпты.
935. Байға құл болғанша,  
Байғұсқа ұл бол.
936. Байдан жұғар, балдан тамар.

937. Байдан күткенше,  
Құдайдан күт.
938. Байды Құдай атайын десе,  
Байталын атқа сатады.  
Жақсыны Құдай атайын десе,  
Өз елін жатқа сатады.
939. Байды Құдай ұрарында барымтаны бастайды,  
Кедейді Құдай ұрарында пісіп тұрған  
егінін ормай тастайды,  
Биені Құдай ұрарында құлын тастайды.
940. Байдың асын байғұс қызғанады.
941. Байдың баласы шауып-шауып,  
Ақылы түстен кейін есіне түседі.
942. Байдың барлығы кетпейді,  
Жоқтың зарлығы кетпейді.
943. Байдың бұзауы да қобыз ойнайды.
944. Байдың жаманы — сараң,  
Жарлының жаманы — жалқау.
945. Байдың қатыны өлсе,  
Төсегі жаңғырар.  
Жарлының қатыны өлсе,  
Басы қаңғырар.
946. Байдың күйігі етекте,  
Бала күйігі өзекте.
947. Байдың малы ардақты,  
Кедейдің баласы ардақты.
948. Байдың малы төрт тісімен оттайды,  
Жарлының малы екі тісімен оттайды.

949. Байдың малын аяма,  
Өлсе менің қа...ма.
950. Байдың мейіріміне телміргенше,  
Кедейдің бейіліне мейман бол.
951. Байдың сөзі адал,  
Биі әділ.
952. Байқап сөйлегеннің ерні ауырмайды,  
Аңдап кескеннің бармағы ауырмайды.
953. Байларда ақымақ көп болар,  
Байлығымен білінбес.
954. Байлаусыз ақыл — төуекелдің дұшпаны.
955. Байлық — байлық емес,  
Денсаулық — байлық.
956. Байлық — бір айлық.
957. Байлық жарастырар,  
Жоқтық таластырар.
958. Байлық мұрат емес,  
Жоқтық ұят емес.
959. Байлық мұрат емес,  
Кедейлік ұят емес.
960. Байлықтың алды — денсаулық.
961. Баймен күреспе,  
Батырмен тіреспе.
962. Байменен бастас қыл,  
Еншісіменен қоңсылас қыл.

963. Байсалды айғырды ат жақтайды.
964. Байтал мінсең, құлын жоқ,  
Саумал ішсең, қымыз жоқ.
965. Байтал пысқырса, қараған жоғы табылар,  
Ат пысқырса, шабылар.
966. Байтал түгіл бас қайғы.
967. Байтал шауып бөйге алмайды,  
Құнан шауып құр қалмайды.
968. Байтал шауып бөйге алмас.
969. Байталыңды атқа сатпа,  
Атыңды жатқа сатпа.
970. Байы жоқ, бала қайдан туады.
971. Бақ қонса, көкке ұшасың,  
Бақ кетсе, жер құшасың.
972. Бақ орнап дәреже біткен адамның арманы бітпес.
973. Бақа бастаған қол оңбайды.
974. Бақа деген бөледен бастан құлақ садаға.
975. Бақа сисе, көлге сеп.
976. Бақаға күнде той.
977. Бақайшақты тастама,  
Басбармақтай майы бар.
978. Бақ-бақ еткен текені қар жауғанда көрерсің,  
Батырсынған жігітті жау келгенде көрерсің.

979. Бақпаса, мал өспейді,  
Баптамаса, егін өспейді.
980. Бақпасаң, мал кетеді,  
Қарамасаң, қатын кетеді.
981. Бақпен асқан хандардан,  
Баспен асқан қара артық.  
Сақалын сатқан көріден,  
Еңбегін сатқан бала артық.
982. Бақсы бақсыны көре алмайды,  
Жақсы жақсыны көре алмайды.
983. Бақсы көрінсе, дерт қозады,  
Ұста көрінсе, таға тозады.
984. Бақсыны көрсе, аурудың дерті қозады,  
Ұстаны көрсе, айылбас тозады.
985. Бақсының жақсысы —  
Ауруға ауру қоспаған.
986. Бақ та — қатын,  
Сор да — қатын.
987. Бақшасында боғы жоқ,  
Қызының атын Маржан бике қойыпты.
988. Бақыр қазан қайнаса, бөріне сеп.
989. Бақыр қазан қайнаса,  
Баршамызға пайдалы.
990. Бақыт берсе Құдайым, көргенде білерсің,  
Дәулет берсе басыңа, ақ түйғындай түлерсің,  
Оныменен кетпессің, ақырында өлерсің.
991. Бақыт қонса басыңа,  
Білмесең де, данасың.

- Бақыт ұшса басыңнан,  
Ақ та болсаң, қарасың.
992. Бақыт құсы бәйтерекке де,  
Өлімтікке де қонады.
993. Бақытты адамның маңайы  
Мұз үстінен қар жанар.  
Жақсы туған баланың  
Атасы төрде сөз табар.  
Жаман туса баласы,  
Түйе үстінен ит қабар.
994. Бақытты болсаң, байыпты бол.
995. Бақытың өскенде, барыңа берен бол,  
Бақытың қайтқанда, сырыңа терең бол.
996. Бал тәтті деп бармақ жұтпа.
997. Бала — ананың бауыр еті.
998. Бала — жүрек, бала — бал.
999. Бала атадан туады,  
Ақыл өзінен туады.
1000. Бала бүркіт түлкіден аянбайды.
1001. Бала деген — қолғанат.
1002. Бала жеңіне қарап өседі.
1003. Бала қадірін балалы болғанда білерсің.
1004. Бала қырық күнде шешесін танып емеді.
1005. Бала ойнамай күн көрмейді,  
Сиыр жаланбай күн көрмейді.



1006. Бала соққан кездіктің басы жасық.
1007. Балаға атаның қарғысы — атқан оқ,  
Ананікі — сөнген шоқ.
1008. Балаға мұрнының сіңбіргені де ас.
1009. Балығы бар өзеннің балдырынан шошыма.
1010. Балақтағы бит басқа шықты.
1011. Балалы қаз жемесе де, мәз.
1012. Балалы қазға жем тимес.
1013. Балалы қоян қаша алмас.
1014. Балалы марал маңырайды,  
Баласыз марал зарлайды.
1015. Балалы үй — базар,  
Баласыз үй — қу мазар.
1016. Балалы үй — гүлстан,  
Баласыз үй — көрстан.
1017. Балалы үйдің ұрлығы жатпас.
1018. Балалы үйрек көлден кетпес,  
Баласы жас елден кетпес.
1019. Балалық мәңгі жас емес.
1020. Балам үшін барамын,  
Күнім үшін келемін.
1021. Балам, балалы болғанда білерсің.
1022. Баламның баласы,  
Балдан төтті анасы.

- Баламның баласы,  
Ала күшік анасы.
1023. Балаңды жасыңда жақсы тәрбиелесең,  
Өскенде баласынан ұялмас.
1024. Баланы аяғаның — аямағаның,  
Аямағаның — аяғаның.
1025. Баланы аясаң, еңбекке үйрет,  
Аямасаң, аса ерке қыл.
1026. Баланы бала деме,  
Арыстанның баласы болып шығар.
1027. Баланы зардан,  
Әкені бардан.
1028. Баланы Құдай асырай алмасын деп күңге берер,  
Масқара болсын деп қызға берер.
1029. Баланың айтқанын қыла берме, апатпен тең.
1030. Баланың ең жақын ұстазы — ата-анасы.
1031. Баланың жақсысы — қызық,  
Жаманы — күйік.
1032. Баланың істегені білінбейді,  
Тайдың мінгені білінбейді.
1033. Баланың істегені көзге көрінбейді.
1034. Баланың өнерлісі — ұжмақ,  
Өнерсізі — тозақ.
1035. Балапан басқан құс тағы  
Жауына иісін сездірмес.

1036. Балапан басынан,  
Тұрымтай тұсынан.
1037. Балапан ұшқанда не көрсе,  
Ұшқанда соны алады.
1038. Баласы жақсының әкесін ат үстінен көтеріп алады,  
Баласы жаманның әкесін ат үстінен ит қабады.
1039. Баласы өлген тобаға тоймайды,  
Жоқ қараған обаға тоймайды.
1040. Баласын мақтар бас жаман,  
Қатынын мақтар қас жаман.
1041. Балдыздікі балдан төтті,  
Демін татсаң, жалдан қатты.
1042. Балта сабынан озбайды.
1043. Балта шапқанша, дөңбек жол табады.
1044. Балтамен шапқандай мінін көрмей,  
Пышақпен жонғандайды көреді.
1045. Балтыры жуан батпақта.
1046. Балуан алып та жығады,  
Шалып та жығады.
1047. Балуанға оң мен солы бірдей.
1048. Балуанға оң-терісі бірдей.
1049. Балық — сақау,  
Жұмыртқа — бітеу.  
Қой аман,  
Қасқыр тоқ.

1050. Балық аулай алмаған суды лайлар.
1051. Балық байлығы — етек-жеңің кепкенше.
1052. Балық басынан сасиды,  
Жаман аяғынан сасиды.
1053. Балық басынан шіриді.
1054. Балық берсең, байлап бер,  
Басын-көзін шайнап бер.
1055. Балық бәсін алады,  
Егін есесін алады.
1056. Балық жеген бағыспайды,  
Жан-жағына қағыспайды.
1057. Балық жоқта, бақа да балық.
1058. Балық көті жылмағай,  
Ұстаған көңілі тынбағай.
1059. Балық пенен бақаның тілі бір,  
Құмалақшы мен бақсының жөні бір.
1060. Балық суында,  
Бақа сазында.
1061. Балықта сүт жоқ,  
Баласын теңіз асырайды.
1062. Балықты ала алмаған суды лайлар.
1063. Балықты көлде балдыр көп,  
Балдырды құртсаң, балық жоқ.
1064. Балықты терең билейді,  
Адамды тұрмыс билейді.

1065. Балықтың басы бір,  
Қабыршағы жік-жік.
1066. Балықтың батасы жоқ,  
Иттің атасы жоқ.
1067. Балықтың жаны суда.
1068. Балықтың құйрығы жылмақай,  
Оны аулаған тынбағай.
1069. Балықтың тірлігі суменен.
1070. Балықшы суда жүрсе де, сусап жүреді.
1071. Балықшының аты суға жарымайды.
1072. Балықшының аты шөлден өледі.
1073. Балықшының қонағы жүре тояды.
1074. Балықшының үйіне барсаң, қарма жерсің,  
Егіншінің үйіне барсаң, жарма жерсің.
1075. Бап шаппайды, бақ шабады.
1076. Бар болса, бағып іш,  
Жоқ болса, сатып іш.
1077. Бар болса — пайдасы,  
Жоқ болса — найзасы.
1078. Бар болсаң, жаныңды сыйла,  
Жан кеудеңе қонақ.  
Жоқ болсаң, жаныңды қина,  
Жан кеудеңе азық.
1079. Бар болсаң, жоқтың ісін істеме,  
Жоқ болсаң, бардың ісін істеме.

1080. Бар болсаң, бармын деме,  
Жоқ болсаң, жоқпын деме.
1081. Бар қасына барғанда  
Байымасаң, маған кел.
1082. Бар — мәзір, жоқ — нәзір.
1083. Барар жері жоқ,  
Басар тауы жоқ.
1084. Барар жерің Балқан тау,  
Ол да біздің көрген тау.
1085. Бардан дәметпеген,  
Құдайдан дәметпейді.
1086. Бардан тамады,  
Балдан жұғады.
1087. Барды балама,  
Жоқты санама.
1088. Барды жоқ деген кәпір болады,  
Өзі жоқты тап деген кәпір болады.
1089. Бардың ісі пәрменмен,  
Жоқтың ісі дәрменмен.
1090. Бардың пайдасы тиеді,  
Жоқтың найзасы тиеді.
1091. Барлық әрне дегізер,  
Жоқтық арам жегізер.
1092. Бармақ басты,  
Көз қысты.
1093. Бармақтай бағы болса,  
Бағы көкке ұшады.

1094. Барша өнерді үйрен.
1095. Бары — базар,  
Жоқты қайдан қазар.
1096. Барым да сол, нарым да сол.
1097. Барымен базар,  
Жоқты қайдан қазар.
1098. Барымен базар,  
Жоқты қайдан табар.
1099. Барымен базарлап,  
Сөзімен ажарлап.
1100. Барыменен базарлап,  
Іске алғысын ажарлап.
1101. Барымта алған мал болмас,  
Қуып алған күң болмас.
1102. Барымта қайтыс болмай,  
Дау айтыс болмас.
1103. Барын жемей бай өледі,  
Бірін жемей жарлы өледі.
1104. Барын жемей бай өледі,  
Жоғын жемей жарлы өледі.
1105. Барында батып іш,  
Жоғыңда соғып іш.
1106. Барыңмен базарла.
1107. Барыс болып тусаң,  
Борсыққа ұқсап жан кешпе.

1108. Бас аманда мал төтті.
1109. Бас ауырса, жан қорқады.
1110. Бас ауырып, балтыры сыздамағанның  
Төңірімен ісі жоқ.
1111. Бас білген өгізге «өк» деген өлімнің қара басы.
1112. Бас жарылса, бөрік ішінде,  
Қол сынса, жең ішінде.
1113. Бас кеспек болса да,  
Тіл кеспек жоқ.
1114. Бас сиған жерге иық та сияды.
1115. Бас тілеуін тілеген жарлы оңбайды.
1116. Басқа бөле қайдан?  
Тілден.
1117. Басқа елде хан болғанша,  
Өз еліңде құл бол.
1118. Басқа келген пәледен  
Бастан құлақ садаға.
1119. Басқа пәле тілден.
1120. Басқа түссе, баспақшыл.
1121. Басқа ұрса, басы сасымайды.
1122. Басқан шөбің — басыңа ем.
1123. Басқы сөздің басында болмасаң,  
Соңғы сөздің қасында болма.



1124. Бассыз жерге жалшы айғыр,  
Балықсыз көлге бақа айғыр.
1125. Бастан қан шыққан соң, аянатын не бар.
1126. Бастан құлақ садаға,  
Басы сауға бөрік табылар.
1127. Басты берген Құдай асты да береді.
1128. Басты бұзған — балта,  
Түсті бұзған — шайтан.
1129. Басты көрсе, сақалын айтар,  
Тамаққа тойса, мақалын айтар.
1130. Басты Құдай береді,  
Малды қайрат береді.
1131. Бастығы парақор болса,  
Бағынған елі пәлеқор болады.
1132. Басшы халқымен ұлық.
1133. Басшысыз ауылдың баласы бассыз.
1134. Басшысыз жұрт болмайды,  
Қолбасшысыз әскер болмайды.
1135. Басы аманның Құдаймен ісі жоқ.
1136. Басы аманның малы түгел.
1137. Басы ауырған бақсы-балгерге тоймайды.
1138. Басы бар да, миы жоқ,  
Ми тұратын орны жоқ.
1139. Басы қараның байы көп,  
Басына пайдасы жоқ.

1140. Басы қараның бары игі,  
Ұлсыздан да қызды игі.
1141. Басы сау балаға бөрік табылады.
1142. Басым аман болсын десең,  
Тіліңді тоқтат.
1143. Басым бар деп топтанба,  
Малым бар деп мақтанба.
1144. Басымды тауға да,  
Тасқа да ұрдым.
1145. Басың ауырса, бақсы ізде.
1146. Басыңа бөле келсе,  
Баққа сиынба, Хаққа сиын.
1147. Басыңа дау келсе, билігің зая,  
Ұй артына жау келсе, ерлігің зая.
1148. Басыңа іс түскенде жақсы көмек етер,  
Жаман күліп өтер.
1149. Басыңа қылыш төнсе де,  
Шын сөзіңнен аума.
1150. Басыңа пәле келсе,  
Жақсыға ісің түседі.  
Басыңа кесел келсе,  
Бақсыға ісің түседі.
1151. Басыңа пәле келсе,  
Таққа сиынба,  
Хаққа сиын.
1152. Басына тартса, аяғына жетпейді,  
Аяғына тартса, басына жетпейді.

1153. Басыңда дауың жоқ болса,  
Итке кепіл бол.
1154. Басында миы жоқтың екі аузына тыным жоқ.
1155. Басыңды кессе, машайығыңды сал.
1156. Баталы құл арымас,  
Батасыз құл жарымас.
1157. Батамен ер көгереді,  
Жаңбырмен жер көгереді.
1158. Батасы өлген түйеге нар теліген,  
Құлыны өлген биеге тай теліген.
1159. Батар күннің атар таңы бар.
1160. Баталы құл арымайды,  
Батасыз құл жарымайды.
1161. Батыр — аңғырт,  
Бай — салғырт.
1162. Батыр — аңқау, ер — көдек.
1163. Батыр — бір оқтық,  
Бай — бір жұттық.
1164. Батыр — өктем, балуан — алып,  
Әйел — дария, ер — балық.
1165. Батыр алдынан өледі,  
Қорқақ артынан өледі.
1166. Батыр аңғал келеді.
1167. Батыр аңғал, жоқ жомарт.

1168. Батыр деген — бір-ақ ат,  
Би деген — ақ шарифат.
1169. Батыр елшіл, тұлпар жершіл.
1170. Батыр жайшылықта бір адам,  
Жауға кірсе, мың адам.
1171. Батыр жаусыз болмас.
1172. Батыр жігіт — жау көркі,  
Шешен жігіт — дау көркі.
1173. Батыр қол бастайды,  
Шешен сөз бастайды.
1174. Батыр майданда мықты,  
Жаман үйде мықты.
1175. Батыр өлерін білмейді,  
Сыншы берерін білмейді.
1176. Батырға да жан керек.
1177. Батырдан да жолды игі.
1178. Батырдан оқ та қорқады.
1179. Батырды жеңуге болады,  
Қатынды жеңуге болмайды.
1180. Батырды намыс өлтірер,  
Қоянды қамыс өлтірер.
1181. Батырдың ажалы атынан,  
Ақынның ажалы қатыннан.
1182. Батырдың көркі — ту.

1183. Батырдың күші майданда көрінер,  
Келіншектің себі жайғанда көрінер.
1184. Батырлық жолдасқа пайда, жанға қас,  
Мырзалық қонаққа пайда, малға қас,  
Өткір сөз дауға пайда, ауруға қас.
1185. Батырлық майданда,  
Ақылдылық ашу үстінде сыналар.
1186. Батырмен сөйлессең,  
Жау ойнағын айтады.  
Шаштаразбен сөйлессең,  
Ұстара мен қайрағын айтады.
1187. Батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз,  
Шешенсіген жігітті топ ішінде көрерміз.
1188. Баусыз оймақ қолда тұрмайды,  
Байсыз қатын үйде тұрмайды.
1189. Бауыр болмай, тәуір болмас,  
Ұру болмай, бұру болмас,  
Сәуір болмай, жауын болмас,  
Екі даугер ауыл болмас,  
Ит баласы сауын болмас.
1190. Бауыры бүтін адам жоқ,  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.
1191. Бағыңды базарда сына.
1192. Бедері кеткен торқадан,  
Берік тоқылған бөз артық.
1193. Бедеу деген биенің төл салмасын білдің бе,  
Бетегесіз тақырға көл толмасын білдің бе.

1194. Бәйбіше — Құдай бұйрығы,  
Тоқал — иттің құйрығы.
1195. Бәйбішенің көркі — саба,  
Келіншектің көркі — бала.
1196. Бейқамдық қайық алдырады.
1197. Бейнесіз алтын қоламен тең,  
Тамақсыз үй моламен тең.
1198. Бейнет қыл да, міндет қыл.
1199. Бейнеттің түбі — рахат.
1200. Бейшара «көндім» дейді,  
Беті қара «жеңдім» дейді.
1201. Бекерден Тәңірім безер.
1202. Бекіре балықтың тұмсығы тасқа тимей қатпайды.
1203. Белгі болмаса, жол бұзылады,  
Білім болмаса, сөз бұзылады.
1204. Белдессең, күштімен белдес,  
Белдімен белдеспе.
1205. Бәлелі көтке бармағыңды тықпа,  
Бармағың, я тырнағың ішінде қалады.
1206. Бәлен жерде бақыр бар,  
Барса, бақыр табылмас.
1207. Бәлені бастайтын — шарап,  
Батпаққа тастайтын — арақ.
1208. Берген аста береке бар, береке — Құдай аты,  
Бермеген аста біте бар, Біте — шайтанның аты.

1209. Берген биге жағар,  
Бермеген неге жағар.
1210. Берген жомарт емес, алған жомарт.
1211. Берген перде бұзады.
1212. Бергенді тастама, бермегенге қақсама.
1213. Береген қолым алаған.
1214. Берейін деген құлына  
Алып кеп салар жолына.  
Бермейін деген құлына  
Іздесе табылмас пұлына.
1215. Берейін десе, оннан-мұннан құралады,  
Бермейін десе, жалғыз атын ұры алады.
1216. Береке — бірлікте,  
Сауық-сайран — тірлікте.
1217. Береке — бірлікте.
1218. Берекелі болса ел — жағасы жайлау ол бір көл,  
Берекесі кеткен ел — суы ашыған бетпақ көл.
1219. Берер кісің келгенде, ылпылда да, жылпылда,  
Бермес кісің келгенде, жата қал да, ыңқылда.
1220. Берері жоқ туғаннан,  
Тік сөйлескен жат жақсы.  
Бүйірі жоқ қамқадан,  
Бек тоқыған бөз жақсы.
1221. Бересіңнен құтылсаң, берекеңнің өскені.
1222. Бәрің бірдей тойшы болғанша,  
Біреуің қойшы бол.

1223. Бәрінің де біреуі жарық жұлдыз.
1224. Бермегенді беріп ұялт.
1225. Бермес сараң жоқ, сұрауы жетпейді.
1226. Бермесе де, бар жақсы,  
Жемесе де, май жақсы.
1227. Бермесінді қызартпа.
1228. Берместің асы піспейді,  
Қазаны оттан түспейді.
1229. Берсең, аларсың,  
Ексең, орарсың.
1230. Бес бармақтың бірін шапсаң, бәрі аурады.
1231. Бес биенің сүтіне саба толмас,  
Тоғыз қой тұқым болмас.
1232. Бес тиын беріп айтқыза алмасаң,  
Он тиын беріп қойдыра алмассың.
1233. Бес тиындық қоян — он тиындық зиян.
1234. Бәсең болсаң, бәйгеге қосыларсың,  
Аса берсең, аспаға қосыларсың.
1235. Бесіктінің белі тынады,  
Бесіксіздің белі сынады.
1236. Бесті айғырдың бетінен сақтан.
1237. Бетегеден биік,  
Жусаннан аласа.
1238. Беті аппақ болса,  
Денесі салтақ болады.



1239. Беті аппақ болса,  
Көті сатпақ болады.
1240. Бетіңді түземей, айнаны сөкпе.
1241. Бетінен су ішпейсің.
1242. Бетсіз болсаң, белгісіз боларсың,  
Белгісіз болсаң, елсіз қаларсың.
1243. Беттің арын белбеуге түйіп.
1244. Би бекерге тумайды.
1245. Би болатын жігіттің  
Етек-жеңі мол болар.  
Қошқар болар қозының  
Маңдайы жуан, дөң болар.
1246. Би болма, би түсетін үй бол.
1247. Би болмаған би болса,  
Билемеген ел қоймас.  
Тобыршықтан би қойсаң,  
Бақайшықтамай қоймас.
1248. Би болудан билік айту қиын.
1249. Би әділ болса, дауды тындырады,  
Залым болса, сөнген дауды жандырады.
1250. Би екеу болса, дау төртеу болады.
1251. Би жоқта құл жүреді жораға,  
Ит жоқта шошқа үреді қораға.
1252. Бидайдың баратын жері — диірмен.
1253. Бидайдың жамбасы жерге тисе,  
Аузың нанға тиеді.

1254. Бидің әділ сөзі — тентектердің тезі.
1255. Бидің пара алғаны — боқ жегені,  
Арамдығы бар, адалдығы жоқ дегені.
1256. Бидің түзулігі мылтықтай,  
Өткірлігі қылыштай болсын.
1257. Биеден ала да, құла да туады.
1258. Биі әділ болса, елінде бір дау болмас,  
Жаман биге барған адам сау болмас.
1259. Биік тауға шыққанның  
Алысқа көзі ашылар.  
Жақсыменен сөйлескен  
Көңіл көзі ашылар.
1260. Биік таудың басына  
Қиялап ұшып қыран да шығады.  
Жер бауырлап жылжып,  
Жылан да шығады.
1261. Биікке шықсаң, көңілің ашылар,  
Жақсымен тілдесең, зейінің ашылар.
1262. Биікпін деп созба мойын,  
Биік атақ емес мойын.  
Жұртыңнан асып жатса ойың,  
Сен шығатын дөңес дайын.
1263. Билік пейілі тар мансапқорға берілмесін,  
Пейілі кең жарасқанға берілсін.
1264. Биліктен білік бір жасы үлкен.
1265. Бисіз ел — белдеусіз үй.
1266. «Бисмилләмен» бастаған ісін ақырына келтірер,  
«Бисмилләсіз» бастаған жел түбіне кетер.

1267. Битке өкпелеп, тоныңды отқа жақпа.
1268. Бозбала бастаған көш оңбайды,  
Құралай бастаған киік оңбайды.
1269. Бозторғай бес бала тапса,  
Біреуі бұлбұл болады.  
Көк қарға бес бала тапса,  
Біреуі құзғын болады.
1270. Бозторғайға бақ қонса,  
Самұрық шылауында болар.
1271. Бойға біткен мінез сүйекпен кетеді.
1272. Бойдағым барда, малым бар деме,  
Өзірейіл барда, жаным бар деме.
1273. Бойдақ жігіт қыз келсе семіреді.
1274. Боқ жаман,  
Боқтан да жоқ жаман.
1275. Боқ сатқанды айтпа, ұқсатқанды айт.
1276. Боқты боққа ұрса, былш ете түседі.
1277. Боламын деп жүріп болмай қалғаннан,  
Болмаймын деп жүріп болған артық.
1278. Болар іс болып, бояуы сінді.
1279. Болар ұлдың пішінінен белгілі.
1280. Боларыңда болып өт,  
Бозторғайдай желіп өт.
1281. Боларыңды біліп өт,  
Бозжорғадай желіп өт.

- Боларыңды білмесең,  
Болмасыңды білген соң,  
Болған ердің қосын жек.
1282. Болат бүгілмес, ер мойымас.
1283. Болат бүгілмес, шорт сынар.
1284. Болат қынға тоқтайды,  
Тентек топқа тоқтайды,  
Жомарт жоққа тоқтайды.
1285. Болат пышақ қап түбінде жатпас.
1286. Болатын бала бесікте белгілі.
1287. Болған іске болаттай берік бол.
1288. Болжалсыз таң атпайды,  
Ажалсыз жан шықпайды.  
Құдайдың бұйрығынан тыс  
Құмырсқаның аяғы сынбайды.
1289. Болмасқа жылаған есіл көзім,  
Ұқпасқа айтқан есіл сөзім.
1290. Болмасыңды білген соң,  
Болған ердің қосын жек.  
Өзің адам болған соң,  
Аударып тастап атпен кет.
1291. Болсаң, болаттай бол.
1292. Болшағы бар сүйгенін жейді,  
Болшағы жоқ тигенін жейді.
1293. Борай-борай қар жауса,  
Боз қоянды өлтірер.

1294. Боран болса, бай жылар:  
«Қырылады малым» деп.  
Малайлар да ренжір:  
«Қиналады жаным» деп.
1295. Боранды күні бала құтырады,  
Жұт жылы ит құтырады.
1296. Боранды күні боқ қышайды.
1297. Боранды күні ит пен бала құтырар.
1298. Боранның масағы тигендей.
1299. Борсық ұрған сайын семіреді.
1300. Борышты тағам ас болмас,  
Болар бала жас болмас.
1301. Босағада туып па еді, төрге отыр.
1302. Босқа жүрсең ырбаңдап,  
Сытыларсың сырғаңдап.
1303. Бота қотыр болса, енесін былғайды,  
Енесі келесін былғайды.
1304. Ботқа жеймін деген асым ба еді,  
Тоқсан келемін деген жасым ба еді.
1305. Ботқаға қазан тоймас,  
Пұттаған сөзді қолдаған құл  
Мұхамметке үммет болмас.
1306. Бояушы, бояушы дегенге,  
Сақалын бояйды.
1307. Бөдененің үйі жоқ,  
Қайда барса «бытпылдақ».

1308. Бөлінгенді бөрі жейді,  
Жорылғанды жау жейді.
1309. Бөрене арқылы бөрі қума.
1310. Бөрі алар жігіттің бөркінен белгілі.
1311. Бөрі арығын білдірмейді.
1312. Бөрі арығын білдірмес,  
Итке тонын қампайтар.
1313. Бөрі баласы асырағанмен ит болмас.
1314. Бөрі жоқ деме, бөрік астында,  
Жау жоқ деме, жар астында.
1315. Бөрі қартайса да бір қулық болады.
1316. Бөрі қартайса, тышқаншыл.
1317. Бөрі кәрісін ұрады.
1318. Бөрі көмеді,  
Түлкі ашады.
1319. Бөрі көргенде бірігетін  
Ауыл итінің мінезіндей.
1320. Бөрік тастап бөріден құтылуға болмайды.
1321. Бөрікке салсаң да, бөрі баласы — бөлтірік.
1322. Бөріктің құндызына қарама,  
Маңдайының жұлдызына қара.
1323. Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан.
1324. Бөрінің бөрілігі қалмайды,  
Шошқа қорсылдағанын қоймайды.

1325. Бөрінің қартайса да,  
Бір қойлық әлі бар.
1326. Бөрінің соңынан бөлтірік  
ақылды болғандықтан ермейді.
1327. Бөрінің ұлығанын қасқыр естімейді,  
Қасқырдың ұлығанын бөрі естімейді.
1328. Бөтен жерде бұлбұлды да «қарға» дейді.
1329. Бүлдіру оңай,  
Түзету қиын.
1330. Бүлінген жерден  
Бүлдіргі алма.
1331. Бүркіт алсаң, сұрын ал,  
Талпынса керегең сиырылсын.  
Қатын алсаң, сұлу ал,  
Өлгенде ағайының талассын.
1332. Бүркіт алсаң, көрінген қызылды алмайтынын ал,  
Қатын алсаң, көрінген шақырса бармайтынын ал.
1333. Бүркіт қартайса, тышқан аулар.
1334. Бүркіт қартайса, тышқаншыл болады,  
Құл құтырса, құдыққа қармақ салады.
1335. Бурыл атта бұғау бар,  
Ойынға кесер екеу бар .
1336. Буынса — белі,  
Сұғынса — жеңі.
1337. Буынсыз жерге пышақ салма.
1338. Буынсыз жерге пышақ ұрып,  
Суатсыз жерден суға түспе.

1339. Буыршын мұзға таймас.
1340. Бұзау ұрлаған өгізді ұрлар.
1341. Бұйра қозы жүнімен жағады.
1342. Бұйрықтан артық болмайды.
1343. Бұйырған ас тіс сындырып кіреді.
1344. Бұйырған кетпейді,  
Жүгіріп жетпейді.
1345. Бұйырмаған ас ауыздан түседі.
1346. Бұқа буға семіреді,  
Қайғысыз суға семіреді.
1347. Бұқа буға семіреді,  
Тентек дауға семіреді,  
Қайғысыз қара суға семіреді.
1348. Бұқа иесіне бұзау жоқ.
1349. Бұқа іздеп жүріп жасауылға тұрыпты.
1350. Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды.
1351. Бұл ауырудан жаным қалса,  
Ендігі ауырудың алдымен.
1352. Бұл дүниенің қысасы  
Ол дүниеге кетпейді.
1353. Бұл жатыстың ебі жоқ,  
Бақыршылыққа себі жоқ.
1354. Бұл недеген батпан құйрық,  
Тегіннен-тегін жатқан құйрық.



1355. Бұланға ерген шөпке аунар,  
Доңызға ерген боққа аунар.
1356. Бұлбұл құс зымыстан көрмей,  
Гүлстанның қадірін білмес.
1357. Бұлбұлдың сайрағаны есекке жақпас.
1358. Бұлт ала, жер шола.
1359. Бұлт жаумайды, бұйрық жауады.
1360. Бұлттан шыққан күн ашты,  
Бұзық адамның тілі ашты.
1361. Бұлттан шыққан күн ащы,  
Жаман әйелдің тілі ащы.
1362. Бұлттан шыққан күн ыстық,  
Күңнен туған ұл ыстық.
1363. Бұлтты күні күң таяқ жейді.
1364. Бұлыңды бұлға берсең,  
Бұлың күймес.
1365. Бұра сөйлеген күлуге жақсы.
1366. Бұра сөйлеген күлкіге жақсы,  
Бұра қашқан түлкіге жақсы.
1367. Бұралқы ит үнімен жағады,  
Бұралқының пұлы жоқ,  
Бұзылған шаһардың пішіні жоқ.
1368. Бұрауы күмістен болса да бір шіркін.
1369. Бұрма сөз күлуге жақсы.

1370. Бұрылмай жүрген бұрын жетеді.
1371. Бұрын боқ жейтін ала қарға  
Бүгінде жыл құсы болған екен-ау!
1372. Бұрын жеті ағайынды едік,  
Өле-өле үшеу қалдық.
1373. Бұрын жүрген із салар,  
Көп іздеген бір табар.
1374. Бұрынғы істің басында болмасаң,  
Соңғы істің қасында бол.
1375. Бұрынғы күнім жыр болса,  
Қазіргі күнім күн болды.
1376. Бұрынғы күнім қара түн,  
Ендігі атқан күн.
1377. Бұрынғы мінезді тастаңдар,  
Жаңадан мінез бастаңдар.
1378. Бұтақсыз ағаш болмайды,  
Туылдырықсыз Алаш болмайды.
1379. Бұтаны қорғалаған  
Торғайдың да жаны қалады.
1380. Былай барсам — Қорқыттың көрі,  
Былай барсам — шүршіттің көлі.
1381. Былтыр күйіп еді,  
Биыл исі шықты.
1382. Былтыр өліпті,  
Биыл исі шығыпты.
1383. Біз де қатын болармыз,  
Қапқа тары салармыз.

1384. Бізге келген шеке де қу,  
Жамбас та қу.
1385. Біздің елде ала қарға еді,  
Мұнда келіп жылқышы болған.
1386. Біздің елде боқ жейтін қарғалар,  
Бөгде елге келіп жыл құсы бола қалыпты.
1387. Білген білгенін істер,  
Білмеген бармағын тістер.
1388. Білгенің бір тоғыз,  
Білмегенің тоқсан тоғыз.
1389. Білгенің қайсы,  
Білмегендігін кешірмесең.
1390. Біле тұрсаң да, сұрап ал.
1391. Білегі күшті бірді жығар,  
Білімі күшті мыңды жығар.
1392. Білегі толық бірді жығар,  
Білімі толық мыңды жығар.
1393. Білек бір болғанмен, бармақ басқа.
1394. Білекке қарама, жүрекке қара.
1395. Білемін — мың сөз,  
Білмеймін — бір сөз.
1396. Білім — бұлақ.
1397. Білім — дария,  
Ақыл — тоған.
1398. Білім алсаң, білерсің,  
Надан қалсаң, бүлерсің.

1399. Білім ауысады,  
БІрыс жұғысады.
1400. Білім ғылымнан нәрленеді,  
Ғылым оқудан нәрленеді.  
Оқу өмірден нәрленеді,  
Өмір күреспен нәрленеді.
1401. Білім деген — гауһар, бағасы жоқ,  
Надандық деген — кесел, дауасы жоқ.
1402. Білім іздеген өсер,  
Бүлік іздеген өшер.
1403. Білім таппай баптанба,  
Өнер таппай мақтанба.
1404. Білімді мыңды жығады,  
Білегі жуан бірді жығады.
1405. Білімді өзінен сұрар,  
Білімсіз өзгеден сұрар.
1406. Білімдімен жолдас болсаң,  
Білікті боларсың.
1407. Біліміңе билетпесең, білгенің зая,  
Серігіңді сендірмесең, көргенің зая.
1408. Білімсіз туған көп ұлдан,  
Білімді туған қыз артық.  
Білімсіз көп наданнан,  
Білімді бір ер жүз артық.
1409. Білімсізге сөз өтпес.
1410. Білмегенді білуге тырыс,  
Тура жолмен жүруге тырыс.

1411. Білмегенім — бит,  
Емдемегенім — ит.
1412. Білмегеніңді бес жасар баладан сұра.
1413. Білмегеннің білегі ауырмас.
1414. Білмес Құдайды білмес,  
Көрмесіні көрмес.
1415. Білмес наданнан би қойсаң,  
Жұртыңды дауға алдырар.
1416. Білместік білгеннен де өтеді.
1417. Бір асқанға, бір тасқанға кез келеді.  
Бір асуға — бір тасу.
1418. Бір атым бар орында,  
Не қамым бар боранда.
1419. Бір ауыз сөзден қырғын соғыс басталады,  
Бір сіріңкеден үлкен өрт те басталады.
1420. Бір ауыздан сөз шықса, ағайынның бірлігі,  
Бір төсектен бас шықса, адамның аз күн тірлігі.
1421. Бір аштың бір тоқтығы болады,  
Бір тоқтың бір жоқтығы болады.
1422. Бір аштың бір тоқтығы болар.
1423. Бір аяғым жерде,  
Бір аяғым көкте.
1424. Бір аяқ қымыздың екі ауыз сөздік желігі бар.
1425. Бір аяқтағы астың жартысы адал,  
Жартысы арам болады.

1426. Бір байдың жұртына екі тышқан таласыпты.
1427. Бір бала бар әкеден өте туады,  
Бір бала бар әкеге жете туады,  
Бір бала бар әкеден кейін кете туады.
1428. Бір басқа екі бас қосылды.
1429. Бір биеден ала да туады, құла да туады.
1430. Бір дауда екі күмән жоқ,  
Бір істе екі жаза жоқ.
1431. Бір әйелдің айласы  
Қырық есекке жүк болды.
1432. Бір ел өңкей жақсы болмас,  
Жыны жоқ адам бақсы болмас.
1433. Бір ені ішінде, бір ені сыртында.
1434. Бір есіктен кіріп,  
Бір тесіктен шығып.
1435. Бір есікті жасау үшін  
Мың есіктің үлгісін көр.
1436. Бір жақсаң, үйіп жағасың,  
Бір жақсаң, құртып жағасың.
1437. Бір жақсы бір жаманмен қас болмас,  
Есебін тауып дос болмас.
1438. Бір жақсы халыққа тұлға,  
Мың жаман тұрмайды пұлға.
1439. Бір жақсының шарапаты мыңға тиеді,  
Бір жаманның кесапаты мыңға тиеді.

1440. Бір жаманның кесірі мыңға тиеді.
1441. Бір жас малдан құрдас,  
Екі жас зордан құрдас.
1442. Бір жітікке бір саяқ қосылады.
1443. Бір жоқты бір жоқ табар.
1444. Бір жол бар жақын,  
Жақын да болса алыс.  
Бір жол бар алыс,  
Алыс та болса жақын.
1445. Бір жылға қоян терісі де шыдайды.
1446. Бір заманда бөрі едік,  
Тайды басып жер едік.
1447. Бір ит көріп үрсе,  
Екі ит еріп үреді.
1448. Бір іс білімдіден де, білімсізден де өтеді.
1449. Бір қарлығаш келгенмен жаз болмайды,  
Бір сауысқан келгенмен қыс болмайды.
1450. Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді,  
Бір бөлек елді бір жаман ірітеді.
1451. Бір киікті бір тау аш қылмайды.
1452. Бір күн тусаң,  
Бір күн өлесің.
1453. Бір кісінің ішіне бір аяқ ас сияды.
1454. Бір қой қоздаса,  
Бір түп шөп артық шығады.

1455. Бір қолыңның ашуы келсе,  
Бір қолыңмен арашала.
1456. Бір көзін аша қарап,  
Бір көзін баса қарап.
1457. Бір көрген — біліс,  
Екі көрген — таныс.
1458. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем бер.
1459. Бір күн қарны ашқаннан  
Қырық күнге дейін ақыл сұрама.
1460. Бір күн туылыппын,  
Бір күн өліппін.
1461. Бір күн ұрысқанның  
Қырық күн нәсібі төгіледі.
1462. Бір күнгі ұрыстың  
Қырық күндік қырсығы бар.
1463. Бір күндік жолдасқа  
Қырық мәртебе сәлем.
1464. Бір күндік ұрыстың  
Қырық күндік кесірі бар.
1465. Бір құртты беле же,  
Жарты құртты жара же.
1466. Бір қызымнан бір қызым һәм сорақы.
1467. Бір қылғанды екі қылады,  
Екі қылғанды әдет қылады.
1468. Бір қылық хан қызында да болады.



1469. Бір оқты бұлан көтереді,  
Екі оқты ұлан көтереді.
1470. Бір сіз-бізден,  
Бір ғыз-мыз артық.
1471. Бір сомың бие болмас,  
Бес сомың түйе болмас.
1472. Бір сөз — бір сөздің қуғыншысы.
1473. Бір тай бие болмайды,  
Екі тай түйе болмайды.
1474. Бір таппаң,  
Бір тапқан соң к...т жаппаң.
1475. Бір теңге беріп жырлатып,  
Мың теңге беріп қойдыра алмадық.
1476. Бір тумақ бар,  
Бірге өлмек жоқ.
1477. Бір үй аш болса, ауыл аш,  
Ауыл аш болса, аймақ аш.
1478. Бір үйде нешеу болсаң,  
Біріңе-бірің меймансың.
1479. Бір үйлі жансың,  
Біріңе-бірің меймансың.
1480. Бір шыж-мыждан,  
Мың шыж-мыж.
1481. Бірге туған жаманды — өзім деме,  
Жақсыдан жат жаманды — көзім деме.
1482. Біреу қыз алып қашады,  
Біреу қызығына қашады.

1483. Біреу қырық жеті беріп қатын айттырады,  
Біреу үйде жатып менікі дейді.
1484. Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.
1485. Біреу сенің сындырар қазаныңды,  
Сен сындырсаң біреудің тағарасын.  
Жер майынан сақтап бер деген мақал,  
Жеген болсаң біреудің зағарасын.
1486. Біреу тойып секіреді,  
Біреу тоңып секіреді.
1487. Біреу шынымды айтам деп,  
Өзінің мінін айтады.
1488. Біреуге ор қазба,  
Ор қазсаң да, зор қазба!
1489. Біреуге ор қазсаң,  
Өзіңе көр қазылар.
1490. Біреуге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле.
1491. Біреуге пайдасы тимегесін,  
Біреуден пайда көре алмайды.
1492. Біреуді жалғыз деме,  
Жалғыз Құдай барлық жанның иесі.  
Жалғыз деп біреуді азсынсаң,  
Түбінде барып өзіңе тиер киесі.
1493. Біреуді ұрып-ұрып саймен жүргенше,  
Біреуге ұрдырып-ұрдырып қырмен жүр.
1494. Біреудің ажалы оттан,  
Біреудің ажалы судан.
1495. Біреудің бөркі басыңды бүркемес.

1496. Біреудің бурасына дегені  
Өзінің ботасына келеді.
1497. Біреудің қазын жиғаның,  
Үйрегінді шолып тұр.
1498. Біреудің малы болмайды,  
Ат көтергісіз дәні бар.
1499. Біреудің талын біреу кеспейді.
1500. Біреудің төсін жесең,  
Ұшанды сайла.
1501. Біреуі бүркіт, біреуі үкі болды,  
Біреуі қасқыр, біреуі түлкі болды,  
Момын қара шаруа залымдардың мүлкі болды.
1502. Бірі ашулы болса,  
Екіншісі басулы болады.
1503. Бірігіп жеу — адамның ісі,  
Бермей жеу — иттің ісі.
1504. Бірін жасырып алған,  
Бірін басынып алған.
1505. Бірін жемей кедей өледі,  
Мыңын жемей бай өледі.
1506. Бірінші би — халық,  
Екінші би — тарих.
1507. Бірлік бар жерде тірлік бар.
1508. Бірлік болмай, тірлік болмас.
1509. Бірлік қылсаң, тірлік бар.
1510. Бірліктен ел құралар.

1511. Бітер істің басына  
Жақсы келер қасына.
1512. Бітісі жаман қамысты су ішінде өрт алады,  
Жетесі жаман жігітті ажалдан бұрын дерт алады.
1513. Бітісі жаман қамысты су ішінде өрт алады,  
Жүрісі жаман жігітті ел ішінде жау алады.
1514. Біткен соң мақта кеспейді,  
Қоя тұр бітпей бөскенді.
1515. Біткен істің міні жоқ,  
Бітірген ердің кемі жоқ.

**Г**

1516. Гауһарды күте білмес құм қылады.
1517. Гүл қайда болса, көбелек сонда.
1518. Гүлсіз бұлбұл үнсіз.

**Ғ**

1519. Ғайыбын кім білсе,  
Біреуге төрелік береді.
1520. Ғайыпты артық біледі,  
Өзі білмеген біреуге күледі.
1521. Ғалым деген — дария,  
Қыса берсең, таси береді,  
Надан деген — есек,  
Қыса берсең, жаси береді.
1522. Ғалымның хаты өлмейді,  
Жақсының аты өлмейді.

1523. Ғашық жардың белгісі — ата-анадан бездірер,  
Қыран құстың белгісі — тауды-тасты кездірер.
1524. Ғибрат алмас нұсқа көріп,  
Ас пысырса, қылар суық,  
Нан пысырса, қылар күйік.  
Сақтасын Құдай қатыннан  
Ақылы жоқ көңілі тұйық.
1525. Ғизатқа ғизат болады,  
Құрметке құрмет келеді.
1526. Ғизаттың азы көп болмайды.
1527. Ғылым табу — инемен құдық қазғандай.
1528. Ғылымнан білім зор,  
Білімсіз ғылым қор.

## Д

1529. Даладағы аяздан,  
Үйдегі аяз күшті.
1530. Даладағы май тышса,  
Үйдегі қан тышады.
1531. Даналар да көп білем деп айтпаған,  
Олар да дамылсыз көптен оқыған.
1532. Дананың ақылы — дария,  
Халықтың ақылы — мұхит.
1533. Дарақ бір жерде көгереді.
1534. Дариядан жырақ болып нең?  
Құлқының құриды.  
Патшайымнан рулы болып нең?  
Тұқымың құриды.

1535. Дау жүйесін тапса,  
Мал иесін табады.
1536. Дау құтырса, биін табар,  
Ит құтырса аясын табар.  
Қуәлі істі қуә табар,  
Қуәсіз де күмән табар.
1537. Дау іздеген жауға жолығар.
1538. Дадан тиген, жермен өнген.
1539. Дуды ақыл жеңеді,  
Жауды батыл жеңеді.
1540. Дуды елемеген төлейді,  
Ауруды елемеген өледі.
1541. Дудың басы қылдай, арты дардай.
1542. Дауласқанда, дауыңды айтпаса,  
Жауласқанда, таяғыңды соқпа,  
Ол туыстан дұшпан артық.
1543. Даулы болып тақсырға барма,  
Аурулы болып бақсыға барма.
1544. Дауы жаман төре таңдайды.
1545. Дауы жаманның малы кетер,  
Өзі жаманның малы үйінде күйеді.
1546. Дауыл болмай, жауын болмас,  
Ит баласы сауын болмас.
1547. Дауын айта алмаған биін жамандайды.
1548. Дауыс білмейтін қатын  
Ойбайға зарланды.

1549. Дауыс та күшпен келеді.
1550. Дәм айдаса, қалмаспын,  
Адам айдаса, бармаспын.
1551. Дәм татқан құдыққа түкірме.
1552. Дөніккеннен құныққан жаман.
1553. Дәрігердің дәрігері — дертке дерт қоспағаны.
1554. Демі бардың емі бар.
1555. Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.
1556. Денсаулық — зор байлық.
1557. Дертті болғаннан дәрмен кетер.
1558. Дерті бардың дәрмені жоқ.
1559. Дертін жасырған өледі,  
Жасырмаған өмір сүреді.
1560. Деспе, дескен соң, боқ жеспе.
1561. Диқан жерін анасындай сүйеді,  
Жер диқанды баласындай сүйеді.
1562. Диуананы жаным бар деме,  
Бұқаны малым бар деме.
1563. Диуананы ұрсаң, мазарға жүгіреді,  
Сартты ұрсаң, базарға жүгіреді.
1564. Диуананың ойында да бір нәрсе бар.
1565. Долы қатын жылауық,  
Мешкей қатын сусауық.

1566. Долодан дәу пері қашыпты.
1567. Дос жылата айтады,  
Дұшпан күлдіре айтады.
1568. Дос басқа қарайды,  
Дұшпан аяққа қарайды.
1569. Дос береді, жар береді,  
Бәрін Құдай бергізеді.
1570. Дос бетке айтады,  
Дұшпан сыртқа айтады.
1571. Дос досқа зиянкер емес.
1572. Дос досқа зиянкер болмас,  
Зиянкер болған — дос емес.
1573. Дос егіз, дұшпан сегіз.
1574. Доспен дос болсаң, шаттан,  
Дұшпанмен дос болсаң, сақтан.
1575. Досқа ат берме,  
Ат берсең, ақырын жүр деме.
1576. Досқа дос жалынар,  
Жалынса, көңіл алынар.
1577. Досқа келсең, босқа келме.
1578. Досқа шақырумен барсаң, аш бар,  
Шақырусyz барсаң, тоқ бар.
1579. Досты инемен шанышқаны  
Дұшпанды найзамен шанышқанынан ауыр.
1580. Достық астан танылмас, істен танылар.



1581. Достық — достық шақырады.
1582. Досы жоқпен сырлас,  
Досы көппен сыйлас.
1583. Досың ауырса, ыңқылда.
1584. Досыңа өтірік айтпа,  
Дұшпанға сырыңды айтпа.
1585. Досыңды бөгеме, жолынан қалады,  
Дұшпаныңды бөгеме, сырыңды алады.
1586. Досыңды барда да сына, жоқта да сына.
1587. Досыңды сақтама, жолынан қалдырарсың,  
Дұшпаныңды сақтама, сырыңды алдырарсың.
1588. Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына.
1589. Досыңды үш тұрғысынан сына:  
Өткені, қазіргісі, болашағы.
1590. Досыңның асын дұшманыңдай іш.
1591. Досыңның көңілі үйіне барғанда  
Үйіңе келгендегідей болсын.
1592. Дуадақ қайдан білсін көл қадірін,  
Бейшара қайдан білсін ел қадірін.
1593. Дуасы жоқ ауызға сылдыраған сөз берер.
1594. Дұрысты дұрыс дейміз,  
Дұрыс еместі бұрыс дейміз.
1595. Дұсманың қасыңда түр білмеймісің,  
Досыңды дұсманыңдай көрмеймісің.

1596. Дұшпан қашанда күле кіріп,  
Күңірене шығады.
1597. Дұшпанға жақсылық істеген адам,  
Алғыс орнына қарғыс алар.
1598. Дұшпандық етсе туысың,  
Жолама оған, құрысын.
1599. Дұшпаннан түк тартсаң да — пайда.
1600. Дұшпанның көзі тертеу.
1601. Дұшпаныңнан бір сақтан,  
Жаман достан мың сақтан.
1602. Дүйсенбі серкешіңмен құры, қамшымды бер!
1603. Дүмше молда дін бұзар,  
Қисық арба жол бұзар.
1604. Дүние жиып нетесің,  
Бір күн тастап кетесің.
1605. Дүние кезек.
1606. Дүние қусаң, жеткізбейді,  
Қашсаң, құтқармайды.
1607. Дүние — үлкен көл,  
Заман — соққан жел.
1608. Дүние бір күн бетін көрсетер,  
Бір күн көтін көрсетер.
1609. Дүние бір қарағанда жанын береді,  
Бір қарағанда бетін береді.
1610. Дүние деген қолдың кіріндей.

1611. Дүние жиған жемейді,  
Бұйырған жейді.
1612. Дүние жиып артыңа мүлік қалдырғанша,  
Адамшылық даңқ қалдыр.
1613. Дүние тапқаннан емес,  
Ұқсатқаннан құралар.
1614. Дүние тегіс болғанша,  
Жігітке бір іс табылады.
1615. Дүниеде жақсы аз,  
Оның жақсылығы — аздығында.
1616. Дүниеде қас табылар,  
Қымбатты бас табылмас.
1617. Дүниеде төрт береке бар:  
Бірі — су,  
Бірі — тұз,  
Бірі — от,  
Бірі — жел.
1618. Дүниедегі сүйерің — от,  
Ақыретте күйерің — от.
1619. Дүниеден қасиет кетсе,  
Сиыр пұл болады,  
Қатын би болады.
1620. Дүниенің қадірін берерде білерсің,  
Жанның қадірін өлерде білерсің.
1621. Дүниеңді тоздырсаң да,  
Ақылыңды аздырма.
1622. Дін ғалымнан бұзылады,  
Жұрт залымнан бұзылады.

*Е*

1623. Е, Құдай жатқанға берсең, маған бер.
1624. Ебелек бала — көбелек.
1625. Ебін тапқан екі асайды.
1626. Егеріңде орарыңды ұмытпа,  
Келеріңде тұрарыңды ұмытпа.
1627. Егескенің ел болса, ұятыңның кеткені.
1628. Егесе, екі ердің бірі өледі.
1629. Егесті жеңген ердің күші,  
Жеміс берген жердің күші.  
Жеңімпаздық ердің ісі,  
Ер шығарған елдің күші.
1630. Егіз ұл таппақ есте болсын.
1631. Егін ексең ерінбей,  
Тояды қарын терлемей.
1632. Егін ексең, орарсың,  
Еңбек етсең, емерсің.
1633. Егін жайда қар көп болса,  
Қамбада астық көп болар.
1634. Егін жұмысы еңбектеп бітеді,  
Маусымында ерінбе.
1635. Егінді жерге ел қонбас,  
Егесе берсе, ер оңбас.
1636. Егіншіліктің түбі — кеніш,  
Сауданың түбі — борыш.

1637. Егістікке қар тоқтатсаң,  
Қоймаңда дән тоқтар.
1638. Ежелгі дұшпан ел болмас.
1639. Ежелгі жау ел болмас,  
Етек кессең, жең болмас.
1640. Екпінді арымас,  
Жалқау жарымас.
1641. Ексең егін,  
Ішерсің тегін.
1642. Ексең, орарсың,  
Берсең, аларсың.
1643. Екі ақылды бас қосса,  
Дариядай тасар.  
Екі жаман бас қосса,  
Өкпесі асар.
1644. Екі арада шыбын өледі.
1645. Екі аразды табыстыратын да,  
айыратын да — арадағы кісі.
1646. Екі ауыз біріксе,  
Бір ауыз жоқ болады.
1647. Екі аяғын бір етікке қусырып.
1648. Екі аяқ қымыздың  
Бір аяқ желігі бар.
1649. Екі аяқтыда бөле тату,  
Төрт аяқтыда бота тату.
1650. Екі аяқтыда құрдас тату,  
Төрт аяқтыда бота тату.

1651. Екі бай құда болса,  
Арасында жорға жүреді.  
Екі кедей құда болса,  
Арасында дорба жүреді.
1652. Екі бәлеге қалыппын.
1653. Екі ел даулы болса,  
Есті жігіт мал табады.
1654. Екі еркек ұрысса,  
Ерлігі мен серілігін айтады.  
Екі қатын ұрысса,  
Ұрлығы мен қарлығын айтады.
1655. Екі жақсы айтысса, ашылмайды арасы,  
Екі жаман айтысса, таусылмайды таласы.
1656. Екі жақсы бас қосса,  
Бірін-бірі қия алмайды,  
Екі жаман бас қосса,  
Бір ауылға сия алмайды.
1657. Екі жақсы дос болмайды,  
Дос болса, түбі бос болмайды.
1658. Екі жақсы қосылса,  
Бірін-бірі қимайды,  
Екі жаман қосылса,  
Жатқан төсегіне симайды.
1659. Екі жақсы қосылса,  
Бірін-бірі қимайды,  
Екі жаман қосылса,  
Кең дүниеге симайды.
1660. Екі жақсы сөйлесе,  
Жүйрік аттай жанасар.

- Екі жаман сөйлесе,  
Құтырған иттей таласар.
1661. Екі жақсыдан бір жаман туса,  
жыннан пайда болады,  
Екі жаманнан бір жақсы туса,  
нұрдан пайда болады.
1662. Екі жалаңаш анда-санда қосылады.
1663. Екі жаман қосылса,  
Өкпесі асар.
1664. Екі жарты, бір бүтін болайық.
1665. Екі жарты бірлесе,  
Бір бүтіндей болады.
1666. Екі жеп биге шықты.
1667. Екі жүзді достан,  
Ежелгі дұшпан артық.
1668. Екі жыртық бір келсе —  
Абиырдың кеткені.  
Екі ауру бір келсе —  
Ажалыңның жеткені.
1669. Екі кемеңің құйрығын ұстаған суға кетеді.
1670. Екі көз бірін-бірі шұқиды.
1671. Екі кісі бір кісінің Тәңірісіндей.
1672. Екі кісі қағысса,  
Бір кісіге орын бар.
1673. Екі қаз таласса, бір құзғынға жем болар.

1674. Екі қарадан күлкі туады,  
Екі сарыдан үкі туады,  
Бір ақ, бір қарадан түлкі туады.
1675. Екі қарға таласса,  
Бір құзғынға жем болар.
1676. Екі қатын алғанның дауы үйінде,  
Жаман қатын алғанның жауы үйінде.
1677. Екі қатын алғанның құлағы тынбас.
1678. Екі қатын алыппын,  
Бір бөлеге қалыппын.
1679. Екі қошқардың басы бір қазанға симас.
1680. Екі қоян қусаң, біреуін де тұта алмассың.
1681. Екі мәрте өлшеп,  
Бір мәрте кес.
1682. Екі молда бір кісі,  
Бір молда жарты кісі.
1683. Екі мың мысқал арақ өлше,  
Сату мен ішпейтұғын есірік білмейді.
1684. Екі мырза базарда жолығады,  
Екі молда мазарда жолығады.
1685. Екі нар ортасындағы шыбын өледі.
1686. Екі сиыр баққан адамның үйі — айран,  
Екі қатын алған адамның үйі — ойран.
1687. Екі сиыры бар үйден айран кетпес,  
Екі қатыны бар үйден ойран кетпес.



1688. Екі сөйлеген езден без.
1689. Екі сұңқар таласса,  
Қарға-құзғынға жем түседі.
1690. Екі тау соқтықса, арасында аң өледі,  
Екі дәу соқтықса, арасында бейгүнә жан өледі.
1691. Екі түйғын жабылса, қаздың соры.
1692. Екі тышқан бір байдың жұртына таласыпты.
1693. Екі үштіні бір есті қосады.
1694. Екіге сеніп бірсіз қалған,  
Көпке сеніп аздан құр қалған.
1695. Екінің бірі —  
Егіздің сыңары.
1696. Ел — тары, мен — тауық.
1697. Ел ағасыз болмайды,  
Киім жағасыз болмайды.
1698. Ел алмаған елу жыл жатады.
1699. Ел аралаған сыншы болады,  
Ағаш жонған үйші болады.
1700. Ел аралаған — сыншы,  
Тоғай аралаған — үйші.
1701. Ел аузы уәлі.
1702. Ел аузына етті тықпақ жоқ.
1703. Ел барда ер қор болмас,  
Ер барда ел қор болмас.

1704. Ел басына күн туса,  
Ер шығады майданға.  
Артында аты қалғандай,  
Іс қылады майданда.
1705. Ел берігінде досың болсын,  
Жер берігінде қосың болсын.
1706. Ел дәулетті болса, ер сәулетті.
1707. Ел еңбекпен тоған алады,  
Ер еңбекпен жауды жеңеді.
1708. Ел ерді туғызады,  
Ер елді қорғайды.
1709. Ел еріне сүйенер,  
Ер тезіне сүйенер.
1710. Ел жаманы — телеу,  
Шөп жаманы — селеу.  
Ел жаманы — тарақты,  
Ит жаманы — барақ-ты.
1711. Ел қадірін, елсізде қалсаң, білерсің,  
Ер қадірін, әлсізбен болсаң, білерсің,  
Жер қадірін, жеміссіз қалсаң, білерсің.
1712. Ел қонбай, ит тынбайды.
1713. Ел құлағы — елу.
1714. Ел қыдырған сыншы болады,  
Ағаш жонған үйші болады.
1715. Ел қыдырып, су сыдырып.
1716. Ел намысы — ер намысы.

1717. Ел сыйлаған есікке отырмайды.
1718. Ел ұрыссыз болмайды,  
Тау бөрісіз болмайды,  
Көл үйрексіз болмайды.
1719. Ел үмітін ер ақтар,  
Ер атағын ел сақтар.
1720. Ел шарасыз болмас,  
Ер жарасыз болмас.
1721. Ел іші — алтын бесік.
1722. Елге ел қосылса — құт,  
Елден ел кетсе — жұт.
1723. Елге келген қиындық жақсынікі,  
Елге келген жын-пері бақсынікі.
1724. Елде болса, ерніңе тиер.
1725. Елде елу түрлі кісі бар.
1726. Елде пысық көбейсе,  
Қырсық көбейеді.
1727. Елде торғай өлмейді.
1728. Ел дей келіп, селдей алсын.
1729. Елден кетсе де,  
Ерден кетпейді.
1730. Елден көтерген ерге өлім.
1731. Елден өкпе жиса да,  
Бір шикі өкпе бер.

1732. Елден үйрен, ерге үйрет.
1733. Елдестіркемек — елшіден,  
Жауластырмақ — жаушыдан.
1734. Елді ала тайдай бүлдіріп.
1735. Елді қортық бұзар,  
Қойды шартық бұзар.
1736. Елді қу бұзады,  
Сүтті су бұзады.  
Қызды жеңге бұзады,  
Жеңгені теңге бұзады.
1737. Елді сөкпе,  
Кенді төкпе.
1738. Елді шешен алмайды, шебер алады.
1739. Елдің көркі — би,  
Үйдің көркі — ши.
1740. Елдің көркі — мал,  
Өзен көркі — тал.
1741. Елдің көші елу батпан.
1742. Елдің құты — би,  
Күші — бірлік,  
Байлығы — еңбек.
1743. Ел-елдің заңы басқа,  
Иттері қара қасқа.
1744. Елсіз ер тумайды,  
Ерсіз ел болмайды.
1745. Елсіз көлге бақа айғыр.

1746. Елу жылда ел жаңа,  
Жүз жылда қазан жаңа.
1747. Елшіге өлім жоқ.
1748. Елікбай еліктесе,  
Салықбай салақтайды.
1749. Елім деген еш кетпес.
1750. Елін жамандаған ер оңбайды,  
Төркінін жамандаған қыз оңбайды.
1751. Елін разы қылмаған жігіттен,  
Ерін разы қылған әйел артық.
1752. Елің еміренсе, сен тебірен.
1753. Еліңді жау басса,  
Үйіңді жар басады.
1754. Еліңнің үлкенін сыйла,  
Көршіңнің ала жібін қима.
1755. Еліріп сатып асаған,  
Екі күн ғана жасаған.
1756. Емен құрап ер өледі,  
Ел үшін істеген еңбек өлмейді.
1757. Емшекті ана берді,  
Несібін Тәңір береді.
1758. Емініп ішкен ас болмас,  
Ел қыдырған аш болмас.
1759. Енді көшсе, есте болсын.
1760. Енекемнің өлгені жақсы,  
Көпшігі көтіме жақсы.

1761. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды.
1762. Енесі тепкен құлынның еті ауырмас,  
Ептеп айтса, ерін жаурамас.
1763. Ең әуелі — денсаулық,  
Екінші керек — ақ жаулық.  
Жылқы деген — құр даурық,  
Шаруаны аздырмайтын — жүз саулық.
1764. Ең үлкен қате — ешқашанда қателеспеймін деу.
1765. Еңбегіңе қарап өнімің.
1766. Еңбегіңмен ел таныр.
1767. Еңбек ер азығы,  
Жауын жер азығы.
1768. Еңбек ер атандырады.
1769. Еңбек — ердің белгісі,  
Жалқау — ездің белгісі.
1770. Еңбек — ердің көркі,  
Ер — елдің көркі.
1771. Еңбек еткен сүйгенін жер,  
Жалқау тигенін жер.
1772. Еңбек еткеннің бар мұқтажы табылар,  
Еріншек барлығынан қағылар.
1773. Еңбек етсең, емерсің,  
Ерінбесең, жетерсің.
1774. Еңбек қылда, міндет қыл.
1775. Еңбек қылсаң, жерге қыл,  
Біріңе мың берер.

- Басқа кәсіп қылғанмен,  
Мұндайды саған кім берер.
1776. Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.
1777. Еңбек пен білім егіз.
1778. Еңбекке үйренем десең, ерінбе,  
Өнерге үйренем десең, жерінбе.
1779. Еңбексіз аспаннан бақыт түспейді.
1780. Еңбексіз ауырса, емі табылмайды,  
Есалаң жетсе, теңі табылмайды.
1781. Еңбексіз құралған дәулет,  
Емсіз жабысқан дертпен тең.
1782. Еңбексіз отыру — шалдың ісі,  
Еңбексіз жеу — салдың ісі.
1783. Еңбексіз тапқан дүниенің түбі, қайыры болмас.
1784. Еңбексіз үміт жеміссіз ағашпен тең.
1785. Еңбектіге қара жер ойланады.
1786. Еңбекшінің беті жарық,  
Еңбексіздің беті көн шарық.
1787. Еңбекшінің түбі — кеніш,  
Саудагердің түбі — борыш.
1788. Еңкейгенге еңкей,  
Атаңнан қалған құл емес.  
Шалқайғанға шалқай,  
Пайғамбардың ұлы емес.

1789. Еңіреп тапқан шалымды  
Ешкі теуіп өлтірді.
1790. Ер — егіз, еңбегі — жалғыз.
1791. Ер — елдің көркі.
1792. Ер — елдің ық жағының қаласы,  
Жел жағының панасы.
1793. Ер — намыстың құлы.
1794. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне.
1795. Ер адам айтпайды,  
Айтса, әсте, қайтпайды.
1796. Ер азамат белгісі — өрі мырза, өрі құл.
1797. Ер азамат белгісі —  
Түзде мырза, үйде құл.
1798. Ер азығы қолда,  
Бөрі азығы жолда.
1799. Ер азығы мен бөрі азығы жолда.
1800. Ер арыса — әруақ,  
Ат арыса — тулақ.
1801. Ер асылы күйінен белгілі,  
Қатын асылы үйінен белгілі.
1802. Ер атану еңбегіңнен.
1803. Ер баласы екі сөйлемейді.
1804. Ер басына күн туса, етігіменен су кешер,  
Ат басына күн туса, ауыздықпенен су ішер.



1805. Ер берігінде досың болсын,  
Жер берігінде қосың болсын.
1806. Ер болсаң, бопсаға шыда.
1807. Ер бір рет өледі,  
Қорқақ мың рет өледі.
1808. Ер дұшпансыз болмайды,  
Есек тұсаусыз болмайды.
1809. Ер — егіз, емген — жалғыз.
1810. Ер — егіз, еңбекте — жалғыз.
1811. Ер ел үшін туады,  
Ел үшін өледі.
1812. Ер елден туып өседі,  
Жеміс жерден өніп өседі.
1813. Ер елін сағынса,  
Әйел тұрманын тағынар.  
Ат жерін сағынса,  
Артқы аяғынан қағынар.
1814. Ер еңбегімен озады,  
Еріншек езілумен тозады.
1815. Ер еңбегіне жылайды,  
Ғаріп ақысына жылайды.
1816. Ер ерге қарайды,  
Ер жерге қарайды.
1817. Ер есектей тасиды,  
Қатын қаздай асайды.
1818. Ер есігі тоң темір,  
Ерітерге ер қайда!

1819. Ер жаманы тамақ қориды,  
Ит жаманы есік қориды.
1820. Ер жаңылып қолға түседі,  
Құс жаңылып торға түседі.
1821. Ержеткен қызыңды бергенше асық,  
Өлгеніңді көмгенше асық.
1822. Ер жетіліп бас болар,  
Тай жетіліп ат болар.
1823. Ер жігіт отаншыл.
1824. Ер жігіт ел үшін туады,  
Ел үшін өледі.
1825. Ер жігіт жабықса, оның көңілін  
ұзын шаш, жазық маңдай ашар,  
Әйел жабықса, оның көңілін  
тұрма белбеу, қынай бел ашар.
1826. Ер жігіт не көрмейді,  
Ер көңіл не бермейді.
1827. Ер жігіт өзі үшін өледі,  
Елі үшін өледі.
1828. Ер жігіт өлер намыстан,  
Қоян өлер қамыстан.
1829. Ер жігіттің жолдасы — төуекел.
1830. Ер жігіттің малына қарама,  
Малы көптің арына қара.
1831. Ер игісі қос табар.
1832. Ер кезегі үшке дейін,  
Үштен қалса кешке дейін.

1833. Ер көңілін кім ашар?  
Жарқылдаған жар ашар.  
Ат көңілін кім ашар?  
Қадірін білген ер ашар.
1834. Ер қадірін ер білер,  
Зер қадірін зергер білер.  
Тал қадірін бұлбұл білер,  
Ұйқышы надан не білер?
1835. Ер қадірін ер білер.
1836. Ер қолынан құс тоймас.
1837. Ер қосы жүре түзеледі.
1838. Ер құны — алды жақсы жүз жылқы,  
Қатын құны — жартысы.
1839. Ер намыс үшін таласады,  
Ит сүйек үшін таласады.
1840. Ер өзі үшін туады,  
Елі үшін өледі.
1841. Ер өлтірген еру болмас.
1842. Ер сыйлаған есікте қалмас.
1843. Ер туған жеріне,  
Ит тойған жеріне.
1844. Ер туса, аты бірге туар.
1845. Ер тілеген жер де ғазиз.
1846. Ер ұлан үйде туып, түзде өседі,  
Қас қыран ұяда туып, құзда өседі.

1847. Ер шекіспей, бекіспейді.
1848. Ерге біткен жүректің алуан-асыр түрі бар.
1849. Ерге лайық ат туар.
1850. Ерге мың пәле табылар,  
Оның да мың есебі табылар.
1851. Ерге өлім бар да, қорлық жоқ.
1852. Ергежейлінің елуі жиылып,  
Ешкіні жыға алмайды.
1853. Ерген ет жейді,  
Атын ит жейді.
1854. Ердей алып, биттей қаш.
1855. Ерден ердің қаупі бар.
1856. Ерден иман құтылмас.
1857. Ерден өнер құтылмайды.
1858. Ерді ер бұзады,  
Елді ел бұзады.
1859. Ерді жаяулық емес,  
Көңілі қаяулық тоздырады.
1860. Ерді кебенек ішінде танысын.
1861. Ерді көрсең, қадір тұт,  
Асты көрсең, қадір тұт.
1862. Ерді қорлама, састырар,  
Асты қорлама, құстырар.

1863. Ерді Құдай етектен алып сақтайды,  
Еркін жүйрік бөйгеден алшақтайды.
1864. Ерді Құдай сақтайды,  
Етікті нөлтаға сақтайды.
1865. Ерді намыс өлтіреді,  
Қоянды қамыс өлтіреді.
1866. Ердің атағын ел шығарады.
1867. Ердің атағын қатыны шығарады,  
Болмаса аты шығарады.
1868. Ердің атын қатын шығарады,  
Қатынның атын отын шығарады.
1869. Ердің атын не аты шығарар,  
Не қатыны шығарар.
1870. Ердің екі сөйлегені — өлгені,  
Емен ағаштың иілгені — сынғаны.
1871. Ердің еңбегін күндегенше,  
Өзіңнің жігеріңді шыңда.
1872. Ердің ерлігін білмеген,  
Құдайдың бірлігін білмейді.
1873. Ердің ері,  
Егеудің сынығы.
1874. Ердің көркі мал болар,  
Аттың көркі жал болар,  
Өзеннің көркі тал болар.
1875. Ердің малы ерде жүреді,  
Еріккенде құлда жүреді.

1876. Ердің өзі өлсе де, аты өлмейді.
1877. Ердің сандығы — қоржын,  
Әйелдің сандығы — сандық.
1878. Ердің сыншысы — ел.
1879. Ердің сыншысы — елі:  
Елі күйінгенге күйінген,  
Елі сүйінгенге сүйінген,  
Батыр деуге болады.
1880. Ердің ісі — тәуекел.
1881. Ердің ісі елдің мойнында,  
Елдің ісі ердің мойнында.
1882. Ерегесте ер өледі.
1883. Ерегіссе, екі батырдың бірі өледі.
1884. Ерегістен от шығады.
1885. Ерке бала анасын артқа шұқып ойнайды.
1886. Ерке баладан жынды бала жақсы.
1887. Еркек — әйелдің панасы.
1888. Еркек болып жаназаға кіре алмады,  
Қатын болып дауысқа кіре алмады.
1889. Еркек болып жанасызға кіре алмадым,  
Қатын болып жаулық сала алмадым.
1890. Еркек дауысты әйелдің ұяты жоқ,  
Әйел дауысты еркектің қуаты жоқ.
1891. Еркек қой бұралқы болмайды.

1892. Еркек қой — қойдың көркі,  
Ер жігіт — елдің көркі.
1893. Еркек семіз болса — елдің құты,  
Қатын семіз болса — үйдің құты.
1894. Еркек семіз болса — есек,  
Қатын семіз болса — төсек.
1895. Еркек шашады,  
Қатын жинайды.
1896. Еркектің қоры күлегеш,  
Әйелдің қары күлегеш.
1897. Еркенің көзі жас, шөтейі бұзаубас.
1898. Ерлі-зайыпты кісінің төрешісі — төсегі.
1899. Ерлі-зайыпты тең болса,  
Тоймен өтеді.  
Бірі артық, бірі кем болса,  
Оймен өтеді.
1900. Ерлік білекте емес, жүректе.
1901. Ерлік еңбек тілейді.
1902. Ерлік өлім ерді көбейтеді.
1903. Ерлік істен туады,  
Береке бірліктен туады.
1904. Ерлікке де ептілік керек.
1905. Ермін десең, серттен қайтпа,  
Есің болса, екі айтпа.
1906. Ерсіз қатын үйге тұрмас,  
Баусыз оймақ қолға тұрмас.

1907. Ерте емделгеннің ауруы асқынбайды.
1908. Ерте оңбаған кеш оңбас,  
Кеш оңбаған еш оңбас.
1909. Ерте тойған ас түске жетпейді,  
Жақсы ниет естен кетпейді.
1910. Ерте туып кеш қалған,  
Әр нәрседен бос қалған.
1911. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық,  
Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық,  
Ерте өргізген малдың күйісі артық.
1912. Ерте тұрғанның ырысы артық.
1913. Ерте шақырған көкектің басы жарылған.
1914. Ертегі байымыз болмайды.
1915. Ертеңгі асты тастама,  
Кешкі асқа қарама.
1916. Ертеңгі жылқышыдан сақтан,  
Кешкі қойшыдан сақтан.
1917. Ертеңгі тауықтан,  
Бүгінгі жұмыртқа артық.
1918. Ертеңі үшін есек қайғырады.
1919. Еріккенді Құдай екі келіншекті қылды.
1920. Еріккенге есі кеткен жолығады.
1921. Ерінбеген екі асар.
1922. Ерінбеген емер,  
Қажымаған жеңер.



1923. Ерінбеген етікші болар.
1924. Ерінбегеннің ерні майлы.
1925. Ерінбей есебін тап та, ұл тап.
1926. Ерінбесең — емерсің.
1927. Ерінген екі тышар.
1928. Ерінген екі істейді.
1929. Еріншекпен егескенше,  
Етегіңді түріп кетпен шап.  
Елгезекпен теңескенше,  
Бар күніңді салып бақ.  
Теңестім деп тек тұрма,  
Одан да озудың ақылын тап.
1930. Еріншектік еңіретер.
1931. Ерің жаман болса, ұтыласың,  
Қатының жаман болса, тұтыласың.
1932. Есалаңға айтқан сөз  
Соғып өткен желмен тең.  
Саңырауға айтқан сөз  
Алды тұйық жармен тең.
1933. Есек ойны қырық жылда,  
Есебі табылар бір жылда.
1934. Есекке тұмар таққанмен, тұлпар болмас,  
Қарғаға тұғыр қойғанмен, сұңқар болмас.
1935. Есектен жығылғанның емі жоқ.
1936. Есекті барға санағанмен, малға санама.

1937. Есектің еті арам,  
Күші адал.
1938. Есектің көтін жу да, мал тап.
1939. Есектің күші адал, сүті арам.
1940. Есен естуге жақсы,  
Семіз көруге жақсы.
1941. Есенді дос айрылмас.
1942. Есеп, есеп білмеген есек.
1943. Есепке кірмеген есек.
1944. Есепке кірмеген,  
Өсекке кірмес.
1945. Есепші аспанға қарайды,  
Айды, күнді санайды,  
Сан рет сандырайды.
1946. Есер жігіт желіксе,  
Енесімен ойнар.
1947. Есер жігіт сәнқой келер.
1948. Есердің тобы екеуге жетпей тозар,  
Ездің қайрағы жау жеткенде қозар.
1949. Ескі айда есіркедің,  
Жаңа айда жарылқасын.
1950. Ескі байды естен салма,  
Жаңа байдан қарыз алма.
1951. Ескі дос естен кетпейді,  
Жаңа дос қадіріңе жетпейді.

1952. Ескі жаңаны сақтайды.
1953. Ескі мешітке көкек азаншы,  
Есі кеткен елге есек азаншы.
1954. Ескілікке еті үйренсе,  
Жаңа жұртқа көшірмес.
1955. Ескіні есіңе алмай,  
Жаңа жадыға түспейді.
1956. Ескіні жамасаң, есің шығады.
1957. Ескінің бәрі есептен шықпайды,  
Жаңаның бәрі жайнап тұрмайды.
1958. Ессіз ауруды жынсыз бақсы бағады.
1959. Ессізге біткен мал,  
Жабыға біткен жалмен тең.
1960. Есті адам мінген атын арытпайды,  
Жаман адам бір жүрген жолдасын жарытпайды.
1961. Есті болса алғаның,  
Көресің Құдай салғанын.
1962. Естіген құлақта жазық жоқ.
1963. Естігенін елге жеткізе білген,  
Естімегенін елден табады.
1964. Естімеген елде көп,  
Есек мінген сарт та көп.
1965. Естінің сөзі төбе болады,  
Жаманның сөзі «тіпә» болады.
1966. Есі кеткен ешкі жияды,  
Ешкі жиса, есін жияды.

1967. Есігіңнің алды төбе болса,  
Ерттеп қойған аттай болады.
1968. Есік алдынан жел келгенше,  
Үй артынан жау келсін.
1969. Есіктен келіп төр менікі,  
Ылдидан келіп өр менікі.
1970. Есіктен кіре көркі озар,  
Төрге шыға құлқы озар.
1971. Есікті көргенді алма,  
Бесікті көргенді ал.
1972. Есіктің алдынан жел шыққанша,  
Үй артынан жау шықсын.
1973. Есің барда елің тап.
1974. Есің кетсе, ешкі жи,  
Ешкі жияр есіңді.
1975. Есіркеме жетімді,  
Жетім ұрар көтіңді.
1976. Есірікпен елерме,  
Сөзге жақын келер ме.
1977. Ет етке, сорпа бетке.
1978. Ет дегенде бет бар ма.
1979. Ет жегеннің бәрі қонақ,  
Енші алғанның бәрі бөлек.
1980. Ет жемесек те, сорпа ішкендей болдық.
1981. Ет тәттілігін қойса,  
Мен ұрлығымды қояр едім.

1982. Етектен тартқан ит — еңбек.
1983. Еттен өткен найзадан,  
Сүйектен өткен тіл ауыр.
1984. Еттің бәрі қазы болмайды,  
Иттің бәрі тазы болмайды.
1985. Еттің соры — қуырдақ.
1986. Етігің тар болса,  
Дүниенің кеңдігінен не пайда?!  
Қатының ұрысқақ болса,  
Дүниенің тыныштығынан не пайда?!
1987. Етік жолға бастайды,  
Шалбар түзге бастайды.
1988. Етік үлгісін бермесен де,  
Мәсі үлгісін бер.
1989. Етікшіден құлаш қаш:  
Бізі тиер көзіңе,  
Сөзі тиер өзіңе.
1990. Ешкі асығы деме,  
Қолыңа жақса, сақа ғой.  
Жасы кіші жарлы деме,  
Ақылы асса, аға ғой.
1991. Ешкі бастаған қой оңбайды.
1992. Ешкі егіз табады,  
Ит сегіз табады,  
Шошқа тоғыз табады.
1993. Ешкілі қой өреген,  
Қызды ауыл есекші.

1994. Ешкім анадан құл боп тумайды,  
Бақыт та, сор да жүре кездеседі.
1995. Ешкіні апа қылып,  
Текені жезде қылып.
1996. Ештен кеш жақсы.

### **Ж**

1997. Жабағы тайды қорлама,  
Жазға шықса-ақ ат болар.
1998. Жабу астында жал қалар,  
Жал қалмаса, жан қалар.
1999. Жабудан жаба тоқып.
2000. Жабулы қазан жабуымен.
2001. Жабыдан айғыр салсаң,  
Жауға мінер ат тумас.  
Затсыздан қатын алсаң,  
Мұнан жақсы ұл тумас.
2002. Жабыны жауға мінбе,  
«Жалы бар» деп.  
Жаманға құда болма,  
«Малы бар» деп.
2003. Жабыны сөкпе, жал бітер,  
Жаманды сөкпе, мал бітер.
2004. Жағасы жоқ, жеңі жоқ,  
Жеңсіз көйлек киесің.  
Есігі жоқ, жері жоқ,  
Қараңғы көрге кіресің.

2005. Жағымпаздан жаман жоқ,  
Жаман бар жерде аман жоқ.
2006. Жағымпазданған бала жатқанша бір жылар.
2007. Жаз айында су сағала,  
Қыс айында ну сағала.
2008. Жаз бар, қыс бар,  
Сыналар іс бар.
2009. Жаз дайындап берер,  
Қыс қызығын көрер.
2010. Жаз жазыл, қыс қысыл.
2011. Жаз жалауың болмаса,  
Жаз да болса қыспен тең.
2012. Жаз киерін қыс киіп,  
Жарлы қайтіп байысын.
2013. Жаз — ұрмақ, қыс — тозақ.
2014. Жаз — мереке,  
Қыс — келеке.
2015. Жазған құлда шаршау жоқ.
2016. Жазғы қатық, сынық қасық  
Келінім мен ұлыма.  
Күзгі қатық, күміс қасық  
Күйеуім мен қызыма.
2017. Жазғытұрғы айғыр жамбасынан.
2018. Жазғытұрғы айғырмен жарыспа,  
Күзгі қойшымен күреспе.

2019. Жазғытұрғы жел жардай атанды жығады.
2020. Жазда қайрат жұмсаған қыста қуанар.
2021. Жазды ойламаған бастықтың  
Егіні семіп шығар.  
Қысты ойламаған бастықтың  
Қыстай малы өліп шығар.
2022. Жаздың бір күні  
Қыстың он күніне татыр.
2023. Жаздың жайлауында,  
Биенің байлауында.
2024. Жаздың қамын қыс ойла,  
Бір ойлама, үш ойла.
2025. Жазы бар, қысы бар,  
Асығатын несі бар.
2026. Жазығым жалайыр болғаным ба?
2027. Жорықсызға жорға мінсе, жарыс па?
2028. Жазыла-жазыла қожамолдадан ұят болды,  
Енді өлмесем болмас.
2029. Жай жатқан жыланның құйрығын басып.
2030. Жайды білген жай тамыр жай кетеді,  
Жайды білмеген кей тамыр наз етеді.
2031. Жақсы — ардың құлы,  
Жаман — малдың құлы.
2032. Жақсы ағайын — сыншыл,  
Жаман ағайын — күншіл.



2033. Жақсы адам айтпай біледі.
2034. Жақсы адам да қауіпті,  
Жаман адам да қауіпті.
2035. Жақсы адам жаман болмас,  
Жағы түсіп қарыса да.  
Жаман адам жақсы болмас,  
Қанша қыдыр дарыса да.
2036. Жақсы адам жүрген жеріне кент салады,  
Жаман адам жүрген жеріне өрт салады.
2037. Жақсы адам сөзімен емес,  
Ісімен белгілі.
2038. Жақсы адам суға ұқсас,  
Өзгенің кірін кетіреді, өзі кірлейді.
2039. Жақсы адам елдің бейбітшілігін тілейді.
2040. Жақсы адамның белгісі —  
Ашуы бар, кегі болмас.  
Жаман адам белгісі —  
Сүйек сақтар, тік болмас.
2041. Жақсы адамның өкпесі  
Шетен жаулық кепкенше.  
Жаман адамның өкпесі  
Өле-өлгенше кеткенше.
2042. Жақсы адамның ішінде  
Алтын тұрманды ат жатады.  
Жақсы әйелдің ішінде  
Алтын басты ұл жатады.
2043. Жақсы ат — ер қанаты.
2044. Жақсы ат — жансерігі.

2045. Жақсы ат ажалдан,  
Болмаса бейнеттен құтқарады.
2046. Жақсы ат аяғынан қалады,  
Жақсы адам тамағынан қалады.
2047. Жақсы ата жаман балаға  
Қырық жыл азық.
2048. Жақсы атадан ат ұстайтын бала туады.
2049. Жақсы аттан жығылса,  
Жаман табашы болар.
2050. Жақсы аттың аузын ашпа,  
Жақсы ердің жасын сұрама.
2051. Жақсы аттың жалын сақтағанша,  
Жақсы ердің көңілін сақта.
2052. Жақсы аттың жалында бір литр арақ бар.
2053. Жақсы әйел жаман ерді адам қылар,  
Жақсы ер жаман әйелді адам қыла алмайды.
2054. Жақсы әйел жаман еркектің басын хан қылады,  
Жаман әйел жақсы еркектің басын даң қылады.
2055. Жақсы әке жаман балаға  
Бұрыс та, сор да болады.
2056. Жақсы байқай сөйлер,  
Жаман шайқай сөйлер.
2057. Жақсы бала — қызық,  
Жаман бала — күйік.
2058. Жақсы бала жеп өкпелейді,  
Жаман бала жемей өкпелейді.

2059. Жақсы бала әкесін төрге шығарар,  
Жаман бала есікке апарар.
2060. Жақсы бала басыңды төрге сүйрер,  
Жаман бала басыңды есікке сүйрер.
2061. Жақсы бастар,  
Жаман қостар.
2062. Жақсы басшы — құт,  
Жаман басшы — жұт.
2063. Жақсы болса биден,  
Жаман болса құлдан.
2064. Жақсы болса,  
Жаужұмырды ит жемей ме.
2065. Жақсы болсаң, сүйемін,  
Жаман болсаң, күйемін.
2066. Жақсы болсаң, жердей бол,  
Бәрін шыдап көтерген.  
Таза болсаң, судай бол,  
Бәрін жуып кетірген.
2067. Жақсы білер,  
Жаман күлер.
2068. Жақсы десе жан семіреді,  
Жаман десе жан күйінеді.
2069. Жақсы — жаманның азығы.
2070. Жақсы жар — бейіш,  
Жаман жар — тозақ.  
Жақсы бала — қуат,  
Жаман бала — мазақ.

2071. Жақсы жатырқамайды,  
Жаман таңырқамайды.
2072. Жақсы жегжатыңмен ауылда ауылдас,  
Түзде оттас болма.
2073. Жақсы жерге жатсаң,  
Жақсы-жақсы түс көресің.  
Жаман жерге жатсаң,  
Жаман-жаман іс көресің.
2074. Жақсы жетсе, қолының ұшын берер,  
Жаман жетсе, сені қайда көрдім дер.
2075. Жақсы жолдас ерттім дегенше,  
Жарты жолдан өттім де.  
Жаман жолдас ерттім дегенше,  
Жарты жолда қалдым де.
2076. Жақсы ит өлігін көрсетпейді.
2077. Жақсы ит үйін ұрламайды,  
Жақсы би төресін бұлдамайды.
2078. Жақсы кемпір — қазына,  
Жаман кемпір — қазба.
2079. Жақсы көрген тамырдың  
Атын алма, тайын ал.  
Жақсы көрген жеріңнен  
Қатын алма, қайын ал.  
Жақсы көрген тамырдан  
Нарын алма, қоспақ ал.  
«Келе ме жайың оған?» деп,  
Қайта-қайта мошқап ал.
2080. Жақсы көргенін айтар,  
Жаман бергенін айтар.

2081. Жақсы кісі елге керек,  
Жаман кісі қатқан-құтқанды жеуге керек.
2082. Жақсы кісі — жария,  
Жаман кісі — құпия.
2083. Жақсы кісі кек кектер,  
Шарғын жаулық кепкенше.  
Жаман кісі кек кектер,  
Басы жерге жеткенше.
2084. Жақсы қарт — халықтың архибы,  
Халық басынан өткенді жазып қойған тәртібі.
2085. Жақсы қатын ырысқа серік,  
Жаман қатын ұрысқа серік.
2086. Жақсы қойшының қозысы түлеп тұрар,  
Жаман қойшының құнан қойы жүдеп тұрар.
2087. Жақсы қыз үйінің жайын да ойлайды,  
Тиетін байын да ойлайды.  
Жаман қыз жақсы-жаман жәйді ойламайды,  
Тек тиетұғын байды ойлайды.
2088. Жақсы лебіз — жарым ырыс.
2089. Жақсы менен жаманды  
Ағайын-туған халық біледі.  
Кімнің халал-харамын  
Бір жаратқан Хақ біледі.
2090. Жақсы орынға,  
Жаман асқа таласады.
2091. Жақсы пайдасын тигізбесе де,  
Зиянын тигізбейді.
2092. Жақсы сөз — жан азығы,  
Жақсы жігіт — жар азығы.

2093. Жақсы сөз — жарым ырыс,  
Жаман сөз — ауыз садағасы.
2094. Жақсы сөз — қаймақ,  
Жаман сөз — тоқпақ.
2095. Жақсы сөзге жан семіреп.
2096. Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі,  
Жаман сөйлесе, аузынан жын төгіледі.
2097. Жақсы сүрінсе,  
Жаман табашы болады.  
Жаман сүрінсе,  
Жақсы тобашы болады.
2098. Жақсы тауып айтады,  
Жаман қауып айтады,  
Өтірікші жауып айтады.
2099. Жақсы туған елге бас,  
Жаман туған елге қас.
2100. Жақсы тұқым — мол өнімнің кешілі.
2101. Жақсы түс — жарым ырыс.
2102. Жақсы үйге түскен келін — келін-ақ,  
Жаман үйге түскен келін — келісап.
2103. Жақсыға — ишарат,  
Жаманға — келтек.
2104. Жақсыға да бір атаңа нәлет,  
Жаманға да бір атаңа нәлет.
2105. Жақсыға да бір шіркін,  
Жаманға да бір шіркін.

2106. Жақсыға дәулет бақ қонса,  
Парасатты паң болар.  
Жаманға дәулет мал бітсе,  
Орнын таппай таң болар.  
Көрінгенге ұрсып,  
Өз білгені оң болар.
2107. Жақсыға ерген жалпайған,  
Жаманға ерген қартайған.
2108. Жақсыға жалынсаң,  
Жаның қалады.  
Жаманға кез болсаң,  
Көңілің қалады.
2109. Жақсыға жаттық жоқ.
2110. Жақсыға қылған жақсылығың  
Өміріңде тозбайды.  
Жаманға қылған жақсылығың  
Ойдағыдай болмайды.
2111. Жақсыға сөз, жаманға шөп ереді.
2112. Жақсыда жаман мінез көп болады,  
Жаманда жақсы мінез жоқ болады.
2113. Жақсыда жаттық жоқ,  
Жаманда шаттық жоқ.
2114. Жақсыда кек жоқ,  
Жаманда тек жоқ.
2115. Жақсыда кек қалмайды,  
Торғын жаулық кепкенше.  
Жаманның кегі кетпейді,  
Басы жерге жеткенше.
2116. Жақсыдан ат қалады,  
Жаманнан дақ қалады.

- Молдадан хат қалады,  
Ұстадан тат қалады.
2117. Жақсыдан бала туса игі,  
Әке жолын құса игі.
2118. Жақсыдан жаман бала туса, емі табылмас,  
Жаманнан жақсы бала туса, теңі табылмас.
2119. Жақсыдан жаман бала туса, сайтан туады,  
Жаманнан жақсы бала туса, сұлтан туады.
2120. Жақсыдан жаман туады,  
Бір аяқ асқа алғысыз.  
Жаманнан жақсы туады,  
Адам айтса нанғысыз.
2121. Жақсыдан ат қалады.
2122. Жақсыдан қашпа,  
Жаманға баспа.
2123. Жақсыдан сөз қалады,  
Жаманнан бөз қалады.
2124. Жақсыдан туса жаман ұл,  
Қаратса да ем болмас.  
Жаманнан туса жақсы ұл,  
Сөйлесетін теңі болмас.
2125. Жақсыдан үйрен,  
Жаманнан жирен.
2126. Жақсылар болжап сөйлейді,  
Пайдалы сөзі алыстан.
2127. Жақсыларға сөз айтсаң,  
Сары қымыз ішкендей.



2128. Жақсылық жерде қалмайды.
2129. Жақсылық көрген жеріңе еңбекте де жет,  
Жамандық көрген жеріңнен еңбекте де кет.
2130. Жақсылық қылғанға, жамандық қылған сұм жігіт.  
Жамандық қылғанға, жақсылық қылған нар жігіт.
2131. Жақсылықты ақыл әділдікті істетер,  
Жамандықты ашу жауыздықты істетер.
2132. Жақсылықты әуелі өз басыңа істе,  
Басыңнан асса, досыңа істе.
2133. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,  
Жаманмен әзіл қылсаң, қаларсың ұятқа.
2134. Жақсымен жолдас болсаң, мұратыңа жетесің,  
Жаманмен жолдас болсаң,  
бармағыңды тістеп өтесің.
2135. Жақсымен сөйлессең, көзің ашылар,  
Жаманмен сөйлессең, көңілің басылар.
2136. Жақсыны бір кесек еттен қысады.
2137. Жақсыны жатқа санама,  
Аласаны атқа санама.
2138. Жақсыны жатқа шығарма.
2139. Жақсының артынан сөз ереді.
2140. Жақсының ары тәтті,  
Жаманның малы тәтті.
2141. Жақсының аты қалады,  
Ғалымның хаты қалады.

2142. Жақсының жақсы білер сымбатын,  
Жамандар қайдан білсін арзаны мен қымбатын.
2143. Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын,  
Жаманның жаманшылығын айт, құты қашсын.
2144. Жақсының жақсылығын жолдасынан біл.
2145. Жақсының жатқаны да жақсы екен.
2146. Жақсының қайғысы көпке ортақ.
2147. Жақсының мақсаты — ғылым мен білім,  
Жаманның мақсаты — арақ пен шылым.
2148. Жақсының малы жиында,  
Жаманның малы үйінде күйеді.
2149. Жақсының мінезі жаңбырға ұқсас,  
Қасы да, досы да пайдаланады.
2150. Жақсының өзі жетпеген жерге сөзі жетеді.
2151. Жақсының өзі өлгенмен де, ісі өлмейді.
2152. Жақсының өзі өледі,  
Сөзі өлмейді.
2153. Жақсының өзін көр де,  
Үйіне барма.
2154. Жақсының өлгені де жақсы болады.
2155. Жақсының пайдасы тимесе де,  
Найзасы тимейді.
2156. Жақсының сөзі ақыл шақырады,  
Жаманның сөзі ашу шақырады.

2157. Жақсының сөзі бар да, өзі жоқ.
2158. Жақсының сөзі кепіл болады,  
Жаманның өзі кепіл болмайды.
2159. Жақсының сөзі майдан қыл тартқандай,  
Жаманның сөзі адыр жын қаққандай.
2160. Жақсының сөзі өлшеп пішкендей,  
Жаманның сөзі түйеден түскендей.
2161. Жақсының ұрғаны,  
Жаманның сүйгені.
2162. Жақсының үйі түссе, күйі түседі,  
Жапанның үйі түссе, миы түседі.
2163. Жақсынікі — жария,  
Жамандікі — құпия.
2164. Жақын жердің алысы жаман,  
Аңдысқан жаудың танысы жаман.
2165. Жақын таласса, жатқа жем болар.
2166. Жақынның жаманына қайырылма,  
Алыстың жақсысынан айырылма.
2167. Жал-құйрығы қаба деп,  
Жабыдан айғыр салмаңыз.  
Қалың малы арзан деп,  
Жаманнан қатын алмаңыз.  
Жабыдан айғыр салсаңыз,  
Жауға мінер ат тумас.  
Жаманнан қатын алсаңыз,  
Топқа кірер ұл тумас.
2168. Жал құйрығын күзеген қысырақтай.

2169. Жаланбаса, сиыр бола ма,  
Ойнамаса, бала бола ма?
2170. Жалаңаш бар да, жауға шап,  
Ажалың келмей, өлмейсің.
2171. Жалған сөйлеу — арға сын.
2172. Жалған айтып пайда тап,  
Ақыры зиян көрерсің.  
Рас айтып халал тап,  
Ақыры пайда көрерсің.
2173. Жалған айтып тірі қалғаннан,  
Ақиқатты айтып өлген артық.
2174. Жалған қамқоршыдан  
Ашық дұшпан артық.
2175. Жалған намыс қасиет емес,  
Ар сақтаған қасиет.
2176. Жалғанда сүйерің — от,  
Ақыретте күйерің — от.
2177. Жалғанды жалпағынан басып.
2178. Жалғанның жарық пәлесі,  
Жалғанның жартысындай.
2179. Жалғанның қысасы  
Ақыретке кетпейді.
2180. Жалғыз ағаш үй болмас,  
Жалғыз жігіт би болмас.
2181. Жалғыз адам би болмас.
2182. Жалғыз ақыл жақсы,  
Екеу болса, бекем болады.

2183. Жалғыз баласы бардың жаны көкірегінде,  
Жалғыз түйесі бардың жаны кеңірдегінде.
2184. Жалғыз бие саудырған ханның ісі,  
Жалғыз үй қондырған қатын ісі.
2185. Жалғыз болар жігітке бедеу қатын тұс болар,  
Жарлы болар жігітке ажалды мал тұс болар.
2186. Жалғыз жүріп жол тапқанша,  
Көппен бірге адасқан артық.
2187. Жалғыз кісі жау қашырмайды,  
Жалғаса тұрған тобы болмаса.
2188. Жалғыз қаздың үні шықпас,  
Жалғыз қыздың мұңы шықпас.
2189. Жалғыз қойдың терісі тон болмайды.
2190. Жалғыз қойдың сүті іркіт болмайды,  
Іркіт болмас асыңды іркіп болмайды,  
Қара құстың томағасын алтыннан  
соқсаң да, бүркіт болмайды.
2191. Жалғыз құрай жел жарады.
2192. Жалғыз ұлдың қатыны  
Атжалмандай шұлғысын.
2193. Жалғыз үйдің қарғасы боққа тоймайды.
2194. Жалғыз шапқан ат жүйрік.
2195. Жалғыздық Құдайға ғана жарасады.
2196. Жалғыздың жары — Құдай.
2197. Жалғыздың сөзі жалған.

2198. Жалғыздың үні шықпайды,  
Жаяудың шаңы шықпайды.
2199. Жалғызы өлсе де,  
Жампозы өлсе де,  
Тамақ пен ұйқыға тыйым жоқ.
2200. Жалқау жоянның атын әйелі жүгендейді,  
Малын қасқыр түгендейді.
2201. Жалқау үй айнала отырар,  
Үйін боққа толтырар.
2202. Жалқауға күн көп.
2203. Жалқауға мал бітпес.
2204. Жалқауға орын жақпайды.
2205. Жалқауға сөз айтсаң,  
Адам тапшас жауап айтады.
2206. Жалқауға сөз, шабанға таяқ өтпейді.
2207. Жалқауға төрден орын жоқ.
2208. Жалқаулық мал бітірмес.
2209. Жалқаулықтан жан шығар.
2210. Жалмауыздың да жаны бар.
2211. Жалпы әйелді жамандасаң, анаңа тиер.  
Жалпы қызды жамандасаң, балаңа тиеді.
2212. Жалтақтай жеген қартадан,  
Асықпай жеген жуа артық.
2213. Жалтырап тұрған таза ар  
Кір жаққанға бұлғанбас.

2214. Жалынған қорған емес,  
Жағаласқан — қорған.
2215. Жалынған айбар емес,  
Жағаласқан — айбар.
2216. Жалынсаң, жау басынар,  
Басынар да, басыңа шығар.
2217. Жаман ағайын басыңа сыншы,  
Малыңа саншы болады.
2218. Жаман адам жақсы болмас,  
Қанша қыдыр дарыса да.  
Жақсы кісі жаман болмас,  
Жағы түсіп қарыса да.
2219. Жаман адам жасқаншақ,  
Лепірме адам мақтаншақ.
2220. Жаман адам қонақты кетпестей көреді,  
Жаңбыр жауса кеппестей көреді.
2221. Жаман адам тақпақшыл,  
Жаман сиыр соқпақшыл.
2222. Жаман адам төрге тырысар,  
Малы көп бай жерге тырысар.
2223. Жаман адам ұйқы ұйықтайды малға балап,  
Күлкі күледі сөзге балап.
2224. Жаман адамды асырасаң,  
Аузы-мұрныңды қан етер.  
Жаман малды асырасаң,  
Аузыңды май етер.
2225. Жаман айғыр иесіне тап береді.

2226. Жаман айтпай, жақсы жоқ.
2227. Жаман арба жол бұзар,  
Жаман адам ер бұзар.
2228. Жаман арба жол бұзар,  
Надан молда ел бұзар.
2229. Жаман атқа жал бітсе,  
Жанына торсық байлатпас.  
Жаман адамға мал бітсе,  
Жанына қоңсы қондырмас.
2230. Жаман атпен суға жүрсен,  
Аяғын баспас, жалдайды дер.  
Жаман кісіге ақыл айтсаң,  
Өсте нанбас, алдайды дер.
2231. Жаман аттан аяғым артық,  
Жаман жолдастан таяғым артық.
2232. Жаман ауруға — жақсы ас.
2233. Жаман әйел байының қойнына  
жатқанын сілет қылады.
2234. Жаман әйел, шабан ат,  
өтпес пышақ жігітті тез қартайтар.
2235. Жаман әйелден гөрі,  
Бойдағым жақсы.
2236. Жаман бай Құдайдан қорықпайды,  
Ұрыдан қорқады.
2237. Жаман бала қазанның үстіне қарар,  
Жақсы бала астына қарар.
2238. Жаман бала сыйламаса атасын,  
Атасы бермес батасын.



- Үлкенді бордан, кішіні зордан деген,  
Жалынса, кешір қатасын.  
Тағдырға тәбділ болмайды,  
Бір Алла не бұйырса, соны татасың.
2239. Жаман бар да, жақсы жоқ.
2240. Жаман бергенін айтады.
2241. Жаман биені жабулап, құлынын ал.
2242. Жаман болар бала жауға жаны ашиды.
2243. Жаман болса туысың,  
Туыспай-ақ құрысын.
2244. Жаман болып жүргеннен,  
Жақсы атақпен өлген артық.  
Шала бықсып жүргеннен,  
Біржолата сөнген артық.
2245. Жаман да болса ағамыз,  
Жақсыны қайдан табамыз.  
Ауру емес, жын емес,  
Мінезді қалай бағамыз.
2246. Жаман да болса, ұлың зор тусын.
2247. Жаман дос алдыңды орап жүргізбейді,  
Жақсы дос мәртебелегенін білгізбейді.
2248. Жаман дос — көлеңке,  
Басыңды күн шалса қасыңнан қалмайды.
2249. Жаман досқа жалынба,  
Жау жүргенде жаныңда.
2250. Жаман достан жақсы дұшпан артық,  
Өлі арыстаннан тірі тышқан артық.

2251. Жаман досыңмен айтыссаң,  
Жақсы досыңның көңілі қалар.
2252. Жаман ерден жайдағым жақсы,  
Жаман қатыннан бойдағым жақсы.
2253. Жаман жақыннан,  
Зерек дұшпан артық.
2254. Жаман жүрісінен құл болады,  
Жорға жүрісінен пұл болады.
2255. Жаман жігіт жақсы қызға бармаса да, «бардым» дер,  
Жаман қыз жақсы жігіт бермесе де, «алдым» дер.
2256. Жаман жігіт той бұзар,  
Жаман қатын үй бұзар.
2257. Жаман ит үріп жағады.
2258. Жаман иттің атын «бөрібасар» қояды.
2259. Жаман көрші — қосымша қонағың.
2260. Жаман көрші сырынды сыртқа шашады.
2261. Жаман күйеу қайынсақ.
2262. Жаман қарт аташыл болады,  
Тамаққа тойса, баташыл болады.
2263. Жаман қарт тамаққа тоймайды,  
Өзі берді, ұяты жоқ деп ойлайды.
2264. Жаман қарт тамаққа тоймас,  
Зерек бала сабаққа тоймас.
2265. Жаман қатын алғанымша,  
Бойдақ жүрсем нетеді.

- Жаман атқа мінгенше,  
Жаяу жүрсем нетеді.
2266. Жаман қатын алсаң,  
Үйіңнен мейманың кетер.  
Жаман бала тудырсаң,  
Көңіліңде арманың кетер.  
Шабан атқа мінсең,  
Бойыңнан дәрменің кетер.
2267. Жаман қойшы жанынан.
2268. Жаман қонақ асқа разы,  
Жақсы қонақ ықыласқа разы.
2269. Жаман қонақ үй тінтеді.
2270. Жаман қыз әкесін көрде де қозғайды.
2271. Жаман қызды ұзатқанда:  
Әке-шешесі «кетеді» деп жыласа,  
Ағасы «қайтып келеді» деп жылайды.
2272. Жаман менен жақсының жаны бірдей,  
Арық пенен семіздің бауыры бірдей.
2273. Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады.
2274. Жаман өз сыбағасына құлдық ұрады.
2275. Жаман сезімге сенгеннен,  
Жақсы сезімге арланған артық.
2276. Жаман сиыр өрге таласады,  
Жаман кісі төрге таласады.
2277. Жаман сопы тобашыл,  
Жаман адам табашыл.

2278. Жаман сөз — ауыз садағасы.
2279. Жаман сыйлағанды,  
Сиыр сипағанды білмес.
2280. Жаман тонның биті ашты,  
Жаман адамның тілі ашты.
2281. Жаман төре алдиярға мас болар.
2282. Жаман туса қыз, сыйламайды анасын,  
Ержеттім деп салыстырады денесін.  
Пенде де жоқ ықтияр,  
Не салса да көнесің.
2283. Жаман туысқаннан, жақсы ағайын.
2284. Жаман туыстан жақсы көрші артық.
2285. Жаман түйе ойнақтаса, жүт болады.
2286. Жаман ұста жанынан.
2287. Жаман үйден қосым жақсы,  
Сынық ошақтан мосым жақсы.  
Жаман қатын алғаннан да,  
Бойдақ жүрген осым жақсы.
2288. Жаман үйді қонағы билейді.
2289. Жаман халыққа өкпелі,  
Халық жаманға өкпелі.
2290. Жаман шабардың жүрісі болмайды,  
Кедей үйінің күріші болмайды.
2291. Жаман шынын айтам деп,  
Сырын айтады.

2292. Жаман ат жатпас.
2293. Жаман ауруға жақсы ас.
2294. Жаман жолбасшыдан,  
Жарық ай жақсы.
2295. Жаманға айтқан ақыл,  
Пішенге қойған отпен тең.
2296. Жаманға айтқан ақылың,  
Алтын да болса, мыспен тең.
2297. Жаманға ақсақал болғанша,  
Жақсыға атқосшы бол.
2298. Жаманға ас берсең, үйіңнен шықпас,  
Өлікке дұға қылсаң, түсіңнен шықпас.
2299. Жаманға ас қойсаң,  
Екі қолын бірдей салады.
2300. Жаманға дәулет тез бітсе,  
Нан піседі деміне.  
Затты болса жегжатың,  
Қарамайды артық-кеміне.
2301. Жаманға жақсылық етпе,  
Одан жақсылық күтпе.
2302. Жаманға жақсының жаны ашиды.
2303. Жаманға жалынғанша,  
Жат та, жаныңды қарма.
2304. Жаманға замандасының бөрі кінәлі.
2305. Жаманға мал не керек,  
Оның малы біреудікі.

2306. Жаманға ошақтың үш бұты үш айшылық жол,  
Ортасы қырық күншілік шөл.
2307. Жаманға сөз қайтармағанның өзі жауап.
2308. Жаманға сырыңды айтпа.
2309. Жаманға ісің түспесін,  
Қалыңға құсың түспесін.
2310. Жаман да болса баламыз,  
Жақсыны қайдан табамыз.
2311. Жаманда тек болмас,  
Жақсыда кек болмас.
2312. Жаманды досқа санама, іске сана.
2313. Жаманды жақсы десе, есі шығады,  
Жақсыны жаман десе, несі шығады.
2314. Жаманды жақсы десең,  
Бөрі қазандай болады.
2315. Жаманды жақыным деп сенбе.
2316. Жаманды жанға санама,  
Есекті малға санама.
2317. Жаманды көп құса, батыр болады.
2318. Жаманды көрмей,  
Жақсыны таппайсың.
2319. Жамандық аяқ астында,  
Жақсылық тау басында.
2320. Жамандық қума,  
Жақсылықты қуатта.

2321. Жамандық пайда етпейді,  
Жақсылық зая кетпейді.
2322. Жамандыққа жақсылық қыл.
2323. Жаманмен жолдас болсаң,  
Жүрегіңді жаралар.  
Ұрымен жолдас болсаң,  
Көңіліңді қаралар.
2324. Жаманмен құда болсаң,  
Боқпен той жасарсың.
2325. Жаманмен үйде ауыл,  
Түзде оттас болма.
2326. Жаманмен үйде оттас,  
Елде ауылдас,  
Жолда қостас болма.
2327. Жаманменен дос болма,  
Жақсыменен қас болма.
2328. Жаманнан би қойсаң, бір теңге ағасы болар,  
Ағасын кезеге сатып, дұшпаны оған табашы болар.
2329. Жаманнан бойың сатып ал,  
Жапалақ көрсең, атып ал.
2330. Жаманнан жақсы туады,  
Адам айтса нанғысыз.  
Жақсыдан жаман туады,  
Бір аяқ асқа алғысыз.
2331. Жаманнан жақсы туса, теңі табылмас,  
Жақсыдан жаман туса, емі табылмас.
2332. Жаманнан жарты аяқ ас қалады.

2333. Жаманнан жақсы ит артық.
2334. Жаманның айтқаны келмей,  
Сандырағы келеді.
2335. Жаманның ақылы түстен кейін кіреді,  
Жақсының қадірін істен кейін біледі.
2336. Жаманның алдап-сулап күшін көр.
2337. Жаманның ен-таңбасы жоқ,  
Сөзінен белгілі.
2338. Жаманның жаны балдан тәтті.
2339. Жаманның жаны тәтті,  
Жақсының сөзі тәтті.
2340. Жаманның жүзі бірге есеп,  
Қарғаның мыңына бір кесек.
2341. Жаманның қойнына жатқанша,  
Жақсының аяғына жат.
2342. Жаманның қызға барғаны  
Түзға барғандай.
2343. Жаманның ойыны жаман,  
Шошқаның мойыны жаман.
2344. Жаманның өнері өкпе,  
Орынсыз өкпелер көпке.
2345. Жаманның санға септігі бар,  
Жанға септігі жоқ.
2346. Жаманның сөзі түйеден түскендей.
2347. Жаманның ісі міндет болады,  
Кішінің ісі құрмет болады.



2348. Жамансыз ел болмас,  
Тасқынсыз сел болмас.
2349. Жамансыз жақсы болмайды,  
Жынсыз бақсы болмайды.
2350. Жамансыз жақсы болмайды,  
Айқайсыз бақсы болмайды.
2351. Жаманшылыққа туған құлынның  
Екі көзі таста.  
Ашаршылықта туған баланың  
Екі көзі аста.
2352. Жамаумен жаңармассың,  
Жуынып шын қарадан ағармассың,  
Шын ақ болсаң, қараймассың.
2353. Жан алған соң, жат болдың,  
Сүрінген соң, мат болдың.
2354. Жан бергенге дән береді.
2355. Жан иесіне тәтті.
2356. Жан қиналмаған жанақысы болмайды,  
Тауға шықпаған долана алмайды.
2357. Жанбай жатып сөнген.
2358. Жанға біткен жалқаулық адамды  
жауыздыққа икемдер.
2359. Жандыда балық үлкен,  
Жансызда қамыс үлкен.
2360. Жанжал құған адамнан  
Қасиетсіз болып бақ кетер.

2361. Жаны ашыған жақсының  
Қормалдығына кетейін.  
Жаны ашымас жақсының  
Тілеуін тілеп нетейін.
2362. Жаны ашымастың қасында басың ауырмасын.
2363. Жаны күйген Тәңірін қарғайды.
2364. Жанымды алмаған ауру —  
Жаным садағасы.
2365. Жанымды алмаған ауру — жанымсың.
2366. Жаның қайда жай тапса,  
Иманың сонда сағалар.
2367. Жаның жарда қалсын,  
Арың ардақталсын.
2368. Жаның сау болса, сорлымын деме,  
Тәнің сау болса, жарлымын деме.
2369. Жаныңды жалмайды,  
Жындымен қас болма,  
Айтқан сөзге нанбайды.
2370. Жаңа айдан жақсылық.
2371. Жаңа байығанмен тамыр болма,  
Хакімнің жасауылымен тамыр болма.
2372. Жаңа байығаннан қарыз алма,  
Ескі байдан қол үзбе.
2373. Жаңа биден билік сұрама,  
Жаңа байығаннан қарыз алма.
2374. Жаңа досты көргенде,  
Көне достың көзінен жас шығады.

2375. Жаңа құда — жандарал,  
Ескі құда — прокурор.
2376. Жаңбыр жаумай, су болып.
2377. Жаңбыр жауса жер көгереді,  
Дұға бірлән ер көгереді.
2378. Жаңбыр жауса — жердің ырысы,  
Егін бітсе — елдің ырысы.
2379. Жаңбырмен жер көгереді,  
Алғыспен ер көгереді.
2380. Жаңбырменен жер көгерер,  
Жер көгерсе, ел көгерер.
2381. Жаңбырменен жер көгерер,  
Дұғаменен ер көгерер.
2382. Жаңғалақ адам жарымеспен тең.
2383. Жаңғылық жаламай, ит тоймайды.
2384. Жаңылғанды жанындағы,  
Адасқанды артындағы білер.
2385. Жаңылмайтын жақ болмайды,  
Мүдірмейтін тұяқ болмайды.
2386. Жапалақ жаңбыр жауса, баласын қорғайды,  
Бұршақ жауса, басын қорғайды.
2387. Жапалақ көрсең, атып ал,  
Жаманнан басыңды сатып ал.
2388. Жапалақ сипағанмен сұңқар болмас,  
Жаман ат мақтағанмен тұлпар болмас.

2389. Жапалақ-жапалақ қар жауады,  
Жаман қатын қыз табады.
2390. Жапалақтан қаңқыған жалғыз  
қаздың үні болмайды,  
Шегірткеге талатқан қырғауылдың жүні болмайды.
2391. Жапалақты тасқа ұрсаң да, жапалақ өледі.  
Таспен жапалақты ұрсаң да, жапалақ өледі.
2392. Жаптым жала,  
Жақтым күйе.
2393. Жарағымен жүргенге жау жолықпас.
2394. Жарақты жаудан,  
Жалғыз басты қу мықты.
2395. Жарақты күні жау жолықпайды.
2396. Жараланған жазылар,  
Жапа шеккен оңалмас.
2397. Жараң ауырса — төн азабы,  
Төнің ауырса — жан азабы.
2398. Жарға біткен жантақты  
Жаннан кешкен нар жейді.
2399. Жарғанатқа жарықтан қараңғы артық.
2400. Жардың құрты жанды жейді,  
Жараның құрты төнді жейді.
2401. Жарлы байғұс жаманар,  
Жаманар да жаңарар.
2402. Жарлы болсаң, арлы болма,  
Қарап жүріп сорлы болма.

2403. Жарлы көті жалыншақ.
2404. Жарлы кісі жаманар,  
Жаманар да қуанар.
2405. Жарлыға жаз шықпас күн жылыда.
2406. Жарлыға жарты қарсақ пайда,  
Бүтін қарсақ қайда!
2407. Жарлылығын жасырған байымайды.
2408. Жарлылық жақсы екен,  
Жатып ішер ас болса.
2409. Жарлымын деп қамықпа,  
Жалғызбын деп зарықпа.
2410. Жарлының аузы асқа тисе, мұрны қанайды.
2411. Жарлының байға жалынамын деп,  
Тоқтылы қойлық ақысы кетеді.
2412. Жарлының байлығы — денінің саулығы.
2413. Жарлының бір тойғаны — шала байығаны.
2414. Жарлының пірі — жалтаң ата,  
Ұрының пірі — қалтаң ата.
2415. Жарлының сөзі жалған,  
Жалғыздың сөзі жалған.
2416. Жарым күнге жарыс жоқ.
2417. Жарым құрсақтан,  
Жатар орын жақсы.
2418. Жарымың қойшы болсаң,  
Жарымың тойшы бол.

2419. Жас баланың қолы жылан өлтіреді.
2420. Жас бөрі жаранға,  
Кәрі бөрі қыранға.
2421. Жас өспей ме,  
Жарлы байымай ма.
2422. Жас уақытында адам  
Жүгенсіз бала итпен бірдей.
2423. Жас, жасты жібіткен ас.
2424. Жасанған жауды жарақты қолмен  
тоқтатуға да болады,  
Жалынды сөзбен тоқтатуға болады.
2425. Жасанып келген жаудан сақтасын,  
Жасырынып келген ұрыдан сақтасын.
2426. Жасарайын десең, қайныңа бар,  
Еркелейін десең, нағашыңа бар.
2427. Жас-жастың тілеуі бір,  
Жібектің түйіні бір.
2428. Жасқаншақтың көзі сау.
2429. Жастық шақ — жаза басқыш,  
Кемел жас — жазаға қарсы күрескіш,  
Кәрілік — қатесін ойлай өкінгіш.
2430. Жастықта өлім берме,  
Қартайғанда бейнет берме.
2431. Жастықта өлім берме,  
Қартайғанда жарлылық берме.
2432. Жастықтың алды — қызық,  
Арты — тұман.

2433. Жасы бір құрдас емес,  
Заманы бір құрдас.
2434. Жасық болат болмайды егегенмен,  
Қысқа ұзын болмайды теңегенмен.
2435. Жасынан жетім қалған бала өзі тоя алмайды дүр,  
Атасы көргенсіз бала үш шақырмай,  
«ау» демейді дүр.
2436. Жасыңда алғыр болмасаң,  
Қартайғанда қалғаның.
2437. Жасыңда қылжаң болсаң,  
Өскенде мылжың боларсың.
2438. Жасыратын несі бар,  
Жанұзақ би өліпті.
2439. Жасырған ауру жазылмайды.
2440. Жасырын жымысқадан ашық айқай артық.
2441. Жата берсең, жау алар,  
Үндемесең, дау алар.
2442. Жатқа жалынғанша,  
Жат та жаныңды қарма.
2443. Жатқа сырыңды айтпа,  
Өзіңе өтірік айтпа.
2444. Жатқан жұтамайды.
2445. Жатқан жыланның құйрығын өзің бастың.
2446. Жатқан тас мүктенер.
2447. Жатқанға берсең, маған бер.

2448. Жатқанға жан жуымайды.
2449. Жатын орын — жарты құрсақ.
2450. Жатып ішер жалқау қатын,  
Сормандай ерге тұс болар.
2451. Жау аяған жаралы болар,  
Ел аяған паналы болар.
2452. Жау белгісі тасында,  
Бай белгісі асында.
2453. Жау жағадан алғанда,  
Бөрі етектен алады.
2454. Жау жоқ деме, жар астында,  
Бөрі жоқ деме, бөрік астында.
2455. Жау жоқта қорқақтан батыр жоқ,  
Дау жоқта қисықтан мақұл жоқ.
2456. Жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап.
2457. Жау малы жасық, татымайды.
2458. Жау таяғы өтпейді.
2459. Жау тілегенге берер,  
Қыз таңдағанға масыл келер.
2460. Жау тілегенге жасыл береді.
2461. Жау үріксін десең, жасқанба.
2462. Жау іші жау жаламда.
2463. Жауатұғын күн ыстық болады,  
Өлетұғын бала пысық болады.



2464. Жауға ат мінсең:  
Қашса құтылып,  
Қуса жететін болсын.
2465. Жауға бармасаң да,  
Жасағыңды кемітпе.
2466. Жауға да ұят шаптырады.
2467. Жауға жалынба,  
Досқа тарылма.
2468. Жауға оза шаппа,  
Атың, я, өзің оққа ұшасың.  
Қайратыңды жаудың ішіне кірген соң көрсет.
2469. Жауға сыртыңды берсең де, сырыңды берме,  
Сырыңды берсең, кісіден көрме.
2470. Жауға шықсаң,  
Әрбір тауда бір Құдай.
2471. Жауда да бір үйің болсын.
2472. Жауда кегің кетпесін,  
Туырлығыңды тілсең де.
2473. Жауда қолды бастаудан,  
Көпте сөз бастаудан қиын жоқ.
2474. Жаудағының тезегі тиеді.
2475. Жауды аяған жаралы болады.
2476. Жауды аяған жарымен қош айтысар.
2477. Жауды батыр қашырады,  
Жақсы ат Бараққа қалады.

2478. Жауды бір-ақ шап,  
Отты бір-ақ жақ.
2479. Жауды жеңу үшін,  
Жаныңды сақта.  
Жаныңды сақтау үшін,  
Жаныңдағыларды сақта.
2480. Жауды көрсең, жасан,  
Елді көрсең, қасан.
2481. Жаужұмыр жақсы болса, ит жемес еді.
2482. Жауырды жаба тоқыт.
2483. Жаяудың ақысын атты жемес.
2484. Жаяудың байлығы —  
Мойнында жүгі болмаса.  
Кедейдің байлығы —  
Мойнында борышы болмаса.
2485. Жаяудың шаңы шықпас,  
Жалғыздың үні шықпас,  
Бардың міні шықпас.
2486. Жеген ауыз жесін.
2487. Жеген ауызды байлайды.
2488. Жеген білмейді,  
Тураған біледі.
2489. Жездемнің көңіліне қараймын деп буаз болдым.
2490. Жейдесін жасырып,  
Түймедейін асырып.
2491. Жек көре білмеген,  
Сүйе де білмейді.

2492. Жеке шапқан ат жүйрік.
2493. Жекен көлінде,  
Жігіт елінде.
2494. Жел аударған қаңбақтай,  
Су аударған дөңбектей.
2495. Жел болмай шөп басы қозғалмайды.
2496. Жел — дауылдың шақыртушысы.
2497. Жел кірмеске сөз кіреді.
2498. Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды.
2499. Жел тынса, түтін түзу ұшар.
2500. Желдеген түйе, желіккен әйелдің жолы қатты.
2501. Желдетпей тұман ашылмас,  
Желпінбей жүйрік басылмас.
2502. Желмен келген желмен кетеді.
2503. Желі ессе, бітеді,  
Жаза кешсе, бітеді.
2504. Жемір қатын жеті ай жериді,  
Арсыз қатын алты ай жериді.
2505. Жеңгемнің көңіліне қараймын деп буаз болдым.
2506. Жеңгенің бір бұты — адал,  
Бір бұты — арам.
2507. Жеңі жаман ас іше алмайды,  
Аяғы жаман төрге шыға алмайды.

2508. Жеңі жаманды ит қабады,  
Пейлі жаман қыз табады.
2509. Жеңіл тулақ желге ұшар.
2510. Жер анасы — мал баласы.
2511. Жер астынан жік шықты,  
Екі құлағы тік шықты.
2512. Жері байдың елі бай.
2513. Жер даңқы байлықпен шықса,  
Ер даңқы еңбекпен шығады.
2514. Жер дауы мен жесір дауы сөнбейді.
2515. Жер жақсысы саз болар,  
Ат жақсысы боз болар.
2516. Жер жерінде,  
Мекен суында.
2517. Жер көтермегенді ер көтереді.
2518. Жерге біткен жемісті  
Жетсең де, жеті аса.
2519. Жерге түскен жетімдікі.
2520. Жерден жеті қоян тапқандай.
2521. Жерден күшті болар ма  
Ауырлықты көтерген.  
Судан таза болар ма  
Барлық кірді кетірген.
2522. Жерден тапсаң, санап ал,  
Жан-жағыңа қарап ал.

2523. Жерді баптай білу — мол өнімнің тетігі.
2524. Жердің ең төрінде отырмын деп мақтану —  
Оның айналып тұрғанын білмегендік.
2525. Жердің жүзін су басса,  
Үйректе не қайғы болсын!
2526. Жердің көркі — өзені мен көлі,  
Малдың көркі — еріп жүрген төлі.
2527. Жерлі құнанды  
Терлі құлан аудырар.
2528. Жерлі түлкі аштан өлмес.
2529. Жеріне қарай бұланы,  
Тауына қарай қыраны.
2530. Жесір ерден кетсе де,  
Елден кетпейді.
2531. Жетекке жарамаған ит аңға жарамайды.
2532. Жетектеген ит қораға үрмес.
2533. Жетекшіл мұрнын тескен түйедей.
2534. Жетесізге мал бітсе,  
Жақынынан безеді.  
Жақсы ат иесінің сырын,  
Тақымынан сезеді.
2535. Жеті атасы би болған,  
Жеті жұрттың қамын жер.  
Кенеттен би болған,  
Құлағы менен жағын жер.
2536. Жеті атасын білмеген —  
Жетесіздің салдары.

2537. Жеті атасын білмеген —  
Жетімдіктің салдары.
2538. Жеті жұрттың тілін білгендей.
2539. Жетім бала жалтақ келер.
2540. Жетім бала кекшіл болады.
2541. Жетім балаға жоғалған тайды енші қылады.
2542. Жетім қозы жүре жетіледі.
2543. Жетім қозы тас бауыр,  
Түңілер де отағыр.
2544. Жетім қозы түртіншек.
2545. Жетім құрсағы жетеу.
2546. Жетім тана жерде қалмайды.
2547. Жетімді жегенше, етіңді же.
2548. Жиен ел болмайды,  
Желке ас болмайды.
2549. Жиен сыйлық көп берген екен,  
Көп десем, ол боқ берген екен.
2550. Жоғалған пышақтың сабы алтын.
2551. Жоғалып табылған мал — олжа,  
Ауырып жазылған жан — олжа.
2552. Жоғарғы ерні көк тіреп,  
Төменгі ерні жер тіреп.
2553. Жоғарғыны елге,  
Төменгіні селге.

2554. Жоғары көңілге қысқа қол жетпейді.
2555. Жоғары қарап, пікір қыл,  
Төмен қарап, шүкір қыл.
2556. Жоқ — жомарт,  
Жолаушы — мырза.
2557. Жоқ қасына барғанда,  
Жоғалмасаң, маған кел.
2558. Жоқпен құда болғанша,  
Бармен барымталы бол.
2559. Жоқты жоқ табады.
2560. Жоқты іздей зорланба,  
Бәрін бер деп сарнама!
2561. Жоқтық жомарт ердің қолын байлайды.
2562. Жоқтық ұят емес,  
Байлық мұрат емес.
2563. Жоқшылық жаманның иығын түсіреді,  
Жақсыны құрыштай пісіреді.
2564. Жол арқанын көп тарттым,  
Қане, қолым жарасы.  
Жол батырын көп астым,  
Қане, қолым қарасы.
2565. Жол атасы — тұяқ,  
Су атасы — бұлақ.
2566. Жол соқпақтан, өзен бұлақтан басталады.
2567. Жолаушы жиылып елден көп болмайды,  
Шұқанақ жиылып көлден көп болмайды.

2568. Жолаушыға көп сөйлесең,  
Жолынан қалдырасың.  
Құдаңа көп жазсаң,  
Сырыңды алдырасың.
2569. Жолаушының жолын тоспа, қалдырасың,  
Топты жаудың алдын тоспа, алдырарсың.
2570. Жолаушының кешіккеніне сүйін.
2571. Жолға шықсаң, жолдасыңды тауып ал,  
Ат алғанда, мініп, желіп шауып ал.
2572. Жолдас болсаң, сынап ал,  
Ары мен ақылын өлше.  
Қиынға жұмса, жүрегің сенсе,  
Панасы бол, қорлық көрсе.
2573. Жолдастың жаманы жел жағыңа тышады,  
Бақырауық түйедей үстіңе құсады.
2574. Жолдасы жаманның жолы болмайды.
2575. Жолдасын жауға қалдыру —  
Жамандықтың белгісі.  
Оны жаудан құтқару —  
Адамдықтың белгісі.
2576. Жолдасын таппаған ер азады,  
Басшысын таппаған ел азады.
2577. Жолдасың жаман болса,  
Алыс жүріп түн қатпа.  
Қатының жаман болса,  
Кісі көзінше сөз айтпа.
2578. Жолдасың көзі соқыр болса,  
Бір көзіңді қысып отыр.



2579. Жолы болар жігіттің  
Жеңгесі алдынан шығады.
2580. Жолықтырма, жолықты ма дегенге болып тұрма.
2581. Жолыңа жуа бітсін.
2582. Жомарт бергенін айтпас,  
Ер айтқанынан қайтпас.
2583. Жомарт жоқта тоқтар,  
Тентек көпке тоқтар.  
Өтірік шынға тоқтар,  
Асыл қынға тоқтар.
2584. Жорға мінген жолдасынан айрылар,  
Көп жасаған құрдасынан айрылар.  
Пайдакүнем өзімшіл  
Қадірлес өскен сырласынан айрылар.
2585. Жорғаға мінген жолдасынан айрылар,  
Сұлу алған құрдасынан айрылар.
2586. Жорғаң қатты болса, төске сал,  
Ісің ақ болса, көпке сал.
2587. Жортар аттың тоғы игі,  
Жаман баланың жоғы игі.
2588. Жортуылдың басы жолда қалады.
2589. Жортуылшының басы жолда қалар.
2590. Жорыққа қатын аттанса,  
Саһар мен сабын олжалайды.
2591. Жуан созылғанша,  
Жіңішке үзіледі.

2592. Жуас түйе жүндеуге жақсы.
2593. Жуас тышқан қап жарады.
2594. Жуастан жуан шығар.
2595. Жұлдызсыз түн келіспейді,  
Жолдассыз жорық келіспейді.
2596. Жұлынғанның жұлыны үзілді.
2597. Жұмсақ ағашты құрт жейді.
2598. Жұмыртқада түк қанша,  
Әйелдің ақылы сонша.
2599. Жұмыс істегенің бізге жақсы,  
Үйренгенің өзіңе жақсы.
2600. Жұртта қалған жөке арқан  
Алып кімді бай етер,  
Қалып кімді жарлы етер.
2601. Жұрттың аузына қақпақ болма.
2602. Жұрттың бөріне жақсы атты көрінуші.
2603. Жұрттың ұлы ұл-ақ,  
Біздің ұлымыз талтақ.
2604. Жұрттың Ыбырайы — Ыбырай,  
Біздің Ыбырай — сұмырай.
2605. Жұт болса, ит пен қасқыр құтырады.
2606. Жұт есесі тез қайтады,  
Шапқыншылық есесі тез қайтады.
2607. Жұт жеті ағайынды,  
Күйеу сегіз ағайынды болады.

2608. Жұтаған жұртын мақтайды.
2609. Жұтқан жұтамайды,  
Үрлеген қарын шірімейді.
2610. Жүгенсіз өскен баладан,  
Ноқта көрген тай артық.
2611. Жүгірген алмайды,  
Бұйырған алады.
2612. Жүгірген жетпейді,  
Бұйырған кетпейді.
2613. Жүз жаман бір жақсы өлсе, қоя алмайды,  
Бір жақсы жүз жаман өлсе, қояды.
2614. Жүз жыл оқып, мың кітап жинаса да,  
Жұқпайынша ғалым болмайды.
2615. Жүз кісіден күйеу үлкен,  
Мың кісіден жиен үлкен.
2616. Жүз қараң болғанша,  
Жүз тамырың болсын.
2617. Жүз қой бітсе, үре бер.
2618. Жүзден жүйрік,  
Мыңнан тұлпар шығады.
2619. Жүздің көркі — сақал,  
Сөздің көркі — мақал.
2620. Жүйе деген нарымыз,  
Өзіміздегі барымыз.
2621. Жүйелі қарғыс жүйесін табады,  
Жүйесіз қарғыс иесін табады.

2622. Жүйрік ажалдан құтқармағанымен,  
Бейнеттен құтқарады.
2623. Жүйрік ат аяғынан ақсайды,  
Жақсы жігіт ағайыннан ақсайды.
2624. Жүйрік ат пен жүлделі жігіттің  
олжасы — көптік.
2625. Жүйрік аттың суатын ашпаса,  
Сауалы бар.  
Суатын ашса,  
Сауабы бар.
2626. Жүйрік мінсең, жабы мін,  
Керуенде көлігің болады,  
Жортуылда серігің болады,  
Төзіміне көңілің толар.
2627. Жүйрік озар жарыста.
2628. Жүйрікке тұмар.
2629. Жүйрікпенен жарыспа,  
Күштіменен алыспа.  
Күштіменен алыссаң,  
Жықсаң да, жықпасаң да  
Үлкен жұмыс сол болар.  
Сыбанып бір түссең,  
Кемдікте басың қор болар.
2630. Жүйрікте сын болмас,  
Жақсыда мін болмас.
2631. Жүйріктің жауы — томар,  
Түлкінің жауы — сонар.
2632. Жүйріктің шамасына шаң жұқпайды.

2633. Жүк ауыры нарға сын,  
Жұмыс ауыры ерге сын.
2634. Жүк ауырын нар көтерер,  
Ел ауырын ер көтерер.
2635. Жүні тайған итке боқ жолықпайды.
2636. Жүрген алмас, бұйырған алар.
2637. Жүрген аяққа жөргем ілінеді.
2638. Жүрген жер тойдан қызық,  
Жүрген жердің бәрі қызық.
2639. Жүргенге жөргем ілінеді,  
Жатқанға жан жуымайды.
2640. Жүре-жүре жетіледі.
2641. Жүре-жүре көсем болады,  
Сөйлей-сөйлей шешен болады.
2642. Жығылған күреске тоймас,  
Жоқ жоғалтқан төбеге тоймас.
2643. Жығылған сүрінгенге күледі.
2644. Жығылған үстіне жұдырық.
2645. Жығылғанды жер көтереді.
2646. Жығылсаң, түйеден жығыл.
2647. Жығылсаң, жығыл нардан,  
Ажалың өлдеқайдан.
2648. Жыл деген ат басын бұрғанша,  
Ай деген аунап тұрғанша.

2649. Жыл мен айдың өткені —  
Ажалдың жуық жеткені.
2650. Жылағанды сұрама,  
Күлгенді сұра.  
Жылағанның мұңы бар,  
Күлгеннің сыры бар.
2651. Жылағанды тексерме,  
Күлгенді тексер.
2652. Жылайтын баланың  
Үш күн бұрын көзі қышиды.
2653. Жыламай балаға тамақ бермейді.
2654. Жыламай жас балаға емшек бермес.
2655. Жылан түк біткен сайын қалтырауық.
2656. Жылан жүрсе, иір-иір жүреді,  
Ініне түзу барып кіреді.
2657. Жылан жылыны сүйеді.
2658. Жылан ирендеп жүреді,  
Дұшпан сүйреңдеп күледі.
2659. Жыланға да ақ құйып шығарады.
2660. Жыланға жақын болсаң, зәрі жұғады,  
Ойнасшылға жақын болсаң, қары жұғады.  
Бұл сөзімді ұғыңыздар,  
Сынықтан басқаның бәрі жұғады.
2661. Жыланды өлтіргеннің сауабы бар.
2662. Жыланды үш кертсең де,  
Кесірткелік қауқары бар.

2663. Жыланның ағы да жылан,  
Қарасы да жылан.
2664. Жыланның басын кесіп алсаң да,  
Кесірткедей қуаты бар.  
Жыланның өзі өлсе де,  
Құйрығы өлмейді.
2665. Жыланның сүймес асы  
Інінің аузына шығады.
2666. Жылап сөйлеген әйелден без,  
Күле сөйлеген еркектен без.
2667. Жыласуға өз жақсы,  
Сыйласуға жат жақсы.
2668. Жылда-жылда ұл табам,  
Өзіме-өзім таң қалам.
2669. Жылдырмаш көңіл тойғызбайды,  
Қуырмаш тамақ тойғызбайды.
2670. Жылжып жыл өтеді,  
Айналып ай өтеді.
2671. Жылжып жыл өтеді,  
Ойлап ой өтеді.
2672. Жылқы айдаса — жаудікі,  
Ысқырса — желдікі.
2673. Жылқы кенжелесе, өседі,  
Қой көбелесе, өседі.
2674. Жылқы көркі — жал,  
Жігіт көркі — мал.
2675. Жылқы малы жер таныр,  
Жақсы жігіт ел таныр.

2676. Жылқы менен қыз жаудың олжасы.
2677. Жылқы сойған үйден үш күнге дейін шықпа,  
Сиыр сойған үйге үш күнге дейін барма.
2678. Жылқыны шұбырған құртады,  
Бидайды қуырған құртады.
2679. Жылқыны шұбырған таусар,  
Етті қуырған таусар.
2680. Жылқының етін жесең, тісіңе кіреді,  
Жемесең, түсіңе кіреді.
2681. Жылқының көркі — күлік,  
Үйдің көркі — мүлік.
2682. Жылқыңды өртеңге сал,  
Пиғылыңды кеңге сал.
2683. Жылтыраған бетіңе,  
Жылан кірсін көтіңе.
2684. Жылы сөйлесе,  
Жылан інге кіреді.
2685. Жылы-жылы сөйлесе,  
Жылан іннен шығады.  
Қатты-қатты сөйлесе,  
Кәпір діннен шығады.
2686. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады,  
Қатты-қатты сөйлесең, қатының үйден безеді.
2687. Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады,  
Қатты-қатты сөйлесең, жаман діннен шығады.
2688. Жылын жұртқа санаған.



2689. Жынды баладан,  
Ерке бала жаман.
2690. Жынның батасын кім біледі.
2691. Жыртық та болса тон жақсы,  
Қисық та болса жол жақсы.
2692. Жыртық үйге тамшы жау.
2693. Жыртыққа жамау тура келіп.
2694. Жібек жабу жорға етпес.
2695. Жібек жапқанмен,  
Жабы жорға болмайды.  
Сөлде орағанмен,  
Надан софы молда болмайды.
2696. Жібекті бағаламаған жүн қылады,  
Қызды асырай алмаған күң қылады.
2697. Жібі өзірдің ісі өзір.
2698. Жігері бардың білегі бар.
2699. Жігіт адамға өлім жоқ,  
Өлінің қылышына өзі ұшырайды.
2700. Жігіт болдым демес,  
Болдым десе, болғаны болған емес.
2701. Жігіт болса, от болсын,  
Екі көзі шоқ болсын.
2702. Жігіт жиғанын жемейді,  
Бұйырғанын жейді.
2703. Жігіт жолдасынан белгілі.

2704. Жігіт қадірі өнермен өлшенер,  
Кедейлігіне қарама, кісілігіне қара.
2705. Жігіт қырық ақ үй, қырық қара үй тігеді.
2706. Жігіт қырық қырлы болсын,  
Я, бір сырлы болсын.
2707. Жігіт сегіз қырлы,  
Сегіз сырлы болсын.
2708. Жігітке жетпіс өнер аз.
2709. Жігітке өлең де — өнер,  
Өнер де — өнер.
2710. Жігіттер, жарлы болма,  
Жарлы болсаң, арлы болма.
2711. Жігіттікте жаннан кеш те, іс қыл.
2712. Жігіттің жорғасы еліне ие болады,  
Тайдың жорғасы түйе болады.
2713. Жігіттің көркі — тіл,  
Дыраптың көркі — гүл.
2714. Жігіттің сорлысын  
Аттың жолдысы жеңеді.
2715. Жілік алмақ баланың мінезінен.
2716. Жіңішке жуандап, жас өскендей.

**3**

2717. Залым кетпең, халық қалмақ,  
Түнек кетпең, жарық қалмақ.

2718. Залымға қылған қайырың  
Жамандықпен қайтады.
2719. Заман азбайды, адам азады.
2720. Заман азып, жер тозды,  
Топтан озған тұлпардан,  
Үйге қайтқан ит озды.
2721. Заман жаманнан жерісе,  
Жаман заманнан жерір.
2722. Заманы бірдің амалы бір.
2723. Заманына қарай адамы.
2724. Заманына қарай амалы.
2725. Заманына қарай заңы,  
Тоғайына қарай аңы.
2726. Заманының тозғаны —  
Аттан байтал озғаны.
2727. Заманың бөрі болса,  
Тазы боп шал.
2728. Заманың қалай болса,  
Беркінді солай ки.
2729. Заманың түлкі болса,  
Тазы боп шал.
2730. Заң баққан мал баққаннан мал сұрайды.
2731. Зор зорға құлайды,  
Аңғырт орға құлайды,  
Аңқау құс торға құлайды.

2732. Зор зорға құлайды,  
Арғымақ орға құлайды,  
Тұйғын құс торға құлайды.

## *И*

2733. Игі деген жігіттің исі шықпас.
2734. Игіліктің ерте-кеші жоқ.
2735. Иенге шықсаң, мылтық ал:  
Жаяу жүрсең — таяғың,  
Ашыққанда — тамағың,  
Жау жолықса — жарағың.
2736. Иесі екі етер десе,  
Тәңірісі бір етер.
2737. Иесі нар ма, түйесі нар ма?
2738. Иесіз ауруды жынсыз бақсы бағады,  
Иттен қорыққан дуаналық қылмайды.
2739. Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал.
2740. Ине өткен жерден жіп өтеді,  
Жіп өткеннен іс бітеді.
2741. Инедей тесіктен түйедей суық кіреді.
2742. Инені көзінен тізіп дегендей.
2743. Ит — жеті қазынаның бірі.
2744. Ит — үйдің құлағы.
2745. Ит алған қу да не сын бар,  
Ит жемес асынан үміт қылар.

2746. Ит арамды білмейді,  
Тентек Құдайды білмейді.
2747. Ит арамды, тентек обалды білмес.
2748. Ит арба көлеңкесінде келе жатып,  
«Жүкті мен көтеріп келемін» дейді.
2749. Ит арбаны мен көтеріп келемін дегендей.
2750. Ит арбаның астында келе жатып,  
«Арбаны мен алып келемін» дейді.
2751. Ит аузына түскен соқта жаншылмай шықпайды.
2752. Ит баласы жырымға қарайды,  
Құс баласы қырымға қарайды.
2753. Ит боқ жейді,  
Пасық адам «дүние мирас» дейді.
2754. Ит боқ жемесе басы ауырады.
2755. «Ит» дегенге ашуланып, «күшік» десең күледі,  
«Қасқыр» дегенге мәз болып, бөлтірікке бүледі.
2756. Ит жарасын жалап бітіреді.
2757. Ит жеген соқтасын қайра жейді.
2758. Ит жегенше иесі жесін.
2759. Ит жоқта шошқа үреді қораға,  
Би жоқта құл жүреді жораға.
2760. Ит жүгіртті, құс салды,  
Төңірекке көз салды.
2761. Ит жүйрігі тазы болмайды,  
Ет майлы болып қазы болмайды.

2762. Ит иесі үшін істейді,  
Құс тамағы үшін істейді.
2763. Ит иесімен қиналсын.
2764. Ит иесін білмейді,  
Тентек Құдайын білмейді.
2765. Ит ит ашуын тырнадан алады.
2766. Ит итаяғын жаламай, тоймайды.
2767. Ит итаяғын жаламай,  
Көңілі көншімейді.
2768. Ит итті жұмсайды,  
Ит құйрығын жұмсайды.
2769. Ит итті көрсетеді,  
Бұтаны көрсе, сиеді.
2770. Ит иттігін қылмаса, басы ауырады.
2771. Ит иттігін істемей қоя ма.
2772. Ит қабатын адамның төбесінен бу шығып тұрады.
2773. Ит құйрығын өзі көтермесе, кім көтереді?
2774. Ит құтырса, иесін қабады,  
Шымшық құтырса, бүркітке шабады.  
Бүркіт қартайса, тышқаншыл болады,  
Құл құтырса, құйынға қармақ салады.
2775. Ит құтырса, иесін қабар.
2776. Ит қорыған жерге өш.
2777. Итмұрын уағында қызарады.

2778. Ит не жесе, соны құсады.
2779. Ит — опа, қатын — жапа.
2780. Ит өзара ала үрсе де,  
Қасқыр көргенде бірігіп үреді.
2781. Ит сегіз табады,  
Қой егіз табады.
2782. Ит семірсе, иесін қабады,  
Ер ашықса, дұшпанына ауыз салады.
2783. Ит сегіз туып елден аспас.
2784. Ит тойған жеріне,  
Ер туған жеріне.
2785. Ит ұяласынан қорықпайды.
2786. Ит ұясында ерікті.
2787. Ит үреді, жел әкетеді.
2788. Ит үреді, керуен көшеді.
2789. Ит үрер, жолаушы жүрер.
2790. Ит үріп жаранады,  
Күш қазандай қайнайды,  
Күресерге дәрмен жоқ.
2791. Ит ішпес Алакөлден дәме қылады.
2792. Ителгі салған ет жейді,  
Атының етін ит жейді.
2793. Ителгінің баласы ілмей қалмас.

2794. Ителгінің қызығына қызсаң,  
Қаршығаңды қамшы етерсің.
2795. Итке артқан қос далада қалады.
2796. Итке берсең асыңды, кеміреді басыңды,  
Ерге берсең асыңды, ғизат қылар жасыңды,  
Әйелің жаман болса, ағартады шашыңды.
2797. Итке берсең басыңды,  
Ит тартады басыңды.  
Ерге берсең асыңды,  
Ер сыйлайды басыңды.
2798. Итке сын жүрмейді.
2799. Итке темір не керек?
2800. Итпен той қылсаң,  
Боқпен той қыласың.
2801. Итте намыс жоқ,  
Қасқырда таныс жоқ.
2802. Итті еркелетсең,  
Аузыңды жалайды.
2803. Итті иесімен қина.
2804. Итті «күшігім» десең,  
Ауызыңды жалайды.
2805. Итті қонақ жараспас.
2806. Итті сүйекпен ұрсаң, қыңсыламайды.
2807. Итті тері қысса, тоншыға ереді.
2808. Иттің аты — ит.



2809. Иттің басын сары табаққа салсаң,  
Шоршып түседі.
2810. Иттің басын табаққа салса,  
Жерге секіріп түседі.
2811. Иттің басы табақта тұрмас.
2812. Иттің боғы дәрі болса,  
Дарияға тышады.
2813. Иттің боқ жемесе басы ауырады.
2814. Иттің иесі болса,  
Бөрінің Тәңірі бар.
2815. Иттің көзі сүйекке тоймас,  
Адамның көзі малға тоймас.
2816. Иттің күні қыраң.
2817. Иттің құны бір күшік.
2818. Иттің құты ізіменен,  
Құстың құты қомыменен.
2819. Иттің тұмсығы боққа тисе,  
Тобасы көкке тиеді дүр.
2820. Иттің ішіне сары май жақпайды.
2821. Иті бар үйден ұры қашады.
2822. Иті жегенше, иесі жесін.
2823. Иті тұрып күшігі үргеннен без.
2824. Иттің басына іркіт төгіп жатқан-ды.
2825. Иілген басты қылыш кеспес.

**К**

2826. Кәлімәсіз пір болса, караматы болмайды,  
Алалы тұяқ, арам мал берекеті болмайды,  
Атадан қалған адал мал әрекеті болмайды.
2827. Кәпірдің қаламынан сақта,  
Ғалымның наданынан сақта.
2828. Кәрі биені жабулап, құлынын ал.
2829. Кәрі болса, атаңнан без.
2830. Кәрі білгенді бәрі білмейді.
2831. Кәрі келсе, асқа бақ,  
Жігіт келсе, іске бақ.
2832. Кәрі кісі кекшіл келеді,  
Жас кісі епшіл келеді.
2833. Кәрі қыз бала тапса,  
Қоярға жер таппас.
2834. Кәрі сиыр соқпақшыл келеді,  
Жаман кісі тақпақшыл келеді.
2835. Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болады.
2836. Кәрінің жаны төтті.
2837. Кәсіпсіз нәсіп жоқ.
2838. Кәсіпті адам — нәсіпті.
2839. Кебенек киген келеді,  
Кебін киген келмейді.
2840. Кебенек кигеннен дәме қыл,  
Кебін кигеннен дәме қылма.

2841. Кедей «бай болсам» дейді,  
Бай «Құдай болсам» дейді.
2842. Кедей бұзауын мақтайды.
2843. Кедей ырым етеді,  
Ырымы қырын кетеді.
2844. Кедейге ақысыз сауықтан,  
Ақылы жұмыс артық.
2845. Кедейді жар жақтайды.
2846. Кедейдің кербезінен сақта.
2847. Кедейдің қатыны өлсе, басы қаңғырады,  
Байдың қатыны өлсе, төсегі жаңғырады.
2848. Кездейсоқ ажалды  
Аңғырттық шақырады.
2849. Кезеген аяқ боқ басады.
2850. Кезең аурудың кері кетпес,  
Кекті кеуденің кегі кетпес.
2851. Кейін кетерде келін кесірлі,  
Ілгері басарда мал өсімді.
2852. Кекшіл болма, көпшіл бол.
2853. Кекілік өз атын өзі шақырады.
2854. Келекенің батыры керіседі қатынмен,  
«Батырлықтың жөні» деп алысады жақынмен.
2855. Келе ме деп ет қойдым,  
Келмеген соң жеп қойдым.

2856. Келмеске жылаған көз зая,  
Тыңдамасқа айтқан сөз зая.
2857. Келмеске жылаған көзім,  
Меңіреуге айтқан есіл сөзім.
2858. Келінім, саған айтам,  
Қызым, сен, тыңда.
2859. Келсе, маңдайын сипап,  
Кетсе, сауырынын сипап.
2860. Келін байын жасырар,  
Сөзін таудан асырар.
2861. Келінге қарадық,  
Керуенге қарадық.
2862. Келінді келгенде көрерміз,  
Келіншекті жайғанда көрерміз.
2863. Келіннің аяғынан,  
Қойшының таяғынан.
2864. Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық.
2865. Келіннің өзі келгендей,  
Баланы өзі туғандай.
2866. Келіншектің баласын кезек сүйеміз.
2867. Келісіп пішкен тон келте болмайды.
2868. Кеме қасында қайық қалықтап қалады.
2869. Кемеге мінгеннің жаны бір,  
Айтулы достың малы бір.
2870. Кемедегенің жаны бірге.

2871. Кемеші келсе,  
Қайықшы судан шығады.
2872. Кемпірі бардың кәпірі бар.
2873. Кең киім тозбайды,  
Кеңесті ел азбайды.
2874. Кеңге қамал, тарға зауал.
2875. Кеңескен ер азбайды,  
Кең пішкен тон тозбайды.
2876. Кеңеспен кескен бармақ ауырмас.
2877. Кеңесіп пішкен тон келте болмас.
2878. Кер құлынның терісін келер жылы киерміз.
2879. Кердең кетсең, елден кетерсің.
2880. Керек тастың ауырлығы жоқ.
2881. Кері кеткеннің келіні ұрлық қылады,  
Ілгері басқанның иті оттайды.
2882. Кері кеткеннің сақалы кеңірдегіне шығады.
2883. Кері кеткеннің саяғы далада жүріп тебіседі.
2884. Кесек-кесек дау-жанжал кері кеткеннің ауылында,  
Кесек-кесек өтірік кері кеткеннің аузында.
2885. Кеселдің басы — көп жеу,  
Күнәның басы — көп сөйлеу.
2886. Кесімді малға өсім бар.
2887. Кетпеннің басын басса, сабы өзіңе тиеді.

2888. Кешегі күннен алыс жоқ,  
Ертеңгі күннен жақын жоқ.
2889. Кеңе кедейге бай емес, мал айыпты.
2890. Кеңеден көрмес туады,  
Жансебілден өлмес туады.  
Шабаннан желмес туады,  
Еріншектен жүрмес туады.
2891. Кеңенің басшылығынан,  
Жақсының сілтегені жақсы.
2892. Кигіз кімдікі болса, білек сонікі.
2893. Киікті құралай бүлдірер,  
Елді күрегей бүлдірер.
2894. Киіктің қасуына мылтықтың басуы дәл келді.
2895. Киімі жаманды ит қабады,  
Пейілі жаманды Тәңірім табады.
2896. Киіміне қарап қарсы алады,  
Ақылына қарап шығарып салады.
2897. Колхозды ел қажымас.
2898. Колхоздың соры — бастығының жемқоры.
2899. Коммунистік қоғамы — менің Меккем,  
Оған баратыныма анық сенем.
2900. Көбең жүріс көтермейді,  
Мәстек мініс көтермейді.
2901. Көбең мінсең, көтіне қара.
2902. Көбеңді көр де қой,  
Сараңды біл де қой.

2903. Көбік қарда түлкі ойнар,  
Көк шалғында жылқы ойнар.
2904. Көже қол жуғанша.
2905. Көжеден артық асымыз жоқ,  
Құдайдан артық досымыз жоқ.
2906. Көженің қызуымен жорыққа аттанады.
2907. Көз бір уыс топыраққа тояды.
2908. Көз жұмбай, дария кешпейді.
2909. Көз көрмегеннің бәрі бекер.
2910. Көз көруге тоймайды,  
Құлақ естуге тоймайды.
2911. Көз көріп, құлақ естігенше, аузың сөйлеп қояды.
2912. Көз қартайса да, көңіл қартаймайды.
2913. Көз қысты, бармақ басты.
2914. Көз сыртында көз бар,  
Тіл астында тіл бар.
2915. Көз шарасынан аспайды.
2916. Көзге шыққан сүйелдей.
2917. Көзден кетсе, көңілден кетеді.
2918. Көздінің малы қунайды,  
Көзсіздің малы қурайды.
2919. Көзсіз соқырдан,  
Көзді тентек артық.

2920. Көзі жоқтың өзі жоқ.
2921. Көзі қарайған там сүзеді.
2922. Көзімнің аласы болмаса,  
Көңілімнің аласы жоқ.
2923. Көзін тауып жұмыс қыл,  
Ебін тауып тыныс қыл.
2924. Көзің ауырса, қолыңды тый,  
Ішің ауырса, тамағыңды тый.
2925. Көзің көрмесе, нанба,  
Жетпесті қума.
2926. Көзің ұйқыға барса,  
Көңілің Бұхараға барады.
2927. Көзіңді сатқанша,  
Еңбегіңді сат.
2928. Көйлек көбейді,  
Дамбал жоқ.
2929. Көйлек көк,  
Тамақ тоқ.
2930. Көйлектің кірі жуса, кетеді,  
Көңілдің кірі айтса, кетеді.
2931. Көк етікті кез келмей,  
Көн етікке көз салмай,  
Атаныпты көрі қыз.
2932. Көкдолыдан дәу пері қашыпты.
2933. Көкке бір кісі ұшады,  
Етегіне мың кісі сияды.



2934. Көкпар тартқандікі,  
Қоян қаққандікі.
2935. Көкірек ауру күліп отырып өледі.
2936. Көкірек — қазы,  
Көз — таразы.
2937. Көл тасыса, шарасынан аспайды.
2938. Көл үйрексіз болмайды.
2939. Көлден шөлге келдім.
2940. Көлдененді көк атты-ау,  
Көк жөтелдің емі не?
2941. Көлдің көбігі — қаймағы,  
Ұрының серігі — айғағы.
2942. Көлденең кесірден сақтасын.
2943. Көлеңкеге тон пішіп.
2944. Көлігің күтімсіз болса,  
Көшің көріксіз болады.
2945. Көлінен айрылған қаз жетім,  
Кемпірінен айрылған шал жетім.
2946. Көне қыстау — малдың құты,  
Көне қатын — ердің құты.
2947. Көне сөз — жаңа сөздің қазығы.
2948. Көнені көмекке шақырмасаң,  
Жаңа іздегенге табылмайды.
2949. Көңіл — тілдің сырласы, хабаршысы.

2950. Көңіл бір атым насыбайдан қалады.
2951. Көңіл жүйрік пе,  
Көк дөнен жүйрік пе?
2952. Көңіл жүйрік,  
Тіл шабан.
2953. Көңіл көзі көрмесе,  
Маңдай көзі бұтақ тесігі.
2954. Көңіл көңілден су ішеді.
2955. Көңіл кірі, айтса, кетер,  
Көйлек кірі, жуса, кетер,  
Сүйек кірі қайтсе кетер?!
2956. Көңіл тарылмаса,  
Жер тарылмас.
2957. Көңілді өтер көктемнің,  
Сапалы болса еккенің.
2958. Көңілсіздің ісі өнімсіз.
2959. Көңілі түссе — бие,  
Көңілі түспесе — түйе.
2960. Көп адаспайды,  
Көл таусылмайды.
2961. Көп асаймын деген боқ асайды.
2962. Көп ауыз бір ауызды жоқ қылады.
2963. Көп ауыз біріксе,  
Бір ауыз жоқ болады.
2964. Көп ауыз сөйлесе,  
Бір ауыз жоқ болады.

2965. Көп ауыз уәлі.
2966. Көп ауылдың тентегі жүре-жүре би болар,  
Аз ауылдың тентегі жүре-жүре жүн болар.
2967. Көп бала жаман болса,  
Бір өкені баға алмайды.  
Бір өке жаман да болса,  
Көп баланы бағады.
2968. Көп болып боқ болғанша,  
Біреу болып шоқ бол.
2969. Көп білген адамның аз сөзі де — алтын.
2970. Көп біледі деген — көп білгені.
2971. Көп білем демек — үлкен білместік.
2972. Көп білсең де, көптен артық білмейсің.
2973. Көп деген қонақ аттандырады.
2974. Көп еңбек — байлықтың басы,  
Көп ұйықтау — кедейліктің басы.
2975. Көп жасаған білмейді,  
Көп оқыған біледі.
2976. Көп жасаған білмес,  
Көп көрген білер.
2977. Көп жасаған білмес,  
Көп қыдырған білер.
2978. Көп жасаған көп біледі,  
Көпті көрген көп біледі.
2979. Көп жасаған іс көреді,  
Көп ұйықтаған түс көреді.

2980. Көп жасағаннан сұрама,  
Көпті көргеннен сұра.
2981. Көп жасағаннан сұрама,  
Көп оқығаннан сұра.
2982. Көп жасасаң, көрерсің,  
Аз жасасаң, өлерсің.
2983. Көп жасқа бір көрі дана болар,  
Көп көріге бір жас бала болар.
2984. Көп жорғалаған жыланның аяғы көрінер.
2985. Көп жортқан түлкі терісін алдырар.
2986. Көп жүрген жерде береке жүреді.
2987. Көп күлу — қардың ісі,  
Көп беру — бардың ісі.
2988. Көп күлу — қардың ісі,  
Көп білу — шалдың ісі.
2989. Көп қараса, жоқ табылады.
2990. Көп қорқытады,  
Терең батырады.
2991. Көп қыдырған жолығар үзбентайға.
2992. Көп ойланған құл қаша алмайды.
2993. Көп ойнаған бір жылар,  
Көп осырған бір тышар.
2994. Көп ойнаған бір жылар,  
Көп секірген бір сынар.

2995. Көп ойнақтаған бота от басар.
2996. Көп оқыған біледі,  
Көп ізденген табады.
2997. Көп сөз — күміс,  
Аз сөз — алтын.
2998. Көп сөздің азы жақсы,  
Аз сөздің өзі жақсы.
2999. Көп сөздің азы қымбат,  
Бір сөздің өзі қымбат.
3000. Көп сөйлеген — мылжың,  
Орынсыз ойнаған — қалжың.
3001. Көп суыр ін қазбайды,  
Ін қазса да, түзу қазбайды.
3002. Көп суыр ін қазбас,  
Ін қазса, кең қазбас.
3003. Көп те бітеді, аз да жетеді,  
Бірге-бірге отыруға не жетеді.
3004. Көп түкірсе, көл болады.
3005. Көп ішінде сөйлеген —  
Көсемдіктің белгісі.  
Көпке сөзі ұнаған —  
Шешендіктің белгісі.
3006. Көп ішінде аз болсаң,  
Әр нәрсе түсер ойыңа.  
Ел ішінде жоқ болсаң,  
Мін тағылар бойыңа.
3007. Көпке жағу — отқа жанудан қиын.

3008. Көпке тентек жігіттің бір ажалы көптен,  
Көп кетеген түйенің бір ажалы шөптен.
3009. Көпке топырақ шашпайды.
3010. Көпке ұнаған Құдайға да ұнайды.
3011. Көппен бірге көл болар,  
Көпсіз жерің шөл болар.
3012. Көппен көрген — ұлы той.
3013. Көппен пішкен тон  
Кем де, кең де болмас.
3014. Көпте Құдай жоқ,  
Азда обал жоқ.
3015. Көптеген жау қашырады,  
Көмектескен қонақ аттандырады.
3016. Көптен жақсылық құтылмайды,  
Аздан азап арылмайды.
3017. Көптен қоян қашып құтылмас.
3018. Көптен үйрен,  
Көпке үйрет.
3019. Көпті жамандаған көмусіз қалады.
3020. Көпті көрген көнеде: асыл сөз, үлгі, өнеге.
3021. Көпті қорлаған  
Көмусіз қалады.
3022. Көпті ойламаған дана болмас,  
Көпті қорғамаған пана болмас.

3023. Көптің ақылы — көл,  
Аздың ақылы — шөл.
3024. Көптің атасы ит.
3025. Көптің аузы темір талқы болады,  
Жақсы адамның өркім халқы болады.
3026. Көптің аузы — темір талқы.
3027. Көптің жаққан шырағын  
Ақымақ үріп сөндірмейді.
3028. Көпшілікпен тартыспа,  
Әл жетпесе, алыспа.
3029. Көрген жерде бой сыйлы,  
Көрмеген жерде тон сыйлы.
3030. Көрген көзде жазық жоқ.
3031. Көргендіден қатын алсаң,  
Қадіріңді біліп өтер.  
Көргенсізден әйел алсаң,  
Көрсетумен күнің өтер.
3032. Көргеннен көзақы алады.
3033. Көргенсіз дегенге арланба,  
Көргеніңнен көрмегенің көп.
3034. Көргенсіз дегенге арланба,  
Тексіз дегенге арлан.
3035. Көргені жаман бергенін айтар,  
Жаман жақсыға ертегіні айтар.
3036. Көргенімнен көп екен көрмегенім,  
Толып жатыр асылдан термегенім.

Білім биік өрісті, өмір терең,  
Білем десең, барлығын білмегенің.

3037. Көргеніңнен көрмегенің көп.
3038. Көрдім деген — көп сөз,  
Көрмедім деген — бір сөз.
3039. Көрдің есігі ашық тұрғанда.
3040. Көрдің есігі ашық тұрса да, қарық байысын.
3041. Көрейін де өлейін.
3042. Көрейін деген көз қараңғыда көреді.
3043. Көре-көре көсем болар,  
Сөйлей-сөйлей шешен болар.
3044. Көресінді көрмей көрге кірмейсің.
3045. Көресінді өлмей тұрып көресің.
3046. Көркі көлік болмас,  
Шашы сауын болмас.
3047. Көрмеген көлде естімеген құстың үні бар,  
Ұқпаған жерде айтылған сөздің  
балтамен шабар міні бар.
3048. Көрмегенге көсеу таң.
3049. Көрмейіннің не көзі, не көңілі жоқ.
3050. Көрмес түйені де көрмес.
3051. Көрмесе — жат,  
Көріспесе — ұят.



3052. Көрпеге қарай көсілу керек.
3053. Көрпеңді аяғыңа шақтап көсіл.
3054. Көрпеңді бойыңа шақтап істе.
3055. Көрпеңе қарай көсіл,  
Бойыңа қарай тон піш.
3056. Көрші ақысы — Тәңір ақысы.
3057. Көршіні шұқылаған көшірер,  
Отты шұқылаған өшірер.
3058. Көршінің баласы отқа күйсе,  
Намазыңды бұз.  
Өз балаң отқа күйсе, бұзба.
3059. Көршіңменен бүтін бауырсақты бөліп же,  
Жарты бауырсақты жарып же.
3060. Көрінген жер қашық емес.
3061. Көрінген қарадан,  
Көрінбеген бұлт жақсы.
3062. Көрінген таудың алыстығы жоқ,  
Керек тастың ауырлығы жоқ.
3063. Көрінгенге көз салған көңіл — арсыз.
3064. Көрініп тұрған ауылдан,  
Көрінбей тұрған бұлт жуық.
3065. Көріп алған көріктіден,  
Көрмей алған текті артық.
3066. Көріскеніміз — көргеніміз.

3067. Көсеге төрден орын тимейді.
3068. Көсеу ұзын болса, қол күймейді,  
Ағайын тату болса, адам тимейді.
3069. Көсеудің басын бассаң,  
Сабы басыңа тиер.
3070. Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді,  
Ағайының көп болса, адам тимейді.
3071. Көтенге балап май берсең де, жеймін.
3072. Көтере алмаған қосып арқалайды.
3073. Көтеремге көлденең,  
Қотыр үстіне шиқан.
3074. Көтін қысқан бай болады,  
Қыспаған көтте пәле бар.
3075. Көтіне көпшік қойып.
3076. Көш жүре түзеледі.
3077. Көше білмеген көлік өлтірер,  
Сөйлей білмеген сөзді өзіне келтірер.
3078. Көшерде жұрт жаман,  
Тастарда қатын жаман.
3079. Көшермен болса, жұрт жаман,  
Тастарман болса, қатын жаман.
3080. Көшерімді жел білсін,  
Қонарымды сай білсін.
3081. Көшеріңді білген соң,  
Қонысыңды сайлап ал.

3082. Көшкен жұрттың қадірі қонғанда өтер,  
Ер жігіттің қадірі өлгенде өтер.
3083. Көшкен жұрттың қадірі қонғанда білінеді.
3084. Көшпей-қонбай, қарашы, қатын жоғалды.
3085. Көшің көрікті болсын десең,  
Көлігің күтімді болсын.
3086. Крестьян, орыс егінді көп салса,  
Қазақ қатынды көп алады.
3087. Күйген жерге шаш көп шықпайды.
3088. Күйдім, пістім, анам-ай,  
Жастай берген балаң-ай.
3089. Күйелі қолға жуысаң,  
Киіміңді ластайды.
3090. Күйеу атымен күл тасы.
3091. Күйеу келсе, қыз әзір.
3092. Күйеу күлге шөксін.
3093. Күйеу ұялайын деп ұялмайды,  
Түндегісі есіне түсіп ұялады.
3094. Күл өссе, отқа жұт,  
Қыз өссе, үйге жұт.
3095. Күлкі жарытады,  
Қайғы қартайтады.
3096. Күлкі күле келер,  
Арттан үре келер.

3097. Күлкішінің тамағы тоқ.
3098. Күлме досқа, келер басқа.
3099. Күлсең, кәріге күл.
3100. Күлшелі бала сүйкімді.
3101. Күлшелі бала сүюге жақсы.
3102. Күн болсаң, күндей бола біл,  
Ай болсаң, айдай тола біл.
3103. Күн бір жауса,  
Дарақ екі жауады.
3104. Күн жаз болды,  
Ет аз болды.
3105. Күн жаз, ет аз.
3106. Күн жаманы кетеді,  
Адам жаманы кетпейді.
3107. Күн жауады деп суыңды тауыспа,  
Ел көшеді деп отыныңды тауыспа.
3108. Күн жаумай, су болды.
3109. Күн жауса, тондыны ұрады.
3110. Күн жауса, терек екі жауар.
3111. Күн көрмеген күн көрсе,  
Күндіз шырақ жандырар.
3112. Күн күркіресе, жер иір,  
Жер иісе, мал иір.

3113. Күн қатса, қалыбына барады.
3114. Күн қуырылып, қалыбына барады.
3115. Күн — тіршілік анасы.
3116. Күнде бір бас жесең,  
Атың бәйгеден келеді.
3117. Күнде тойсаң, бөлерсің,  
Аптада бір тоймасаң, өлерсің.
3118. Күнде ұрысқанның ары жоқ,  
Күнгей беттің қары жоқ.
3119. Күндес көргеннің қызын алма.
3120. Күндестің күлі — күндес.
3121. Күндіз бүркіт алса,  
Түнде үкі алады.
3122. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей,  
Түн ұйқысын төрт бөліп.
3123. Күндік жерге шықсаң да,  
Түндігіңді ерте аш.
3124. Күншілдің күні қараң.
3125. Күншілдің күні шықпайды.
3126. Күріш азда, күрмек болар.
3127. Күріштің көмегімен күрмек су ішеді.
3128. Күтін,  
Күтінбесең, көтіңнен шығады түтін.

3129. Күш атасын танымас.
3130. Күш — бірлікте,  
Байлық — еңбекте.
3131. Күш қазандай қайнайды,  
Күресерге дәрмен жоқ.
3132. Күштеп сүйкімді (беделді) бола алмайсың.
3133. Күштіге сиынсаң,  
Тәңірге сиын.
3134. Күштіде мін жоқ,  
Жалғызда үн жоқ.
3135. Күштіменен алыспа,  
Жүйрікпенен жарыспа.
3136. Күштіні Құдай ұрайын десе,  
Шопанның таяғына жығылады.
3137. Күштінің көті диірмен тартады.
3138. Күші жеткен алып та жығады,  
Шалып та жығады.
3139. Кілем сатсаң, ауылдасыңа сат,  
Бір шетіне өзің де отырарсың.
3140. Кім бай болмайын дейді,  
Құдайы қаламайды.
3141. Кім би болмайын дейді халқы, қаламайды.
3142. Кіммен қарайсаң,  
Сонымен ағар.
3143. Кімнің ісі көп болса,  
Соның күші көп.

3144. Кірерге есік, шығарға тесік жоқ.
3145. Кірпі баласын «жұмсағым» дер,  
Қарға баласын» аппағым» дер.
3146. Кірсіз — ай,  
Мінсіз — бір Құдай.
3147. Кірің шүрпесіз болса,  
Отың күлшесіз болар.
3148. Кісі ақылы — кісен менен тұсау,  
Өз ақылың — өкпе менен бауыр.
3149. Кісі ақылымен бай болғанша,  
Өз ақылыңмен жарлы бол.
3150. Кісі асына сабыр.
3151. Кісі аты — тершіл,  
Кісі киімі — кіршіл.
3152. Кісі баласы кісендесең де ,тұрмайды,  
Өз балаң өзекке тепсең де, кетпейді.
3153. Кісі болар жігітті ел мақтайды,  
Ел мақтаған жігітті қыз жақтайды.
3154. Кісі болар кісіні кісесінен танымын,  
Кісі болмас кісіні мүшесінен танымын.
3155. Кісі болар кісінің кісіменен ісі бар,  
Кісі болмас наданның кісіменен несі бар.
3156. Кісі бір терінің ішінде семіз де болады,  
арық та болады.
3157. Кісі елінде сұлтан болғанша,  
Өз елінде ұлтан бол.

3158. Кісі елінде сұлтан болғанша,  
Өз елінде шопан болғын деген.
3159. Кісі кірмеген үй көрмен тең.
3160. Кісі малын жегіп, өз малына ие болмас.
3161. Кісі өз бағынан өзі жерімейді.
3162. Кісі өлтірген кісіден өледі.
3163. Кісі сараң болайын деп сараң болмайды,  
Жұртты көріп сараң болады.
3164. Кісі туғанда — бір бала,  
Қартайғанда — бір бала.
3165. Кісі үйінің жығуын білсең де,  
Тігуін білмейсің.
3166. Кісіге құдық қазсаң,  
Өз бойыңа өлшеп қаз,  
Алдымен өзің жатарсың.
3167. Кісіге ор қазба,  
Ор қазсаң терең қазба,  
Басыңнан асса, шыға алмайсың.
3168. Кісінде ақыл болмас,  
Көз дегенің — құр әйнек.
3169. Кісідегінің кілті аспанда.
3170. Кісінің айыбын бетіне баспа.
3171. Кісінің ала жібін аттағам жоқ.
3172. Кісінің ең жаманы — талайсыздық.



3173. Кісінің тіліне ерсең, суға кетесің.
3174. Кітап — білім бұлағы.
3175. Кітап — өмір ұстазы.
3176. Кішпейілдіктен адам кішіреймейді.
3177. Кіші қатын — кісі қатыны.
3178. Кішіпейілдік — адамдық үлгісі.

### Қ

3179. Қабаған ит қайыр байлайды.
3180. Қабаған ит қайыр тоқтатады.
3181. Қабаған ит ырыс байлайды.
3182. Қағынан жеріген құлан қаңғырып өлер.
3183. Қадалған жерден қан алады.
3184. Қадіріңді қатын біліп,  
Шайға салған қанттай болады.
3185. Қаз келсе, жаз келер,  
Қарға келсе, қатқақ келер.
3186. Қаз қалпынан өзгерген жоқ.
3187. Қаз қалпында,  
Хан тағында.
3188. Қаз орғанына семірер,  
Қасқыр қырғанына семірер.

3189. Қаз талтаңдады деп қарға да талтаңдайды.
3190. Қаз тойғанына семірмейді,  
Орғанына семіреді.
3191. Қаза келсе, жассың демес,  
Пәле келсе, ақсың демес.
3192. Қаза қас пен көздің арасында.
3193. Қазаға — сабыр.
3194. Қазаға разы болып,  
Пәлеге сабыр ететін — ақылдының ісі.
3195. «Қазадағы» балық — қазандағы балық.
3196. Қазақ байыса, қатын алады,  
Орыс байыса, үй салады.
3197. Қазақ тәубә қыламыз қой сауғанда,  
Тәубәсін ұл сатады қар жауғанда.
3198. Қазақ ырым етер,  
Ырымы қырын кетер.
3199. Қазаққа сәлем берсең,  
Бір атым насыбай сұрайды.
3200. Қазақтың осы жер дегені,  
Көш жер болады.
3201. Қазан қайнап тұрса,  
Ақыл сайрап тұрады.
3202. Қазан түбінде шеміршек қалды.
3203. Қазанға не салсаң,  
Шөмішке сол ілінеді.

3204. Қазанға түскен қапқа түспейді,  
Тірі кісі табытқа түспейді.
3205. Қазаншының еркі бар,  
Қайдан құлақ шығарса.
3206. Қазанына қарай қақпағы,  
Құласа да төгілмес.
3207. Қой асығы деменіз,  
Қолайыңа жақсы сақа ғой.  
Жасы кіші деменіз,  
Ақылы асса, аға қой.
3208. Қай жерің ауырса,  
Жаның сол жерде.
3209. Қайғы деген — қара тас,  
Батасың да кетесің.  
Тәуекел деген — бір қайық,  
Мінесің де кетесің.
3210. Қайғы қан аздырады,  
Мылжың ми аздырады.
3211. Қайғы сынбай,  
Кеуіл тынбайды.
3212. Қайғысы жоқтың қарны тоқ.
3213. Қайғысыз қара суға семіреп.
3214. Қайғысыздан сақ бол,  
Қайғылыға жақ бол.
3215. Қайда барсаң — Қорқыттың көрі.
3216. Қайла жоқ нәрсе — ажал мен ақымақтық.

3217. Қайласыз батыр шошқаға шауып мерт болады.
3218. Қайын аға қарап тұрмас,  
Келін келші демес.
3219. Қайыным бай, нағашым бай,  
Қайтіп жарлы қыласың, Құдайым-ай!
3220. Қойыным құр жатпасын,  
Қойым арам өлмесін.
3221. Қайныңа да барарсың,  
Пұшық күйеу атанарсың.
3222. Қайратсыз ашу тұл,  
Қайғысыз ақыл тұл.  
Тұрлаусыз ғашық тұл,  
Шәкіртсіз ғалым тұл.
3223. Қайта келген қыз жаман,  
Қайта шапқан жау жаман.
3224. Қайтқан малға қасқыр өш,  
Қашқан жауға қатын өш.
3225. Қайтқан малда береке бар.
3226. Қайтып кірер есіңді қатты жаппа.
3227. Қайын аға қарап тұрмайды,  
Келін керіліп тұрмайды.
3228. Қайын жұртымен ала болған күйеу  
басқа жарымайды.
3229. Қайындағы күйеуден,  
Қарғылаған тазы артық.
3230. Қайыр етсең, бүтін ет.

3231. Қайырлы байдың белгісі — айнала суат  
көлмен тең,  
Қайырсыз байдың белгісі — пайдасы жоқ  
шөлмен тең.
3232. Қайырсыз бай қабаған ит сияқты.
3233. Қайырсыз сұңқардан қайырлы тұрымтай артық.
3234. Қайырсыздікі қайырсызға кетеді.
3235. Қайыршыға жел қарсы.
3236. Қайыры жоқ бардан без,  
Панасы жоқ сайдан без,  
Жылымы жоқ шайдан без.
3237. Қайырымы жоқ байларға  
Паналаған жан не табар.  
Иірімі жоқ суларға  
Иірілген шабақ не табар.
3238. Қақаған тоқсанның күлімдеген жазы болар,  
Кемпір мен шалдың да өзіне лайық назы болар.
3239. Қақылдаған тауық тумай қоймас.
3240. Қалам ғаламды түзейді де, бұзады да.
3241. Қаламсыздың қалы ауыр.
3242. Қаланың қонағы — қалтаның соры,  
Колхоздың қонағы — органың соры.
3243. Қалауын тапса, қар жанар.
3244. Қалған көлге бақа айғыр,  
Қатындарға жолшы айғыр.

3245. Қалған көлге бақа айғыр,  
Байы өлгенге жалшы айғыр.
3246. Қалған көңіл жібiмес,  
От жақса да, мұзбен тең.
3247. Қалған көңiл — шыққан жан.
3248. Қалыңға құсың түспесiн,  
Жаманға iсiң түспесiн.
3249. Қалыңдығына өкпелеген  
Қайын ағасына сәлем бермес.
3250. Қалыңсыз қыз болса да,  
Кәдесiз күйеу болмас.
3251. Қоям жесе, қой қалады,  
Қоймай жесе, не қалады?  
Тарта жесе, тай қалады,  
Тартпай жесе, не қалады?
3252. Қамал бұзбай батыр болмас,  
Ақымақта ақыл болмас.
3253. Қамшылатып жүргiзген шабан емей немене,  
Өзi бiлiп сұраған амал емей немене?
3254. Қамысты бос ұстасаң,  
Қолыңды қияды.
3255. Қан қатса, қалыбына тартады.
3256. Қолда барды қорлама,  
Арды босқа жалдама.
3257. Қанағат қарын тойғызар,  
Қанағатсыз астындағы атын сойғызар.

3258. Қанағат қарын тойдырады,  
Қанағатсыз екі көзін ойдырады.
3259. Қанға қанмен жауап.
3260. Қанды қалпақ кесе де,  
Қиыспайды туысқан.
3261. Қанды қалпақ кесе де,  
Шыдамайды туысқан.  
Найза бойы қар жауса,  
Жұтамайды сауысқан.
3262. Қанжығадан қар жауса,  
Жұтамайды сауысқан.  
Қара бойы қан болса,  
Қиыспайды туысқан.
3263. Қанша жуан болса да,  
Жалғыз ағаш үй болмас.  
Қанша жақсы болса да,  
Жалғыз жігіт би болмас.
3264. Қанша тұлпар десе де,  
Мініп болмайды жалсызды.  
Қанша білгіш болса да,  
Халық сүймейді малсызды.
3265. Қатты қалған көңілім бар,  
Май құйса да, жібімес.  
Қатып қалған көңілім бар,  
Шілде болмай, жібімес.
3266. Қаңғырғанға тентіреген ереді.
3267. Қапқа түскен соң қатындікі.
3268. Қар жауды деп қуанба, аязы бар,  
Қожа келді деп қуанба, ниязы бар.

3269. Қар көргенде — бір мұрат,  
Қара көргенде — бір мұрат.
3270. Қара арғымақ арыса,  
Бір адым жер мұң болар.  
Қара көзден нұр тайса,  
Бір қарауға мұң болар.
3271. Қара есекке жан қайғы,  
Қасапшыға май қайғы.
3272. Қара жер хабар бермесін.
3273. Қара жерге қар жауса,  
Қарды көрген — бір мұрат.  
Қара жерден қар кетсе,  
Қараны көрген — бір мұрат.
3274. Қара күн туғанша, қара суды кешпе.
3275. Қара құлақ десе,  
Қасқырдың шамы.
3276. Қара наннан қалашым жақсы,  
Жаман ағайыннан алашым жақсы.
3277. Қара ниет жігіт жарымас,  
Өлсе, басына ит сарымас.
3278. Қара санға қолым жетті,  
Бұқараға бұтым жетті.
3279. Қара су көз-көрім жерге апарады.
3280. Қара судан қайнатқанмен, май шықпайды.
3281. Қара торғайдың несі кетеді,  
Жеп-жеп ұшып кетеді.



3282. Қара тұяқ қарында жатпас.
3283. Қараған қарап қалмас.
3284. Қарағымның әкесі оқымай-ақ хан болған.
3285. Қарадан хан қойса, қасиетті болмайды,  
Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.
3286. Қарайып жердің астында жүргенше,  
Жарқырап жердің үстінде жүр.
3287. Қарақұрт жеп, қой семіреді,  
Қан соқта жеп, ит семіреді,  
Пара жеп, би семіреді.
3288. Қарақұс басып жейді,  
Сұңқар шашып жейді.
3289. Қарақшы қалыңнан қашады,  
Жалғызды шаншады.
3290. Қарақшыға адал ас жақпас.
3291. Қара май құйған ыдыс тазармас.
3292. Қарамасақ, қатын кетеді,  
Бақпасақ, мал кетеді.
3293. Қараңғыда шақырса,  
Қарындас даусы белгілі.  
Қара ағашта шақырса,  
Қарлығаш даусы белгілі.
3294. Қараша — қауыс,  
Кәрі-құртаңды — тауыс.
3295. Қарашы қан үстінде.

3296. Қараша үйден түтін кетпес.
3297. Қараша үйдің Құдайы бар.
3298. Қарашыңа қастық қылсаң, басың кетер,  
Бауырың безіп, сәнің кетер.
3299. Қарға айтыпты: «боқ жаман»,  
Екінші қарға айтыпты: «Бәрінен жоқ жаман».
3300. Қарға айтыпты: «Қаз баласы өзіне,  
Тырна баласы өзіне,  
Бәрінен өз қаңбайым өзіме».
3301. Қарға баласын «аппағым» деп сүйеді,  
Кірпі баласын «жұмсағым» деп сүйеді.
3302. Қарға қарғаның көзін шоқымайды.
3303. Қарға қарқылдаса, қысты шақырады,  
Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.
3304. Қарға мың шақырса, жыл келмейді,  
Қаз бір шақырса, жыл келеді.
3305. Қарға тотыға теңелмес,  
Арыстан пілден жеңілмес.
3306. Қарғайын десем, жалғызым,  
Қарғамайын десем, жалмауызым.
3307. Қарғаның бір көзі оқта,  
Бір көзі боқта.
3308. Қарғаның жүзіне бір кесек,  
Жаманның жүзі бірге есеп.
3309. Қарғаның тапқаны терек басында.

3310. Қарғаның мыңына бір кесек,  
Жаманның жүзі бірге есеп.
3311. Қарғатамыр құда едік.
3312. Қарғаша жүремін деп,  
Сауысқан жүрісін ұмытқан.
3313. Қарғыс жауған өмірден,  
Алғыс жауған өлім қымбат.
3314. Қарғыстан кісі өлмейді,  
Алғыстан ар төгілмейді.
3315. Қарлы жерде қарындасыңыз болса,  
Қара жермен қайық жүреді.
3316. Қарлығаш достық қылғанда,  
Қанатымен су шашады.
3317. Қарлығаштан жарлы, тастан қатты.
3318. Қарны ашқан қаралы үйге қарап жүгіреді,  
Қатыны өлген қызды ауылға қарап жылайды.
3319. Қарны ашқанға көже балдай,  
Шөлдегенге су қымыздай,  
Қатынсызға кемпір қыздай.
3320. Қарны аштан наразы аш жаман.
3321. Қарнымның ашқаны батпайды,  
Қадірімнің қашқаны батады.
3322. Қарның ашса, байға бар,  
Қайғылы болсаң, ханға бар.
3323. Қартайғанда қара бай болсаң, ұрды Құдай,  
Қартайғанда жайма болсаң, берді Құдай.

3324. Қартайғанда көрі боз жорға шығарады.
3325. Қартайғаныңды құрдасыңнан білерсің,  
Кемігеніңді құдаңнан білерсің.
3326. Қартайсам да, ауызым сатқын деген.
3327. Қарттың үйінде отыруы — лайық,  
Шақырмаған жерге жүруі — айып.
3328. Қартың қайда болса, хатың сонда.
3329. Қару алсаң, мылтық ал:  
Жаяу жүрсең — таяғың,  
Қарның ашса — тамағың.
3330. Қаршыға қазан қайнатады.
3331. Қаршығаға ерсең, қайғың жоқ болады,  
Ақ сұңқарға ерсең, тамағың тоқ болады,  
Қарғаға ерсең, тергенің боқ болады.
3332. Қаршығалыға қоян кездеспейді.
3333. Қары болса, атаңнан без.
3334. Қарық болсаң сыбырлар ма едің.
3335. Қарымына тартпағанның қары сынсын.
3336. Қарын тойғанда, қартаның астығы жоқ.
3337. Қарын тойса, қарта боқ сасиды.
3338. Қарына тартпағанның қары сынсын.
3339. Қарың кетсе де, арың кетпесін.
3340. Қарыс жерде қаза бар,  
Қатын-бала аман бол.

3341. Қас ақымақ ұрының биі болар,  
Кеудесі шайтанның үйі болар.
3342. Қас батыр қарадан туады,  
Аруана нардан туады,  
Асыл бала шалдан туады.
3343. Қас батырдан қорқақ туады,  
Қас шеберден шорқақ туады,  
Қас жорғадан жортақ туады.
3344. Қас бүркіт аң болса, аңға түседі,  
Аң таппаса, иесіне түседі.
3345. Қас екеніңді қабағыңнан танымын,  
Сараң екеніңді табағыңнан танымын.
3346. Қас жақсының белгісі —  
Аз ғана сөйлеп, көп тыңдар.  
Қас жүйріктің белгісі —  
Аз ғана оттап, көп жусар.
3347. Қас жаман бар болса, бере алмайды,  
Жоқ болса, тауып бере алмайды.
3348. Қас жаман қасындағысын қарақтайды.
3349. Қас жаман қаша алмайды.
3350. Қас жаманның белгісі —  
Өз үйіне өзі сый.  
Қас жаманның белгісі —  
Өз дауына өзі би.
3351. Қас — қабағынан белгілі,  
Сараң — табағынан белгілі.
3352. Қас қыранның белгісі —  
Алыстан көріп болжайды  
Ор қоянның сорпасын.

3353. Қас надан айтпаса, білмес,  
Ашпаса, көрмес.
3354. Қас ойнасшыл қардан туар,  
Қас аруана нардан туар.
3355. Қас сорлының ішіне қатық жақпайды.
3356. Қас тентек қатынын мақтар.
3357. Қас түзеймін деп көз шығарған.
3358. Қасағалы жаман қыздан,  
Қарқаралы жақсы келіншек артық.
3359. Қасаң байтал екі айғырды ащы қылады.
3360. Қасапшыға мал қайғы,  
Қара ешкіге жан қайғы.
3361. Қасекең баяғы өнге басты.
3362. Қасқа айғырдың баласы төбел туады.
3363. Қасқыр аттыдан қорқады.
3364. Қасқыр байлағанға көнбес,  
Шошқа айдағанға көнбес.
3365. Қасқыр да жолдасына қас сағынбас.
3366. Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.
3367. Қасқыр қырғанына мәз,  
Қаз орғанына мәз.
3368. Қасқыр ұлыса, көгі қоса шулайды.
3369. Қасқыр ұрғанша жол табады.

3370. Қасқырдан қайрат кетсе,  
Ешкіні «апа» дейді.
3371. Қасқырдан қауіптенсең,  
Қаруыңды алып жүр.
3372. Қасқырды қанша асырасаң да,  
Тоғайға қарап ұлуын қоймайды.
3373. Қасқырды сұрлығы үшін ұрмайды,  
Ұрлығы үшін ұрады.
3374. Қасқырдың арланынан гөрі, қаншығы қауіпті.
3375. Қасқырдың ойлағаны — арамдық,  
Қойдың ойлағаны — амандық.
3376. Қасқырдың тамағы жеті күн жерден,  
Жеті күн елден.
3377. Қасқырдың тісі қатты, жалы жұмсақ.
3378. Қасқырдың тісі өткір,  
Адамның қолы өткір.
3379. Қасқырдың шулағанын бөрі естімейді,  
Бөрінің шулағанын қасқыр естімейді.
3380. Қасқырдың іздегені — жамандық,  
Қойдың іздегені — амандық.
3381. Қас жаман қасындағысын қарақтар.
3382. Қосақ арасында бос кетті.
3383. Қасық сұрап едім,  
«Ондай найзам жоқ» деді.
3384. Қасыңда молдаң жоқ болса,  
Басыңды ит кеміреді.

3385. Қатардан қалғанша,  
Қатерден қал.
3386. Қате болса, бидайдан тіс сынады.
3387. Қателескеннен кейін, қатені түзетпеген жаман.
3388. Қателесу айып емес,  
Қатені мойындамау айып.
3389. Қатені айтпау да,  
Оған көмектеспеу де — қастық.
3390. Қатпа болған түйеге  
Ойсыл қара не қылсын.
3391. Қатты жерге қақ тұрар,  
Қатты ерге мал тұрар.
3392. Қатты қыстан мал қалса — олжа,  
Қатты аурудан жан қалса — олжа.
3393. Қатты серпісең өкінерсің,  
Қайтып кірер есікті.
3394. Қатты сөз құлақтың құлығын түсіреді.
3395. Қатын — шырақ,  
Бала — тұяқ.
3396. Қатын алған кекті,  
Құн алған өшті.
3397. Қатын алдың, кемеге міндің,  
Балалы болдың, қарық болдың.
3398. Қатын алма, қайын ал,  
Жақсы көрген жегжаттың  
Атын алма, тайын ал.



3399. Қатын алсаң, семіз ал,  
Былқылдасын қойныңда.  
Бір шайнасаң, май шайна,  
Шылқылдасын ауызыңда.
3400. Қатын алсаң, тектіден ал,  
Ұл туады шорадан.  
Асылсыз жерден қатын алсаң,  
Ұл туады мал ұрлайтын қорадан.
3401. Қатын алсаң орыстан,  
Құтылмассың борыштан.  
Қатын алсаң төреден,  
Айғайың кетпес өреден.
3402. Қатын алсаң, отын ал,  
Бір құшағын артық ал.
3403. Қатын бастаған ел оңбайды.
3404. Қатын бастаған көш оңбас,  
Құралай бастаған киік оңбас.
3405. Қатын би болды,  
Сиыр пұл болды.
3406. Қатын болмаса, қайтер едің.
3407. Қатын ер тұсында,  
Қарашы хан тұсында.
3408. Қатын ерге қарайды,  
Ер жерге қарайды.
3409. Қатын жаманы қара көйлек киеді.
3410. Қатын көп болса,  
Тұтқыш жұртта қалады.

3411. Қатын көп болса,  
Шөміш жұртта қалады.
3412. Қатын кімнің қатыны,  
Ала қаптың қатыны.  
Ала қаптан ас кетсе,  
Әлдекімнің қатыны.
3413. Қатын қайраттанса, қазан пісіреді.
3414. Қатын қайраттанып қазан қайнатпайды.
3415. Қатын өлді, қамшының сабы сынды.
3416. Қатын өлсе, басыңнан күйің кетеді.
3417. Қатын өлсе, сақал-мұртқа жау тиер.
3418. Қатын өтірік айтпайды,  
Қағыс естиді.
3419. Қатын семіз болса — үйдің құты,  
Еркек семіз болса — елдің құты.
3420. Қатын семіз болса — салулы төсек,  
Еркек семіз болса — есек.
3421. Қатын сөзі хат болар,  
Таң атқанша азғырса,  
Ағайынмен жат қылар.
3422. Қатын үйге құт болады дүр,  
Сарамжал болса жұт болады дүр.
3423. Қатын үйде мықты,  
Батыр майданда мықты.
3424. Қатынға қадірім жоқ, етімді көреді,  
Ағайынға қадірім жоқ, бетімді көреді.

3425. Қатынға тиме, қарасы жұғады,  
Балаға тиме, бөлесі жұғады.
3426. Қатынды бастан,  
Баланы жастан.
3427. Қатыны билеген ер оңбайды,  
Бұралқы билеген ел оңбайды,  
Төлеңгіті билеген төре оңбайды.
3428. Қатыны өлген қараша үйге қарап жылайды.
3429. Қатыны өлген — қызды үйге қарағыншы.
3430. Қатыны өлгенге қызды теліміз.
3431. Қатының долы болса,  
Дүниенің кеңшілігінен не пайда.
3432. Қатының долы болса,  
Елдің бейбіттігінен не пайда?  
Етігің тар болса,  
Дүниенің кеңдігінен не пайда?
3433. Қатының жемқор болса, ұрды Құдай,  
Атың жемқор болса, берді Құдай.
3434. Қатыныңа сыр айтпа.
3435. Қауымды қарға бастаса, боққа апарар,  
Сауысқан бастаса, оққа апарар.
3436. Қауіп кімнен болса, қатер содан.
3437. Қаһарлы батыр қатыннан қаймығар.
3438. Қашайын деген қоянға «тәйт» деген  
себеп болады.

3439. Қашарыңда қашарсың,  
Лақтарыңда сасарсың.
3440. Қашқан жауға қатын би.
3441. Қашқан жауға қатын ер.
3442. Қашқан жаудан құтылар,  
Көшкен жұттан құтылар.
3443. Қашқан қоян жатқан қоянды ала кетеді.
3444. Қашқанда Құдай дейді,  
Қуғанда Құдай дейді.
3445. Қашпаған қашардың уызына қарап.
3446. Қашпақ болсаң, зымыра.
3447. Қашақ сиыр секілденіп.
3448. Қиғашталып тұрады өтіріктің мазмұны,  
Өтірікті «өнер» дейді, адамның кейбір азғыны.
3449. Қилы-қилы заман болар,  
Қарағай басын шортан шалар.
3450. Қимас достың қадірін  
Айрылғанда білерсің.
3451. Қимылдаған қыр асады,  
Жатқанға жан жуымайды.
3452. Қисайған бас түзелмес.
3453. Қисайғанда ит қыңыр жүгіреді.
3454. Қисық ағаштың көлеңкесі де қисық.
3455. Қиындық көрген қиыннан өткен.

3456. Қиыннан қашпа, адам боларсың,  
Оңайға қызықпа, далада қаларсың.
3457. Қиямет күні көршіден,  
Жаңбырлы күні тамшыдан.
3458. Қоға туылдырықты қайынан  
Киіз туылдырықты күйеу дәме қылады.
3459. Қожа-молда сабақтас,  
Төре-мырза табақтас.
3460. Қожа білгенін оқиды,  
Қарға көргенін шоқиды.
3461. Қожа дуанадан телім сұрар,  
Кері кеткен бай кедейден қозы сұрар.
3462. Қожа жаманы — шалға өш,  
Ұры жаманы — малға өш.
3463. Қожа құлақтас,  
Молда сабақтас.
3464. Қожа малдың табуын біледі,  
Бағуын білмейді.
3465. Қожа мен қожа Меккеде табысады,  
Я некеде табысады.
3466. Қожа мен молда елді аздырады,  
Арам шөп дәнді аздырады.
3467. Қожа пысқырса, адам өледі.
3468. Қожа, молда тоқтықта,  
Қарны ашса, сәлдесі қалар боқтықта.
3469. Қожалы ауыл Құдайдан қорқақ болады,  
Қожаға берілетін мал — лақ пен торпақ болады.

3470. Қожаны жықпас па,  
Аузына тықпас па.
3471. Қожаның ғылымды үйренуі теріс емес,  
Оны сатуы теріс.
3472. Қожаның көркі — азан,  
Байдың көркі — қазан.
3473. Қожаның қасында қалтаңа қол салма.
3474. Қожаның қатыны қожаға «таптың ба?» деп ұрсады,  
Қожа қатышына «тапқанымды бақтың ба?» деп ұрсады.
3475. Қожаның қулығына сенбе,  
Өзәзілдің алдауына сенбе.
3476. Қожаң берсе, қойныңа тық.
3477. Қожеке келеді деп қуанба, ниязы болады,  
Болыс келеді деп қуанба, сиязы болады.
3478. Қозғанның қозылы қойлық залалы тиеді.
3479. Қозы асығы деме,  
Қолыңа тисе, сақа қой.  
Жасы кіші деме,  
Ақылы асса, аға қой.
3480. Қызымды қатын десе де,  
Менің өзіме баяғы қызым қыз.
3481. Қой — ұры, қойшы — өтірікші.
3482. Қой анасы бестен.
3483. Қой атасы оннан, аннан-мұннан,  
Жылқы атасы бестен, астан-кестен,  
Түйе атасы бірден, көрден-жерден.

3484. Қой аузынан шөп алмайтын.
3485. Қой дегендік — достық,  
Қойма дегендік — қастық.
3486. Қой иесі бірге санаса,  
Қойшысы бөлек санайды.
3487. Қой көрмеген қуалап жүріп өлтіреді.
3488. Қой мыңға жетсе,  
Керегеден бас кетпейді.
3489. Қой өлсе, қозы болады,  
Келер жылы өзі болады.
3490. Қой толқыса, ер құлайды,  
Көл толқыса, жар құлайды.
3491. Қой үріккен жағына беттейді.
3492. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай.
3493. Қойдан қоңыр — қойшының қоңыр өгізі.
3494. Қойды шартық бүлдіреді,  
Елді қортық бүлдіреді.
3495. Қойдың суығы ешкіге болмас.
3496. Қойдың іші береке,  
Жылқының іші мереке.
3497. Қойманы көмген алмайды,  
Көрген алады.
3498. «Қойным құр жатпасын,  
Қойым арам өлмесін» деп тидім деген  
екен байға бір қатын.

3499. Қойшы көп болса,  
Қой арам өлер.
3500. Қойын алдырып,  
Қорасын бекіткен.
3501. Қол жүйрігі асқа,  
Тіл жүйрігі басқа.
3502. Қол қолды табады,  
Шарифат жолды табады.
3503. Қолтоқпақ мықты болса,  
Киіз қазық жерге кіреді.
3504. Қолағашы мықты болса,  
Киіз қазық жерге кіреді.
3505. Қолда туған атанның  
Тайлақ аты қалмайды.
3506. Құлдың мойны жуан, күші жоқ,  
Күңнің беті қызыл, ісі жоқ.
3507. Қолы жетпеген — қорлаушы,  
Әлі жетпеген — әлек.
3508. Қолы қимылдағанның  
Аузы қимылдар.
3509. Қолы ойнағанның  
Аузы ойнайды.
3510. Қолыңда барда қорғанба,  
Пұлың бітсе де, абыройың өшпейді.
3511. Қолыңда жоқ болса, әке де жат.
3512. Қонағы жаман болса,  
Үй иесі ұйықтайды.



- Үй иесі жаман болса,  
Қонағы ұйықтайды.
3513. Қонағым, асқаныма разы болма,  
Сасқаныма разы бол.
3514. Қонағым, өз үйіңді де ойлай отыр.
3515. Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал.
3516. Қонақ аз отырып,  
Көп сынайды.
3517. Қонақ — атаңнан да ұлы.
3518. Қонақ берсе, қойныңа сал.
3519. Қонақ бір күн қонса — құт,  
Екі күн қонса — жұт.
3520. Қонақ жатпай, күйге тоймайды,  
Турап жемей, етке тоймайды.
3521. Қонақ келсе, ет піседі,  
Ет піспесе, бет піседі.
3522. Қонақ күтпеу — иттің жұмысы.
3523. Қонақ қойдан жуас,  
Май берсең де, жей береді.
3524. Қонақ қонса, құт қонар.
3525. Қонақ, өз жайыңды ойлай отыр.
3526. Қонақ өз несібесін ішеді.
3527. Қонақ таңдап қонады,  
Ұры басынып ұрлайды.

3528. Қонақ тойдым демейді,  
Соймадың дейді.
3529. Қонақ үйді талғап қонады.
3530. Қонақ хабарсыз, ажал хабарсыз.
3531. Қонақасы — қазақтың үлеспеген еншісі.
3532. Қонаққа барсаң,  
Орныңды тауып отыр.
3533. Қонаққа «кел» демек бар,  
«Кет» демек жоқ.
3534. Қонақтың алдына ас қой,  
Екі қолын бос қой.
3535. Қондырмасаң, қондырма,  
Қондырмайтын қонақ түрін көр.
3536. Қоныс ақысын тоба қайтарар.
3537. Қонысы басқа жақынның ойы бірге,  
бойы алыста,  
Көңілі басқа жақынның бойы бірге, ойы алыста.
3538. Қоңсыны қозғаса, көшіреді,  
Отты қазса, өшіреді.
3539. Қоңсыны қорласа,  
Баласына шақыртар,
3540. Қораға үрген иттің құны да бір аяқ сорпа,  
Үрмеген иттің құны да бір аяқ сорпа.
3541. Қорқа жесең, қой қалады,  
Тарта жесең, тай қалады.

3542. Қорқақ достан,  
Қайратты дұшпан артық.
3543. Қорқақ өз көлеңкесінен қорқады.
3544. Қорқаққа көлеңке әуес.
3545. Қорқақты қуа берсе, батыр болады.
3546. Қорқып күнә қылмаған,  
Тоқтап тәубә қыла алмайды.
3547. Қорқыт дегенде,  
Осылай қорқыт деп пе едім.
3548. Қорқытқаны — Құдайдың алғаны ма?
3549. Қорлық өмірден  
Ерлік өлім артық.
3550. Қорық Құдайдан, қайт райдан.
3551. Қорыққан бұрын қамшылайды.
3552. Қорыққан да, қуанған да бірдей.
3553. Қорыққан үйрек кейін сүңгиді.
3554. Қорыққанға жалғыз қурай қос көрінеді.
3555. Қорыққанға қос көрінеді.
3556. Қорықпай күнә қылмаған,  
Тоқтап тәуба да қыла алмас.
3557. Қорықпас келін қой басынан қорқады.
3558. Қосағыңмен қоса ағар!

3559. Қосақ арасында бос кетеді.
3560. Қостың күші — қанат,  
Ердің күші — құр ат,  
Жердің көркі — шұрат,  
Ер қысылса — ұят,  
Дос пен жегжат-жұрат.
3561. Қостың кісісі болғанша,  
Иттің күшігі бол.
3562. Қотыр ат қотыр атқа үйір болады.
3563. Қотыр атқа жұғыссаң,  
Қотыры жұғады.
3564. Қотыр теке қора былғар.
3565. Қотыр қолға қола сақина.
3566. Қотыр қолдан жұғады,  
Таз есіктен жұғады.
3567. Қотыр қолдан,  
Пәле жолдан.
3568. Қотыр түйе сүйкеншек келер,  
Жетім қозы түртіншек келер.
3569. Қошқар болар қозының тұмсық жағы дөң келер,  
Адам болар жігіттің әр нәрсесі кең келер.
3570. Қошқардікі үзіліп түседі деп,  
Қасқыр аштан өледі.
3571. Қоя берсең еркіне,  
Күнде отырар бөркіңе.
3572. Қоян көлеңкесінен қорқады.

3573. Қоян қамыстан,  
Ұры айдан қорқады.
3574. Қоян туысымен қанжығада табысады.
3575. Қоянды қамыс өлтіреді,  
Ерді намыс өлтіреді.
3576. Қоянмен ойнасаң, шаршарсың,  
Отпен ойнасаң, күйерсің.
3577. Қоянның бойын көріп,  
Қалжасынан түңіл.
3578. Қоянның қарасын көріп,  
Қалжасынан түңіл.
3579. Қу азса, құладыңға жем болар.
3580. Қу аяққа бата жүрмейді.
3581. Қу бастан қуырдақтық ет түседі.
3582. Қу сиыр ту сиырды қотыр қылады.
3583. Қу тамыр, қу тамыр,  
Қу тамырдан не тамыр.
3584. Қу тіл — қақылтақ етік.
3585. Қуанғанмен жүрек жарылмас,  
Тойғанмен құрсақ жарылмас.
3586. Қуға қу намазшамда жолығады.
3587. Қумен құда болғанша,  
Баймен барымталы бол.
3588. Қусаң, жеткізбес жүйрік жоқ.

3589. Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің.
3590. Қуыс үйден құр шықпайды.
3591. Құда болғанша, құлын, биін сұрас,  
Құда болған соң, құл да болса сыйлас.
3592. Құда болып,  
Құйрық-бауыр жесіп.
3593. Құда да тыныш,  
Құдағи да тыныш.
3594. Құда мың жылдық,  
Қүйеу жүз жылдық.
3595. Құдай асыраған тоқтысын қасқыр жемес.
3596. Құдай берген жігітке құлай берер.
3597. Құдай бергенге құлай береді.
3598. Құдай берейін деген құлына құлай береді.
3599. Құдай бермегенді молда бермейді.
3600. Құдай біреу,  
Кезек екеу.
3601. «Құдай» деген қор болмас.
3602. «Құдай» деген құр қалмас.
3603. Құдай тілегенге береді.
3604. Құдай есебінде бармын,  
Адам есебінде жоқпын.
3605. Құдай құртайын десе, ақылыңды алады.

3606. Құдай қырсығынан сақтасын.
3607. Құдай қырына алған қырқында таз болады.
3608. Құдай қырына алса,  
Қырыққа келгенде таз боларсың.
3609. Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасын.
3610. Құдай масқара қылайын десе,  
Баланы қызға береді.
3611. Құдай сақтаса, пәле жоқ,  
Қарғаса, дауа жоқ.
3612. Құдай сүзеген сиырға мүйіз бермес.
3613. Құдай ұрған құдасымен айтысар.
3614. Құдай ұрған оңалады,  
Әруақ ұрған оңалмайды.
3615. Құдай ұрғанды Пайғамбар асасымен түртеді.
3616. Құдайға құр сөзбен «құлмын» деме.
3617. Құдайға садақаны бер де, тіле.
3618. Құдайға сенген құтылар,  
Адамға сенген тұтылар.
3619. Құдайға сиынған құстай ұшады,  
Адамға сиынған мұрттай ұшады.
3620. Құдайға тентек болсаң да,  
Көпке тентек болма.
3621. Құдайдан қорықпағаннан — қорық,  
Адамнан ұялмағаннан — ұял.

3622. Құдайдан тілеген жариды.
3623. Құдайдан сұрағанның бүйірі шығар,  
Адамнан сұрағанның сағы сынар.
3624. Құдайдан сұрасаң, кешірет,  
Кісіден сұрасаң, үніңді өшірет.
3625. Құдайдың жаман жаратқаны  
Қатынының ойнасымен дос болады.
3626. Құдайдың өз жанынан берері жоқ,  
Біреудікін біреуге аударып береді.
3627. Құдайыңды ойлап қой,  
Шайтанның да көңілін аулап қой.
3628. Құдалық белгісі — серт,  
Қоныс белгісі — бейіт.
3629. Құдалыққа құн кешпес.
3630. Құданы Құдай қосады,  
Үйірі басқаны нөқта қосады.
3631. Құданы Құдай қосады,  
Құдай ұрғанды «құмар» қосады.
3632. Құданың құдасы,  
Қоянның сорпасы.
3633. Құданың құдасы,  
Балықтың сорпасы.
3634. Құдаң құрдасыңдай болсын,  
Құдағыың ойнасыңдай болсын.
3635. Құдаңнан түйе сұра,  
Қорыққанынан бие берер.



3636. Құдыққа да түкірме,  
Бір күніңе керек-ті.
3637. Құзғын, қарға ас таңдамайды.
3638. Құзғын мың жасайды.
3639. Құйма құлаққа айтсаң, құйып алады,  
Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетеді.
3640. Құйрықтан алды,  
Құлақтан басты.
3641. Құйыршық құсап қыстырылма.
3642. Құйырығы бүтін тұлпар жоқ,  
Қанаты бүтін сұңқар жоқ.
3643. Құйысқанға қыстырылған боқ құсап.
3644. Құл жиналып бас болмас,  
Құм жиналып тас болмас.
3645. Құл жиылса, шақпақ шағады,  
Би жиылса, тақпақ табады.
3646. Құл күйеуге — күң жеңге,  
Мәселесі бір теңге.
3647. Құл құдасын ғана таниды.
3648. Құл құлды «тіпә» дер,  
Шариғат жолды «тіпә» дер.
3649. Құл мен қожа майданда теңеледі.
3650. Құл құтырса, құдыққа қармақ салар,  
Ит құтырса, иесін қабар.  
Дау құтырса, биге шабар,  
Әділ би жүйесін табар.

3651. Құл мен ұлдың жаны бірдей,  
Күн мен қыздың тәні бірдей.
3652. Құл, құл емес,  
Кім жаман туса, сол құл.
3653. Құлағынан құндақтың етін түсіреді.
3654. Құлағың естігенді көзің көреді,  
Көзің көргенді қолыңа ұстайсың.
3655. Құлақ тұрғанда,  
Баста не атаң құны бар.
3656. Құлақтыға сөз айтсаң,  
Құлағының астында.  
Құлақсызға сөз айтсаң,  
Құла қырдың астында.
3657. Құлақтыға сөз айтсаң,  
Құлағының ішінде,  
Құлақсызға сөз айтсаң,  
Қоңыр қаздың төсінде.
3658. Құлақтың құрышы жоқ,  
Қарынның бұрышы жоқ.
3659. Құламайтын адам жоқ,  
Ажал оғы атылса.  
Сұламайтын адам жоқ,  
Ауру жанға батылса.
3660. Құлан қырда,  
Құндыз суда.
3661. Құлан басына күн туса,  
Қодығына қарамас.
3662. Құлан қағынан безсе,  
Қаңғып жүріп шөлде өледі,

Жігіт елінен безсе,  
Тірі-ақ жүріп күнде өледі.

3663. Құлан қайда семірсе,  
Сол жерге түгін төгеді.  
Бұлт қайда төнсе,  
Береке сонда шөгеді.  
Ел қайда қыстаса,  
Күлін сонда төгеді.
3664. Құлан құдыққа жығылса,  
Кұрбақа құлағына ойнар.
3665. Құлан құдыққа жығылса,  
Құлағына құрбақа ұялайды.  
Жақсы аттан жығылса,  
Жаман табалайды.
3666. Құлан өз қағынан өзі жерімейді.
3667. Құлан тұяқ, қу шеке,  
Іздесең, қайдан табылар.  
Қарны жуан, балпы аяқ,  
Іздесең, бойдан табылар.
3668. Құланда өскен шиге аунайды.
3669. Құланның жайылуы бір болса да, жусауы басқа.
3670. Құланның қасуына,  
Мергеннің басуы дәл келген.
3671. Құлаш сермемей, күш кернемес.
3672. Құлда құдірет жоқ.
3673. Құлды бөрекелді өлтіреді.
3674. Құлды жастап, биді ұрады.

3675. Құлды «құл» десе, өлгісі келеді,  
Биді «құл» десе, күлкісі келеді.
3676. Құлдың діңкесін «бәрекелді» құртады.
3677. Құлдың теңі құйқа-ды,  
Құл құйқаны жұлқады.
3678. Құлқыны жаман молдалар,  
Жеу үшін дінді далдалар.
3679. Құлындаған биеден құдықтағы су артылмайды,  
Босанған әйелден ештеме артылмайды.
3680. Құлындағы — кісеуі,  
Құнандағы — тісеуі.
3681. Құлыннан туған құлыншақ ат боларын білмедім,  
Өзімнен туған баланың жат боларын білмедім.
3682. Құм жиылып тас болмас,  
Жақсы дұшпан қас болмас.
3683. Құнысты көр ғана түзетер.
3684. Құр аяқа бата жүрмейді,  
Қара суға неке жүрмейді.
3685. Құр аяққа бата жүрмейді,  
Құр қасық ауыз жыртады.
3686. Құр құдыққа жығылған құланның  
Құлағында ойнар құр бақа.
3687. Құр сөз — қысылтаяң етік,  
Жүрсең, аяғыңды қажайды,  
Отырсаң, тобығыңа батады.
3688. Құрбыда құрдас тату,  
Төрт аяқтыда бота тату.

3689. Құрбы құр ойнынан жарасады,  
Кілем төріңе жарасады.
3690. Құрбыңнан асқаныңды құдаң білер.
3691. Құрғақ қасық ауыз жыртады.
3692. Құрғақ құдық шықпен толмайды.
3693. Құрдастың жаны дос, сөзі қас.
3694. Құрдасын таппаған құл азады,  
Жолдасын таппаған ер азады.
3695. Құрық салып бұрап,  
Асауды шыңғыртқандай.
3696. Құрық таратқан байлаулы атша сөз бермейсің.
3697. Құрым түңілікті шешеден,  
Құндыз түңілікті қыз дәметеді.
3698. Құс аяған көкке қарар,  
Ат аяған жерге қарар.
3699. Құс жаманы — саңғығыш,  
Адам жаманы — қаңғығыш.
3700. Құс жеткен жеріне қонады,  
Машина майы жеткен жеріне тоқтайды.
3701. Құс келейін деп келмей,  
Жұмыртқа қысқан соң келеді.
3702. Құс көк сеңгірге бір қонады.
3703. Құс қанатымен ұшып,  
Құйрығымен қонады.

3704. Құс қарайды қырымға,  
Ит қарайды жырымға.
3705. Құс өз жеміне қақалмайды.
3706. Құс та өз ұясын қорғайды.
3707. Құстың алғанынан салғаны қызық.
3708. Құсы жоққа тұрымтай сұңқармен тең,  
Аты жоққа қотыр тай тұлпармен тең.
3709. Құтты қонақ келсе, қой егіз табар,  
Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабар.
3710. Құтылғанмен жолдас болма,  
Құты қашқанмен ауылдас болма.
3711. Құтырған бура иесіне шабады.
3712. Қыдыра жал, қыл құйрық,  
Ат аяған жырақ қарайды.  
Екі қанат, бір құйрық,  
Құс аяған көкке қарайды.
3713. Қыдырып айтқан биліктің байлауы жоқ,  
Қыдырып ішкен қымыздың кенеуі жоқ.
3714. Қыдырып жүріп жеген астың кенеуі жоқ,  
Қыдырып жүріп айтқан биліктің елеуі жоқ.
3715. Қыз бала — қиядағы өрісің.
3716. Қыз бала таңдай қақса — жақсылыққа.
3717. Қыз бала үй ішіне қонақ.
3718. Қыз болып туғанына қыз айыпты ма,  
Ата-ана айыпты.

3719. Қыз жақсы болса, ұлмен тең,  
Жаман болса, күңмен тең.
3720. Қыз жақсы болса — ауылдың көркі,  
Жаман болса — үйдің жұты.
3721. Қыз жат жұртқа жаратылған.
3722. Қыз жерден шыққан жоқ,  
Ұл көктен түскен жоқ.
3723. Қыз кетеді байына,  
Ұл кетеді жайына.
3724. Қыз көптікі,  
Қымыз көптікі.
3725. Қыз көрейік,  
Қыз көретін жігітті біз көрейік.
3726. Қыз күнінде қыздардың бөрі жақсы,  
Жаман қатын қайдан шықты? Тапшы.
3727. Қыз — қияға,  
Ұл — ұяға.
3728. Қыз қылығынан.
3729. Қыз қырдан асырады.
3730. Қыз он беске келген соң, мау тартады,  
Ата-анасына жау тартады.
3731. Қыз өссе, үйге жұт,  
Күл өссе, отқа жұт.
3732. Қыз өссе, үйдің жұты,  
Гүл өссе, үйдің жүгі.

3733. Қыз таңдаған жігітті қыз да аңдайды.
3734. Қыз туғанына нақ күпті,  
Ақсақ, соқыр бола ма деп жұпты.
3735. Қызарған бетіне қарама,  
Иттің де жүні қып-қызыл.
3736. Қызға қырық үйден тыю.
3737. Қызға таңдаған жеріңнен құда бола алмайсың,  
Ұлға таңдаған жеріңнен құда боласың.
3738. Қызғанғаның қызыл итке жем болар.
3739. Қызғаншақтың іші тар,  
Болмас онда ұят-ар.
3740. Қыздан қылықты.
3741. Қызды күте білмеген күң етеді,  
Жібекті ұстай білмеген жүн етеді.
3742. Қызды кім алмайды,  
Қымызды кім ішпейді.
3743. Қызды шалекең алмайды,  
Малекең алады.
3744. Қыздың байы — мал,  
Мал берсе, алады шал.
3745. Қыздың еркесі,  
Биттің сіркесі.
3746. Қыздың қонағы — жауың.
3747. Қыздың құны — бес байтал.



3748. Қыздың малы дауың да, сауын да болады.
3749. Қызмет қыл да, міндет қыл.
3750. Қызы бар қираң асар,  
Қызы жоқ тыраң асар.
3751. Қызы бар үйге қырық ат байланады.
3752. Қызы бар үйдің бізі бар.
3753. Қызыл от қысырамайды.
3754. Қызыл тіл — жанның мияты.
3755. Қызыл тілде буын жоқ.
3756. Қызың қылықты болсын,  
Ұлың білікті болсын.
3757. Қызың өссе, қылықтымен ауыл бол,  
Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол.
3758. Қызыңды мақтап-мақтап, алысқа бер.
3759. Қызыңның қойыны  
Өзіңнен жоғары болсын.  
Ұлыңның қойыны  
Өзіңнен төмен болсын.
3760. Қызыр назар салмаса,  
Есек базарына делдал болмассың.
3761. Қылады түспеген құда.
3762. Қылғанға қылғанның сауабы бар.
3763. Қылма ұрлық,  
Ұрлықтың түбі — қорлық.

3764. Қылша мойным мұнша.
3765. Қылшығын алам деп,  
Мол шығын шығады.
3766. Қылшығын шығарам деп,  
Былшығын шығарды.
3767. Қылығың қыздай болсын.
3768. Қылышын сүйреп қыс келеді.
3769. Қымбатқа алып,  
Кемге сат.
3770. Қымыз бен қыз ортақ.
3771. Қымыз жақпаған ауру өледі.
3772. Қына тасқа бітер,  
Білім басқа бітер.
3773. Қырағы бол, қырандар,  
Отанға жау келмесін.  
Отанға келген жау болса,  
Елін қайтіп көрмесін.
3774. Қырағы көз қыранда,  
Томағадан өтеді.
3775. Қыран қайғырып өлмейді,  
Қартайып өледі.
3776. Қыран құс, жүйрік ат, жақсы әйел — ердің байрағы.
3777. Қыран қырымға қарайды,  
Ит жырымды қажайды.
3778. Қыранның көзі қырағы.

3779. Қырқына шыдаған,  
Қырық біріне шыдайды.
3780. Қырсыққа сор жалғасып.
3781. Қырсыққанды қыдыр тұтпа.
3782. Қырт кісінің ақылы  
Мал жайылған шиырдай.  
Тым естінің қалады  
Әр нәрсесі бұйырмай.
3783. Қырық жеті қазынаның біріне қосылады.
3784. Қырық жыл байлық жоқ,  
Қырық жыл жарлылық жоқ.
3785. Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі.
3786. Қырық жыршыдан бір жыршы бай болады,  
Қырық биден бір би бай болады,  
Қырық шеберден бір шебер бай болады.  
Шаруадан артық нәрсе жоқ,  
Қырық шаруадан бір шаруа жарлы болады.
3787. Қырық күн аштық,  
Қырық күн тоқтық жоқ.  
Қырық күн байлық,  
Қырық күн жарлылық жоқ.
3788. Қырық кісі бір жақ,  
Қыңыр кісі бір жақ.
3789. Қырық сиыр бұзауласа,  
Бір өгіздің несі кетеді.
3790. Қырық уәзірді жалғыз хан  
Жарлығымен жаздырған.

3791. Қырықтың бірі — Қыдыр.
3792. Қыс көзі — қырау.
3793. Қыс құзырын қылам десең, қыстың қамын жаз қыл,  
Дене құзырын қылам десең, қорегінді аз қыл.
3794. Қыс қыстығын қылмаса,  
Жаз жаздығын қылмайды.
3795. Қыс қысыл, жаз жазыл.
3796. Қыс қыс сияқты болсын,  
Қыз қыз сияқты болсын.
3797. Қысқа жіп күрмеуге келмейді.
3798. Қысқа қарағанда,  
Жолдасың ала қарға болсын.
3799. Қыста күтіндер малдың астын,  
Малдың астын күтпесең, мандымассың.
3800. Қыста қысыл,  
Жазда жадыра.
3801. Қыстағы қар — жерге ырыс,  
Жердегі ылғал — елге ырыс.
3802. Қыстағы қар,  
Жаздағы жаңбыр —  
Жерге жауған нұр.
3803. Қыстағы суық — жаздағы ыстық.
3804. Қыстың құты — отын.
3805. Қыстың қамын жаз ойла,  
Жаздың қамын қыс ойла.

3806. Қысың қатты болса, қалыңды қыста,  
Заманың ауыр болса, бір ердің етегін ұста.

3807. Қысың тұман болсын,  
Ауруың тымау болсын.

### *Л*

3808. Ластың досы — шыбын.

3809. Лашын күнінде мыңды іліп, бірді жейді.

### *М*

3810. Маған келген шеке де қу, жамбас та қу.

3811. Мағынасыз деген кей сөздің қара тастай тілі бар,  
Көзге ілінбес кей жанның адам нанбас сыры бар.

3812. Май қосса, күл де тамақ болады.

3813. Май шірісе, тұз себер,  
Тұз шірісе, не себер?

3814. Майданда жеңіске, еңбекте табысқа ие бол.

3815. Майданда найзадан қайла мықты.

3816. Мақалда да мін бар,  
Жақсыға да сын бар.

3817. Мақалды сөз салмақты,  
Мыжу босқа қалмақ-ты.

3818. Мақтаған қыз тойда осырады.

3819. Мақтаншаққа сырыңды айтпа,  
Өсекшілге шыныңды айтпа.

3820. Мал аласы сыртында,  
Адам аласы ішінде.
3821. Мал арыстанның ауызында,  
Түрікпеннің түбінде.
3822. Мал өулие, малдан шыққан май өулие,  
Мал берсе, қолдамаған қай өулие.
3823. Мал баға алмаған,  
Жан баға алмас.
3824. Мал байдікі,  
Жан Құдайдікі.
3825. Мал басқа бітеді,  
Қына тасқа бітеді.
3826. Мал бергеннен,  
Ақыл бергеннің пайдасы артық.
3827. Мал бітерге келгенде,  
Ғашық болған қыздай-ды.  
Мал кетерге келгенде,  
Қолға ұстаған мұздай-ды.
3828. Мал біткеннің көзіне тал бітеді.
3829. Мал жанымның садағасы,  
Жаным арымның садағасы.  
Бұлай деп айтып өтсек те,  
Дүниенің барша ісі жан садағасы.
3830. Мал жаманы — соғым,  
Адам жаманы — боғым.
3831. Мал жарлысы бол,  
Ақыл жарлысы болма.

3832. Мал таппас жігіт болмас,  
Құрарын айтып.
3833. Мал иесі — уәлі.
3834. Мал иесіне тартпаса,  
Майталман болар.
3835. Мал кедейлігінен ақыл кедейлігі жаман.
3836. Мал қайыры жоқ байдан,  
Күш қайыры бар кедей артық.
3837. Мал қайыры жоқ байдан,  
Қыл қайыры бар жақсы артық.
3838. Мал талдан өседі.
3839. Мал таппас жігіт болмас, құрарын айт,  
Ұл таппас қатын болмас, тұрарын айт.
3840. Мал тастан қаттыға да бітеді,  
Боқтан сасыққа да бітеді.
3841. Малды баққан адам өсіре алады,  
Баланы тапқан адам өсіре алады.
3842. Малды бет бергенде бақпа,  
Сырт бергенде бақ.
3843. Малды жақсы баққаның,  
Өзіңе абырой тапқаның.
3844. Малды жиған бақсын,  
Отынды алған жақсын.
3845. Малды тапқанға бақтыр,  
Отынды тергенге жақтыр.

3846. «Малды екен» деп жақсымен жолдас болма.
3847. Малды іріктемесең, тұқымы азады,  
Қонысты жаңаламасаң, өріс тозады.
3848. Малдының беті жарық,  
Малсыздың беті көн шарық.
3849. Малдың жайын баққан білер,  
Оттың жайын жаққан білер.
3850. Малдың іші боқ, сырты түк.
3851. Малсыз болсаң бол, арсыз болма.
3852. Малшының несібесі тең,  
Сыбағасы кем.
3853. Малы жоқ деп ерден түңілме,  
Шөбі жоқ деп жерден түңілме.
3854. Малы өскеннің сырты өсер.
3855. Малым жаным садағасы,  
Жаным арым садағасы.
3856. Малым көп деп мақтанба,  
Басым көп деп топтанба.
3857. Малымды алсаң ал,  
Пиғылымды алма.
3858. Малың барда білім ал,  
Кетілмес тұяқ тұлпарың.
3859. Малыңа сүйенбе,  
Арыңа сүйен.
3860. Маңқа көргенін тастамай алады.



3861. Маңызсыз мал — малшының қырсығы,  
Бапсыз аспап — аңшының қырсығы.
3862. Март келмей жауынға жарымайсың,  
Қазы келмей дауға жарымайсың.
3863. Мәнісін білмесең,  
Мәшіннің маңынан жүрме.
3864. Мезгіл жетсе, мұз да ерір.
3865. Мезгілсіз таң атпайды,  
Уақытсыз жан шықпайды.
3866. Мезгілсіз шақырған өтештің төбесін жұл.
3867. Мезгілсіз шақырған тауықты жұлмақ керек.
3868. Мейман күтсең, иман күт.
3869. Мекіре балықтың басы  
Тасқа тимей қайтпас.
3870. Мекіренің тұмсығы  
Тасқа тимей тоқтамас.
3871. Мен ашулансам, тау қопарылады.
3872. Мен де жанды қарға.
3873. Мен қыламын отыз,  
Ием қылады тоғыз.
3874. Мен өлгенде жерің кеңір.
3875. Мен сенбеймін байыма,  
Не сояды тойыма.
3876. Мен сұлудан сен — сұлу.

3877. Мен ұрлық қылғанда,  
Ай жарық болады.
3878. Менменнің тәубесі жүрмес,  
Өлсе, аяғы көрге симас.
3879. Менің атым жүре тұрсын,  
Сенің атың тұра тұрсын.
3880. Менің жиған мақалым,  
Ағарды ғой сақалым.
3881. Менің сөзім бәріңе,  
Бәріңнен де әріңе.
3882. Мергеннің көзі де мерген,  
Қолы да мерген.
3883. Мергеннің оғы көреген.
3884. Мerezі ағып тұрып,  
Шиқанға ем аптады.
3885. Мешкей деген жақсы ат па?
3886. Мешкейдің өзі тойса да, көзі тоймас.
3887. Миы жоқ басқа бадырайған көз бітеді,  
Дуасы жоқ ауызға сылдыраған сөз бітеді.
3888. Молда алдай да, арбай да біледі.
3889. Молда анасынан үлкен.
3890. Молда білгенін оқиды,  
Қарға көргенін шоқиды.
3891. Молдадан хат қалады,  
Жақсыдан ат қалады.

3892. Молдамен жолдас болсаң,  
Күнәнді жояр.  
Ұрымен жолдас болсаң,  
Көзіңді ояр.
3893. Молданың айтқанын жаса,  
Жасағанын жасама.
3894. Молданың қылғанын қылма,  
Айтқанын қыл.
3895. Момынды залым жылатса,  
Залымды Құдай жылатар.
3896. Момынның ісін Құдай істейді.
3897. Мұның бәрі біздің басқан жер.
3898. Мұрның барда бір сіңбір.
3899. Мұртқа өкпелеп жүргенде,  
Сақал шықты.
3900. Мұртын балта кеспейді.
3901. Мұрын болмаса,  
Екі көз бірін-бірі шоқиды.
3902. Мұрынға қарама,  
Орынға қара.
3903. Мүсәпір болмаған мұсылман болмас.
3904. Мықты болсаң, жердей бол,  
Берін шыдап кетірген.  
Таза болсаң, судай бол,  
Берін жуып кетірген.
3905. Мықты қасқыр тай-құнанға шабады,  
Мықыр қасқыр қозы-лақты қағады.

3906. Мылжыңға мың сөз көп емес,  
Білгірге бір сөз аз емес.
3907. Мылтық пенен жігіттің іші біледі.
3908. Мың асауға — бір тұсау.
3909. Мың жаудан бір жансыз қатер.
3910. Мың жылқының ішінен  
Бір тайдың майын беріпті.
3911. Мың күнгі ұрмақтан,  
Бір күнгі тірлік артық.
3912. Мың қайғы бір борышты өтемейді.
3913. Мың қолды бір жаман ірітеді.
3914. Мың қосшыға бір басшы,  
Жаман адамның тілі ащы.
3915. Мың қосшыдан бір басшы артық.
3916. Мың надан сопыдан,  
Бір ғалым молда артық.
3917. Мың оқысаң мүлік,  
Жүз оқысаң тәкірар.
3918. Мыңды беріп бірді алсаң,  
Байырғыдай болмайды.  
Үш ай тоқсан түспесе,  
Үлкен теңіз тоңбайды.
3919. Мыңның түсін білгенше,  
Бірдің атын біл.
3920. Мыңның тері шыққанша,  
Жоқтың жаны шығады.

3921. Мыңның бірі — Машайық.
3922. Мыңын жемей бай өледі.
3923. Мыржық қызға  
Тыржық күйеу.
3924. Мырзалық қонаққа пайда,  
Малға қас.  
Батырлық жолдасқа пайда,  
Жанға қас.  
Өткір пышақ қолға пайда,  
Қынға қас.
3925. Мырзасы сүйегін итіндей кемірсе,  
Иті несін кеміреді.
3926. Мысық жоқта тышқан төбеге шығады.
3927. Мысыққа ойын керек,  
Тышқанға өлім керек.
3928. Мысықты еркелетсең,  
Қолыңды тырнайды.
3929. Мысықтың тілегі жаман,  
Мысық тілеулес адам жаман.
3930. Мінезің жатық болса,  
Ішкенің қатық болар.  
Мінезің қиық болса,  
Ішкенің сұйық болады.
3931. Мінсіз — Құдай,  
Кірсіз — су.
3932. Мінсіз адам болмас.
3933. Мініне қарай сыны болады,  
Мінезіне қарай сыры болады.

3934. Мініп шығар ат шықпай,  
Суырылып сөйлер ұл тумас.

### ***Н***

3935. Нағашым бай, қайыным бай,  
Қайтіп кедей қыласың, Құдайым-ай!
3936. Нағашының жаманы — бетке салық.
3937. Нағашысымен күрескен жиен жығылады.
3938. Надан достан зерек дұшпан артық.
3939. Надан достың достығы аюдай-ды,  
Дұшпандығын достықтай қайымдайды.  
Достық қылдым дегені қастық болып,  
Басты жаншып кетуден тайынбайды.
3940. Надан молда пешқадам.
3941. Наданға айтқан ақыл  
Тасқа жауған жаңбыр сияқты.
3942. Назыңды жер көтерер.
3943. Найзадан қалам күшті,  
Ғалымнан надан күшті.
3944. Нақтының жуан тұғыры.
3945. Нар баласы бақырмайды.
3946. Нар баласын қарпып сүйеді.
3947. Нар жолында жүк қалмас.
3948. Нар жолында жүк қалмайды,  
Жақсының қолында түк қалмайды.

3949. Нас басқанды бит басар.
3950. Нахақ пәле оттан ыстық.
3951. Наһан шыққан жеріне қайта симайды.
3952. Нәрсізге назыңды айтпа, сағың сынады,  
Нәрліге ишарат етсең, айтпай ұғады.
3953. Нәсілі жаманнан жақсы шықпас,  
Сүйегі арықтан семіз шықпас.
3954. Не биге түсейін,  
Не шиге түсейін.
3955. Не деген бұл тас бауыр,  
Ағасы басқа жат бауыр.
3956. Не екенін неғыласың,  
Жұмағыңды қолыңа бір аласың.
3957. Не ексең, соны оарсың.
3958. Не көрмеді бұл басым,  
Тағы алса, тағы шығады бұл шашым.
3959. Негізінде жарылмаған сұраншақ,  
Уызына жарымаған түртіншек.
3960. Немере не береді,  
Етін жеп, сүйегін береді.
3961. Нені қор тұтсаң,  
Соны зар тұтарсың.
3962. Ноқталы басқа бір өлім.
3963. Нәсер алдында нажағай ойнар.

## О

3964. Озбасам озбайын,  
Орнымда бермейін.
3965. Озбыр олжа үшін өледі,  
Күншіл күндеумен бөледі.
3966. Озбырдың өзегі талмас.
3967. Ой артынан ой туар,  
Желге мінсе, жеткізбес.  
Ай артынан ай туар,  
Күн де оған жеткізбес.
3968. Ойда бір қоян су ішсе,  
Қырда қырық қоян тамсанады.
3969. Ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса,  
Қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды.
3970. Ойдың түбі — теңіз.
3971. Ойламағанның түбі — ойран,  
Сиырлының үйі — айран.
3972. Ойламай сөйлесең, опық жейсің.
3973. Ойланып баста ісіңді,  
Жоғалтпассың күшіңді.
3974. Ойнап сөйлесең де,  
Ойлап сөйле.
3975. Ойлы ойлап болғанша,  
Тәуекел ісін бітіреді.
3976. Ойнай білмес жаман,  
Жеңгесін к....не түртіп ойнайды.



3977. Ойнақтаған бота от басар.
3978. Ойнақтаған бұзау от басар.
3979. Ойнақтаған тайлақ от басады.
3980. Ойнақтаған тайлақ ор басады.
3981. Ойнап айтпа, ойлап айт.
3982. Ойнап-күліп отырамыз,  
Қой кезегі менікі.
3983. Ойнас деген оттан ыстық,  
Қала берсе, боқтан сасық.
3984. Ойнаса да, ойындағысын айтады.
3985. Ойнастың көзі айтады,  
Ұрының сөзі айтады.
3986. Ойсыз ұл, мисыз құл болмайды.
3987. Ойын түбінен от шығады.
3988. Ойында өрелік жоқ,  
Тойда төрелік жоқ.
3989. Ойыннан от шығады.
3990. Ойынның түбі — ойран,  
Әзілдің түбі — апат.
3991. Ойыншының тамағы тоқ.
3992. Оқу — білім азығы,  
Білім — ырыс қазығы.
3993. Оқу ойдан артық емес.

3994. Оқу түбі — тоқу.
3995. Оқуға сенген — ұмытшақ,  
Жазуға сенген — жаңылшақ.
3996. Оқуыңнан безіп тұрмысқа шықпа,  
Үйіңнен безіп жонға шықпа.
3997. Оқу — білім бұлағы.
3998. Оқығанның аты оқыған,  
Тоқығанның аты тоқыған.
3999. Олақ қатынға жоқ сылтау.
4000. Олақта Құдай жоқ,  
Өз ісін өзі біледі.
4001. Олақтан салақ жаман.
4002. Олақтың қолы жуан, ебі жоқ,  
Ездің ғайбаты бар, кегі жоқ.
4003. Олақтың қолы шолақ.
4004. Олақтың қолынан ине ұшады.
4005. Олақтың сөзі орынсыз жамау төрізді.
4006. Олжа олжадан қайтар,  
Сауға сауғадан қайтар.
4007. Он үште — отау иесі.
4008. Ондай кемшілік хан қызында да болады.
4009. Оның көрген күнін итке берсін.
4010. Оң қолың ашулы болса,  
Сол қолың арашасы болсын.

4011. Оңайдан тапқан оңғақ,  
Қиыннан тапқан қымбат.
4012. Оңар елдің белгісі —  
Ақсақалы белді.  
Оңбас елдің белгісі —  
Ақсақалы күлкісі.
4013. Оңбайын деген жігіт  
Байталын сатып ат қылар,  
Ағайынымен жат болар.
4014. Оңдайлы аттай, өткір шоттай.
4015. Опасыздың отына жылынба!
4016. Ораза, намаз тоқтықта,  
Сопысынған молланың сәлдесі жатар боқтықта.
4017. Оразаны ойға алған  
Ораза тұтқан болып есептелмейді.
4018. Ораза, намаз тоқтықта,  
Иман қашар жоқтықта.
4019. Оразаға көшкен ермек.
4020. Оразаның түбіне мақсұм жетер,  
Тозған елдің түбіне тақсыр жетер.
4021. Ораздының баласы,  
Он бесінде баспын дер.  
Сиыршының баласы жиырмада жаспын дер.
4022. Орақ ұстап өкең қалғанша,  
Оймақ ұстап шешен қалсын.
4023. Орақшының жаманы орақ таңдар.

4024. Орамал тон болмайды, жол болады.
4025. Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды.
4026. Орман-тоғай — жердің көркі.
4027. Орнын тауып жұмсаса,  
Бай да жақсы болады.  
Бабын тапса кедейдің  
Байға да жақсы болады.
4028. Орнында бар оңалар,  
Орнында жоқ жоғалар.
4029. Ортадағы ауыл кең болмайды,  
Шеткі ауыл ел болмайды.
4030. Ортақ өгізден оңаша бұзауым артық.
4031. Ортаншыға оқ тимес,  
Оқ тисе де дөп тимес.
4032. Ортаның малын олжа көрме,  
Ол — халықтың дәулеті.  
Оны шашқанды мырза көрме,  
Ол — халықтың нәубеті.
4033. Ортаның малына от тықпа,  
Орынсыз жеймін деп соқтықпа.
4034. Орын бермес мешел бол,  
Сөзге түспес кесел бол.
4035. Орын таппай баптанба,  
Жолын таппай мақтанба.
4036. Орыс байыса, үй салады,  
Қазақ байыса, қатын алады.

4037. Орыстан кіреш таққаны,  
Кей жаманға шен болар.  
Өзіне-өзі қарар да,  
Әулиеменен тең болар.
4038. Орыс та болса бар болсын.
4039. Орыстікі — мейрам көп,  
Қазақтікі — айран көп.
4040. Осы кәріліктен қалай құтыламыз.
4041. Осырық — боқтың қарауылы.
4042. Осырықтың ұяты жоқ,  
Бетке шіркеуі бар.
4043. От алуға келіп пе едің?
4044. От алып қамысқа түсеміз бе?
4045. От басында құрт қайната біл,  
Жауға шықсаң, ат ойната біл.
4046. От басында орақ тілді,  
Той болғанда олақ тілді.
4047. От пенен су батырға қарамас,  
Ажал мен бейнет ақылға қарамас.
4048. Отандық ағашта оқтық бұта болады.
4049. Отанын қорғамаған жігіттен,  
Қотанды қорғаған ит артық.
4050. Олай тартсаң, өгіз өледі,  
Былай тартсаң, арба сынады.
4051. Отқа қарап,  
Суға сусынып отырмысың.

4052. Отқа салсаң, от алмас,  
Суға салсаң, бата алмас.
4053. Отпен ойнаған күйеді.
4054. Отпен ойнама, күйерсің,  
Қоянмен ойнама, шаршарсың.
4055. Отты кеулесең, өшеді дүр,  
Қоңсыны кеулесең, көшеді дүр.
4056. Отыз тістен шыққан сөз  
Отыз рулы елге тарайды.
4057. Отызда орда бұзбасаң,  
Қырықта қырмайсың.
4058. Отызында орда бұзбаған,  
Қырқында қылыш шаппайды.
4059. Отызында орда бұзбасаң,  
Қырқында қырға шыға алмайсың.
4060. Отын — олжа, су — қайғы.
4061. Отын — олжа, су — қорлық.
4062. Отынның басы ойнақ болады,  
Арты шағылық болады.
4063. Отынсыз от жанбайды,  
Сусыз сусын қанбайды.
4064. Отың басы шаң болмасын,  
Қонған жерінде шалғын жапырылмасын.
4065. Отыра білмес, орын таба алмас.
4066. Отырғаннан көш артық,  
Білмей сөйлегеннен,

Сөйлемеген бес артық,  
Біреуден біреу несі артық,  
Түсіндірген ісі артық,  
Дәулет бітсе, жесе артық.

4067. Отырыстың ебі жоқ,  
Бақыршылыққа себі жоқ.

### Ө

4068. Өгіз бұрын өледі,  
Бұзау сақ өледі.
4069. Өгіз қарын майыңды  
Өлгенде бастайсың ба?
4070. Өгіз мүйізді сиырдың сүті болмайды,  
Сиыр мүйізді өгіздің күші болмайды.
4071. Өгіз өлдім демес,  
Арба сындым демес.
4072. Өгіз өлмес, арба сынбас.
4073. Өгіз өрге сүйрейді.
4074. Өгізді кісі өлген кісі,  
Жаяу кісі жатқан кісі.
4075. Өгізді қойшыны қасқыр көп айналдырады.
4076. Өгізді өрге айдама.
4077. Өгізді өрге салма, қанатың талар,  
Жаманға жүзің салма, сағың сынар.
4078. Өгізді өрге сүйреме, қарың талар,  
Жаманнан қарыз сұрама, сағың сынар.

4079. Өгіздің тышқанын бұзау тышам деп,  
Бұзау көтенсіз қалыпты.
4080. Өз ағасын ағаламаған, кісі ағасын жағаламайды.
4081. Өз айғырым шауып еді,  
Өз бием тауып еді.
4082. Өз айыбын өзі білген жігіт  
Би болуға жарайды.
4083. Өз ақылым ақыл-ақ,  
Кісі ақылы шоқыр-ақ.
4084. Өз ақылын шамалаған қор болмас.
4085. Өз балаң отқа жығылса, намазыңды бұзба,  
Көршіңнің баласы отқа жығылса, намазыңды үз.
4086. Өз балаң өзекке тепсең де, кетпейді,  
Кісі баласын кісендесең де, тұрмайды.
4087. Өз баласына тон піше алмаған,  
Кісі баласының киіміне күлмес.
4088. Өз басындағы боқты көрмей,  
Кісі басындағы шөпті көреді.
4089. Өз басыңа дау келсе, шешендігің зая,  
Өз басыңа жуа келсе, батырлығың зая.
4090. Өз бетін аямаған адам,  
Кісі бетін шиедей қылады.
4091. Өзге елдің иті қадірлі.
4092. Өз елім — алтын бесік,  
Басқа елдің төбесі кесік.



4093. Өз елімнің иті де қадірлі.
4094. Өз жоғың жоғалса, қайдан қарар едің.
4095. Өз қазаныңды өзің аспай, асқа жарымайсың.
4096. Өз қатесін өзі білген адам  
Екі кісіге төре болуға жарайды.
4097. Өз қолыңда жоқ болса,  
Әкең де болса жат.
4098. Өз қорлық, өз қорлықтан жат қорлық.
4099. Өз қолыңнан келмейтін жұмысты талап етпе.
4100. Өз мінін білген,  
Өзгеге төрелік айтады.
4101. Өз мінін өзі білген,  
Біреуге мәс айтуға жарайды.
4102. Өз өлтірмес,  
Жат жарылқамас.
4103. Өз үйінде ою ойған,  
Біреудің үйіне барып сызу сызады.
4104. Өз үйінде тон пішпеген,  
Кісі үйінде тон пішеді.
4105. Өзбек — көрсе қызар.
4106. Өзбек өз ағам, сарт садағам.
4107. Өзгені де өзіңдей көру —  
Әділдіктің жоғарғысы.
4108. Өзгерсе өмір әманда,  
Өзгерер солай адам да.

4109. Өзекті жан өлмей қоймас.
4110. Өзекті жанға бір өлім.
4111. Өзекті жанға өлім бар,  
Сынбайтұғын темір жоқ,  
Өлмейтұғын өмір жоқ.
4112. Өзекті жанға өлім бар,  
Өлеміз деген қаупім бар.
4113. Өзен жағалағанның өзегі талмас.
4114. Өзен тұрып, өзге жерге қонған — нәмөрт,  
Өзі болған жігіттің түп тегін сұраған — нәмөрт.
4115. Өзенді жер тұрғанда,  
Шөл далада қонған — ит.
4116. Өзендегінің өзегі талмас.
4117. Өзеннің бойы тұрғанда,  
Өзге жерге қонған — ит.
4118. Өзеннің көркі — су,  
Таудың көркі — ну.
4119. Өзі болған жігіттің  
Түп атасын сұраған — ит.
4120. Өзі болған қыз төркінін танымайды.
4121. Өзі болған сөзге қонақ бермейді.
4122. Өзі білмес, өзгенің тілін алмас.
4123. Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар.
4124. Өзі жақсыға екі орын бар.

4125. Өзі жаманның қатыны кетеді,  
Елі жаманның ақысы кетеді.
4126. Өзі жаманның сөзі де жаман.
4127. Өзі жасықтың сөзі де жасық.
4128. Өзі жығылған өкінбес.
4129. Өзі кетті бел асып,  
Беліне белбеу жарасып.
4130. Өзі қара кісіні «қара» дейді.
4131. Өзі қылған өкінбес.
4132. Өзі өлген ерлік емес,  
Жауды жеңген — ерлік.
4133. Өз өлтірмейді,  
Жат жарылқамайды.
4134. Өзі райлының жүзы шырайлы.
4135. Өзі ұры «ұры» дейді,  
Өзі қары «қары» дейді.
4136. Өзі үркіп тұрған жылқыға  
Қиқу салған соң не жорық.
4137. Өзі үшін өмір сүрген адам  
Өлген соң елге жексұрын.
4138. Өзі шығайын деп тұрған көз еді.
4139. Өзі істеген өкінбейді.
4140. Өзім жаман болсам да, ағам жақсы.

4141. Өзім — ақын,  
Ақын маған жақын.
4142. Өзім асыраған текешік,  
Өз басыма секірді.
4143. Өзім асыраған текешік өзіме артылды.
4144. «Өзім білем» деген жігіттің,  
Басына ойран салғаны.  
Көп біледі деген жігіттің,  
Басына қорған салғаны.
4145. «Өзім білем» дегені —  
Өзіне салған ойраны.  
«Қауымға біл» дегені —  
Тастан салған қорғаны.
4146. «Өзім білем» өсірмейді,  
Қолсыз түйін шешілмейді.
4147. Өзім дегенде аузым жұмылады,  
Кісі дегенде ашылады.
4148. Өзім жемесем жемейін,  
Анам мүлкін жегізбей.
4149. Өзім ойласам, құлынды бие тиеді,  
Біреуге ойласам, аяғым жерге  
анда-санда бір тиеді.
4150. Өзім үшін туғанмын,  
Елім үшін өлгенмін.
4151. Өзімде жоқ қарға боғымен піссін.
4152. Өзімдікі дегенде, өгіз қара күшім бар,  
Кісінікі дегенде, қол тимейтін ісім бар.

4153. Өзімдікі дегенде,  
Өгіз қара күшім бар.  
Кісінікі дегенде,  
Анау-мынау ісім бар.
4154. Өзіме салсам, тайлы бие тиеді,  
Кісіге салсам, аяғым анда-санда бір тиеді.
4155. Өзімнен туған баланың  
Жат боларын білмедім.
4156. Өзін алдау — өлімнің дерті.
4157. Өзін жамандаған жатқа қор болады.
4158. Өзін-өзі аямаған,  
Кісі бетін шиедей қылады.
4159. Өзін үлкен санаса,  
Бақыты кетіп, боқтық болар.
4160. Өзінен көрмей өгізінен көреді.
4161. Өзін-өзі мақтағаны — өлімнің қара басы.
4162. Өзінің боғын көрмей,  
Біреудің шоғын көреді.
4163. Өзінің кетпенмен шапқан мініне күлмей,  
Біреудің балтамен шапқан мініне күледі.
4164. Өзінің таз қалпына тартыпты.
4165. Өзінің түйедейін көрмей,  
Біреудің түймедейіне күледі.
4166. Өзің білме, білгеннің тілін алма.
4167. Өзің жақсы болсаң, жаман кісі жақсы болады,  
Өзің жаман болсаң, жақсы кісі жаман болады.

4168. Өзің жоқ жерде көзің жоқ.
4169. Өзің жын болсаң, кімге пір боласың?
4170. Өзің көтермейтін сөзді басқаға айтпа.
4171. Өзің санамай сегіз деме,  
Өзің сынамай семіз деме.
4172. Өзің тұрып, анадңы жұмсама.
4173. Өзіңде асың болса,  
Кісіде қасың бар ма.
4174. Өзіңді жаттай сыйла,  
Жат бойынан түңілісін.
4175. Өзіңді зор санайсың,  
Бізді қор санайсың.
4176. Өзіңді-өзің сыйламасаң,  
Өзгеден сый дәметпе.
4177. Өзіңдікін бос ұстасаң,  
Біреудікін қоса ұстарсың.
4178. Өзіңе қазір бол,  
Қоңсыңды ұры деме.  
Әлім жетеді деп,  
Аздың ақысын жеме.
4179. Өзіңе-өзің сақ бол,  
Қоңсыңды ұры тұтпа.
4180. Өзіңнен зор шықса,  
Екі көзің сонда шығады.
4181. Өзіңнен тумай ұл болмас,  
Сатып алмай құл болмас.

4182. Өкпе кімге жарасар,  
Қарындасқа жарасар.  
Қарындастың ішінде,  
Қадірлеске жарасар.
4183. Өкпе менен бауыр бер,  
Сыбағамды тәуір бер.
4184. Өлген адамның жаманы жоқ,  
Жүйрік аттың шабаны жоқ.
4185. Өлген арыстаннан тірі тышқан артық.
4186. Өлген балық су түбінде жатпайды.
4187. Өлген бураның басынан тірі атан қорқады.
4188. Өлген бураның басынан  
Алпыс алты атан қорқады.
4189. Өлген кісі тірілсе,  
Сонан сұра.
4190. Өлген сиыр сүтті болады.
4191. Өлген тірілмейді,  
Өшкен жанбайды.
4192. Өлгенге жылама, өзіңе жыла,  
Пәндеден сұрама, аштыққа шыда.
4193. Өлгенге молда жыламас,  
Ауруға тірлік сұрамас.
4194. Өлгенде жасырасың,  
Көмгенде қайтесің?
4195. Өлгенде жыламас,  
Тірілгенде суысқан.

4196. Өлгенмен бірге өлмек жоқ.
4197. Өлгеннің жақсысы — көмілген.
4198. Өлгеннің тілін тірі алмас.
4199. Өлгенім тіріліп,  
Өшкенім жанып ...
4200. Өлдің Мамай, қор болдың.
4201. Өле жегенше, бөле же.
4202. Өле ішкенше, бөле ішсең,  
Көршіңнің көңілі табылар.
4203. Өлейін деген тышқан мысықтың  
құйрығымен ойнайды.
4204. Өлең — алтын,  
Сөз — күміс.
4205. Өлең білмеген айқайға зорлайды,  
Дауыс білмеген ойбайға зорлайды.
4206. Өлең — сөздің шұрайы,  
Өнер — өмірдің шырайы.
4207. Өлеңді жерде өгіз семіреді,  
Даулы жерде би семіреді,  
Өлімді жерде молда семіреді.
4208. Өлеңді жерде өгіз семіреді,  
Өлікті жерде молда семіреді.
4209. Өлер өгіз балтадан тайынбас.
4210. Өлетін бала молаға қарай жүгіреді.



4211. Өлмеген адам талайды көреді.
4212. Өлмегенге өлі балық жолығады.
4213. Өлмеген де қара жер.
4214. Өлмейтін жан жоқ,  
Өшпейтін шам жоқ.
4215. Өлмейтінге өлі балық кезігер.
4216. Өлместі жаратпайды,  
Тозбасты соқпайды.
4217. Өлместі Құдай жасамайды,  
Тозбасты ұста жасамайды.
4218. Өлсе, қой терісі,  
Өлмесе, ит терісі.
4219. Өлсем, төрт қарыс бөз жалынсын.
4220. Өлсең, көрің кең болсын.
4221. Өлсең — өлерсің, өлмесең — кісі боларсың.
4222. Өлушінің ажалы жетпесе,  
Өлтірушінің қолы жетпейді.
4223. Өлушінің өмірі бітпей,  
Өлтірушінің қолы жетпес.
4224. Өлшеп салған асыңа  
Қонақ келсе, қатты күт.
4225. Өлшесе, өзімен кетсін.
4226. Өлі арыстаннан тірі мысық артық.

4227. Өлі арыстанның басынан тірі атан үркеді.
4228. Өлі бураның басынан тірі атан қорқады.
4229. Өлі жебемей, тірі байымас.
4230. Өлі — тірінің азығы,  
Бір сөз — мың сөздің қазығы.
4231. Өліге бата, тіріге сәлем.
4232. Өліден тірінің біреуі артық.
4233. Өлік шыққан үйдің алдында  
Айдаһар жатады.
4234. Өліктің де өз несібесі бар.
4235. Өлім айтып келмейді.
4236. Өлім барда, қаза бар.
4237. Өлім бардың малын шашады,  
Жоқтың артын ашады.
4238. Өлім болжаусыз, қонақ болжаусыз.
4239. Өлім жайды білмейді,  
Қонақ жайды білмейді.
4240. Өлім қайдан болса, топырақ содан.
4241. Өлім — ортақ, дау — қонақ.
4242. Өлім — сұрағанға бейнет.
4243. Өлім тілегенге бейнет береді.
4244. Өлім тілегенге берер,  
Бейлі кеңге зейнет берер.

4245. Өлімге ас берсең, түсіңнен шықпайды,  
Жаманға ас берсең, үйіңнен шықпайды.
4246. Өлімді жерде молда,  
Өлеңді жерде өгіз семіреді.
4247. Өлімнен басқаның бөріне асық.
4248. Өлімнен өзгенің ертесі жақсы.
4249. Өлімнен өзгенің тезі игі.
4250. Өлімнен Пайғамбар да қашып құтылмаған.
4251. Өлімнен ұят күшті.
4252. Өлімсіз өмір жоқ,  
Өткелсіз өзек жоқ.
4253. Өлімтікке өкірген сиырдай.
4254. Өлінің тілін тірі ала ма?
4255. Өмір бере де біледі, ала да біледі.
4256. Өмір — бұлақ, адам — құрақ.
4257. Өмір деген дүния,  
Ағып жатқан су екен.  
Жақсы-жаман көргенің,  
Ойлап тұрсаң у екен.
4258. Өмір деген — күрес.
4259. Өмір қартайса да,  
Көңіл қартаймайды.
4260. Өмір мен ажал алысса,  
Ауру өмірдің аяғынан алады.

4261. Өмір мен өлім күрессе,  
Ауру аяқтан алады.
4262. Өмір — үлкен мектеп.
4263. Өмірдің түбі — өлу,  
Шырақтың түбі — сөну.
4264. Өмірдің ұзағын тілеме, қызығын тіле.
4265. Өнбейтін дауды  
Өспейтін жігіт даулайды.
4266. Өнер — жастан,  
Асыл — тастан.
4267. Өнер алды — қызыл тіл,  
Орнын тауып сөйлей біл.
4268. Өнер — білім азығы,  
Білім — ырыс қазығы.
4269. Өнер — еңбектің жемісі,  
Өнерін орнына жұмсамаған —  
Өнерлінің кемісі.
4270. Өнер көзі халықта.
4271. Өнер — көп несібесі,  
Ақысы — өз несібесі.
4272. Өнерді үйрен де, жирен.
4273. Өнердің алдыңғысы — бірлік, тірлік,  
Бірікпес бір-біріне қылған ірілік.
4274. Өнердің ең жаманы — бұқа пішкен.
4275. Өнерлі баланың он саусағы кең,  
Өнерсіз баланың бір саусағы кем.

4276. Өнерлі өлмес,  
Өнерсіз күн көрмес.
4277. Өнерлі өрге жүзер,  
Қайықпен жерге жүзер.
4278. Өнерлі өлсе, істеген заты қалады.
4279. Өнерліге өлім жоқ,  
Өнерсіздің ізі жоқ.
4280. Өнерпаз өрге жүзеді.
4281. Өнерсіз ер өлгенмен тең.
4282. Өңкей қожа ауыл болмас,  
Өңкей надан қауым болмас.
4283. Өрен жүйрік өрде озар,  
Ерегіскен жерде озар.
4284. Өрлеген балық ауға жолығады,  
Өр кеуде жігіт дауға жолығады.
4285. Өрлеген бұлт жаумай тынбас,  
Өршіген жігіт өлмей тынбас.
4286. Өрт пен су — тілсіз жау.
4287. Өрттен де бір түп көде қалады.
4288. Өріске қарай мал өсер,  
Өзенге қарай тал өсер.
4289. Өріске мал жарасады,  
Атқа жал жарасады.
4290. Өріссіз ойдан өрнекті білім шықпайды.

4291. Өсер бала өрісшіл болар,  
Өспейтін бала керісшіл болар.
4292. Өсетін ел бірін-бірі батыр дер,  
Өспейтін ел бірін-бірі қатын дер.
4293. Өсетін елге кіріс кіреді,  
Өспейтін елге сыбыс кіреді.
4294. Өскеннің талабы да өсіңкі.
4295. Өспейін деген,  
Өнбес дау даулайды.
4296. Өсу үшін сабыр керек,  
Жеңу үшін қажыр керек.
4297. Өткел көрсең, бұрын өт,  
Артынан өтсең, жол тайғақ.  
Ұрлық қылсаң, жалғыз қыл,  
Екеу болсаң, бірі айғақ.
4298. Өткелсіз өзен болмас,  
Асусыз кезең болмас.
4299. Өткен күнде белгі жоқ.
4300. Өткен күнді қуып жетпессің.
4301. Өткен іске өкінсең,  
Өмірің зая.
4302. Өткенге өкінбе,  
Жетпесті қума,  
Көзің көрмесе, нанба.
4303. Өткенді еске алсаң,  
Өмірің зая болады.

4304. Өткенді ойласаң,  
Өмірің зая болады.
4305. Өткіншінің өкініші кетпес.
4306. Өткір пышақ етке пайда, қынға қас,  
Өткір сөз дауға пайда, жанға қас.
4307. Өтпеген тесігі жоқ.
4308. Өтпейтін өмір, таймайтын дәулет болмайды.
4309. Өтпес пышақ қол кесер.
4310. Өтпес пышақ, жаман қатын ер қартайтар.
4311. Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын —  
Жігітті қартайтатын осы үшеуі.
4312. Өтірік айтқан жерде көп тұрма.
4313. Өтірік айтсаң,  
Құдайға жақпайсың.
4314. Өтірік айтып жағынғанша,  
Шыныңды айтып жалын.
4315. Өтірік атыңды өшіреді,  
Өсек көршіңді көшіреді.
4316. Өтірік деген дұшпан бар,  
Отқа сүйрей салады.
4317. Өтірік өрге баспас.
4318. Өтірік-өсекке үйір болма, абыройың кетер.
4319. Өтірік пенен шынның арасы төрт-ақ елі,  
Көзбен көрген — рас, құлақпен естіген — өтірік.

4320. Өтірік сөз жанға қас,  
Өткір пышақ қынға қас.
4321. Өтірік те, шын да ауыздан шығады,  
Айырмасы айтылуында емес, мағынасында.
4322. Өтірік шықпай қоймас,  
Күші артық жықпай қоймас.
4323. Өтірікке үйірдің жаны күйеді,  
Ұрыға үйірдің малы күйеді.
4324. Өтірікті көп айтсаң,  
Шын сөзіңе жан сенбес.
4325. Өтіріктің айтылғанына нанба, үйлесіміне нан.
4326. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.
4327. Өтірікші — Құдайдың дұшманы.
4328. Өтірікші алдайды,  
Бірақ иманын жалмайды.
4329. Өтірікші елден ұялмайды.
4330. Өтірікшіден опа күтпе.
4331. Өтірікшінің куәсі қасында,  
Құраны қолында.
4332. Өтірікшінің астында құр аты бар.
4333. Өтірікшінің сөзіне есуас сенер.
4334. Өтірікшінің өмірі қысқа.
4335. Өтірікшінің сенімі жоқ.



4336. Өтірікшінің шын сөзі зая.
4337. Өтірікшінің шыны да нанымсыз.
4338. Өшкен жанбайды,  
Өлген келмейді.

## II

4339. Пайғамбардың шарифаты — тастан аққан бұлақ,  
Қариялардың мақалы — жағалай біткен құрақ.
4340. Пайда көрген жеріңе еңбекте де жет,  
Залал көрген жеріңнен еңбекте де қаш.
4341. Пайда, пайда дегенде,  
Зиян қайда барып күн көреді.
4342. Пайданы бай қылады.
4343. Пайданы басыңа қыл,  
Басыңнан асса, досыңа қыл.
4344. Пайдасы жоқ байдан без,  
Саясы жоқ сайдан без.
4345. Пайдасыз болса, байдан без,  
Панасыз болса, сайдан без.
4346. Панасы жоқ талдан без,  
Қайыры жоқ байдан без.
4347. Панасыз болса таудан без,  
Пайдасыз болса сайдан без.
4348. Пасықтың үйінде құман болмайды,  
Харамның үйінде иман болмайды.
4349. Патшалықтан балалық артық.

4350. Патшаның басы көпір болса, басып өтпе.
4351. Пәле жоқ деме,  
Қас пен көздің арасында.
4352. Пәле келсе, сабыр қыл,  
Пәлені тек сабыр жеңеді.
4353. Пәле мен бақ шарттасқан,  
Кезек ауысып тұруға.
4354. Пәле іздеуші ажалынан бұрын өледі.
4355. Пәледен машайық қашады.
4356. Пәлен жерде өулие бар,  
Барсаң сайтан шығады.
4357. Пәлені іздеп барма,  
Келсе, қашпа.
4358. Пәленің жаманы — долы әйел.
4359. Пәленің көзі жоқ, қармалап табады.
4360. Пәленің көркі — сабыр,  
Әскердің көркі — дабыл.
4361. Пәнданың көңілі Аллаға аян,  
Адамға күмән.
4362. Періште алтын көрсе, жолдан таяр.
4363. Пышағы бар сүйгенін жейді,  
Пышағы жоқ тигенін жейді.
4364. Пышақ берсең, қынымен бер,  
Қынымен берсең, шынымен бер.

4365. Пышақты әуелі өзіңе сал,  
Ауырмаса досыңа сал.
4366. Піскен астың күйігі жаман.

**P**

4367. Рақатсыз өмірден  
Ұйқыда көрген түс артық.
4368. Ренжіп тамағыңды бергенше,  
Күліп қабағыңды бер.
4369. Реті келгенде айтпасаң,  
Сөздің атасы өледі.
4370. Рулы ел — ұялы терек.
4371. Рулының атқан оғы  
Қайда түссе, табылар.  
Отансыз жалғыз туғанның  
Жағы түссе, табылмас.

**C**

4372. Сабақты ине сәтімен.
4373. Сабасына қарай піспегі,  
Мұртына қарай іскегі.
4374. Сабасына қарай піспегі,  
Сақалына қарай іскегі.
4375. Сабын кірді ашады,  
Сабырсыз сырды ашады.
4376. Сабыр еткен — мұратына жеткен.

4377. Сабыр түбі — сары алтын,  
Сарғайған жетер мұратқа,  
Асыққан қалар ұятқа.
4378. Сабыр түбі — сары алтын,  
Асығыс түбі — өкініш.  
Асыққан қалар ұятқа.
4379. Сабырлы ер мұратқа жетер.
4380. Сабырсыз адам шайтанға ұқсас.
4381. Сабырсыз балық сағасын іліндірер.
4382. Сабырсыз болсаң, асып-сасарсың,  
Қорқақ болсаң, жаудан қашарсың,  
Оқи берсең, білім қосарсың.
4383. Сағым ұстатпайды.
4384. Сағадағы су ішеді, аяқтағы у ішеді.
4385. Садақаны сауда бер,  
Қисайған соң түзелмес.
4386. Сақ қарға сағасынан ілінер.
4387. Сақал шықты саладай,  
Әлі көңіл баладай.
4388. Сақалы жоқ, мұрты жоқ,  
Құдайдан үміті жоқ.
4389. Сақалым менікі деме, теңдік бер.
4390. Сақалын сатқан көріден,  
Еңбегін сатқан бала артық.  
Ақылы топас ханнан да,  
Ақылы асқан дана артық.

4391. Сақалын сатқан көріден,  
Еңбегін сатқан жас артық.
4392. Сақау баланың тілін шешесі біледі.
4393. Сақау қыздың тілін анасы ұғар.
4394. Сақаудың жолына түспе,  
Саңыраудың қолына түспе.
4395. Сақтансаң, сақтармын.
4396. Сақтықта қорлық жоқ.
4397. Сақтықты сауысқаннан үйрен.
4398. Сақаға құйған қорғасындай.
4399. Саласы көп болғанмен, құйысы бір.
4400. Салт атты,  
Сабау қамшылы.
4401. Сан тимеске сан тиді,  
Тымба, қатбақ нан тиді.
4402. Санасы жоқ әйелдің танасына қызықпа.
4403. Санасызға күнде мейрам.
4404. Санасызға сан айтсаң да ұқпайды.
4405. Сандуғаш гүлге ғашық,  
Жігіт қызға ғашық.
4406. Саны көп, сапасы жоқ.
4407. Саңырау кісінің аузына қарайды.

4408. Саңырау бас десе, құлақ дейді.
4409. Саңырауға сәлем берсең,  
Атаңның басы дейді.
4410. Сапасыз істің мыңынан,  
Сапалы істің бірі артық.
4411. Саптаяққа ас құйып,  
Сабына қарауыл қойып.
4412. Сараң қонақ қондырмас.
4413. Сараңның тұз салғаны татымас.
4414. Сараңның дүниеде көзі тар,  
Өлгенде көрі тар.
4415. Сараңның көп дүниесі өзіне аз көрінеді,  
Жомарттың аз дүниесі өзіне көп көрінеді.
4416. Сараңның өзі тойса да, көзі тоймас.
4417. Сарғая күтсең, қызара бөртсерсің.
4418. Сарқырама сарқылмас,  
Суын сайға құйса да.
4419. Сақырлаған аязда  
Сары қамысты сағала.
4420. Сартпен сөйлессең, ала шапан байрағын  
(белбеу) айтар,  
Шаштаразбен сөйлессең, бәкісі мен  
қайрағын айтар,  
Батырлармен сөйлессең, жауға салған  
ойнағын айтар.
4421. Сары дала құлазиды ел кеткен соң,  
Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң.

4422. Сары майдан дәмәткен кеудең құрысын.
4423. Сары майды дәмәткен сасық кеуде.
4424. Сары орыстың бәрі орыс.
4425. Сасқан үйрек артымен сүңгиді.
4426. Сасқанға жол бар,  
Тасқанға жол жоқ.
4427. Сасыған ауыздан борсыған сөз шығады.
4428. Сасық құрай шайыры  
Керек болар жараға.  
Туысқанды қыспаңыз,  
Керек болар қараға.
4429. Сау адам біреудің жарасы ауырып  
отырғанын білмейді.
4430. Сау басыңа сақина тілеме.
4431. Сауатсыз молданың сәлдесі үлкен.
4432. Саудада достық жоқ,  
Сәлемде борыштық жоқ.
4433. Сауда сақал сипағанша.
4434. Сауда түбі — борыш,  
Шаруа түбі — кеңіс.
4435. Саудагер қасық — ел теңі.
4436. Саудың асын ішіп,  
Арудың сөзін сөйлеме.
4437. Саулық күйлі болса, егіз туар.

4438. Сауысқан тоты боламын деп,  
Жүрісінен жаңылыпты.
4439. Сауысқан ұрлығын қоймайды,  
Мансапқор амалға тоймайды.
4440. Сауысқан шоқығанмен тоқ болмайды.
4441. Сауысқаннан сақ бол,  
Жұмыртқадан ақ бол!
4442. Сәбилік ой тазалығы — шын адамдық белгісі.
4443. Сәлемнің де сәті бар.
4444. Сәті түскен ауруға  
Не болса, сол ем болады.
4445. Сәуір болмай тәуір болмас.
4446. Сәуір болса, күн күркірер,  
Күн күркіресе, көк дүркірер.
4447. Сенген сиырым сен болсаң,  
Күйсеген аузыңды ұрайын.
4448. Сегізде ескірмесең,  
Сексенде селкілдерсің.
4449. Сезікті секірер,  
Шекпенді осырар.
4450. Сейіл демейміз, сергелдең де сейіл.
4451. Сейіл де сейіл, сергелдеңде сейіл.
4452. Сексен дегенше, жермен жексен де.
4453. Сексен түннің қадірін сексендегі қарт біледі,  
Сары атанның қадірін ел қыдырған сарт біледі.



Төс айылдың батқанын иесі білмейді, ат біледі,  
Кімнің жақсы-жаманын Жаратушы Хақ біледі.

4454. Сексен шықпай, тоқсан кірмейді.
4455. Семіз айтып, арық шықпа,  
Арық айтып, семіз шықпа.
4456. Семіздікті қой көтерді,  
Қойдан басқа жан көтермейді.
4457. Семіздің аяғы — сегіз,  
Тентектің аяғы — сегіз.
4458. Семірген сайын тауықтың көті бүріседі.
4459. Сен атар да, мен атар.
4460. Сен біреуді сыйласаң,  
Біреу сыйлар сені де.  
Бірімен-бірі түсініп,  
Әркім ойнар, өзінің қатар теңіне.
4461. Сен Құдайға жеткенше,  
Мен ауылға жетермін.
4462. Сен қылғанға мен қылдым,  
Сенен артық не қылдым.
4463. Сен сабыр етсең,  
Мен сабыр етемін.
4464. Сен салар да мен салар,  
Атқа жемді кім салар.
4465. Сен үшкірсең,  
Мен түшкіремін.
4466. Сенген қойым сен болсаң,  
Күйсегеннің ұрайын.

4467. Сенен қорыққаным —  
Қара қойдан үріккенім.
4468. Сені алмай, тоқалдыққа жарымаймын.
4469. Сені тұлпардың басы десе, кім нанар,  
Мені Толыбай сыншының баласы десе,  
кім нанады.
4470. Сенікі-менікі — көңіл тарлығы,  
Әрі жат-бері жат — төсек тарлығы.
4471. Сергелдең де сайран,  
Сайран да сайран.
4472. Сиыр алсаң, танып ал,  
Танымасаң, тарғыл ал.
4473. Сиыр жиған жігіттің үйі — айран,  
Ойламаған істің түбі — ойран.
4474. Сиыр мүйізді өгіздің  
Ауыр жүкке күші болмас.  
Өгіз мүйізді сиырдың  
Бұзаудан артық сүті болмас.
4475. Сиыр малы сушыл келеді,  
Пасық адам күншіл келеді.
4476. Сиыр сары, жылқы тарғыл болмайды.
4477. Сиыр сипағанды білмейді,  
Жаман адам сыйлағанды білмейді.
4478. Сиыр су ішкенде,  
Бұзау мұз жалар.
4479. Сиыр судан жериді,  
Су сиырдан жериді.

4480. Сиыр сүйкенбей жүрмес.
4481. Сиыр тілінен қыршаңқы болады.
4482. Сиырдың сүті тілінде.
4483. Сойғаным теке-лақ.
4484. Сойсаң, атан өледі,  
Соймасаң, атаң өледі.
4485. Сойылыңды біреу соқса,  
Қолың қышып бара ма?
4486. Соқыр атқа қотыр ат.
4487. Соқыр көргеннен жазбайды.
4488. Соқыр тауыққа бәрі бидай.
4489. Соқыр тауыққа бәрі жем.
4490. Соқыр таяғын бірақ алдырады,  
Керең өз ойындағысын айтады.
4491. Соқырға күнде қараңғы, түнде қараңғы.
4492. Соқырға таяқ ұстатқандай.
4493. Соқырдан қарауыл қойсаң,  
Еліңді жауға алдырар.  
Наданнан би қойсаң,  
Еліңді дауға қалдырар.
4494. Соқырдың қолына түспе,  
Саңыраудың жолына түспе.
4495. Соқырдың өз бидайын өзіне қуырып беріпті.

4496. Соқырдың тілегені — екі көзі.
4497. Сом темірге балға бар,  
Зорсынғанға Тәңір бар.
4498. Сомсынғанға Алла бар,  
Сом темірге балға бар.
4499. Соңғы түйенің жүгі ауыр.
4500. Сор қатпас,  
Сорлы оңбас.
4501. Сорлы адамға  
Сортаң жер кездеседі.
4502. Сорлы балаға содыр қатын кезігеді.
4503. Сорлының аты қара жарыста озады.
4504. Сорлының етегіне бидай салса,  
Сусып жерге түседі.
4505. Сорлының жолбарысы қырда жортады.
4506. Сөз айналып жүйесін табар,  
Мал айналып иесін табар.
4507. Сөз атасы — құлақ,  
Су атасы — бұлақ,  
Жол атасы — тұяқ.
4508. Сөз бергенге ерме,  
Бөз бергенге ер.
4509. Сөз білетін қария хатпен тең,  
Үй артында төбе болса,  
Дайын тұрған атпен тең.

4510. Сөз білетін қария  
Жазып қойған хатпен тең.  
Жаман болса туысың,  
Жақын да болса жатпен тең.
4511. Сөз білмеген жаманнан,  
Үре білген ит артық.
4512. Сөз жүйесін табады,  
Жүйесіз сөз иесін табады.
4513. Сөз жүйесін тапса,  
Мал иесін табады.
4514. Сөз қуған пәлеге жолығады,  
Жол қуған қазнаға жолығады.
4515. Сөз қуған пелеге жолығар,  
Жол қуған олжаға жолығар.
4516. Сөз маржаны — қызыл тіл.
4517. Сөз саптауынан белгілі.
4518. Сөз сөзден туады,  
Сөйлемесе, қайдан туады.
4519. Сөз — сөздің көсеуі.
4520. Сөз сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді.
4521. Сөз тапқанға қолқа жоқ.
4522. Сөз төрешіден қалмайды,  
Айтушыдан қалады.
4523. Сөзде қаңқу жаман,  
Ауруда шаншу жаман.

4524. Сөзді көп сөйлесең, тентек боласың,  
Суды көп кешсең, балшық боласың.
4525. Сөздің басы қату болса,  
Аяғы тату болар.
4526. Сөздің басын түсінгенге, аяғын айтпа,  
Сөздің басын түсінбегенге, сөз айтпа.
4527. Сөздің көркі — мақал,  
Қарттың көркі — сақал.
4528. Сөздің көркі мақал-ды,  
Ердің көркі сақал-ды.  
Сақалы жоқ кеселер,  
Қасабалы тоқал-ды.
4529. Сөздің кілті — қызыл тіл.
4530. Сөздің шынына илан.
4531. Сөздің шыны — жария,  
Елдің сыны — қария.
4532. Сөздің шынына иланба,  
Қисынына илан.
4533. Сөзіңді анық сөйле,  
Тыңдаушыңды танып, сөйле.
4534. Сөзіңді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма,  
Сойылыңды біреу соқса, қолың қышып бара ма.
4535. Сөйлей білмеген ауыздан,  
Тыша білген көт артық.
4536. Сөйлей білмеген сөзді өзіне келтіреді.
4537. Сөйлегенде сөзің мірдің оғындай.

4538. Сөйлегеннен сөйлемеген жақсырақ,  
Сөйлеймін деп басыңа тиді таяқ.
4539. Сөйлегіш ауыз жыбырлауық.
4540. Сөйлей-сөйлей шешен болады.
4541. Сөйленбес жерде — сөз олақ,  
Ұғынбас жерде — ой ұтқыр.
4542. Сөйлеп шығу оңай,  
Істеп шығу қиын.
4543. Сөйлесең, басыңа тиер таяқ.
4544. Сөйлесең, сөз шығады,  
Түртсең, көз шығады.
4545. Сөйлеуік ауыз жыбырлауық,  
Кезеген аяқ қыбырлауық.
4546. Су бар жерде өмір бар.
4547. Су басынан бұзылады.
4548. Су қайыры — суат,  
Қамыстың көркі — қияқ,  
Жігіттің көркі — өдеп,  
Қыздың көркі — ұят.
4549. Су маңызды мұзбенен,  
Ас маңызды тұзбенен.
4550. Су өзі былғанады,  
Өзгені тазартады.
4551. Су ішкен құдығыңа түкірме.
4552. Су ішінде үйректің өзі бар да, ізі жоқ.

4553. Суға кеткен тал қармайды.
4554. Судағы тырнадан,  
Қолыңдағы шымшық игі.
4555. Судан сұлуға жолық.
4556. Судан шыққан сүйріктей.
4557. Суды бұзған сүтті былғайды,  
Үйді бұзған жұртты былғайды.
4558. Судың да сұрауы бар.
4559. Сумен келген — желмен кетер.
4560. Суса, есегіңді тұса.
4561. Сусағанға су қымыздай,  
Қатыны жоққа кемпір қыздай.
4562. Сусыз жердің шөбі иесіз,  
Ұлсыз ердің малы иесіз.
4563. Сусынды қымыз қандырады.  
Атадан алтау туғанмен,  
Шырағыңды бір балаң жандырады.
4564. Суық темірден де қатты екен.
4565. Суыр сүреңін табады.
4566. Суырдан көрмес туады,  
Сараңнан бермес туады.
4567. Сұрай-сұрай қарын бөле шығады.
4568. Сұлу сұлу емес,  
Сүйген — сұлу.



4569. Сұлулық адамшылықтан шығады,  
Жағымпаздық азғындықтан шығады.
4570. Сұлуынан жылуы.
4571. Сұмырай келсе, су құриды,  
Ырыс ішсе, ел байиды.
4572. Сұмырай қатын сұмбіле туғанда ұйықтайды.
4573. Сұңқар самғасынан байқатар,  
Қарға қалжасынан байқатар.
4574. Сұңқар шашып жейді,  
Қарға басып жейді.
4575. Сұңқарға талшық,  
Тауыққа шалшық.
4576. Сұрағанның екі беті қара,  
Бермегеннің бір беті қара.
4577. Сұрамсақ балаға ас жұқпас.
4578. Сұрап алған аурудың емі табылмас.
4579. Сұрап бергенше, соғып бер.
4580. Сұрап қонған соңғылыққа жақсы,  
Ірген союлыққа жақсы.
4581. Сұраушының сүйген асын кім берер.
4582. Сүзеген сиырға мүйіз бітпейді.
4583. Сүзеген сиырға мүйізді бермесін,  
Мүйізді болса, кез келмесін.
4584. Сүйгенге алғыс,  
Сүймегенге қарғыс.

4585. Сүйекті адам сүйелтіп күнелтеді,  
Ауыз тамыр артығын төлетеді.
4586. Сүйерім үшін сүймесімді сүйемін.
4587. Сүймегенді сүйме,  
Сүйемін деп күйме.  
Құтылмассың пәледен,  
Кіргізіп алсаң үйге.
4588. Сүйіп алды,  
Сүйіп тиді.
4589. Сүлеймен пайғамбар мың жасапты,  
Әр мәжілісін бір жасқа санапты.
4590. Сүмбіле туса, су суыр.
4591. Сүт көп, көмір аз,  
Келе жатыр жақсы жаз.
4592. Сүт көп, қымыз аз.
4593. Сүт сүйек өсіреді,  
Киім көңіл өсіреді.
4594. Сүтке күйген ауыз  
Қаймаққа да күйеді.
4595. Сүтке сүт қосса сүймесін,  
Күшке күш қосса демесін.
4596. Сүтке тиген ұры иттей.
4597. Сүтпен кірген сүйекпен кетеді.
4598. Сыбырлағанды Құдай естімей ме?
4599. Сыйда болсаң, сыбағанды тура.

4600. Сыйласа сый кісі,  
Сыйламаса жыр кісі.
4601. Сыйласуға жат жақсы.  
Жыласуға өз жақсы.
4602. Сыйлағанды білмесең,  
Сыйлағанға зар боларсың.
4603. Сыйлай білсең, сыйланарсың.
4604. Сыйласуға жат жақсы,  
Жыласуға — туысқан.
4605. Сын түзелмей,  
Мін түзелмейді.
4606. Сынбайтын темір жоқ,  
Мәңгілік өмір жоқ.
4607. Сынға толмаған мұңдыға,  
Дей аласың кімді ұға.
4608. Сынса жамалмас нәрсе —  
Адамның қалған көңілі.
4609. Сынса молданың көзесі,  
Тегілсе молданың бозасы.
4610. Сыншының бәрі бірдей мінші ме,  
Жеудің бәрі бірдей енші ме?
4611. Сынық сапқа жарық келі.
4612. Сыныққа сылтау тауып.
4613. Сыныққа — сылтау, құлақсызға — мылқау.
4614. Сынықтан басқаның бәрі жұғады.

4615. Сынына қарай сапасы.
4616. Сыпайы қалтыраса да, тоңдым демес,  
Шаршаса да, болдым демес.
4617. Сыпайы мың теңге даулап,  
Бір теңге алса, разы.
4618. Сыпайыға өлім бер, қорлық берме.
4619. Сыпайы сырын жасырмас,  
Пұшық мұрнын жасырмас.
4620. Сыпайы тоңбайды, қалтырайды.
4621. Сыпайы ұрса, тон жабар.
4622. Сыпайыға оқ тисе,  
Сыр бермейді құламай.  
Ежелгі жау ел болса,  
Жай отырмас сынамай.
4623. Сыпайыға сипай айт,  
Жақсыға жанап айт.  
Жаманға қадап айт,  
Түсінбесе, маңдайынан ұрып айт.
4624. Сыпайыны сықтама,  
Палуанды нықтама.
4625. Сыпайының ишараты — сұрағаны,  
Сүрінгені — құлағаны.
4626. Сыпайының ұялғаны — өлгені,  
Емен ағаштың иілгені — сынғаны.
4627. Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді.
4628. Сырты бүтін, іші түтін.

4629. Сыртын білме, ішін біл,  
Иттің де жүні қып-қызыл.
4630. Сыртындаған жігіттің серкесінің ажалы.
4631. Сыры ашылмаған сұңқар бар,  
Сыналмаған тұлпар бар.
4632. Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.
4633. Сілімтікпен жолдас болма,  
Сілімтірмен сырлас болма.

**T**

4634. Табансыз таңға жетпес.
4635. Тағасының күмісіне мақтанба,  
Атыңның жүрісіне мақтан.
4636. Тағына жеткен алады.
4637. Таз қалпына түсіпті.
4638. Таз таранғанша,  
Той тарқайды.
4639. Таза бөйбішенің дамбалының ауы ғой.
4640. Тазалық — денсаулық кепілі,  
Денсаулық — байлықтың негізі.
4641. Таздан жарғақ бас туар,  
Кедейден мал бақпас туар.
4642. Таздан жарғақ бас,  
Жарғақ бастан мал бақпас туады.
4643. Тазды көрсе, таздың басы қышиды.

4644. Тазы алған түлкіге сын болмас.
4645. Тазыға жеткен қырық құрау,  
Құраушы да шебер-ақ.
4646. Тай атқа жеткізер,  
Ат мұратқа жеткізер.
4647. Тай жорға болса, түйе болады,  
Жігіт жорғасы еліне ие болады.
4648. Тайға таңба басқандай.
4649. Тайдың мінгені білінбейді,  
Баланың істегені білінбейді.
4650. Тайша атым болмаса да,  
Қойшы атым бар.
4651. Таяз суға сүңгіген үйректің құйрығы көрінеді.
4652. Тайын Төңірісіндей, құнанын құдасындай көреді.
4653. Тақ тілеме, бақ тіле,  
Өлмес тіл мен жақ тіле.
4654. Тақуа ерді тақ көтерер.
4655. Тақуалық — ауыр жол,  
Ұстай білсе, тәуір жол.
4656. Тақыр жерге су тұрар,  
Қайратты ерге мал тұрар.
4657. Тал бесікке түскен,  
Жер бесікке түседі.
4658. Талабыңа еңбегің сай болсын.
4659. Талайдың ішіне су құйған.

4660. Талайлымен таласпа.
4661. Талап пендеден,  
Жеткізу Алладан.
4662. Талап таудан да асырар.
4663. Талапсыз бала — талантсыз.
4664. Талапты болсаң, нұр жауар.
4665. Талапты ер — талантты.
4666. Талапты ерге нұр жауар.
4667. Талаптыға таласпа,  
Көптен шығып адаспа.
4668. Талдаған ойдан тамаша ақыл шығады,  
Таңдап өсірген малдан тамаша тұқым шығады.
4669. Талтаңдасаң — талтаңда,  
Ақша болса қалтаңда.
4670. Тамағы тоқтың қайғысы жоқ.
4671. Тамақ қарын іздемейді,  
Қарын тамақ іздейді.
4672. Тамақ тоқ, көйлек көк.
4673. Тамақтан айырған —  
Жаудан айырған.
4674. Тамам кедей жиналса,  
Құдай берген байша жоқ.  
Тамам жұлдыз жиналса,  
Аспандағы айша жоқ.

4675. Тамаша қылар Құдайы,  
Нашарға нашар қарасса.  
Мұқтаждардан аяма,  
Бойыңнан бұйым жараса.
4676. Тамыр берген түйеден,  
Тәңір берген тоқты артық.
4677. Тамыр ұстаған дөтке қуат.
4678. Тамырды періште қосады,  
Ұры мен ойнасты шайтан қосады.
4679. Тамырыңнан түйе сұрасаң,  
Қорыққанынан бие береді.
4680. Таныған жерде — бой сыйлы.
4681. Танымасын сыйламас.
4682. Танып, оқып, білген сайын,  
Білмейтіні молаймақ.
4683. Таң атқанда сөз қатқан.
4684. Таң атпасқа күн қоймайды.
4685. Таңғы нәсіп Тәңірден.
4686. Таңдаған тазға жолығар,  
Ақылы азға жолығар,  
Екі көзі өзге жолығар.
4687. Таңдағы азық Тәңірден.
4688. Таңдайың ақ үкінің таңдайындай тақылдайды.
4689. Тапқан қуанса да,  
Таныған алады.



4690. Тапқан тамағына,  
Жұтқан жұмырына.
4691. Тар сонардан кең шиыр артық.
4692. Тар қолтықтан оқ тисе,  
Шыдамайды бауырлас.  
Өз ағайынын қор тұтқан,  
Басқа кісіні зор тұтқан,  
Жапанда қалар жалғыз бас.
4693. Тарта жесең, тай қалады,  
Қоя жесең, қой қалады,  
Қоймай жесең, нең қалады?
4694. Тары жеп би семіреді,  
Қан соқта болып ит семіреді.
4695. Тас түскен жеріне ауыр.
4696. Тасқанға жол жоқ,  
Сасқанға жол бар.
4697. Таспен атқанды аспен ат.
4698. Таспен ұрғанды аспен ұр.
4699. Таспен ұрса да, жапалақ өледі,  
Жапалақпен ұрса да, жапалақ өледі.
4700. Таста тамыр жоқ,  
Төреде бауыр жоқ.
4701. Тастай алмаған шоқпар,  
Һәм басқа тиеді, һәм көтке тиеді.
4702. Тастарында қатын жаман,  
Кетерінде бай жаман.

4703. Тасыған төгіледі,  
Жыртылған тігіледі.
4704. Тасыған төгіледі,  
Көпсіген басылады,  
Ісіген қинайды.
4705. Тасыған төгілмей қалмас,  
Соқтыққан сөгілмей қалмас.
4706. Татқан да бір,  
Тойған да бір.
4707. Тату болсаң, балдай бол,  
Ащы болсаң, тұздай бол.
4708. Тау қадірін жаралы болғанда білерсің.
4709. Тау қаңбақтай,  
Тас бұршақтай.
4710. Тау мен тасты су бұзар,  
Адамзатты сөз бұзар.
4711. Тау тауға көшіп бармас,  
Адамның үйренеген мінезі қалмас.
4712. Тау тауға қосылмайды,  
Адам адамға қосылады.
4713. Тауға қарап тау болмассың.
4714. Тауда жайлап таста өскен, ел қадірін білмейді,  
Ел ішінде надандар, ер қадірін білмейді.
4715. Тауда туған құлынның екі көзі таста болар,  
Ашаршылықта туған баланың екі көзі аста болар.
4716. Таудай талап бергенше,  
Бармақтай бақ берсін.

4717. Таудан аққан тас бұлақ  
Құймай қоймас теңізге.  
Ибасызға бақ қонса,  
Бір мінезі тартпай қоймас негізге.
4718. Таудан да, тастан да қайтпаған.
4719. Тауды биік демендер,  
Талаптансаң, шығарсың.
4720. Тауды жел бұзады,  
Адамды сөз бұзады.
4721. Таутекенің тауға шықпаса, тұяғы қышиды.
4722. Тауықсыз да таң атады.
4723. Тауықты тойындыра алмайсың,  
Қызды киіндіре алмайсың.
4724. Тауықтың құсқа, есектің малға септігі жоқ.
4725. Тауықтың түсіне тары кіреді.
4726. Тауына қарай аңы,  
Дауына қарай заңы.
4727. Тауына қарай тоғайы,  
Мегежінге қарай торайы.
4728. Тауына қарай түлкісі,  
Заманына қарай күлкісі.
4729. Тауындағы түлкіні  
Табындағы тазы алады.
4730. Тауып сөйлеген қызыл тіл —  
Басқа соққан қала еді.  
Қауып сөйлеген қызыл тіл —  
Басқа келген пәле еді.

4731. Тауып сөйлей алмасаң,  
Қауып сөйлеме.
4732. Тақуалық — ауыр жол,  
Ұстап жүрсе, тәуір жол.
4733. Таяқ еттен өтеді,  
Сөз сүйектен өтеді.
4734. Тәжірибенің негізі — ғылым,  
Даналықтың негізі — білім.
4735. Тәкаппардың тәубасы қабыл болмас.
4736. Тәні саудың жаны сау.
4737. Тәңір асыраған тоқтыны бөрі жемейді.
4738. Тәңір біреу, кезек екеу.
4739. Тәңірі асыраған қозыны қасқыр жемейді.
4740. Тәңірі берген жігітке нәсіп етпе.
4741. Тәңірінің күні тарыдан көп.
4742. Тәтті ауыздың дәмін кетірме.
4743. Тәтті болсаң, балдай бол.
4744. Тәтті болсаң, тел емерсің.
4745. Тәттіге көп үйір болсаң,  
Тісің сүйір болар.
4746. Тәуаптың жаманы дертке дерт қосады.
4747. Тәуба қылсаң маған,  
Тағы берем саған.

4748. Тәуекел дариясына салдым кеме,  
Я келер, я кетер, еш қайғы жеме.
4749. Тәуекел етіп тас жұт,  
Ажалың жетпей өлмек жоқ.
4750. Тәуекел түбі — жел қайық,  
Өтесің де шығасың.  
Уайым түбі — тұңғиық,  
Түсесің де кетесің.
4751. Тәуекел түбі қайық-ты,  
Мінесің де өтесің.  
Уайым түбі теңіз-ді,  
Батасың да кетесің.
4752. Тәуекелде қайғы жоқ.
4753. Тәуекелдің жары — Құдай.
4754. Тәуіптің тәуірі — дертке дерт қоспаған.
4755. Тегін асқа бір сұғын.
4756. Тегін кісі таз болмайды.
4757. Тегіндікпен көздеп жас шықпайды.
4758. Теңінді малдан сұра.
4759. Тек жүргенше, тегін істе.
4760. Тек жүрсең, тоқ жүресің,  
Домаланып көп жүресің.
4761. Текті кекті ұмытар,  
Ақылымен ойын жылытар.
4762. Тектің түбі тақ болады,  
К... қысқан бай болады.

4763. Темір су аруында.
4764. Темірді қызған кезінде соқ.
4765. Темірді от ірітеді.
4766. Тентек біреуді жәбірлесе,  
Дәрежеге жеткендей.  
Ешкімді жәбірлемесе,  
Бір нәрсесі кеткендей.
4767. Тентек жүрген жеріне өрт салады,  
Жаман тауып дертке дерт салады.
4768. Тентек молда — телмірген өгіз.
4769. Тентек өгіз мұрнын тессе, жуасиды.
4770. Тентек таяқ жегенді ұят көрмейді,  
Таяқтағанды мұрат көреді.
4771. Тентек ұялып, қоймайды,  
Қорқып, қояды.
4772. Тентек шоқпар жинар.
4773. Тентекке халықтың бәрі күнәлі.
4774. Тентектен тез хабар.
4775. Тентектің ақылы түстен кейін енеді.
4776. Тентектің аяғы сегіз,  
Сегіздің аяғы — семіз.
4777. Тентектің өнері — қақсату,  
Жақсыларды ақсату.
4778. Тентектің тек жүрмегі машахат.

4779. Тентектің тойға бармай, аты шықпас.
4780. Тентіреп өз аяғынан келді.
4781. Тең жүк аумайды,  
Теңсіз достық тумайды.
4782. Тең теңімен, тезек қабымен.
4783. Теңдік — достық бұлағы.
4784. Теңі келсе, тек бер.
4785. Теңіз тамшыдан құралады.
4786. Теңін таппаған жан азар.
4787. Теңіңді малдан сұра.
4788. Тер шыққан мен жан шыққан бірдей.
4789. Тере берсе, тезек те қызық,  
Шаба берсе, көмір де қызық.
4790. Терінің қисығын талқы түзейді,  
Жігіттің қисығын халқы түзейді.
4791. Тесік тана жерде қалмайды.
4792. Тесік моншақ жерде қалмайды.
4793. Тетігін тапса, тасқа да егін шығады,  
Айтуын тапса, ақымақ та ақыл ұғады.
4794. Тигенге тиіп, тимегенге сідігін шашып.
4795. Тиірмен айналып қазығын табады.
4796. Тиірменнен тигені — даудан өнгені.

4797. Тобырына қарай күйлеу керек,  
Көрпесіне қарай көсілу керек.
4798. Тоғыз қабат торқадан,  
Тоқтышақтың терісі артық.
4799. Тозбас бұйым, сынбас мүлік,  
Бұл дүнияға келгісіз өмір берсін өзіңе.
4800. Тозған қазды топтанған қарға алады.
4801. Тозған елді там жинар.
4802. Тозған қазды топтанған торғай жейді.
4803. Тозғындаған аққуды шалғындаған қаз ілер.
4804. Той алдында күшіңмен көрінбе,  
Көп сүйсінер ісіңмен көрін.
4805. Той десе қу бас домалайды.
4806. Той қойлыға жарасады,  
Тон бойлыға жарасады.  
Моншақ мойындыға жарасады,  
Айдар тұлымдыға жарасады.
4807. Той өкпесіз, топ бөгдесіз болмайды.
4808. Той тондынікі,  
Айт аттынікі.
4809. Тойға алған да бір қатын,  
Танаға алған да бір қатын.
4810. Тойға барсаң, әйеліңнен көңілің қалады,  
Топқа барсаң, атыңнан көңілің қалады.
4811. Тойға барсаң, бұрын бар,  
Бұрын барсаң, орын бар.



4812. Тойға барсаң, қатыныңнан түңілесің,  
Асқа барсаң, атыңнан түңілесің.
4813. Тойға барсаң, тойып бар,  
Жұмысыңды қойып бар.
4814. Тойға барсаң, тойып бар,  
Төрт тоныңды киіп бар.
4815. Тойған тамақ түске жетпес,  
Ықылас естен кетпес.
4816. Тойғанға тоң жоқ.
4817. Тойғаннан қалғанын ит жерге көмеді.
4818. Тойда озған тұлпардан,  
Жауда озған жабы артық.
4819. Тойда орын берме,  
Жиын жерде бәкіңді шығарма.
4820. Тойда тоқпақ секіреді.
4821. Тойдым, тоным бер.
4822. Тойдың болғанынан «болады» дегені қызық.
4823. Тоймасқа берме,  
Толмасқа құйма,  
Болмасқа айтпа,  
Жетпесті қума.
4824. Тойшы атым болмаса да,  
Қойшы атым бар.
4825. Тойшыл болғанша, ойшыл бол.
4826. Тойымнан құр қалмаған,  
Өлімнен құр қалмайды.

4827. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп,  
Құлақсыз қалыпты.
4828. Тоқал қатын тыңшы келер.
4829. Тоқалдан туған ерке болмас,  
Шыбыштан туып серке болмас.
4830. Тоқалдың боғы қуырдақ сасиды.
4831. Тоқашы жоқ шайдан без,  
Қайыры жоқ байдан без.
4832. Тоқпағы күшті болса,  
Доғал қазық жерге кіреді.
4833. Тоқпағы мықты болса,  
Киіз қазық жерге кіреді.
4834. Тоқсан ауыз сөздің  
Тобықтай түйіні болады.
4835. Тоқсан көрейін деген жасым ба еді,  
Быламық ішейін деген асым ба еді.
4836. Тоқсан тоғыз сұлулықтың бірі — еңбек.
4837. Тоқсанның тоғыз күнінде,  
Тоғыз қабат торқадан  
Тоқтышақтың терісі артық.
4838. Тоқты айдайтын тобылғым  
Дұшпаныма тоқпақ-ты.
4839. Тоқты тоймас, шөміш кеппес.
4840. Тоқшылықта төмен қарап жейтін адам,  
Апаршылықта адам жейді.
4841. Томырық бала жұдырық жер.

4842. Тоны жаман кісіні ит қабады,  
Көңілі жаман кісіні Құдай табады.
4843. Тоны жаманды ит қабар,  
Пейілі тарды Құдай табар.
4844. Тоң айырған май жер,  
Дос айырған боқ жер.
4845. Тоңға жатқан мал оңбас.
4846. Тоңған шешініп өледі.
4847. Тоңсаң, от жақ,  
Ашықсаң, от жақ,  
Қорықсаң, от жақ.
4848. Топан су қаптағандай.
4849. Торғай жаңбыр жауса, баласын қорғайды,  
Бұршақ жауса, басын қорғайды.
4850. Торғай күн жауса, балапанын қорғар,  
Бұршақ жауса, басын қорғар.
4851. Торғай құтырса, бүркітке шабады,  
Бүркіт құтырса, иесін алады.
4852. Торғай құтырса, бүркітке шабады.  
Ит құтырса, иесін қабады.
4853. Торғайға зеңбірек атқандай.
4854. Торғын жапырақ құсып,  
Алтын дөнді жер бүркер.  
Онан да төмен түсіріп,  
Салқын тәнді жер бүркер.
4855. Торқалы той,  
Топырақты өлім.

4856. Тоты құс бойын көріп сыланар,  
Аяғын көріп қорланар.
4857. Төбе басы — тайғақ,  
Төре аяғы — маймақ.
4858. Төбеге шықсаң, көзің ашылар,  
Жақсымен сөйлесең, көңілің ашылар.
4859. Төбеге шықсаң, көзің ашылар,  
Төреге барсаң, жолың ашылар.
4860. Төгілген аяқ қайта толмайды.
4861. Төмен етектің мұңы бір.
4862. Төре тайғақ болса, бітім болмас,  
Төбе тайғақ болса, шығып болмас.
4863. Төре төрін бермейді.
4864. Төреге төрт табақ, қожаға қос табақ,  
Қараға төртеу ара бір табақ.
4865. Төреге ерсең, ер арқаларсың,  
Қожаға ерсең, тері арқаларсың.
4866. Төрешіден қалмайды,  
Айтушыдан қалады.
4867. Төркіні жақынның төсегі жиылмайды.
4868. Төркіні жаман әйелдің төбесі жарық.
4869. Төрт аяғын тік басып тұр демеймін.
4870. Төрт құбыласы сай.
4871. Төрт түлігі сай.

4872. Төртеу түгел болса,  
Тасқа гүл өсірер.
4873. Төртеуің барда, төресің,  
Бірінсіз не күн көресің.
4874. Төс айылдың батқанын иесі емес, ат білер,  
Ер жігіттің қадірін ағайын білмес, жат білер.
4875. Төс тоқта дер, балға қорықпа дер.
4876. Төс тұрғанда, дөңбекке балға ұрмас болар.
4877. Төсегінен жеріген ер оңбас.
4878. Төсекпен берем,  
Төсекпен бермесем,  
Кезекпен берем.
4879. Төсін жесең, мүшесін сайла.
4880. Туа-туа көбейдік,  
Өле-өле азайдық.
4881. «Туғалы тойғаным осы» депті.
4882. Туған ай — тураған етпен тең.
4883. Туған жер де, өскен үй де бір.
4884. Туғаннан соң өлмегің —  
Пенделіктің белгісі.
4885. Туғанына бұрған биді Құдай ұрғаны.
4886. Туғанына сүйінбе, тұрғанына сүйін.
4887. Туғаныңды көргем жоқ,  
Өлгеніңе жыламаймын.

4888. Тудың, өлдің, жоғалдың.
4889. Тумаған балаға көйлек пішпе.
4890. Тумақ бар да, өлмек бар.
4891. Тумақ, өлмек — бәрі хақ.
4892. Тумақ — ғайып, өлмек — анық.
4893. Тумақ — сүннет, өлмек — парыз.
4894. Тура биде туған жоқ,  
Туғанды биде иман жоқ.
4895. Тура биде туған жоқ,  
Бұрған биде иман жоқ.
4896. Тура келген ажалдан,  
Мойындағы борыш жаман.
4897. Тураушыда туғаның болсын.
4898. Туысы жоқ жалғыз торға түседі.
4899. Туысыңды жамандама,  
Туыссыз қаларсың.
4900. Тұғырына саңғыған сұңқар оңбас,  
Үйірінен қаңғыған тұлпар оңбас.
4901. Тұз — астың иманы.
4902. Тұз — май қатығы,  
Өлең — сөздің қатығы.
4903. Тұйыққа тығылған қашқындай.
4904. Тұқымды жерге тауып сеп.

4905. Тұлғасыз тұлпар болмас,  
Сымбатсыз сұңқар болмас.
4906. Тұлпар туып, иесін табады.
4907. Тұлпардың өз тұяғы өзіне дәрі.
4908. Тұлпардың өз тұяғы өзіне май.
4909. Тұлпардың тұяғы тасты басса, кетіледі,  
Сазды басса, жетіледі.
4910. Тұлпардың тұяғы шірімес.
4911. Тұман арты жұт болар,  
Тұмау арты құрт болар.
4912. Тұрақсыз, табансыз айтуға бар, атауға жоқ.
4913. Тұрақты дәулет еңбек пен жерде,  
Осыдан басқа байлыққа сенбе.
4914. Тұрлаусыз серт — тұрпайы мүше төрізді.
4915. Тұр-тұрдан хабар келсе,  
Ұйқыдан маза кетер.
4916. Тұрымтай тұсына,  
Балапан басына.
4917. Тұрымтай да тайлы биенің етін жейді.
4918. Тұрымтай сұңқар орнына жүреді.
4919. Тұрымтай ұшқанда, тайлы бие ілемін деп ұшады,  
Қайтқанда шымшық та жоқ.
4920. Тұрымтай да тайлы биенің етін жейді.
4921. Тұщы ет ауырмақ үшін.

4922. Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.
4923. Түбі бір кетпейді,  
Татулыққа жетпейді.
4924. Түбі бірге қарындастың  
Өкпесі болады, кегі болмайды.
4925. Түбі бір түтпейді,  
Көзі бірге кетпейді.
4926. Түгінен — көрі жуық.
4927. Түйе — байлық,  
Қой — мырзалық,  
Жылқы — сәндік.
4928. Түйе тұсағанның екі пайдасы түгел,  
Әрі оттауына, әрі кетпеуіне жақсы.
4929. Түзде жау жайратқан батырмын,  
Үйде құрт қайнатқан батырмын.
4930. Түзеймін деп күзеп алды.
4931. Түзелер істің басына  
Жақсы келер қасына.
4932. Түйе баласы — төре баласы.
4933. Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты,  
Тышқан ісіменен құлағына шығып,  
жылды алыпты.
4934. Түйе қартайса, көшегіне ереді.
4935. Түйе қашып жүктен құтылмас,  
Бие қашып бүктен құтылмас.



4936. Түйе саймен кетеді,  
Бай маймен кетеді,  
Кедей шаймен кетеді.
4937. Түйе сұрап, бие аларсың.
4938. Түйе тойса, көп кетер,  
Жаман тойса, өкпе етер.
4939. Түйем жалғыз деп, тұзға үйретпе,  
Балам жалғыз деп, асқа үйретпе.
4940. Түйені соқыр десең, Құнанбайға тиеді.
4941. Түйені түгімен жұтады.
4942. Түйенің көзі шықса да,  
Жолдың көзі шықпайды.
4943. Түйенің үлкені көпірден өтерде таяқ жейді.
4944. Түйесі жоқ жұртта отырар,  
Сабасы жоқ сыртта отырар.
4945. Түйесі шөккенді білмеген,  
Иесі шөк дегенді білмеген.
4946. Түк таппасаң, тұз жала,  
Ішің күйсе, мұз жала.
4947. Түктіні асып түлкі алған.
4948. Түкіргені түйме алтын,  
Қақырғаны қойма алтын.
4949. Түлен сені түртпесе,  
Түнде қайда барасың?
4950. Түленекең түртпесе,  
Түнде қоян жорта ма?

4951. Түлкі жатарында жер таңдамайды.
4952. Түлкі терісі үшін жазықты,  
Бай малы үшін жазықты.
4953. Түлкі түгінен табар,  
Бай малынан жазар.
4954. Түлкінің алпыс екі айласы бар.
4955. Түлік төлден өсер.
4956. Түн азабы — көр азабы.
4957. Түн жарығы ай болар,  
Су сарыны сай болар.  
Әйелдің көркі ер болар,  
Ерсіз әйел не болар?
4958. Түн қатса, бір бала табады.
4959. Түнде жүргенге жер кереғар.
4960. Түпкілікті қатын тоқал болады.
4961. Түйенің құйрығы жерге жеткенде,  
Ешкінің құйрығы көкке жеткенде аларсың.
4962. Түрікпен түгін көрсетпейді.
4963. Түс — түлкінің боғы.
4964. Түс деген нарымыз,  
Өзіміздегі барымыз.
4965. Түс қисық па, жору қисық па?
4966. Түс оңалмай, іс оңалмайды.

4967. Түс — түлкінің құйрығы,  
Түлкі соққанның айтқаны.
4968. Түске не кірмейді,  
Дұшпан не демейді.
4969. Түске дейін ұйқы керек,  
Түстен кейін жылқы керек.
4970. Түстік өмірің болса,  
Кештік мал жина.
4971. Түстік өмірің болса,  
Күндік мал жина.
4972. Түсі жылыдан түңілме.
4973. Түсі игіден түңілме,  
Түсі игісіздің бетіне қарап үңілме.
4974. Түсіне қарама, ісіне қара.
4975. Түсі қара болса да,  
Іші сара болсын.
4976. Түсімде Меккеге де,  
Мәдинаға да барам.
4977. Түсімде Меккені де көрем,  
Мәдинаны да көрем.
4978. Түсің түске ұқсасын,  
Кәдімгі іске ұқсасын.
4979. Түрлі-түрлі заман бар,  
Заманға қарай амал бар.
4980. Тымырсық болса, ер оңбас,  
Тоңға жатса, мал оңбас.

4981. Тындым ішпей тынбайсың.
4982. Тыныш жүрген ақылдан кенде болмас.
4983. Тыныш жүрген жігіттің  
Көзі мен басқа қара жоқ.
4984. Тың көтеру — халық байлығы.
4985. Тыңдамасқа айтқан сөз — зая,  
Келмеске жылаған көз — зая.
4986. Тыңдамасқа айтылған асыл сөзім,  
Жыламасқа жылаған қайран көзім.
4987. Тыраш-тыраштың үйі аш.
4988. Тырна көкте, тұзақ жерде.
4989. Тырнадан жасауыл қойсаң,  
басыңнан қиқу кетпейді,  
Ел ішінде жалғыз болсаң, сөзің ешкімге өтпейді.
4990. Тырнадан қарауыл қойсаң,  
Төбеңнен қиқу кетпес.
4991. Тырнақтап жинағанымды қыстап төкпе.
4992. Тышқан боғына қарауыл қойып,  
Тегін кісі таз бола ма?
4993. Тышқан көтін көріп жаралы болады.
4994. Тышқан інге кіре алмай жүріп,  
Құйрығына қалжуыр байлайды.
4995. Тышқанға түк бітсе, қалтырауық,  
Жаманға мал бітсе, қалтырауық.

4996. Тышқанның бойын көріп,  
Қалжасынан түңіл.
4997. Тышқанның да сауыры бар.
4998. Тізеден суға белден төбе.
4999. Тізерлеп тірі жүргенше,  
Түрегеп жүріп өл.
5000. Тізерлеп өмір сүргенше,  
Тік жүріп өлген жақсы.
5001. Тіл — көңілдің тілмашы.
5002. Тіл — сарқылмайтын теңіз,  
Сөз — таусылмайтын теңіз,  
Сөз — таусылмайтын бұлақ.
5003. Тіл семсерден өткір.
5004. Тілде тиек жоқ,  
Ауызда сүйек жоқ.
5005. Тілегенде берген тұрымтай  
Сұңқар орнына жүреді.
5006. Тіленушінің бір беті қара,  
Бермеушінің екі беті қара.
5007. Тіленшінің қапшығы толса да, көзі тоймас.
5008. Тіленшінің сүйер асын кім берер.
5009. Тілмен орақ оrsa, бел ауырмайды.
5010. Тілі екеудің — ділі екеу.
5011. Тілі екеудің — діні екеу.

5012. Тілі майда еді,  
Найзасы шықты ғой.
5013. Тілі төтті, діні қатты.
5014. Тіліңе сүйенбе, күшіңе сүйен,  
Күшіңе сүйенбе, ісіңе сүйен.
5015. Тірлік барда, бірлік бар.
5016. Тірліктің екі тірегі бар:  
Бірі — жан, бірі — еңбек.
5017. Тірліктің күші — бірлікте.
5018. Тірліктің қадірін өліп, көрде жатқан біледі,  
Денсаулықтың қадірін ауырып,  
төсек тартқан біледі,  
Жан тыныштығының қадірін толғатып,  
бала тапқан біледі.
5019. Тіршілікте сыйласпасаң,  
Өлгенде жоласпа.
5020. Тірі адам тіршілігін істейт те.
5021. Тірі жүрсең, көре бересің,  
Көре берсең, әр нәрсеге көне бересің.
5022. Тірі кезде әрекетсіз тебіндеген,  
Өлген сүйектен не шығар кебіндеген.
5023. Тіріде сыйласпасаң,  
Өлгенде жыласпа.
5024. Тісі шыққан балаға  
Шайнап берген ас болмас.
5025. Тісің барда тас шайна,  
Күшің барда тау көтер.

5026. Тісің тісіңе тимесе — ас,  
Аяғың жерге тимесе — ат.

## У

5027. У ішсең ұлтыңмен.
5028. Уа, шіркін, жел ме едім, құс па едім,  
Алты күнде бір дамбал тіктім.
5029. Уағида — Құдай аты.
5030. Уайым түбі — бір теңіз,  
Батасың да кетесің,  
Тәуекел түбі — жел қайық,  
Мінесің де өтесің.
5031. Уақыт — ердің азығы.
5032. Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.
5033. Уақытына кез келсең,  
Бұл не екен деме.

## Ұ

5034. Ұғыры болсын, тұғыры болсын,  
Тек артында уығы болсын.
5035. Ұзын арқан, кең тұсау.
5036. Ұзын жеген үнем болмайды.
5037. Ұзын сарыға — сары майым,  
Ақ тондыға — құрт көже.
5038. Ұзыннан өшім,  
Қысқадан кегім жоқ.

5039. Ұзынымды ұлым киеді,  
Қысқамды қызым киеді.
5040. Ұйқы — жанның тынышы,  
Иман — жанның қуанышы.
5041. Ұйқы жастық сұрамайды.
5042. Ұйқы — өлімнің жолдасы.
5043. Ұйықтаған ұйқы алады,  
Ұйықтамаған жылқы алады.
5044. Ұйықтағанға түн қысқа.
5045. Ұйықтамасаң, қабақ жау,  
Ішпесең, тамақ жау.
5046. Ұйқылы-ояу бой күйез,  
Ішіне кірмес айтқан сөз.
5047. Ұл бала туса,  
Қалың малын бере туады.  
Қыз бала туса,  
Қалың малын ала туады.
5048. Ұл ержетсе, әкесіне не керек,  
Балаға да сол керек.  
Қыз бойжетсе, шешесіне не керек,  
Қызға да сол керек.
5049. Ұл жеп, жайына кетті,  
Қыз жеп, байына кетті.
5050. Ұл көрмеген уалап жүріп өлтірер,  
Қой көрмеген қуалап жүріп өлтірер.
5051. Ұл мен қыз бірдей, артығы — адалы.
5052. Ұл өссе — ұрпақ, қыз өссе — өріс.



5053. Ұл таппаған қатыннан,  
Лақтаған ешкі артық.  
Қолдамайтын піріңнен,  
Саурандағы сарт артық.
5054. Ұл таппас қатын болмас,  
Тұрарын айтып.
5055. Ұл туғанға күн туады.
5056. Ұл туса, шығын шығады,  
Қыз туса, кіріс кіреді.
5057. Ұлан жылай күн кешер,  
Лақ маңырай су ішер.
5058. Ұлан жыламай, емшек бермес.
5059. Ұлдан қызды кем деме,  
Кем десең, біреу жөңдей ме.
5060. Ұлдың ұрты өседі,  
Малдың сырты өседі.
5061. Ұлсызға ұл берген апаңмын,  
Қызсызға қыз берген апаңмын.
5062. Ұлы әруақ орнын құр тастамайды.
5063. Ұлы би — ел, өйткені ол — әділ.
5064. Ұлы сабаның қоры таусылмайды.
5065. Ұлығың ғаділ болса — халық пайдасы,  
Жемқор болса — қалтаның томпаймасы.  
Мәзілүмнің дұғасы тиіп кетсе,  
Сонда болар залымның жантаймасы.
5066. Ұлық болсаң, кішік бол.

5067. Ұлық зілді болса,  
Ел момын болады деген.
5068. Ұлың өссе, ұлы өскенмен ауыл бол,  
Қызың өссе, қызы өскенмен ауыл бол.
5069. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған.
5070. Ұлың жақсы болса — елдің бағы,  
Қызың жақсы болса — ердің бағы.
5071. Ұлың жаман да болса, зор болсын.
5072. Ұлың өссе, ұлы жақсымен көрші бол,  
Қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол.
5073. Ұлың өссе, үлгілімен жолдас бол,  
Қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол.
5074. Ұлың өссе, ұяттымен ауыл бол.
5075. Ұлың өссін десең, ұлықтымен ауылдас бол.
5076. Ұмтылған озады,  
Жаңармаған тозады.
5077. Ұра алмаған шоқпар я басқа тиеді дүр,  
Я кетке тиеді дүр.
5078. Ұра берсе, шайтан да өледі.
5079. Ұрайт та жоқ, құрайт та жоқ.
5080. Ұрлық қылсаң өлесің,  
Шөп жесең, қақаласың.
5081. Ұрлық пен өтірік егіз:  
Бірі — есек, бірі — өгіз.

5082. Ұрлық түбі — қорлық.
5083. Ұрлық қылсаң жасырасың, Құдайды қайтесің.
5084. Ұрып оймен жүргенше,  
Ұрғызып қырмен жүр.
5085. Ұрысайын десем өз балам,  
Тәңірім қылды, не шарам.
5086. Ұрыспасаң нетеді,  
Ұрыссаң, бағаң кетеді.
5087. Ұры «ет тәттілігін қойса,  
Мен ұрлығымды қояр едім» деген.
5088. Ұры әділ болмас,  
Қожа қауым болмас.
5089. Ұры байымайды,  
Сұқ семірмейді, не көгермейді.
5090. Ұры — қасық, ел — теңіз.
5091. Ұры басынып ұрлайды,  
Қонақ таңдап қонады.
5092. Ұры елді жауықтырар,  
Тәуіп денді сауықтырар.
5093. Ұры иттен де бір түп көде аман қалады.
5094. Ұры көті қуыс.
5095. Ұры — қардың серігі,  
Қоспақ — нардың серігі.
5096. Ұры ұрлығын қойса да,  
Ұры атағы қалмайды.

5097. Ұры қол бір бас тұрсын,  
Екі басқа да сиымсыз.
5098. Ұры қолға түссе,  
Малы болмаса да айыпты.
5099. Ұры мен бөрі — бейғамдікі.
5100. Ұры өз малын жейді.
5101. Ұры өлгенше «ақпын» дейді,  
Тоқал өлгенше «бақпын» дейді.
5102. Ұры өлгенше «ақпын» дейді,  
Тоқал өлгенше «нақпын» дейді.
5103. Ұры түн асқанша,  
Қасқыр дөң асқанша.
5104. Ұры халықпен күндіз дос,  
Түнде қас.
5105. Ұры, қарақшы бол, нысаппен бол.
5106. Ұрыға мал көп.
5107. Ұрыға ұры намазшамда жолығады,  
Құлға күң той басыларда жолығады.
5108. Ұрыдан қол сұрама,  
Бұғыдан жол сұрама.
5109. Ұрының арты қуыс,  
Өмірі бір уыс.
5110. Ұрының қатыны өзіне лайық.
5111. Ұрының қолы қан,  
Бөрінің аузы қан.

5112. Ұрының құрығы ұзын.
5113. Ұрының өзіне лайық сойылы бар.
5114. Ұрының өмірі қауіппен өтер,  
Ақынның өмірі сауықпен өтер.
5115. Ұрыс жүретін жолды жомарттық билейді.
5116. Ұрыс басы — «боқ жеме».
5117. Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмас.
5118. Ұрысарға ұлық болсын,  
Керісерге келінің болсын.
5119. Ұрысқақ қоразға шыр бітпес.
5120. Ұрыспасаң нетеді,  
Ұрыссаң, болған кетеді.
5121. Ұрысқа бергісіз араша болады.
5122. Ұрыспай айрылысқан,  
Ұялмай көріседі.
5123. Ұрыспасаң нетеді,  
Ұрыссаң, сәнің кетеді.
5124. Ұрысты үйде ырыс тұрмас.
5125. Ұрысы күшті болса, иесі өледі.
5126. Ұрысы күшті болса,  
Малдың иесі өледі.
5127. Ұста пышаққа жарымас.
5128. Ұстаға барсаң, ісің бітпейді,  
Бармасаң, ештемең кетпейді.

5129. Ұстағанның қолында кетті,  
Тістегеннің ауызында кетті.
5130. Ұстаз көрген оқ жонады,  
Үлгі көрген тон пішеді.
5131. Ұстаз ұқтыра алмағанды өмір ұқтыра алады.
5132. Ұстараның жүзіндей.
5133. Ұшпас тауық,  
Көшпес кент.
5134. Ұшындысына келсе,  
Түймедей нәрсе түйедей болады.  
Қағындысына келсе,  
Түйедей нәрсе түймедей болады.
5135. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың.
5136. Ұят — жаман ойдың жүгені.
5137. Ұядан нені көрсе,  
Қиядан соны іледі.
5138. Ұялған сыбағадан құр қалады.
5139. Ұялған тек тұрмас.
5140. Ұялмаған бұйырмағанды жейді.
5141. Ұялсын деп қызға береді,  
Асырамасын деп күнге береді.
5142. Ұят — зор қасиет.
5143. Ұят — иманның қорғаны.
5144. Ұят қайда болса, иман сонда.

5145. Ұятсыз адам күнде өледі.

5146. Ұяттан өлім артық.

## Ү

5147. Үзеңгіге аяқ салып тұр.

5148. Үзіп жеген үнем болмайды.

5149. Үй артында кісі бар,  
Үй менікі демендер.

5150. Үйі басқаның көрі басқа.

5151. Үй иесіне керек болса,  
Қоңсысы өкпелемейді.

5152. Үй иесінің итінің құйрығы қайқы.

5153. Үй кедейлігінен,  
Базар кедейлігі жаман.

5154. Үй қасында биігің  
Ерттеп қойған атпен тең.  
Ауылдағы қарияң  
Жазып қойған хатпен тең.  
Ағайынның жаманы  
Алаш болған жатпен тең.

5155. Үй менікі деме,  
Үй артында кісі бар.

5156. Үй сатып алсаң, көршісін сұра.

5157. Үйге көп, үлеске аз.

5158. Үйге кірген құр шықпас,  
Көрге кірген тірі шықпас.

5159. Үйге симаған елге симас.
5160. Үйде ауыл намысын ойла,  
Түзде ел намысын ойла.
5161. Үйде оңбаған, түзде оңбас,  
Түзде оңбаған, еш оңбас.
5162. Үйде өскен бұзау өгіз болмас.
5163. Үйде сиыр мөңіресе,  
Тау бұғының мүйізі сырқырайды.
5164. Үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады.
5165. Үйдің жылы-суығын қыс түскенде білерсің,  
Кімнің жақын-алысын іс түскенде білерсің.
5166. Үйдің көркі — әйел.
5167. Үйренген жау атысуға жақсы.
5168. Үйренгенің өзіңе жақсы,  
Істегенің бізге жақсы.
5169. Үйрене білген үйрете де біледі.
5170. Үйренген тозағын қимайды.
5171. Үйренген тозақта да үйренеді.
5172. Үйренген жер — Мысыр шаһар.
5173. Үйреніскен жау ұрыспаққа жақсы.
5174. Үйі жыртықты тамшы жейді,  
Ағайыны аз қамшы жейді.
5175. Үйіне қарай терезесі,  
Бойына қарай березесі.



5176. Үйірге жаңа салған сәуіріктей.
5177. Үйірлі құлан ақсағын білдірмес.
5178. Үйір болмай, жамандардан жырақта,  
Қыл ізгілік, түзу жолда тұрақта.
5179. Үйірі басқаны ноқта қосар.
5180. Үлгілі елдің жастары  
Ағаны көрсе, өз тұтып, әдеппен сәлем береді.  
Азған елдің жастары үлкенді көрсе,  
Қор тұтып, әжуа қылып күледі.
5181. Үлгілі сөзді елден ізде,  
Ұлтанды дәулетті жерден ізде.
5182. Үлкен бала жыласа, өксіп-өшіп қалады.
5183. Үлкен бастар,  
Кіші қоштар.
5184. Үлкен болмақ ұялғаннан өтеді.
5185. Үлкен қызын бермесе де,  
Кіші қызына ырзамын.
5186. Үлкен үйге бата алмай,  
Кіші үйге кіре алмай.
5187. Үлкен іске кірісерде,  
Ұсағын да ұмытпа.
5188. Үлкенді аға де, кішіні іні де.
5189. Үлкеннен дәме қылмаған,  
Құдайдан дәме қылмас.
5190. Үлкеннің тілін алмаған ұлғаймас.

5191. Үлкенсіз пішу болмайды,  
Өткелсіз кешу болмайды.
5192. Үлкені тұрып, кіші сөйлегеннен без.
5193. Үмітсіз шайтан болсын.
5194. Үндеме, аузыңды ашпа,  
Аяғыңды баспа.
5195. Үндемеген үйдей пәледен құтылады.
5196. Үндемейтін адам үрмей қабатын ит сияқты.
5197. Үркер туса, сорпа да — ас.
5198. Үркерлі айдың бәрі қыс.
5199. Үріккен қойдай шошаңдап.
5200. Үріккен үйрек жебенің сабын көрсе де, суға сүңгиді.
5201. Үттің (февраль айы) жақсылығын бақса — үт,  
Жамандығына бақса — жұт.
5202. Үш айлығын ойламаған әйелден без,  
Үш жылдығын ойламаған ерден без.
5203. Үш жылғысын ойламаған еркектен без,  
Үш күнгісін ойламаған әйелден без.
5204. Үш қарамай, ас ішпе,  
Үш аудармай, тон пішпе.
5205. Үш нәрсені істеме:  
Жазықсыз қан төкпе,  
Жазықсыз кісі малын алма,  
Мұраны бұзба.

## Ф

5206. Формасы келмес алтыннан,  
Сұлулап соққан мыс артық.  
Формасы бірдей болғанмен,  
Ерлерден ердің ісі артық.

## Х

5207. Хақ сүйгенді халық сүйер.
5208. Хақтың жаққан отын  
Ақымақ үрлеп сөндірмес.
5209. Халқы жаманның биі азар,  
Қатыны жаманның үйі азар.  
Биің залым болып,  
Үй басына көр қазар.
5210. Халық айтса, қалып айтпайды.
5211. Халық жер сияқты,  
Басқарушы шөп сияқты.  
Бірі кіріп, бірі өнеді,  
Халық қалпында қалады.
5212. Халық жыламай, хан күлмес,  
Хан құрымай, халық күлмес.
5213. Халық қартты көп жасағандықтан емес,  
Көп білгендіктен құрметтейді.
5214. Халық қата айытпайды.
5215. Халық қашан да болса мейірімді,  
Бірақ опасыздықты кешірмейді.
5216. Халық таразы:  
Ісінді өлшейді де, бағалайды да.

5217. Хан екі сөйлесе, қара болғаны,  
Ер екі сөйлесе, қатын болғаны.
5218. Хан жарлығынан,  
Жақ жарлығы жаман.
5219. Хан сыртынан жұдырық.
5220. Хан тағында тұрмайды,  
Қылыш қынабында тұрмайды.
5221. Ханға бергісіз қара бар,  
Қылышқа бергісіз ара бар.  
Сол қараның сөздері  
Хан сөзіне барабар.  
Және сөзім және бар,  
Жантақты жерде сона бар,  
Қыспаған көтке бөле бар.
5222. Ханды қарытқан,  
Биді арытқан.
5223. Ханды Құдай атқаны қоңсысымен қас болар,  
Көрінің Құдай атқаны аңдығаны ас болар.
5224. Ханды Құдай ұрарда,  
Қарашымен қас болар.  
Байды Құдай ұрарда,  
Дәулетіне мас болар.
5225. Ханнан қазық, биден тоқпақ қойып.
5226. Ханнан қазық болса,  
Биден тоқпақ болады.
5227. Ханнан лақ сұрағанша,  
Қасқырдан құлақ сұра.
5228. Ханның көркі — тақ,  
Жақсының көркі — бақ.

5229. Харамның атасы қартайып құл болады,  
Анасы қартайып күң болады.

5230. Хас жаманға сөз айтсаң,  
Адам таппас жол айтар.

### **Б**

5231. Бәр қамалға бір зауал.

5232. Бизат қылсаң, бүйірің жетеді,  
Ала болсаң, ынтымағың кетеді.

### **Ш**

5233. Шабан жігіт дегенше,  
Жаман жігіт десейші.

5234. Шабан үйрек бұрын ұшады.

5235. Шабаннан желмес туар,  
Сараңнан бермес туар.

5236. Шағала келмей, жаз болмас,  
Шаңқай келмей, боз болмас.

5237. Шағала келмей жаз болмас,  
Тоқалдан туған би болмас.

5238. Шадыр бала дос таба алмас.

5239. Шай ішкенде көңілім болады жай.

5240. Шайнаған күмән, жұтқан бұйырған.

5241. Шайтан азғырса, шамаң келмес.

5242. Шайтаннан албастының бір атасы жуық.
5243. Шайы жоқ, майы жоқ, шай құрысып,  
Қадірінді білмеген бай құрысын.
5244. Шаққан өлтіреді,  
Мақтаған жеткізеді.
5245. Шақырған жерден қалмаңыз,  
Шақырмағанға бармаңыз.
5246. Шақырғанға бар,  
Шақырмағаннан қаш.
5247. Шақыруға бармасаң,  
Шақыруға зар боларсың.
5248. Шақырусыз барған қонақ  
Құрметсіз орынға отырады.
5249. Шала молда шарқ етер.
5250. Шалағай жігіттің шалғаны  
Шалбарының соры болады.
5251. Шалатын аяқ — маймақ.
5252. Шалғы алмасаң, шалдығарсың.
5253. Шалқайғанға шалқай,  
Пайғамбардың ұлы емес.  
Еңкейгенге еңкей,  
Атаңнан қалған құл емес.
5254. Шамның жарығы астына түспес,  
Жақсының қадірі жақынына білінбес.
5255. Шамның жарығы түбіне түспейді.

5256. Шамшырақ мың күн жанып, бір күн сөнер.
5257. Шанаң тозса, жаз сайла,  
Арбаң тозса, қыс сайла.
5258. Шапанға жүн салды, бітті, ойла,  
Қызға күйеу кетті, ойла.
5259. Шапқанда байдың ұлы,  
Тоқтағанда кедейлігі есіне түседі.
5260. Шаппай бәйгемді бер.
5261. Шарап жағадан алғанда,  
Арақ аяқтан шалады.
5262. Шарасыздан шалғы тиіп барамын.
5263. Шарифат — ағып жатқан бұлақ,  
Бұрынғылардың сөздері — жағалай біткен құрақ.
5264. Шартық қошқар қой бұзар,  
Дүмше молда дін бұзар.
5265. Шаруа түбі кеніш болады,  
Сауда түбі борыш болады,  
Ғылым түбі білім болады.
5266. Шауып-шауып,  
Байдың ұлының ақылы түстен кейін түседі.
5267. Шахта астында жалқау болсаң,  
Мезгілсіз қазаға ұшырайсың.
5268. Шаш ал десе, бас алады.
5269. Шашы өскеннің ауылы көпір,  
Мұрты өскеннің өзі көпір.

5270. Шебердің қолы ортақ,  
Шешеннің тілі ортақ.
5271. Шегірткеден қорыққан егін екпес.
5272. Шектен асқан нәрсенің бәрі қауіп,  
Денсаулықпен жүргеннің бәрі сауық.
5273. Шерлі өлмес, борышты өлер.
5274. Шеткі ауыл көпсе,  
Ортаңғы ауыл шет болар.
5275. Шешен бітірмейді,  
Шебер бітіреді.
5276. Шешенді мылжың жеңеді.
5277. Шешеннің тілі артық,  
Шебердің қолы артық.
5278. Шешесі ырысты болса,  
Қыз табады.
5279. Шешесін көріп, қызын ал,  
Аяғын көріп, асын іш.
5280. Шешінген адам судан тайынбайды.
5281. Шоқ жүйрік алысқа жарамас,  
Тоқ тазы түлкі ала алмас.
5282. Шоқанаққа боқ та жоқ.
5283. Шоқпар сорлыға тиеді.
5284. Шомылмақ болсаң, шешін.
5285. Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес.



5286. Шоттың басын бассаң,  
Сабы өзіңе тиер.
5287. Шошқаға ерген балшыққа аунар.
5288. Шөбере сүйсе, тозақ оты харам.
5289. Шөккен түйе соққанды білмейді.
5290. Шөлдің қамысы болмайды,  
Жаманның намысы болмайды.
5291. Шөлмек күнде сынбайды.
5292. Шөлмек мың күн сынбас,  
Бір күн сынады.
5293. Шөп біткен жеріне бітеді.
5294. Шөп жетіспес деп жерден түңілме,  
Мал бітпес деп ерден түңілме.
5295. Шөп сақтаған көзге түсер.
5296. Шөптің басы, жел тұрмаса, қимылдамайды.
5297. Шыбын аяғын сындырған жоқ.
5298. Шығайын деп тұрған көз еді,  
Енді не жорық түртіп қалған соң.
5299. Шығысы шықпай, кіресі кірмейді.
5300. Шығысы жаман қамысты су ішінде өрт алады,  
Туысы жаман адамды ел ішінде ит қабады.
5301. Шыққан қыз шиден тышқары.
5302. Шықпаған егіннен жер бүлінеді,  
Олақ басшыдан ел бүлінеді.

5303. Шын айтушының іші сара,  
Өтірік айтушының жүзі қара.
5304. Шын аңшының алдына аңның өзі келеді.
5305. Шын жақсының ашуы бар да, кегі жоқ.
5306. Шын жүректе сын болмайды,  
Шын жақсыда мін болмайды.
5307. Шын жыласа, соқыр көзден жас шығады.
5308. Шынды Құдай атқаны  
Өтірік құрлы болмас.  
Адалды Құдай атқаны  
Арам құрлы болмас.
5309. Шындықтан танба,  
Көзің көрмей, нанба.
5310. Шынтақ ауызға жақын болса да,  
Тістеуге келмейді.
5311. Шідерге симеген.
5312. Шіріген денеңнен кескізсең, құтыласың.
5313. Шірігенге шыбын үйір.

## **Ы**

5314. Ықыласпен берген дағара ішіңе майдай жағар,  
Ықылассыз берген дағара ішіңнен жылымай ағар.
5315. Ықыласпен тілеу тілейін,  
Ескермей кетсең, жақсылар,  
Құдаймен қуып жетейін.

5316. Үлдисыз ор болмайды,  
Қапысын тапаса, ер болмайды.
5317. Үнтымақтан шайтан да қашады.
5318. Үңыршақ болған жауыр аттай.
5319. Үрылдассаң, қақпассың,  
Мұнан жақсы таппассың.
5320. Үрымның соңы — жырым.
5321. Үрыс алды — ынтымақ.
5322. Үрыс алды да қатын,  
Сор алды да қатын.
5323. Үрыс алды — қыз.
5324. Үрыс баққан, дау бақпас.
5325. Үрыс елде ме, жерде ме?  
Үрыс, бақыт еңбек еткен ерде.
5326. Үрыс қайда?  
Еңбек еткен ерде,  
Үнтымақты елде.
5327. Үрысқа қарай ұл өсер,  
Қонысқа қарай мал өсер.
5328. Үрысты қонақ қонса,  
Қой егіз табады.
5329. Үсқырып жатқан жыланның обалы жоқ.
5330. Үштаны жоқтың ішіне төрт қарыс бөз енеді,  
Өтірікшінің түсіне жақсы-жаман сөз ереді.

*I*

5331. Іздеген мық ағашын табады.
5332. Ізіне бағынған ғалым болады,  
Нәпсісі өлген тәлім болады.
5333. Ілгері басқан аяқ кейін кетіп.
5334. Ілгері басқан жасты  
Кейін тартқан кәрі тоқтатар.
5335. Ілгері басқанның иті аттайды,  
Кейін кеткеннің келіні ұрлық қылады.
5336. Ілгері басқанның иті оттайды,  
Кәрі кеткеннің келіні оттайды.
5337. Ілгері басатын жасты,  
Кейін қайтатын кәрі қайтарады.
5338. Ілгері кеткеннің баласы  
Он алтыда бас болады.  
Кейін кеткеннің баласы  
Қырыққа келсе де, жас болады.
5339. Ілем деп жүріп, ілініп кетті.
5340. Ілімсізде қасиет болмайды,  
Білімсізде өсиет болмайды.
5341. Ініне су құйғандай.
5342. Інісі бардың тынысы бар,  
Ағасы бардың жағасы бар.
5343. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.

5344. Испен мақтанса, жаралар,  
Сөзбен мақтанса, адасар.
5345. Истегенің еліңе, үйренгенің өзіңе.
5346. Істің ағы білмейді,  
Жігіттің бағы біледі.
5347. Істің аласы — істің пәлесі.
5348. Істің басы қатты болса,  
Аяғы тәтті болады.
5349. Ісінді көпке сал,  
Көпті Құдайға сал.
5350. Іш кетсе, күш кетеді.
5351. Ішкен — мас, жеген — тоқ.
5352. Ішкенің — ірің, жегенің — желім.
5353. Ішкеннің аузы біледі,  
Отырғанның к... біледі,  
Ұстағанның қолы біледі.
5354. Ішкеніміз алдымызда,  
Ішпегенміз артымызда.
5355. Ішпейтін, жемейтін жаманға  
қасақана қасық бітеді.
5356. Ішпес жерде су бар,  
Жемес жерде у бар.
5357. Іште пікір болғанша,  
Сыртта талап болсын.

5358. Іштен шыққан шұбар жылан,  
Үш орайын беліме.
5359. Ішуі жаманның тышуы жаман.
5360. Іші мұның табылды,  
Сырты қайдан табылар.  
Қырылғырдың қыздары  
Тігіп берер дейсің бе.
5361. Іші өткеннің арты біледі,  
Ащы-тұщыны татқан біледі,  
Алыс-жақынды жортқан біледі.
5362. Іші өткеннің іші біледі.
5363. Іші тар қатын ұл таппайды.
5364. Ішім жалын, сыртым түтін.
5365. Ішің ауырса, тамағыңды тый,  
Көзің ауырса, қолыңды тый.

### Ә

5366. Электр — еңбек қанаты,  
Елдік — ерлік қанаты.

### Я

5367. Я, харамның ата-анасы көп жемейді,  
Я, халалдың ата-анасы көп жемейді.



ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР







## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

«Бабалар сөзі» сериясының 69-томына 1934-1990 жылдары ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларына М.Ж.Көпеевтің (жазып алып, тапсырған — Ж.Жүсіпұлы), Ж.Жүсіпұлының, Е.Есенжолұлының, Б.Жақыпбаевтың, С.Әлімбетовтің, Ә.Марғұланның, Хасен Ғалидың, С.Бекмахановтың, И.Ұйықбаевтың, К.Елеуовтің, Ж.Жантөбетовтің, М.Толыбаевтың, Ә.Наурызбаевтың, Н.Оңдасыновтың, Б.Адамбаевтың т.б. ел арасынан жинап, тапсырған мақал-мәтелдердің үлгілері енгізілді. Кеңестік кезеңде басылым көрген жинақтардың барлығы дерлік сол қоғамның идеологиясының шеңберінен шыға алмай, мәтіндер цензуралық сүзгінің жасуынан, қатал сын-пікірлер мен қырағы бақылаулардан кейін ғана терілімге жіберілгені белгілі. Сондықтан дінге, ғұрыпқа, салт-дәстүрге, ру-әулетке, қазақтың дәстүрлі қоғамына, басқару үлгісіне, хан-сұлтандарға, билері мен батырларына т.б. байланысты көптеген даналық сөздер алынып тасталды, болмаса қырағы редакторлардың қаламына ілігіп түзетілді, қысқартылды, сөйтіп, түпкі мәнін жойды. Тіпті, кейін толықтырылып басылған жинақтардың өзіне таптық мүддені дәріптейтін жаңа мақал-мәтелдер кіріктірілді. Сол себептен ұсынылып отырған томда мақал-мәтелдердің қолжазба үлгілері толық қамтылды және әліпбилік жүйемен топтастырылып, реттік сан арқылы нөмірленді.

**М.Ж.Көпеев жинаған мақал-мәтелдер.** Бұл мәтіндер Орталық ғылыми кітапхана (ОҒК) сирек қорының 1644-бумасында сақталған. Қолжазбаның алғашқы бетінде Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының Қолжазбалар қоры бөлімі 1948 жылы 1186 тіркеу нөмірімен қабылдағанын

көрсеткен белгі соғылған. Мақал-мәтелдер сол беттің басында «Мәшһүр жинағаннан жинаушы — Жолмұрат Жүсіпұлы» деген сөйлемнен кейін «Сөздің көркі — мақал-ды, Ердің көркі — сақал-ды. Сақалы жоқ көселер, Қасабалы тоқал-ды» деп басталады. Мәтіндерді жинаушы Ж.Жүсіпұлы М.Ж.Көпеевтің қолжазбаларынан көшіріп алған тәрізді. Себебі, біріншіден, дәптердегі жазу Мәшһүр қолтаңбасына сәйкес келмейді, екіншіден, мақал-мәтелдердің төте араб әріптерімен анық жазылуына қарағанда, төте әліпби қазақ арасында әбден сіңіскен жиырмасыншы-отызыншы жылдары түпнұсқадан көшірілген сыңайлы. Қолжазда Ж.Жүсіпұлы туралы өзге де бір деректер көрсетілмеген. Мәтіндер әр бетке екі қатардан жазылып, реттік санмен нөмірленген және соңында әр қатардың жол саны берілген. Дәптердің 18 бетінде барлығы — 10139 мақал-мәтел қамтылған.

Томға М.К.Көпеев жинаған мақал-мәтелдердің Ж.Жүсіпұлы көшірген үлгілері өзгеріссіз кіргізілді.

**Б.Жақыпбаев жазып алған мақал-мәтелдер.** Мәтіндер ОҒК-ның сирек қорында сақталған 1098-буманың 10-дәптеріндегі Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері Б.Жақыпбаевтың 1934 жылы хатқа түсіріп, институтқа өз қолымен тапсырған қолжазбасынан алынды. Қарындашпен төте араб әрпінде жазылып, реттік санмен нөмірленген 42 мақал-мәтелдің соңғы жағында жинаушының қолы қойылған. Көлемі — 4 бет.

Томға ұсынылған мәтіндер осы қолжаздадағы түпнұсқа негізінде берілді.

**Б.Бабенов жинаған мақал-мәтелдер.** Жинаушының ел арасынан 1935 жылы төте араб әрпінде жазып алған қолжазбасы ОҒК-ның сирек қорындағы 1098-буманың 11-дәптерінде сақталған. Реттік санмен нөмірленген 19 мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан, көлемі — 5 бет. Жинаушы туралы өзге мәлімет көрсетілмеген.

Томға мәтіндер түпнұсқа негізінде ұсынылды.

**Төре Тұрсыннан жазылған мақал-мәтелдер.** Б.Әлжанов ел арасынан бұл мәтіндерді 1936 жылы жазып алып, Тіл және әдебиет институтының Қолжазбалар қоры бөліміне 1948 жылы тапсырып, 1184 нөмірмен тіркеген. ОҒК сирек қорындағы 1099-буманың 16-дәптерінде сақталған 22 мақал-мәтел алды-

мен төте араб әрпімен жазылып, кейін машинкалық терілімге көшірілген сияқты. Себебі алғашқы беттің бұрышында «...232-нөмірлі материалдың 283-бетінен көшірілді» деп Төлеу Түгелбаев деген адам қол қойған. Қолжазбаның титул бетінде қарама-қайшы екі пікір жазылған. Алғашқысында «Төре Тұрсыннан жазылған мақалдар» делінсе, төменгі тұсында «Төре турасынан жазылған мақалдар» деп түзетілген. Ал мәтіндердің мазмұнына қарағанда, төреге қатысты бірде-бір мақал-мәтел кездеспейді. Төте араб жазуындағы «Тұрсыннан-турасынан» деген сөздердің дұрыс оқылғандығына күдікпен қарағандықтан, алдыңғы мәліметке жүгінгенді жөн көрдік. Соңғы үшінші беттегі 3 мақал жоғарыда көрсетілген материалдың 160-бетінен қолмен көшірілген, бірақ кім жазғаны белгісіз.

Томға машинкада терілген 22 мақал-мәтел және соңғы беттегі үш мәтін өзгеріссіз жіберілді.

**Хасен Ғали жинаған мақал-мәтелдер.** Аталған қорға 1940 жылы түскен қолжазбаны жинаушы ХХ ғасырдың басында Солтүстік Қазақстанның Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Қызылжар өңірлерінің бірінде қолға түсірген сияқты. Себебі Хасен Ғали сол кезеңде аталған уездердің аумағын аралап бала оқытқан ұстаз, қазақ халық мұраларының жанашыры, жинаушы болған. Ол туралы аздаған деректерге қарағанда, Хасен Ғали көбінше татарша сөйлеп, сол тілде жазған. Ал ОҒК сирек қорындағы 1098-буманың 8-дәптерінде сақталған мәтіндер қадім жазуында қазақша хатқа түскен. Соған қарағанда, жинаушы қолжазбаны біреуден қалап алған, болмаса жаздырып алған. Дәптердегі 236 мақал-мәтел біртұтас жазылған, бірақ әр мәтіннің аяғы тырнақшамен («...») шектелген.

Томға мақал-мәтелдер түпнұсқа негізінде ұсынылды.

**С.Әлімбетов жинаған мақал-мәтелдер.** Халық ақыны Сапарғали Әлімбетов ел аузынан жинап жазып алған бұл мәтіндер де ОҒК сирек қорында сақталған 285-буманың 3-дәптерінен алынды. Қолжазбада реттік санмен нөмірленіп, төте араб әрпімен жазылған 17 мақал-мәтелден өзге Сапарғали ақын ел арасынан хатқа түсіріп алған Жанақ пен Байбаланың, Түбек пен Айым Жекей қыздың қайымдасулары, сондай-ақ өзі шығарған Адық пен торы тайдың мысал айтысы қамтылған. Қолжазбаның 15-бетінде материалдар Тіл және әдебиет институтының Қолжазбалар қоры бөліміне 1949 жылы өткізіліп, 1006 нөмірмен тіркелгені туралы бұрыштама соғылған.

Томға мәтіндер түпнұсқа негізінде енгізілді.

**Академик Ә.Марғұлан жинаған мақал-мәтелдер.** Аталған қордағы 1099-буманың 13-дәптерінде жинақталған мәтіндерді ғалым 1939 жылы жазып алғаныменен, соңғы бетте Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының Қолжазбалар қоры бөлімінің №1169 тіркеуіне 1946 жылы ғана іліккені туралы бұрыштама соғылып, мақал-мәтелдердің 1939 жылғы 3-нөмірлі материалдан көшірілгені туралы анықтама жазылған. Бірақ төте араб әрпімен хатқа қайта түсірушінің аты-жөні көрсетілмеген.

Томға жіберілген мақал-мәтіндер осы соңғы қолжазбаның негізінде ұсынылды.

**Жексенов жинаған мақал-мәтелдер.** Бұл мұралар да аталған қордағы 1098-буманың 6-дәптерінде сақталған. Тор көзді есеп дәптеріне бір қатардан жазылып, реттік санмен нөмірленген 16 мақал-мәтел 1946 жылы тапсырылған. Жинаушы туралы, өзге де мәліметтер көрсетілмеген.

Томға берілген мәтіндер қазіргі қолданыстағы әріппен жазылған осы қолжазба негізінде жіберілді.

**Е.Бекмаханов жинаған мақал-мәтелдер.** Аталған қордың 1099-бумасындағы 19-дәптердің 1-бетіндегі жеті мақал 1941 жылы жазылып алынып, 1945 жылы Қазақ зерттеу қоғамынан ҒА Қолжазбалар қоры бөліміне түскенмен, тек 1948 жылы ғана 1174 нөмірмен тіркелген. Ал 4-беттегі 12, 5-беттегі 6 мақал-мәтел сол жылы 1176 және 1170 нөмірлермен тіркелген.

Мақал-мәтелдерді жинаған белгілі тарихшы — ғалым Ерманхан Бекмаханов.

Томға қолжазбадағы машинкада терілген мәтіндер түпнұсқа негізінде кіргізілді.

**И.Ұйықбаевтың Маңғыстау экспедициясынан жинаған мақал-мәтелдері.** ҚР ҒА Тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері И.Ұйықбаев Маңғыстау өңірінен жинаған. Аталған қорға 1188 нөмірмен 1948 жылы тіркеген мақал-мәтелдердің жалпы саны — 891. Жинаушы мәтіндерді қағазға бірде сиямен, бірде қарындашпен түсіргендіктен де шығар, көп жерлері сызылып, кей тұстары қайта түзетілген.

Томға жіберілген мақал-мәтелдер мүмкіндігінше түпнұсқа негізінде ұсынылды.

**Е.Есенжолұлы жазып алған мақал-мәтелдер.** ОҒК сирек қорындағы 1098-буманың 12-дәптерінде сақталған мәтіндерді жинаушы 1913 жылы Торғай қаласында жазып алған. Бұл мерзімнің дұрыстығын дәптердің 1-6-бетеріне 154 мақал-мәтелдің көне қадім жазуында хатқа түсірілуі айқын дәлел болады. Қолжазбаның ҒА Қолжазбалар қоры бөліміне 1948 жылы 1191 нөмірмен тіркелгендігі көрсетілгенмен, жинаушы Е.Есенжолұлы туралы қандай да басқа дерек берілмеген. Мәтіндер қолжазбада ретсіз, жүйесіз біртұтас орналасқан. Сондықтан мақал-мәтелдер түпнұсқа негізінде жүйеленіп, текстологиялық сұрыптаудан өткізіліп барып томға ұсынылды.

**Ғ.Нұртазина жинаған мақал-мәтелдер.** Көкшетаулық жинаушы ҒА-ның сол өңірдегі арнаулы тілшісі (жинаушысы) болғандықтан, ел арасынан бұл мақал-мәтелдерді тапсырыспен, қызмет бабымен жазып алған. ОҒК сирек қорының 183-бумасында сақталған бұл қолжазба қорға 1947 жылы түсіп, тек келесі жылы 1187 нөмірмен тіркелген. Қазіргі өріппен жазылған мәтіндер жүйеленіп, реттік санмен нөмірленген. Барлығы — 382 мақал-мәтел. Жинаушы Ғ.Нұртазина туралы толық мәлімет көрсетілмеген.

Томға мәтіндер түпнұсқа негізінде жіберілді.

**Ж.Жантөбетов жинаған мақал-мәтелдер.** Халық ақыны мақал-мәтелдерді Жамбыл облысының Шу өңірінен 1945 жылы жазып алған. Ал ОҒК қорындағы 1099-буманың 17-дәптеріне 1947 жылы тіркелген.

Томға төте араб әрпінде хатқа түскен 26 мақал-мәтел түпнұсқа негізінде енгізілді.

**К.Елеуов жинаған мақал-мәтелдер.** Халық ақыны Көшен Елеуов мәтіндерді Қарағанды облысының Қарқаралы өңірінен жинап, аталған қорға 1947 жылы тапсырған. Төте араб әрпінде жазылған қолжазба ОҒК қорындағы 1099-буманың 12-дәптерінде сақталған. Ішкі мазмұнға жүйеленіп, реттік санмен нөмірленген 246 мақал-мәтел томға түпнұсқа негізінде кіргізілді.

**Ж.Тілеуовтен жазып алынған мақал-мәтелдер.** Аталған қордағы 1098-буманың 5-дәптеріндегі қолжазба 1947 жылы тапсырылған. Қазіргі өріппен қарындашпен жазылған мәтіндер ішкі мазмұнға жүйеленіп, реттік санмен нөмірленген. Бірақ

кейін реттік сан бірнеше рет өзгеріске түсіп, көптеген мақал-мәтелдер сызылып тасталған. Соған қарағанда, түзетушілер мәтіндердің жалпы санын емес, жол мөлшерін анықтағысы келген сияқты. Томды баспаға дайындау барысында қолжазбада 360 мақал-мәтел қамтылғаны анықталып, өзгерген, сызылған мәтіндер қалпына келтірілді.

Ұсынылған мәтіндер түпнұсқа негізінде жіберілді.

1846 ж. генерал Вишневскийдің Ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысты. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға

жас та, көрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған» — деп сипаттайды («Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар». А., 1979).

Кей деректерде Құнанбай қажыға 1874 ж. барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, Құдайға құлшылық етушілерге арнап төккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын — қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шарият жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады.

**Қызыр, Қыдыр баба** — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, өртүрлі қиындықтардан қорғаушы.

**Орақ-Мамай** XVI ғасыр — көбінесе есімдері қатар аталып отыратын эпикалық кейіпкерлер. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша, Мұсадан Алшағыр, одан — Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы Нұртуған Кенжеғұлұлы (1887-1927жж.) көлемді жыр тудырғаны мәлім.

**Мұхаммед** (Мұхаммед ибн Абдулла Әбу-л Қасым) — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, та-

рихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы жарлықтары (уаһи) рамазан айында хазірет Мұхаммедке Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с.) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

**Сүлеймен** — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ием Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

**Тарақты** — Орта жүз құрамындағы тайпа. Тарақты ежелгі одақтар мен мемлекеттердің құрамына енуі жайында әдебиетте деректер кездеспейді. Оның шығу тегі жөнінде қазақ шежіресінде бірізділік жоқ. Шежіре деректері бойынша

ақжолдан қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, Тарақты, уақ, Тарақтыдан апай, тоқтауыл, қыдыр, жәші (жасши), әлі, сары, әйтей, қосанақ, алакөз, шәуке, әлеуке, көгедей болып он екі арыс ел тарайды. Басқа шежіре деректерінде Тарақтыны арғын тайпасына жатқызады. Тарақты Қазан төңкерісіне дейін Орталық Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Жоғарғы Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра өзендерінің бойын мекендеген.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Тарақтының Наймантай, Байғозы батырларының есімдері аңызға айналған. Бетпақдаланың Арқа жақ шетінде, Шажағай өзенінің бойында Тарақты Алтыбай батырға ескерткіш-күмбез соғылған. Ұраны — Жауғашар, Байғозы, тарақ таңбалы.

## СӨЗДІК

*Ақырет, ахирет, ахірет* /а/ — ақырет күні — бұл күні қияметтің болуы, Алладан басқаның жоқ болатындығы, өлгеннен кейінгі сұрақтың қойылатындығы, тірі кезінде істеген күнәларына жауап берілетіндігі анық сезіледі; күнәларың жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

*Асна* — бір нәрсені асып, іліп қоятын ілгіш

*Атжалман* — тышқанның бір түрі

*Ашы* — дуылдап, тызылдап ауру, жанға бату

*Әз* — соқыр, көр

*Әнербақан* — есерсоқ, сотқар

*Бақал* — ұсақ-түйек сауда

*Барақ* — жүні ұзын, жүндес ит

*Бекеуіл* — міндетті, жауапты

*Берен* — өжет, өткір

*Биссимилла* /а/ — Алланың атымен, мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

*Бопса* — қоқан-лоқы, байбалам

*Буыршын* — аруана мен үлектен туған төрт жасар бура

*Бүлдіргі* (бүлдірге) — қамшыға, шоқпар, сойыл сабына тағылатын қайыс бау

*Бірлән* — менен

*Гүлістан* /п/ — гүлденген жер

*Ғазиз, әзиз* /а/ — құрметті, ардақты, аяулы, қадірлі

*Ғаріп* /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

*Ғизат* — ізет, құрмет

*Ғиллат* /а/ — кемшілік

*Дағара* — үлкен шелек

*Дарақ* — үлкен ағаш

*Диуана* — ризығын көктен тілеп кәсіпсіз жүретін адам, дәруіш

*Диуана* — диуана сөзімен мәндес

*Дырап* — матаның бір түрі

*Діл* — таза жүрек, терең ой

*Жабы* — қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы

*Жапна* — уық үстіне киіз жабылып не екі керегенің басын біріктіріп, үстіне туырлықпен жапқан баспана, лашық

*Жөргем* — қой ішегінен жасалған тағам

*Жекен* — балық

*Зағара* — жүгерінің ұнынан пісірген нан

*Зымыстан* — қорлық, зорлық

*Кәпір* /а/ — пұтқа табынушы, көпқұдайшыл, шындықты мойындамаған; Ислам дініндегілер Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған

*Кенеу* — күш-қуат, қауқар, нәрі барлық

*Көде* — далалы жерде шоқ-шоқ болып өсетін қысқа жапырақты сұлы тұқымдас майда шөп

*Көзе* — қышты күйдіріп жасаған құмыра

*Көн* — ірі қараның иленген қатты терісі

*Күйез* — бұлшық ет тіндерінің қабынуынан мойынды бұрғызбай ауыртатын ауру

*Күлік* — сәйгүлік, жүйрік, шапшаң

*Кірес* /о/ — крест

*Кіс* — терісі бағалы аң, бұлғын

*Кісе* — күміспен, жезбен әшекейлеп істеген пышақ қыны; шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу

*Қаба* — қалың, тығыз, қою, қауқиған

*Қақ* — нақ, дәл, тұп-тура

*Қалжуыр* /к/ — ішінде салдырлайтын заты бар қалбыр

*Қарашы* (к) — хан ордасындағы ақылшы, кеңесші

*Қарлық* — жезөкше, суық жүрістілік

*Қарма* — қарып пісірілген балық

*Қас* — ердің алдыңғы басы мен артқы басы

*Қас* — нағыз, тым, аса

*Қасаға* — ошақтың қазан тұратын шеңбері

*Қасаң* — жылқы бедеулігінің екінші атауы



**Қасап** — епті, шебер

**Қауыс** /к/ — қараша айының арабша атауы

**Қияқ** — шалғынды жерлерде өсетін, сабағы жіңішке, жапырақтары таспа тәрізді ұзын болып келген шөп

**Қормал** — бір нәрсені қорып жүруші адам

**Қоспақ** — айыр түйе мен нарды будандастырудан алынған түйе тұқымы

**Қотан** — қара

**Қиямет** /а/ — ауыр азап, бейнет, о дүниеге барғанда әрбір адам сынақтан өтетін сауал мен сауал күні

**Қырым** — алыс жер, қия шет

**Мау** — бір нәрсенің өсіп-жетілу кезеңі

**Машайық** — ақылды адам, абыз

**Мық** — уақ ағаш шеге

**Намазшам** — кешкі намаз уақыты, ақшам

**Нәмәрт** — тексіз, жетесіз, нашар

**Нияз** — Құдай жолына берілетін садақа,

**Оба** — төбешік, төмпешік

**Оңғақ** — судан шығарғанда түсі оңып кететін, денесі ұсақ қабыршақты, шырышы мол тұқы тұқымдас балық

**Оразды** — басына жақсылық үйір, құт-берекелі, бақытты

**Өрелік** — билік, тыйым

**Өртең** — бұрынғы шөбі өртеліп, орнына шыққан балауса шөп

**Пешқадам** — даңқты

**Сал** — ауру, жалқау

**Сара** — ашық, айқын, таза

**Сарамжал** — ұқыпты

**Сары** — ит тұқымдастарының зәр, сарық шығаруы, сиюі

**Саһар** — сабынға араластыратын күл

**Сира** /а/ — қиямет көпір, қылкөпір

**Сияз** /о/ — съезд

**Соқта** — сыздауықтың, шиканның ортасындағы өзегі, өлі ет

**Сұрқылтай** — опасыз, қаскүнем

**Сүрең** — соқпақ із

**Сілет** — сылтау, міндет

**Тақа (нақа)** — нағыз

**Тана** — ақықтан, күмістен жасалған әйелдер киіміне тағатын түйме; екі жасқа келген торпақ, тайынша

**Таң** — шат, шап

**Тәбділ** — шара

**Тәуіп** — тамыр ұстап, үшкіріп ем-дом жасаушы, емші, балгер

**Тоба** — бір нәрсеге шүкіршілік ету, қанағат тұту негізінде айтылатын ишарат сөз

**Тоған** — су жинап алатын бөгет, тоспа

**Тұра** — ат тұяғының табан жағындағы тіл сияқты қатты шеміршегі

**Түлен** — сайтан түртіп бір бөлеге ұрындыру

**Үт** /к/ — ақпан айының аты

**Ұрмақ** — жұмақ, о дүниедегі рахат орын; пейіш; ауыспалы мағынасында: жайлы мекен

**Ұша** — сойылған малдың тұтас еті, терісі, бас-сирағы, ішек-қарны, өкпе-бауырынан басқасы

**Хақ** /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алланың 99 есімінің бірі

**Харам** /а/ — арам, шариғат тыйым салған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе (Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған); таза емес, заңсыз

**Хас** /а/ — айырықша, ерекше

**Хикмат** — даналық

**Шариғат** /а/ — Құранға негізделген мұсылмандық ережелер жинағы

**Шыбыш** — бір мен екі жастың аралығындағы ұрғашы ешкі

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

**Алакөл** — Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан тұйық көл. Ол Орта ғасырларда Гурге — нор (монғ. Көпір — көл), кейін Алактагал, Алатеңіз, Алакта деп те аталған. Батыстан шығысқа қарай созылып жатқан Алакөлге 15-тен астам үлкенді-кішілі өзендер құяды.

**Бұқар** — Орталық Азиядағы бұрынғы елдің, қазіргі Өзбекстан мемлекетіндегі облыстың атауы. Орталығы — Бұқара қаласы. Бұқара әсіресе XVIII-XIX ғасырларда күшті өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара Шәриф», яғни қасиетті қала деп санайды.

**Қырым (Қырым таулары)** — Қырым түбегінің оңтүстік бөлігіндегі тау. Қара теңіз жағасын бойлай жатқан Бас қырқа — Яйладан және Куэста түбегіндегі орта, солтүстік қырқалардан тұрады. Қырым тауларын адамзат палеолит дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Мұнда ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда өткен ірі тарихи оқиғалар Еуразиядағы саяси, мәдени үдерістерге өз әсерін тигізді. Қырым жерінде Қырым хандығы құрылған, қазірде Қырым татарлары тұрады.

**Мәдина (Мәдине)** — арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622-жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

**Мекке** — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

**Мысыр** — араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Каирді де Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында «Мысыр» атауы жиі ұшырасады.

**Шұршіт** — Алакөл алабындағы өзен. Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданы және Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы жерімен ағады. Ұз. 57 км. Қытай жерінде Барлық жотасының батыс беткейлерінен бастау алып, Ұзынағаш ауданына (Үржар ауд.) 4 км-дей жетпей тартылып қалады. Суы Алакөл маңында көптеген бұлақ, тұмалар ретінде жер бетіне қайта шығады.

## ТОМҒА ЕНГЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЖИНАУШЫЛАР ЖӘНЕ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

*Мәшһүр Жүсіп Көпеев* (1857-1931) — ақын, жинаушы, әрі кітап бастырушы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туып-өскен. Бұхарада, Ташкентте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен кеңінен танысқан. М.Көпеев өзі де өлең шығарумен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін де көп жинап, баспасөз беттерінде, кейбіреулерін кітап күйінде жарыққа шығарған. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы.

*Жолмұрат Жүсіпұлы* 1895 жылы Павлодар облысы, Баянауылда туып-өскен. Мәшһүр Жүсіптің жиені, ескіше оқыған. Көпеев мұрагерлерінің бірі.

*Есенжолұлы Ергалы* (1888-1953) — халық ақыны. Торғай облысы, Жангелдин ауданында дүниеге келген. Ол 1902 жылы аудандық мектепті, 1907 жылы Қостанайдағы екі кластық училищені бітіреді. 1907 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ауыл мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. Бос уақыттарында фольклор мұраларын жинап, әдеби қорларға жіберіп отыруға дағдыланған. Солардың бірі — 1947 жылғы мақалдары мен 1948 жылы тапсырған «Қисса Ләйлі — Мәжнүн» дастаны.

*Жақыпбаев Бозтай* (1887-1969) — әдебиеттанушы, жазушы. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында 1938-1950 жылдары ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Бозтай отызыншы жылдардан бастап түрлі экспедициялар құрамында Қазақстанның көп жерлерін аралап, олжалы оралған. Жетісу жерінде Көдек, Мейірман, Тоқсанбай, Албан Асан т.б. ақындардың шығармаларын алғаш рет жазып алып,

аталған институттың қорына тапсырған. Бозтай текстология мәселесіне де араласып, Абай шығармашылығына байланысты құнды зерттеулер жазды.

**Әлімбетов Сапарғали** (1888-1956) — халық ақыны. Семей облысы, Жарма ауданы, бұрынғы Шамақ ауылында туып-өскен. 1937 жылдан КСРО Жазушылар одағының мүшесі. Ол 1930 жылдары Ілияс Жансүгіровпен танысып, оның кеңесімен ақындық жолға біржола ден қояды. Жасында Абай, Сұлтанмахмұт, Әріп өлеңдерін жаттап өскен Сапарғали Абай аударған Пушкин, Лермонтов лирикаларымен танысып, Абайға еліктеп «Евгений Онегинді» қазақша жырлайды. «Мейір батыр», «Молдабай палуан», «Қамбадағы айқас», «Қойгелді батыр», «Ақтардың әрекеті», «Қос жалшының өлімі» дастандарын шығарды. Маясар, Есенсары, Қуат, Қалқа және Мағжан Орынбаевпен айтысқа түсті. Бірнеше дүркін «Қызыл жұлдыз», Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталған.

**Марғұлан Әлкей Хақанұлы** (1904-1985) — ғалым, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы. Бүкілодақтық Географиялық қоғамының толық мүшесі (1933), филология ғылымдарының докторы (1945), Қазақстан ҒА академигі (1958), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). Ғалымның өмірінің соңына дейін ғылым саласындағы еңбектері ұшан-теңіз. Сонымен қатар Марғұлан Әлкей Хақанұлы ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы.

**Хасан Ғали** — әдебиет зерттеушісі, жинаушы. Ол 1902-1912 жылдар аралығында Ақмолда ақынмен бірге жүріп, Қостанай, Петропавл, Ақмола, Көкшетау уездерінде бала оқытқан. «Ақмолдаға тіккен киіз үйлерді мен тоздырдым, Ақмолданың өз қолымен жазылған өлеңдерін көп көрдім, көп өлеңдерін жазып алдым», — дейді Ғали. Ұлты татар болғандықтан, Ақмолданың өлеңдерін татар тілінде жазған. Өлеңдерге түсініктер жазып, өзінше талдаулар жасаған. Ғали бұдан өзге Бұхар, Шалкиіз, Шернияз, Махамбет, Мұрат ақындардың шығармалары мен фольклор үлгілерін жинаған.

**Бекмаханов Ермұқан** (1915-1966) — ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі. 1944 жылы «Қазақ ССР тарихындағы»

Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы тараудың авторы ретінде әділетсіз сынға ұшырады. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабында Кенесары Қасымұлының көтерілісін (1837-1847) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси құғын-сүргінге ұшырайды. 1952 жылы 25 жылға бас бостандығынан айырылып, 1954 жылы ақталып шығады. Қазақстанның XVIII-XIX ғасырлардағы саяси, әлеуметтік экономика тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғылыми еңбектер жазды.

*Ұйықбаев Иманбек* (1922 жылы туған) — тілші-ғалым. Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген. Ол көптеген экспедицияларға (Батыс Қазақстан экспедициясы, Гурьев экспедициясы) қатысып халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көп еңбек сіңірген. Ол «Тайсойған, Бүйрек, екі құм», «Ер Қармыс» (дастан), «Тоғыз ауыл», «Нұрым мен Жаскілең айтысы», «Нұрым мен Қашаған» және «Нұрымның Шеген би өлгендегі жоқтауы» т.б. көптеген халық әдебиеті үлгілерін жинап, орталық қорға тапсырған.

*Елеуов Көшен* (1892-1971) — халық ақыны, 1939 жылдан Қазақ КСР Жазушылар одағының мүшесі. Әкесі аңшы, мерген, домбырашы, сауыққой болған. Көшен 1902-1911 жылдары ескіше оқып білім алған. Кеңес дәуірінде өз бетінше оқып хат таныған. Қазақстан Жазушылар Одағының 1938 жылы Алматыда халық ақындарына арналып ашылған қысқа мерзімді курсында оқыған.

Көшен 1916 жылы майданға аттанып, Ресейдің батыс шекарасында қара жұмыс істейді. Алғашқы өлеңі — «Елге сәлем». Оны майданға аттанып бара жатқан сапарында жазған.

*Жантөбетов Жақсыбай* (1888-1958) — халық ақыны әрі ауыз әдебиетін жинаушы. Ол ауыл мектебінде оқып сауатын ашқан. Кеңес шаруашылық жұмыстарында, «Қосшылар одағында» істеген. Ұлы Отан соғыс жылдары үгіт-концерт бригадасына қатысып, тыл еңбеккерлеріне ән, жырымен белсенді қызмет етті. «Колхоз жыры», «Турксиб», «Екі тап», «Назым қыз» дастандарын шығарды. Қоғамдық, шығармашылық еңбектері үшін «Құрмет белгісі» орденімен (1945), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбегі

үшін» медалімен (1946), Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

*Толыбаев Мұхаметәлі* — халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ол Қарағанды облысы, Сарытау ауылында туып-өскен. Мұхамметәлі көптеген фольклор үлгілерін жинап, қорға тапсырған.

*Наурызбаев Әбілқасым* (1892-1972) — ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Қарағанды облысы, Жезқазған ауданы, Білеуті ауыл советінде (Бұрынғы Жезқазған облысы, Қарсақпай поселкесінде) туған. 1918-1950 жылдары совет, шаруашылық орындарында қызмет істеген. 1956 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін көп уақытын әдеби мұраларды жинауға арнады.

*Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы* (1904-1989) — көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданында туған. 1920-1926 жылдары Тәшкенттегі №14 қазақ мектеп-интернатында тәрбиеленіп, Түркістан Орман техникумында оқыды. 1955-1962 жылдары Гурьев (қазіргі Атырау) облысының атқару комитетінің төрағасы, облыстық партия комитетінің 1-хатшысы қызметтерін атқарды. 1946 жылы Қазақ КСР ҒА-ның құрылуына байланысты ұйымдастыру жұмыстарына басшылық жасады. 1962 жылы зейнеткерлікке шығып, Мәскеуде ғылыми жұмыстармен айналысты. Арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктер жазды.

*Адамбаев Балтабай* (1909-1995) — белгілі фольклортанушы ғалым, халық әдебиеті мұраларын жинаушы. Филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1945-1996 жылдары аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба, фольклортану бөлімдерінде қызмет істеген. Қазақстанның барлық аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми фольклорлық экспедицияларға қатысып, халық мұраларын жинаған. Ресей, Өзбекстан, Татарстан мұрағаттарындағы халық мұралары үлгілерін жинады. Шешендік сөздер, тарихи аңыздар, мақал-мәтелдер жанрлары бойынша қазақ фольклортануына арналған ондаған кітаптары жарық көрген.



**Өкпенов Ибрагим** — ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Қарағанды қаласынан, ал туып-өскен жері — қазіргі Ақмола облысындағы Қорғалжын ауданы. 1950 жылдарда Қарағанды облыстық филармониясында қызмет істеген.

**Қайнарбаев Әлқұат** (1898-1979) — халық ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы. Қызылорда облысы, Кеңтүп ауылында туып, Қармақшы ауданы, Жосалы поселкесінде қайтыс болған. 1938 жылдан КПСС мүшесі. Совет, сауда, шаруашылық мекемелерінде қызмет етіп, 1963 жылы зейнеткерлікке шыққан. Қолжазба қорларына 100 мың жолдай ауыз әдебиеті үлгілерін тапсырған.

**Қасиманов Садық** (1902-1977) — белгілі этнограф. Семей уезі, Шыңғыстау болысында (қазіргі Семей облысы, Абай ауданы) туған. 1923-1960 жылдарда мұғалім болып қызмет атқарған. 1970 жылдарда Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болған. Ақын және ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі.

**Сыдықов Тұрлыбек** (1925-2010) — белгілі фольклортанушы-ғалым. Алматы облысы, Ақсу ауданында туып-өскен. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып қызмет атқарған. Филология ғылымының кандидаты.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп. — дәптер

/а/ — араб

/ир/ — иран

/моңғ./ — моңғол

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат./ — татар

/т/ — түркі

/к/ — көнерген сөз

/қалм./ — қалмақ

/қыт./ — қытай

/ж/ — жергілікті сөз

/солт./ — солтүстік

/оңт./ — оңтүстік

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Адамбаев Б.* Халық даналығы. — Алматы, 1976.
2. *Адамбаев Б.* Мақал-мәтелдер. — Алматы, 1996.
3. *Әлімбаев М.* 666 мақал мен мәтел. — Алматы, 1960.
4. *Әлімбаев М.* Өрнекті сөз — ортақ қазына. — Алматы, 1967.
5. *Әлімбаев М.* Ер айнасы — еңбегі. — Алматы, 1968.
6. *Әлімбаев М.* Мақал-мәтелдер, жұмбақтар. — Алматы, 1978.
7. *Бартольд В.В.* — Ташкент, 1927.
8. *Баржақсы баласы А.* Мың бір мақал. — Москва, 1923.
9. *Бабажанов М.* Санкт-Петербургские ведомости. 1861. №136.
10. Бабалар сөзі. 1-52-томдар. — Астана: Фолиант, 2004-2009.
11. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1-10-томдар. — Алматы, 1998-2007.
12. *Құрышжанов Ә.* Сөз атасы. — Алматы, 1987.
13. Қаһарлы сөз қамал бұзар. — Алматы, 1943.
14. *Лантев И.* Материалы по казах-киргизскому языку. — Москва, 1900.
15. Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері. — Алматы, 2001.
16. Ақын-жыраулар. — Алматы, 1979.
17. *Бібыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т.* «Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы». — Алматы, 2009.
18. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов.* — Москва, 1968.
19. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
20. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі // Құрастыр.: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
21. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
22. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі // Құрастыр.: *І.К. Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
23. Персидско-русский словарь // Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — Москва, 1970.
24. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.
25. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

*Пайдаланылған бумалар:*

- ОҒК. 1644 бума. Мәшһүр Жүсіп Көпеев.  
ОҒК. 1098 бума, 3-дәптер. Жолмұрат Жүсіпұлы.  
ОҒК. 1098 бума, 5-дәптер. Тілеуов Т.  
ОҒК. 1098 бума, 6-дәптер. Жексенов.  
ОҒК. 1098 бума, 8-дәптер. Хасен Ғали.  
ОҒК. 1098 бума, 10-дәптер. Жақыпбаев Бозтай  
ОҒК. 1098 бума, 11-дәптер. Бабенов Бекқожа.  
ОҒК. 1098 бума, 12-дәптер. Ерғалы Есенжолұлы  
ОҒК. 1098 бума, 15-дәптер. Ұйықбаев Иманбек.  
ОҒК. 285 бума, 3-дәптер. Әлімбетов Сапарғали  
ОҒК. 183 бума. Нұртазина Ғ.  
ОҒК. 1099 бума, 5-дәптер. Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы  
ОҒК. 1099 бума, 12-дәптер. Елеуов Көшен.  
ОҒК. 1099 бума, 13-дәптер. Марғұлан Әлкей Хаханұлы  
ОҒК. 1099 бума, 14-дәптер. Жинаушысы белгісіз.  
ОҒК. 1099 бума, 16-дәптер. Төре Тұрсын.  
ОҒК. 1099 бума, 17-дәптер. Жантөбетов Жақсыбай  
ОҒК. 1099 бума, 19-дәптер. Бекмаханов Ермұқан  
ОҒК. №1165. Токуабаев С.Д.  
ОҒК. №1188. Қонзыбаев П.  
ОҒК. 547 бума. Толыбаев Мұхаметәлі.  
ӘӨИ. 136 бума, 2-дәптер. Сәлменбаев М.  
ӘӨИ. 136 бума, 3-дәптер. Шалабеков Д.  
ӘӨИ. 136 бума, 5-дәптер. Құрманбаев Е.  
ӘӨИ. 136 бума, 6-дәптер. Қасиманов С.  
ӘӨИ. 136 бума, 9-дәптер. Өкпенев Ы.  
ӘӨИ. 136 бума, 10-дәптер. Дүйсеков К.  
ӘӨИ. 497 бума, 1-дәптер. Маралбаев Т.  
ӘӨИ. 497 бума. Наурызбаев Әбілқасым  
ӘӨИ. 1016 бума. Адамбаев Балтабай.  
ӘӨИ. 1016 бума. Қайырғалиев Қ.  
ӘӨИ. 1028 бума. Есмағамбетов С.  
ОҒК. 1163 бума, 10-дәптер. Жамали Жүрекбай.

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова продолжает подготовку книг стотомной серии «Бабалар сөзі» в рамках Государственной программы «Культурное наследие».

Шестьдесят восемь томов данной серии, предложенных к изданию до этого, были посвящены весьма ценным наследиям эпоса, малым жанрам национального фольклора, которые ранее публиковались не полностью. В частности, на сегодня к изданию были подготовлены: тринадцать томов «Повествовательных поэм»; семь — «Религиозных поэм»; одиннадцать — «Лирических поэм»; один — «Генеалогических дастанов», одиннадцать — «Исторических поэм (жыр)», двадцать — «Героических поэм»; один том «Загадок» и четыре — «Поговорок и пословиц» (65, 66, 67, 68 тома). Предлагаемый 69 том серии является последним — пятым сборником издания «Поговорки и пословицы».

Начало редких публикаций казахских поговорок-пословиц на страницах периодической печати, различных изданий и сборников можно проследить по следующим источникам: архивы И.Н.Березина (1850), статьи М.Бабаджанова (Санкт-Петербургские ведомости, №136, 1861), научные труды Л.З.Будагова (Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том 1. Санкт-Петербург, типография императорской Академии наук. 1869 г.; Том 2. 1870-1871 гг.) и И.Алтынсарина (Киргизская хрестоматия. Казань, 1879). Частая публикация данного наследия на страницах русских, казахских изданий приходится на последнюю четверть XIX века, то есть на период полной колонизации Казахстана Российской империей. Так как, прежде чем вмешаться во внутренние дела другого народа,

любое государство-колонизатор прибегает к главному стратегическому методу — внимательно исследует богатство его земли, историю и этнографию. Потому-то миссионеры, специально направленные в казахскую степь, чиновники разных уровней, военные и др., активно включившись в поиск, проводя исследования, осуществляя публикации литературно-культурного наследия казахского народа, добивались весьма заметных результатов.

Как было отмечено в предыдущих томах серии, среди них были и представители передовой интеллигенции России: Радлов В.В., Березин И.Н., Пантусов Н.Н., Алекторов А.Е., Мелиоранский П.М., Катаринский В.В., Лютш Я., Васильев А.К., Лаптев И., Остроумов Н., Герн В.Ф., Бартольд В.В., Катанов Н.Ф., Диваев А., проявившие живой интерес к изучению наследия казахского фольклора. В результате чего к концу XIX века было обращено серьезное внимание на публикации поговорок и пословиц на страницах периодической печати на казахском и русском языках, в различных изданиях, сборниках, печатавшихся в городах: Санкт-Петербург, Москва, Казань, Оренбург, Орск, Ташкент, Семипалатинск и др., а также переводу их на русский язык. Материалы были систематизированы по тематическому признаку, в алфавитном порядке, с использованием принципа нумерации. Благодаря подобному упорядочению, в конце века В.Катаринский, А.Васильев, А.Диваев получили возможность издавать специальные сборники поговорок и пословиц. А наш земляк М.Искакбаласы еще до Октябрьской революции (1914) издал и представил на суд читателей отдельный сборник под названием «Казахские пословицы». Особое внимание сбору поговорок-пословиц уделялось и в советский период. Например, организовывались специальные экспедиции, командировки специалистов в различные уголки Казахстана. Собранные, переписанные материалы сдавались в фонды редких материалов Центральной научной библиотеки и Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова. В этих мероприятиях активное участие принимали и добровольцы с мест, которые также внесли заметный вклад в пополнение данных фондов. На основе этих материалов такими литераторами, учеными-исследователями, как А.Баржаксыбаласы, О.Турманжанов, Б.Акмукакнова, М.Алимбаев, Б.Адамбаев, М.Аккозин, К.Саттаров, были осу-

ществлены издания отдельных сборников поговорок-пословиц. Однако в силу того, что они были адресованы массовому читателю, тексты отбирались в соответствии с идейным содержанием и художественными особенностями. При этом пословицы-поговорки, сохраненные в рукописной форме, были приведены не полностью и большинство из них подверглось цензурной или же редакционной правке. Поэтому многие пословицы-поговорки в сборниках, вышедших в свет в тот период, повторяя друг друга, утеряли изначальную глубину содержания в качестве ценного наследия прошлого.

В связи с тем, что книги серии «Бабалар сөзі» являются академическими изданиями, перед составителями поставлены новые требования-обязательства в соответствии с запросами сегодняшнего дня. Поэтому вначале был намечен план работ по подготовке материалов пяти томов пословиц-поговорок, входящих в стотомную серию, и определена их структура. Во-вторых, в целях сбора текстов для данных томов была организована работа по поиску материалов в фондах редких рукописей Национальной библиотеки РК, Центральной научной библиотеки, Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, а также в рукописных фондах республиканских архивов и музеев. После систематизации отобранного материала, текстологического анализа началась подготовка томов к изданию. При этом, начиная с первого тома (65 том), тексты остальных сборников были сгруппированы в азбучном порядке и пронумерованы. Учитывая то, что поговорки-пословицы были записаны в разных уголках Казахстана и даже на территориях соседних государств, также были включены и их образцы, подвергнутые изменениям. Были учтены и сроки написания текстов, даты их первой публикации, что привнесло немало положительного в структуру данных томов.

В первый том (65 том) поговорок и пословиц, подготовленный к изданию, были включены материалы последнего издания сборника, составленного У.Турманжановым, который неоднократно издавался с дополнениями, начиная с 1935 года (1957, 1959, 1980, 1993). Так как после первого сборника А.Баржаксыбаласы, который отличался четкой систематизацией по тематическому признаку в соответствии с внутренним содержанием, смысловыми особенностями, именно Турманжа-

новым была проделана кропотливая работа по качественному подбору материалов, жанровой полноте и подготовке к изданию отдельной книгой.

Во второй том (66 том) вошли: изречения из таких древнетюркских письменных памятников эпохи Культегина, Тонныкока, которые близки современному казахскому языку, пословицы-поговорки из трудов средневековых тюркских авторов в переводе ученого-тюрковеда Курышжанова А. («Сөзатасы») и тексты, собранные, опубликованные со второй половины XIX века М.С.Бабажановым, Ч.Ч.Валихановым, И.Алтынсариним, А.Диваевым, М.Ешмухамедовым, М.А.Искакбаласы и русскими исследователями В.В.Катаринским, Н.Н.Пантусовым, А.В.Васильевым и др.

В процессе подготовки книг серии «Бабалар сөзі» без внимания не осталось и духовное наследие наших соотечественников, несколько поколений которых по воле судьбы были вынуждены проживать на территориях соседних государств. Например, если перед этим казахстанскому читателю было преподнесено десяти томное фольклорное наследие, весьма популярное среди казахов Китая, то и в третий том этой серии (67 том) были включены образцы текстов, собранные и опубликованные казахами из соседнего государства (КНР). В четвертый том (68 том) включены пословицы-поговорки, собранные среди казахского населения России, Узбекистана, Монголии, а также опубликованные, начиная со второй половины XIX века, на страницах различной периодической печати: «Туркестанские ведомости», «Ежегодник», «Киргизская степная газета», «Оренбургский край», «Астраханский вестник», «Тургайская газета» и др. и материалы из изданий «Аушы» С.Шорманова (1907), «Жумбак уа макаллар» Г.Жанибекова (1909), «Шопан ата» Г.З.Ташкенди (1908), «Тысяча и одна пословица» А.Баржаксыбаласы (1923), «Источник ума» (1990), «Пословицы-поговорки, используемые ташкентскими казахами» К.Саттарова (2006), «Казахская литература Монголии» К.Калиаскарулы (1995).

Последний, пятый том (69 том) поговорок и пословиц составлен на основе материалов фондов редких рукописей Центральной научной библиотеки и Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, а также на основе собранных с 1934 года материалов М.Ж.Копеева, Ж.Жусипулы, Е.Есенжолулы,



Б.Жакипбаева, С.Алимбетова, А.Маргулана, Хасена Гали, С.Бекмаханова, И.Уйыкбаева, К.Елеуова, Ж.Жантобетова, М.Толыбаева, А.Наурызбаева, Н.Ондасынова, Б.Адамбаева и др. Учитывая то, что фольклорные материалы были собраны в разное время, в разных местах, нами обращено внимание на языковую особенность, художественно-смысловую сторону материалов с целью не нарушить основу источника.

В научных примечаниях, приводимых в конце тома, даны пояснения к пословицам-поговоркам, сведения об исторических личностях, встречающихся в текстах, характеристики названиям мест-водоемов, сведения о сказителях, собирателях материалов, список использованной литературы, а также резюме на русском и английском языках.

Объем тома — 27,5 п.л.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art continues preparation of books of the one hundred volume series «Babalar sozi» within the State Program «Cultural Heritage».

Sixty-eight volumes of this series which were earlier offered for publication, were devoted to the valuable epic heritage, small genres of national folklore, which previously were published incompletely. In particular, today for publication were prepared the thirteen volumes of the «Narrative poems»; seven — «Religious poems»; eleven — «Lyrical poems; one — «Genealogical dastans»; eleven — «Historical poems (zhyr)», twenty — «Heroic poems»; one volume — «Riddles» and four «Proverbs and sayings» (65, 66, 67, 68 volumes). The proposed volume — volume 69 of this series is the last one — the fifth collection of the edition «Proverbs and sayings».

Beginning of the rare publications of Kazakh proverbs and sayings on the pages of periodicals and various publications and collections can be observed according to the data: archives of Berezin I.N. (1850), articles of Babadjanov M. (St. Petersburg Vedomosti, № 136, 1861), research works of Budagov L.Z. (Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Dialects, Volume 1. — St.-Petersburg, Printing House of the Imperial Academy of Sciences. 1869, Volume 2. 1870-1871); and Altynsarin I. (Kyrgyz chrestomathy. Kazan, 1879). Frequent publication of this heritage on the pages of Russian, Kazakh media was done during the last quarter of the 19th century, that is, the period of complete colonization of Kazakhstan by Russian Empire. Before intervening to the internal affairs of another nation, any State-colonizer uses the main strategic method — carefully explores the richness of the land,

history and ethnography. Therefore, the missionaries, deliberately sent the officials of different levels, military persons and others to the Kazakh steppe, have actively engaged in a search, conducting research, carrying out the publications of literary and cultural heritage of Kazakh people and achieved very significant results.

As it was noted in previous volumes of the series, among them there were representatives of the progressive intellectuals of Russia: Radlov V.V., Berezin I.N., Pantusov N.N., Alektorov A.E., Melioransky P.M., Katarinsky V.V., Lyutsh J., Vasiliev A.A., Laptev I., N. Ostroumov, Gern V.F., Bartold V.V., Katanov N.F., Divaev A. who have shown a keen interest in the heritage of Kazakh folklore. As a result, by the end of 19 century a serious attention was drawn to the publication of proverbs and sayings in the periodical press in the Kazakh and Russian languages, in various editions, collections, printed in the following cities: St. Petersburg, Moscow, Kazan, Orenburg, Orsk, Tashkent, Semipalatinsk, and others as well as translation of them into Russian. The materials were systematized according to the themes, in alphabetical order, using the principle of enumeration. Thanks to this order, in the end of the century Katarinsky V., Vasiliev A., Divayev A., were able to publish special collections of sayings and proverbs. Our countryman Iskakbalasy A.M., even before the October Revolution (1914) published and presented to the readers' attention a separate collection, entitled «Kazakh proverbs». Particular attention to the collection of proverbs and sayings was paid during the Soviet period. For example, special expeditions, trips of the specialists to different parts of Kazakhstan were organized. Collected, copied materials were kept at the foundations of rare materials of the Central Scientific Library and the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov. The volunteers from the sites who also made a notable contribution to the replenishment of those foundations have also taken an active part in these events. Based on these materials such writers, scientists and researchers as: Barzhaksybalasy A., Turmanzhanov O., Akmukanova B., Alimbaev M., Adambaev B., Akkozina M., Sattarov K. have published separate editions of proverbs, sayings. However, due to the fact that they were addressed to the common reader, the texts were selected in accordance with the ideological content and artistic features. In this case, proverbs, sayings, preserved in manuscript form, were

not fully covered and most of them were subjected to censorship or editorial changes. Therefore, many proverbs, sayings included into the collections, published in this period, having repeated each other, have lost the original depth of content as a valuable legacy of the past.

Due to the fact that the books of the series «Babalar sozi» are the academic publication, the compilers set new requirements — commitments in accordance with the needs of current period. Therefore, initially the work plan for the preparation of materials of five volumes of proverbs, sayings, included a hundred volume series and their structure was determined. Secondly, in order to collect the texts for these volumes, the search was done of the materials in the collections of rare manuscripts of the National Library of Kazakhstan, the Central Scientific Library, Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov, as well as in the manuscript collections of national archives and museums. After systemizing of the selected material, textual analysis, the preparation of volumes for publication has begun. At the same time, starting with the first volume (65<sup>th</sup> volume), texts of other collections have been grouped in alphabetic order and numbered. Taking into consideration that sayings, proverbs have been recorded in different parts of Kazakhstan, and even in neighboring countries, their patterns which were subjected to changes were also included. Also the terms of writing texts, their first publication dates were taken into consideration that had a lot positive impact on the structure of these volumes.

The first volume (65<sup>th</sup> volume) of proverbs and sayings which is prepared for publication includes materials of the last edition of the collection, compiled by Turmanzhanov O., which was repeatedly published with additions from 1935 (1957, 1959, 1980, 1993). After the first collection of Barzhaksybalasy A., who was distinguished by a clear systematization on thematic feature in accordance with internal content, semantic features, namely Turmanzhanov has done a hard work on the qualitative selection of materials, genre completeness and preparation for the publication of a book.

The second volume (66<sup>th</sup> volume) includes: wisdom of ancient Turkic written monuments such as Kultegin, Tonykok, which are close to modern Kazakh language, proverbs and sayings from

the works of medieval Turkic sages in translation of the scholar in Turkic studies Kuryshzhanov A. («Soz Atasy» ), the texts collected, published since the second half of the 19<sup>th</sup> century Babazhanov M.S., Valikhanov C.C., Altynsarin I., Divaev A., Eshmuhamedov M., Iskakbalasy M.A. and Russian researchers Katarinsky V.V., Pantusov N.N., Vasiliev A.V. and others.

In the process of preparing the book of the series «Wisdom of the ancestors» the spiritual heritage of our compatriots, several generations of whom by the will of fate have been forced to reside in the territory of neighboring States were not left without attention. For example, earlier the Kazakhstan reader was offered the ten volume folklore heritage, which is very popular among the Kazakhs of China, and in our third volume (volume 67) sample of texts collected and published by the Kazakhs from neighboring countries (China). Fourth volume (68<sup>th</sup> volume) includes proverbs, sayings, collected among the Kazakh population of Russia, Uzbekistan, Mongolia, and published since the second half of the 19<sup>th</sup> century, in the periodical press: «Turkestan Gazette», «Yearbook», «Kirghiz Steppe Gazeta», «Orenburg region», «Journal of Astrakhan», «Turgay newspaper» etc. and materials from publications «Aushy» by Shormanov S. (1907), «Zhumbak ya makallar» by Zhanibekov G. (1909), «Shopan ata» by Tashkendi G.Z., (1908), «A thousand and one saying» by Barzhaksybalasy A. (1923), «The source of mind» (1990), «Proverbs, sayings used by the Tashkent Kazakhs» by Satarov K. (2006), «Kazakh literature of Mongolia» by Kaliaskaruly K. (1995).

The last volume, fifth volume (volume 69) of sayings and proverbs is compiled on the basis of the materials kept at the foundations of rare manuscripts of the Central Scientific Library and the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov collected since 1934 — a legacy of Kopeev M.J., Zhusipuly Z., Esenzholuly E., Zhakipbaev B., Almbetov S., Magulan A, Has-sen Gali, Bekmakhanov S., Uyikbaev I., Eleuov K., Zhantobetov J., Tolybaev M., Nauryzbayev A., Ondasynov N., Adambaev B. and others. Considering that national heritage has been collected at different times in different places, we have drawn attention to language features, artistic and meaning aspects of the material in order to preserve the basis of the source.

The research notes, given in the end of the volume provide explanations of the proverbs, sayings, information about historical figures in the text, the characteristics of the names of sites, water reservoirs, information about the narrators, the collector of material, a list of references and a short conclusion about the edition in Russian and English.

Volume size — 27,5 p.p.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан .....	5
Мәтіндер .....	11
<b>Ғылыми қосымшалар</b>	
Томға енген мәтіндерге түсініктеме .....	385
Мәтіндерде кездесетін тарихи, діни есімдер, ұлт-ұлыстар мен ру-тайпалар туралы мәлімет .....	409
Сөздік .....	415
Жер-су атаулары .....	419
Томға енген мақал-мәтелдерді жинаушылар және әдеби жәдігерлер туралы мәлімет .....	421
Шартты қысқартулар .....	426
Пайдаланылған әдебиеттер .....	427
Пайдаланылған бумалар .....	428
Резюме .....	429
Summary .....	434

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

69 том

КАЗАХСКИЕ ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ  
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова  
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*  
Редакторы: *Ү.С. Тілегенова*  
Техникалық редакторы: *Э. Заманбек*  
Компьютерге терген: *Г. М. Иманалиева*  
Компьютерде беттеген: *М.О. Ногайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Бауыр» баспасы  
ИБ № 2509

Теруге 20.03.11 жіберілді. Басуға 14.05.11 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 27,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №257.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-292-242-4



9 786012 922448